

Л 2016

3528_к

ҚАЗАҚСТАН
ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ
ІІІ СЪЕЗІ

A—5



ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ІІІ СЪЕЗІ



*Қазақтың Мемлекеттік
Көркем Әдебиет Баспасы*

АЛМАТЫ • 1956



МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ СЪЕЗДІ АШАРДАҒЫ СӨЗІ

Жолдастар!

Бүгін біздің жазушыларымыз республиканың мәдениеттік тарихындағы үлкен бір белге тақап кеп тұр. Ол — Қазақстан совет жазушыларының ашылғалы тұрған Үшінші съезі.

Бұл съезге барлық басшы жазушыларымыз, совет халқымыз зор көңіл бөледі. Себебі, әдебиет ісі — бізде халықтық іс.

Әдебиет пен совет халқы арасындағы осындай тұтас бірлестік пен үндестік — біздің әдебиетіміздің бакыты. Совет әдебиеті калын елі, қадірлі жұртының аясында өседі. Өзінің ана бесігінде, кей халықтың әдебиеттері анық арман етерлік алтын бесігінде өседі. Империалистік реакция жағдайындағы әдебиеттер тағдырынан біздің тағдырымыз, талабымыз баскаша да өзгеше. Ашылғалы отырған съезіміз болса, казак совет әдебиетінің 1939 жылдан бергі 15 жыл ішінде жүріп өткен жолына шолу жасайды, баға береді. Өткенге қорыту, байлау айтады. Келешекте қалай өсу-өрлеудің бағдарын атап, барысын болжап береді.

Әдебиет жайындағы сынау, ойлау, талдау сөздер проблемалы болса ғана әдебиеттік құрылысқа, процеске әсерлі, пайдалы болады. Ең зор проблема — марксистік-лениндік эстетиканың жүйелі творчестволық негізі болып отырған социалистік реализм әдісін меңгеру проблемасы.

Поэзия, проза, драматургиямыздың осы 15 жыл ішіндегі табыстары идеялық, көркемдік тұрғысынан қараған-

да, социалистік реализм талаптарына қаншалық сапада, қай дәрежеде сай шықты? Осыны дәл танып, айыру, талдау баяндамаларымыз бен жеке сөздеріміздің әрі тарихтық, әрі проблемалық міндеті.

Социалистік реализм талаптарының ірілері қайсы десек, арнап, атап айтарымыз: заманымызға сай ірі, көркемдік тудыру, шындықты реалистік дәстүрде бейнелеу, шеберлікті күшейту, классикалық мұралардың шеберлігін меңгеру. Осы сыйпаттар арқылы халқымызды коммунистік рухта тәрбиелейтін — халықтық, революцияшыл, отаншыл және халықтар достығын нығайтқыш әдебиеттер тудыру шарт.

Тегі, баяндамалар мен жарыс сөздеріміз социалистік реализм әдісінен ауа жайылған қателіктерді, міндерді, олқылықтарды, шикіліктерді ойдағыдай ашуға көмектесін! Ол кемшіліктердің, алуан-алуаны әртүрлі болғанмен, 15 жыл ішінде қазақ әдебиетінің өз көлемінде көрінген түрлерін айыру қиын емес. Олар социалистік реализм әдісінің талабына қарсы, ерсі — схематизм, натурализм, формализм — әралуан нигилизм — бәрі де ескілікті сананың творчестволық психологиядағы қалдығы. Ол — капиталистік сананың қалдығы, Қазақстан жағдайында және патриархалдық, феодалдық сананың қалдығы, кейде буржуазияшыл ұлтшылдық, реакцияшыл консервативтік күйлер.

Роман, повесть, поэма, өлең, драма, балалар әдебиеті — бәрінің үлкенді-кішілі үлгілерінен жаңағы айтқандай міндер мен жетіспеген жайларды батыл, әділ, терең талдап ашуымыз шарт.

Осылай талаптанған әдебиет қана сенімді ұстазы — орыс классикалық әдебиетінен, сол арқылы дүниелік классикалық мұрадан ойдағыдай үлгі алады. Өзінен әдебиеттік мәдениеті, тәжірибесі молырақ орыс әдебиетінен үлкен нәр, көмек алады. Бұл жайлар да қазақ совет әдебиетінің социалистік реализм негізінде өрлеп өсуінің өзгеше шарттары.

Қазақстан жазушыларының тобы бүгін өзінің III-съезіне жеткен шағында өз істеріне партиялық негізді әділ, объективтік, терең сынды талап етеді. Сол үшін барлық баяндама, жарыс сөздер де сынды, мінді ойдағыдай айта түссін, аша түссін! Жемісті сын, көмекші сын көңілдегідей шығу үшін, баяндамаларымызда және жауапты жазушыларымыздың, сыншыларымыздың жауапты, ойлы

сөздерінде негізгі творчестволық мәселелер көбірек көтерілсін.

Проблемалы, жауапты ойға толы сын сөзі, өсуге арналған сөз. Ол сын — өшіру үшін емес, өсіру үшін айтылады.

Әдебиетіміз өзінің бар саласында тек кана социалистік болмыстан, күнделік өмірден нәр алады дейміз. Сол қатарда ең алдымен, әсіресе, партиялық дәстүрден үлгі ала білейік.

Біздің республикамыз коммунистік партияның ұлы, дана басшылығы аркасында быйыл өзгеше биік, тарихтық белге басты. Быйыл Қазақстанның шаруашылық, мемлекеттік салмағы бұрын қазақ халқы, Қазақстан біліп көрмеген, жетіп болмаған анық зор тарихтық рубежге, асуға жетіп тұр.

Осы ұлы жаңалық әрбір ақынның, прозаиктің, драматургтің, әдебиет сыншысының, зерттеушісінің — бәрінің творчестволық өмірбаянында сондайлық бір үлкен шоктықтық бел, биік асу есепті болсын! Бұдан былай тағы да қазақ совет әдебиетінің ірі табыстары республикада танылып, одан әрі одақ көлемінде және одақ сыртында дүниелік аренада мәлім бола түссін! Сол үшін еңбек етейік! Алдағы жақын жылдар зор тарихтық жылдар болсын!

Әрбір творчестволық ісімізде дана басшымыз, ұлы ұстазымыз — коммунистік партияның Бүкілодақ совет жазушыларына, соның қатарында қазақстан совет жазушыларына да қойып отырған талабын ақтай білейік! Партияның совет халқы атынан қойған талабын ойдағыдай іске асыру біздің Қазақстан совет жазушыларының ең қадірлі мақсаты болсын!

Жолдастар!

Қазақстан совет жазушыларының III-съезін ашылды деп жариялаймын. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

ҚАЗАҚ СОВЕТ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

(Ғабиден Мұстафиннің баяндамасы)

Қазақстан совет жазушыларының екінші съезінен бері он бес жыл өтті. Бұл он бес жылда совет елінің көркі орасан өзгерді: құрғақ далаларда көлдер, өзендер, теңіздер жасалды. Ат аяғы, құс қанаты талатын ұзақ жолдар қысқарды: аспанда самолет, жерде поездар, машиналар қаптады. Елсізде ел: жаңа өндірістер, қалалар, совхоз, колхоздар орнады. Жер бетіндегі, жер астындағы байлықтарды табуда, пайдалануда алып адыммен алға бастық. Осының бәрі халықтың мәдениетін көтере, еңбек өнімін арттыра келді. Егер осы экономикалық, мәдениеттік табыстарды шаруашылық қызметкеріне баяндатса, әр сөзін жеті-сегіз буынды цифрмен дәлелдеп берер еді. Кеше ғана дүниені күйретіп, еңбекші адамзатты қырғынға ұшыратқан екінші жержүзілік соғыста Совет Отаны, социалистік система мейлінше катал, мейлінше қатерлі сыннан өтті. Ұлы Отан соғысы көп ұлтты совет елінің мойымас күшін, бұзылмас бірлігін ғана көрсетіп қоймай, одан да басымырақ, айқынырақ етіп совет адамдарының рухани дүниесінің беріктігін, көркемдігін көрсетті. Совет өмірі қанша бай, қанша қызықты болса да совет адамдарының ойы одан әлдеқайда асып жатады. Біз, жазушылар алдымен адамның осы жан дүниесін көріп қуанамыз. Өйткені, бәрін жасаушы адам. Сондықтан, социализм жолындағы табыстардың ішінде ең қымбаты, осы жан дүниесіндегі табыстар болу керек.

Бұдан он бес жыл бұрын ойға келмеген, келсе жоспарға енбеген талай тілектер бұл күнде орындалған, іске, халық игілігіне айналып кетті. Экономикада, мәдениет,

саясатта Советтер Одағы кәзір қандай дәрежеге көтерілді — ол есіне түскенде сонау мұхиттардың аржағындағы дұшпандары қорқыныштан, достары қуаныштан тыйыш ұйқтай алмайды. Бейбітшілікті, бостандықты көксеген дүние еңбекшілерінің көңіліндегі үлкен сенім СССР еді. СССР мен қазір ұлы қытай халқы, демократиялық елдер тізе қосқан шақта, ол сенім зорая түсіп, дүние еңбекшілері бейбітшілік, бостандық жолын айқынырақ көретін, ол үшін батыл күресетін болды.

Әдебиет тақырыбына келместен бұрын бұл шолуларды әлдеқалай жасап тұрғаным жоқ. Біздің әдебиетіміз — халықтық әдебиет. Оның арқауы — халықтың өмірі, ойы, ісі. Ол, соларды айнадай көрсетіп тұрады. Сондықтан, совет халқы жеткен табыстарға оның әдебиеті де ортақ, сондықтан, совет әдебиеті жер жүзінде ең шыншыл, өміршіл, адамға көмекші, озық әдебиет саналады.

Қазақ әдебиетіне келместен бұрын бүкіл совет әдебиетін ауызға алуым да әлдеқалай емес. Өйткені, совет әдебиетіне тән қасиеттерге, ол жеткен табыстарға қазақ әдебиеті де ортақ, қосқан үлесі бар. Кеш туса да, шапшаң өсіп келе жатқан қазақ әдебиетінің бойындағы сенім сонша — ерте туған егде әдебиеттермен жарысуға жасқанбайды.

Халық өмірінің қай саласын алсақ та көзге алдымен табыстар түседі. Бұл табыстарға қалай жеттік, деп біреу сұрай қалса, совет елінің мектеп баласынан бастап, саудыраған шалына дейін мақтана тұрып жауап қайырады:

— Бізді бастап жеткізген коммунист партиясы! — дейді.

Әдебиетімізді де бастаушы, мәпелеп өсіруші Советтер Одағының кеменгер коммунист партиясы.

* * *

Он бес жылдан бергі — екінші съезд бен үшінші съездің аралығындағы қазақ әдебиетін талқылағанда, негізгі бірнеше мәселенің ғана төңірегінде пікір айтуды қажет көрем.

Социалистік реализм бағытындағы әдебиет шыншыл болуға, айтам дегенін күмілжімей, бұлтақтамай, хастап, анықтап айтуға тиісті. Айтқандарының бәрі адамды социалистік рухта тәрбиелеуге тиісті. Сонымен қабат ре-

волюциялық романтикамен өмірдің алдын да шола отыру керек.

Жазушы жазбастан бұрын материал іздейді. Өмірде материал өте көп, бірақ, бәрі бірдей жарамды емес. Осы материалды тануға келгенде талай жазушы шатаcқан, әлі де шатасушылар табылады. Маркстік диалектикаға сүйенген, социалистік реализмнің негізгі бір сыйпаты болып отырған революциялық романтика, шындық, факт, деген аттармен шығармаға әйтеуір өмірде бардытыға беруге, яғни натурализмге, формализмге мүлде қарсы. Революциялық романтика бардың бәрін дәріптемейді, олардың ішінде келешегі барын ғана алуға, өмірдің артында емес, алдында болуға үйретеді.

Міне, осы социалистік реализм әдісін меңгеруге қазақ жазушылары қай дәрежеде тұрғанын анықтауымыз керек.

Абай сыншыл реализмді орыс классикасынан үйренді. Біз социалистік реализм әдісін орыстың социалистік озық әдебиетінен үйренеміз, үйреніп те келеміз. Үйрену деген көшіріп, не жаттап алу емес, творчестволық меңгеру. Сөйтіп, өзіңе тән жаңа сөз айту екені белгілі нәрсе. Қалай үйреніп келеміз? Тексерелік, бұл да әдебиеттің негізгі мәселесінің бірі.

Көп ұлтты совет елін біріктіріп тұрған ұлы күш бар. Оның аты — достық. Ұлттар достығын советтік ешбір әдебиет ұмыта алмайды. Бірақ, осы тамаша тақырыпты тамаша етіп көрсете алдық па? Кімдер қалай көрсетіп жүр? Әңгіме осы жайлы болу керек.

Халық тілегімен санасу — әдебиеттің де міндеті. Бір тілек бар — бес, он жылда орындасаң да күтеді. Бір тілек бар — бес, алты ай да күтпейді. Бұл, — біздің әдебиетіміз злободневно да болу керек деген сөз. Халық әдебиет жанрларының, тақырыптарының бай болуын сүйеді. Сондықтан, әдебиетіміздің жанр, тақырып злободневті жағын да әңгімелемей кете алмаймыз.

Әр әдебиеттің өзіне тән ұлттық түрі болатыны белгілі. Бірақ, түр дегеннің өзі катып қалған нәрсе емес, оны да өзгертіп, жаңартуға болады. Ескі заманнан қалған эпостарымыздың түрін, жаңа заманда туған жазба әдебиетіміз қабылдай бермейді. Өйткені, түр мазмұнға бағынышты, ал — мазмұн мүлде өзгеріп кетті. Бұл сөзден ескінің бәрін жұлып тастау керек деген ұғым тумасын, ескінің жарамдысын пайдалана отырып жаңаны

жасай берелік демекпін. Рас, әдебиет түрі өте кеш өзгереді, ұзақ жасайды. Қанша ұзақ жасаса да «әрі айдай, ақ серкенің мүйізі қарағайдай» деп жырлай алмаймыз бүгін. Жаңа мазмұнды, озық идеялы әдебиетіміз өзіне тән ұлттық түр таппай тынбайды. Осы табу жолында неміз бар? Атап айту керек.

Әдебиеттік бұл талаптар шығарманың партиялық, халықтық рухына қарай, жазушының шеберлігіне қарай толығып, көркейіп, немесе кеміп, жүдеп отырады. Сондықтан, әдебиеттік сыйпаттардың әрқайсысы партиялық, халықтық дәрежесіне, мастерлік дәрежесіне қарай бағаланады.

Осы айтылған шарттарды еске сактай отырып, енді әдебиетіміздің ішіне еніп көрелік.

* * *

Әдебиетіміз әрдайым өсіп отырды. Екінші съезд бен үшінші съездің аралығындағы он бес жылда бүкілодақтық озық әдебиеттердің қатарына қосылды. Бұл он бес жылдық өсу жолы үш бөліп көрсетуді тілейді. Хастап айтқанға: соғыс алдындағы жылдар, соғыс кезі, соғыстан кейінгі уақытта.

Мөлшермен алғанда, отызыншы жылдардың бірінші жартысына дейін әдебиетімізде, әсіресе поэзияда советтік идея басым еді де, советтік өмірдің өзін көрсету солғын еді. Отызыншы жылдардың екінші жартысынан былай біздің әдебиет өмірдің өзін көрсетуге бет бұрды: социалистік құрылыстың табыстарын, халықтар достығын, Советтер Одағының Конституциясын, партияны, үкіметті жырлады. Осы кезде барлық жанрлар үн қосып, батыста, шығыста дайындалып жатқан екінші жержүзілік соғысты әшкереледі, халқымызды қырағылыққа шақырды, кешеден бүгін жақсы істеуге, партия мен үкмет төңірегіне бұрынғыдан да бекем топтала түсуге шақырды. Бұл кездің бір өзгешелігі — әдебиетіміздің үлкен және ең аз түрі — поэма, романдар көбірек жазылып калды. Он бес-жыйырма поэма, бес-алты роман, бірнеше пьесалар жазылған екен. Солардың ішінде Мұқановтың, «Жұмбақ жалауы» (қазіргі «Ботагөз»), Ерубаевтің «Менің күрдастарым», Жароковтың «Тасқыны», Тәжібаевтің «Абылы» мен «Оркестрі», Токмағамбетовтың сатиралық өлендері, Ормановтың лирикалары — бұл күнге

дейін халқымыз сүйіп оқыйтын шығармалар болып қалды.

Қазір елеулі жазушыларымыз болып отырған Қасым Аманжолов, Жұмағали Саин, Әбу Сәрсенбаев, Қалижан Бекхожин, Қапан Сатыбалдин, мархұм Абдолла Жұмағалиев, Саттар Ерубаевтардың алғашқы лебізін сол кезде естідік. Жыйымасыншы жылдары әдебиетке келген жастардың көбі тек талантымен келсе, бұл жастардың көбі орта, жоғары дәрежелі білім алып, орыс әдебиетін бірсыпыра оқып, үйреніп келді.

Сонымен, Ұлы Отан соғысы алдында әдебиетіміздің тағы бір белге көтеріліп келе жатқаны айқын еді. Отан соғысы бүкіл советтік системаны қатал сыннан өткізді. Адамдарымыздың бойында бұрын ашылмаған қасиеттерді ашты, халық жігерін кайнатты. Соғыс, әдебиеттен мейлінше өткір, шапшаң болуды тіледі. Партия мен халық ол тілекті орындауға шақырды. Бұл тарихи кезеңнен әдебиетіміз әсем өтті деуге болады. Соғыс күндерінің талабы бойынша «Сын сағатта», «Қынаптан қылыш», «Қырағылық», «Намыс гвардиясы», сыяқты бірнеше үлкен пьесалар, ондаған ұсак пьесалар жазылды. Әдебиеттің ең кенже жанрының бірі публицистика зор күшке айналды. Әуезов, Мұқанов, Мүсрепов, Токмағамбетов сыяқты аға жазушылардың халық ашуымен суарылған мақала, очерктері өз алдына, бұрын үні естілмеген Бұлқышев сыяқты жастар окопта жатып, жауын окпен ғана атқан жоқ, өткір мақала, очерктермен де атып жатты. Аманжолов, Әбілев, Саин, Сәрсенбаевтардың майданда жазған өлеңдері бұрынғы өлеңдерінен әлдеқайда нәрлі, көрікті болып шықты. Қазір дұрыс өсіп келе жатқан Ерғалиев, Иманжанов, Мәуленов, Молдағалиев, Ұябаев, Әлімбаев сыяқты бір топ жазушы соғыс үстінде келіп қатарға қосылды. Жамбыл бастаған халық акындары ешуақытта соғыс кезіндегідей тұтасқан зор үнмен жырлаған емес. Жамбыл үні бүкіл жер жүзіне естілді. Ұлы акынның «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңі ең қысылшаң шақта тылдағы халықтың, майдандағы армияның бойына қуат беріп тұрды.

Әдебиет өскендігінің айқын белгісі — үлкен проза, бұл шабан өсетін, уақытты көп тілейтін ауыр жанр болғанымен қысылшаң соғыс жылдарында да өсуін қойған жоқ. Әлденеше роман, повестер жазылды. Солардың ішінде тарихи тақырыпқа Әуезов жазған «Абайдың» бі-

рінші кітабы, соғыс тақырыбына Мүсреповтың жазған «Қазақ батыры» (қазіргі «Қазақ солдатты»), колхоз тақырыбына жазылған «Шығанақ» романы соғыс жылдарының жемісі болатын.

Атай берсек шығармалар да, авторлар да көп. Осы аталғандардың өзінше әдебиетіміздің үздіксіз өсу жолында екенін дәлелдер деймін. Бірақ қанша өстік десек те, қазақ әдебиеті үлкен әдебиеттің қатарына соғыстан кейінгі жылдарда ғана қосылды. Онда да прозамен қосылды. Қазақ поэзиясы, Абай сыяқты классигі, бай эпосы, көптеген ауыз поэзиясы бола тұра және жазушылар коллективінің қаптал көпшілігі ақындар бола тұра жас прозадан кейін қалды. Бұны акын жолдастар есінен шығармауға тиісті.

Біздің проза октябрьден кейін туды. Онан арғы Абай Құнанбаевтің «Ғақлия» сөздері, Ыбрай Алтынсариннің әңгімелері, Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романы, немесе Сұлтан Махмұт Төрайғыровтың «Қамар сұлуы» тек айтарға болмаса, прозамыздың өсуіне елеулі әсер ете алған жоқ. Біз үлгіні, нәрді орыс прозасынан алып келеміз.

Соғыстан кейінгі жылдарда 30 шақты роман, повестер жарыққа шықты. Олардың тақырыбы алуан-алуан: жұмысшы табы, колхозды ауыл, халықтар достығы жайында, өзгерген табиғат, соғыс халқымыздың өскені жайында айтады. Қазақ прозасы ешуақытта сан жағынан, сапа жағынан болсын, тақырып жағынан болсын мұндай дәрежеге жеткен емес.

Өсу жолы — күрес жолы. Қате, кемшіліктер де аз болған жоқ, бәрі күрес үстінде жойылып келеді. Партия бізді ол күреске әрдайым бастап, көмектесіп отыр. Орталық Комитеттің әдебиет пен искусство туралы 1946—1948 жылдары алған қаулылары әдебиетімізге жаңа бағыт берді, бұл бір белгілі кезең болып қалды. Оған дейін ескі тақырыпқа тым үйір едік. Кенесары сыяқты баскесер ханды да, Балұаншолақ сыяқты қызқұмар, қымызқұмарларды да біраз дәріптеп алдық. Бірсыпыра жазушының шығармаларындағы идеясыздық, саясатсыздық нышандарын кезінде байқай алмадық. Осының бәрін көруге, жоюға Орталық Комитеттің сол тарихи қаулылары зор көмек етті, жақсы шығармаларымыздың көпшілігі сол қаулылардан кейін туды.

Қазақ әдебиеті озық әдебиеттің қатарына қосылды,

косылғанда прозамен косылды. Алдымен «Абай» романын аңызға аламыз. Бұл романның ақырғы төртінші кітабы быйыл жазылып б'тті. Ол жарыққа шығып үлгірген жоқ. Үлгірмесе де алғашқы кітаптарда қапы кеткенін бұл кітапта автор қатты ескеріпті.

«Абай» романы туралы көп айтылды, көп жазылды. Жақсы шығарма айтқан сайын жаңара түседі, ашылмаған қасиеттері ашыла түседі. Мен бұл романның негізгі бірнеше қасиетіне тоқталмақпын.

Роман—тарихи шындықты айтады. Шындықтың болғаны, болашағы бар, екеуін бірдей қамтый айтады. Адамның жан құбылыстарын, сыртқы сыйпаттарын, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, табиғат суреттерін беруде бұл роман өзінен бұрынғы қазақ әдебиетінен анағұрлым жоғары көтерілді, өзінен кейінгілерге әлі жеткізбей келеді. Халықты қараңғыға, тұңғыйық тереңге айдаған кара күштердің зор тұлғасы Құнанбай, оған қарсы халық туын, ізгілік ұранын көтере шыққан Абай — романның ішіндегі ең ірі образдар. Бұл карама-қарсы жасалған екі образдың қазақ әдебиетінде әлі теңдесі жоқ. Әуезовтың ең үлкен қасиеті — ХІХ ғасырдағы қазақтардың ұлттық мінездерін сыйпаттауда жатыр.

«Абай» романы көшпелі қазақ ауылының өзгешеліктері мен жақсы-жаманын, әлді-әлсіз жақтарымен тұтас алып көрсетеді. Надандық, таптық, рушылдық, феодалдық қат-қабат шырмаулардың ішінде арпалысқан Абайды, Абайдың ғана емес, халықтың өзін көреміз. Дәуір сырын, халық тұлғасын автор мейлінше кең, терең ашып берген. Романның халықтық жағы басым.

Петр мен Бейсенбайдың айыл-шеттік тамырлығын, немесе Жылқыбайдың Наташаға үйленуін, біреулер бір кезде ұлт достығы деп жүрді. Ұлт достығы одан әлдеқайда тереңде. Халықтардың материалдық-рухани тілектері қабысуында жатыр. «Абай» романында ұлт достығы дәл осы тұрғыдан көрсетіледі.

Жас Абайдың бетін әкесі Құнанбай көртартпа шығысқа — исламға бұрады. Есі ене бастаған Абай батысқа — орыс мәдениетіне ұмтылады. Семей кітапханасында, өз үйінде Абайдың сарылып орыс кітаптарына үңілуін, балаларын орыс мектебіне беруін, Михайлов, Андреевтермен достасуын былай қойғанда, Татъянаның қазақша сөйлеуінде терең сыр жатыр. Пушкин орыс қызының халін, мұңын егіле отырып жазса, Абай да егіле отырып

сол Татьянаға қырдағы қазақ қызының үн'н қосты. Қосылған бұл үндер бүкіл қазақ даласына жайылды. Абай аударманы кәсіп етпеген, оны қозғаған екі халықтың табысқан мәдени-рухани армандары еді. Әуезов бұл жайды үлкен махаббатпен шебер, көркем, терең жазған. Ұлт достығы дегенді халықтық мағнада алған.

Романның тілі орамды, тапқыр екендігі өз алдына, онымен қоса — бай. Салақтықтан, білмегендіктен, кейде тіпті жалған сактықтан халық жасаған бірсыпыра тіл әдебиетімізден қағажу калып жүрді. «Абай» романында халық тілі кең қолданылған, олардың қайсы біріне автор жаңа мән сала, жаңа әсер бере отырған. Жылдар өтер, біздің тарихшыларымыз жазушының, кітаптың тіл байлығын терең зерттейтін болар, сонда «Абай» романының бұл қасиеті арта түсетіндігіне күмән жоқ.

Абай дәуірі түгілі колхоздасудан бұрынғы ауылды осы күнгі жастардың көбі білмейді. Өйткені, тіпті тез өзгерді ауыл, орасан өзгерді. Біздің өзіміз «Абай» романындағы халықтық кейбір салттарды білмейміз. Тарихты тек тарихи ғалымдардан ғана үйрену жетімсіз. Жақсы шығарма оқушыға эстетикалық ләззат берумен қатар, білім де береді, өмір тануға жәрдем етеді. Өткен қауымның салтын, әдет-ғұрпын, күн көріс тәсілдерін, жалпы елдік қағидаларын білу қажет десек, «Абай» романы бұл жағынан да өте құнды кітап.

Осы кітап жыйырмасыншы, отызыншы жылдарда тұмай келіп, қыркыншы жылдардың екінші жартысында қалай туа қалды? Оның бас себебі: прозамыз қыркыншы жылдарға дейін есейе алмады. «Абай» романы сыяқты романдар тек есейген, өскен прозаның ортасынан шығады.

«Абай» романын сөз қылғанда социалистік реализм әдісі қалай қолданылды екен? Деген заңды сұрақ туады. Бұл сұраққа дұрыс қолданылған, деп тура айтамыз. Роман бар күшін салып, бір жағынан — кертартпалықты, ескілікті жек көруге баулыса, екінші жағынан — бар қуатын салып, болашаққа, алдағы жарқын жақсылыққа тартады. Осы екі сыйпат тарихтық романдағы социалистік реализмнің айқын айғағы болады.

Әуезов жазушылардың III-съезінің қарсаңында он үш, он төрт жылдық еңбегін аяқтады. Бұл өзі көлемі екі

мың бетке жуық, төрт кітаптық серия. Бұнда бір халықтың жарым ғасырлық өмірі бар. Сол жарым ғасырлық өмір романда көркем тілмен кең көлемде көрсетіліп отыр. Атақты акын, ойшыл, нағыз халық ұлы арқылы көрсетіліп отыр. Төрт кітаптық бұл бір топ роман өмір тақырыбының бәрін жағымды геройдың тағдыры мен тартысы арқылы береді. Ол — ақыл, қуаты зор, интеллекті бай герой. Ендеше бұл аудандас романдар еңсесі биік, ірі мәдениетті үлгі етеді. Жоғары сапалы әдебиеттік мәдениетті дамытады. Бұл көп романның жайын осы съезде сөз қылғанда, біз бір нәрсені айта аламыз. Қазақ совет әдебиеті Абай жайындағы төрт кітаппен Бүкілодақтық көркем әдебиет қорына үлкен үлес қосты дейміз.

Қазақ совет әдебиеті ғана емес, барлық советтік социалистік әдебиетіміздің екі съезд арасындағы үлкен табыстарының бірі осы Абай жайындағы романдар деуге батылымыз барады.

Аталып отырған романдардың бірінші кітабында жазықсыз кедей Қодар Құнанбай қолынан түйенің өркешіне салып өлтірілген еді. Енді ең соңғы кітаптың ең соңғы беттерінің бірінде Абай орыс революционері Павловпен сырласа жүріп, 1905 жылы революцияның жақындап келе жатқан дабылын естиді. Соны аңсап жүріп қайтыс болады.

Жаңағы жаксы сарынды естігеннен кейін Абай алыс белдің ар жағында атып келе жатқан таң барын сезіп, соны жұртына өсиет етіп өтеді. Бұл жөнінде Герцен айтқан бір сөз еске түседі. Герцен Грибоедовтың «Ақыл азабындағы» Чацкий туралы: «Оның геройы жырақ көк жиектің шетінде ғана болса да, қиял мекенін көруге ынтығады» деген еді.

Абай бала шағынан бастап, өзінің өлім сағатына жеткенше ұзақ, тарихтық жол кешеді. Абаймен бірге біздің халқымыздың тарихы да, Азиялық орта ғасыр дәуірінен 1905 жылғы революцияның табалдырығына тақап келгені көрінеді. Осындай тарихи романдар жайында Белинский былай дейді:

«Ел мен ғасырдың сыйпаты, олардың салт-санасы мен әдет-ғұрпы тарихи романның түпкі мақсатына жатпағанымен, оның әрбір нұскасынан көрініп тұрады. Сондықтан да тарихи роман тарихтық ғылым есебінде көркем-

өнермен бір арнаға құятын сыяқты. Тарихтын косымшасы оның екінші жағы сыяқты. Біз Вальтер Скоттың тарихи романын оқығанда, роман оқыйғасы болып отырған заманның замандасына, сол елдің азаматына айналамыз, сөйтіп олар жөнінде ешқандай тарих бейнелеп бере алмастық күшті әсермен толық түсінік аламыз...»

Абай жайындағы романдар осындай тарихи романдарға жатады. Әрине, бұдан ол ешбір мінсіз, ол туралы жақ ашпа, деген ұғым тумайды. Сынауға, мінеуге болады. Бірақ, оның бір де бірі аталған қасиеттерін жоя алмайды. Абай жайындағы романдар тек өскен прозаның ортасынан шығатын болса, сол өскен прозаның өзіне үлгі де бола алады. Біз енді прозамызға Абай жайындағы романдардың дәрежесімен қарайтын болдық.

Жолдас Әуезов тарихи тақырыпты тамаша меңгерді. Ал, бүгінгі тақырыпты еркін меңгере алмай келеді.

Әуезов үлкен драматург бола тұра, қазақ театрының пердесін алдымен өзі ашқан драматург бола тұра, драматургиямызға он жылдан бері елеулі ештеңе қоса алмады.

Қазақстан егін, мал байлығын дамыту жолында қазір сондай биікке көтеріліп барады. Ондай биікке ешқашан шыққан емес. Шығу үшін Партия мен Үкмет Қазақстанға барлық жағдайды жасап жатыр, бүкіл совет жұртшылығы болып көмектесіп жатыр. Біз, жазушылар көз алдымыздағы бұл ұлы оқыйғаның эпопеясын жасауға міндеттіміз. Эпопея бірден жасалмас, оны әркімнен талап етуге де болмас. Ал, әр жазушыға сен осы ұлы іске немен көмектесің деп әбден айтамыз. Соның ішінде Әуезов жолдасқа ерекше айтуға тура келеді. Ол, біздің заманауымыздың геройларын да Абайды сүйгендей сүйіп, Абай образындай зор образдар жасауға міндетті.

Аға жазушылардың бірі Сәбит Мұқанов. Әдебиетімізде ол қатнаспаған жанр кем де кем. Ол бірде акын, бірде прозаик, бірде сыншы, бірде драматург, кейде журналист. Оның шығармалары әсіресе поэзиясы біздің литопісіміз сыяқты; Ұлы Октябрьді, азамат соғысын, НЭП ті, бесжылдықтарды, Ұлы Отан соғысын — елімізде болған елеулі өзгерістердің бәрін жырлаған. Қазақ совет поэзиясын жасауда Мұқановтың орны үлкен. «Сұлу шаш», «Октябрь өткелдері», «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы» сыяқты поэмаларын бас қылып, поэзиямызға қондаған мың жол өлеңдер қосты. Солардың ішінде жа-

налық, новаторлық аз емес. Әледенеше пьесалар, романдар берді. Злободневность, тақырып, жанр байлығын әдебиеттік сыйпаттардың негізгі бірі десек, Мұқанов мақала, очерктерімен, ұсақ пьесаларымен әман алдыңғы қатарда жүрді. Рас, еңбектерінде кате, кемшіліктер аз болған жоқ, қазір ескіргендері де толып жатыр. Бірақ, соның көпшілігі кезінде жұртшылықтың пайдасына жа-рады.

Автор өзін осылай ұзақ жолда сынай келіп, кейініректе екі роман берді. Екеуін де орыс тілі арқылы бүкіл совет халқы оқып отыр. Ол, өздеріңізге мәлім — «Ботагөз», «Сырдария» романдары.

«Ботагөз» туралы «Правда» кезінде былай деп жазған:

«...Сәбит Мұқанов Қазақстандағы халық өмірінің өрлеу кезеңдерін тарихи шындыққа сай көрсететін шын мағанысындағы үлкен еңбек жасады».

«Правда» айтқандай, «Ботагөз» шын мағанасындағы үлкен еңбек болды. Оның бас геройы Асқар жаңа заманның, жаңа ойдың, революциялық күрестің адамы. Мұндай образды, халқымыздың революциялық күресін көрсететін бұндай романды біздің ішімізде әзірге тек Мұқанов жасады. «Ботагөзді» қазір Советтер Одағынан сыртқы елдер де оқып жатыр.

Осының бәрі Мұқановтың әдебиетке, әсіресе өз еңбегіне жауаптылығын күшейте түседі. Бірақ, Мұқанов жолдас ол жауаптылықты әлі сезініп болған жоқ. Сондықтан, оның шығармаларындағы басты екі кемшілікті баса айтпақпын, қалғанын проза жайында баяндама жасаушы айтар.

Бірінші кемшілігі — көріп-білгенін електен өткізбейді, талғамайды. Егер талғаса, мынадай сөздерді кітапқа тықпас еді:

«Исрапил деген періште бар, оның қолында аузын буған, үрген қуық бар, ақырзаман болғанда Исрапил қуықтың аузын босатып жіберсе, қуықтан шыққан жел тауды қанбақтай ұшырып дүниені тасталқан қып қыйратады» («Жұмбақ жалау» 241-бет).

Рас, Мұқанов бұны Мұхамбет пайғамбардың ертегісі, деп келтіреді, Осы арада Мұхамметтің, оның ертегісінің кімге керек екенін есептемейді. Есепсіз сөйлеу, әсіресе кітап жүзінде сөйлеу лайық па? Кітап — халықтың рухани азығы. Халық қазір талғам-

паз, қылшық араласқан дәмді қабылдамайды. Сондықтан социалистік реализм көрген-білгеннің бәрін тықпалама, талғап ал, кітапты көркейтетін, оқушыны тартатын жағын қара, дейді. Социалистік реализм халық аузындағы ескі сөздердің бәріне қарсы емес. Ол сөздердің ішінде «соншалық тапқыры, өткірі бар, бір сөзі біздің жүз сөзімізден құндырақ. Кәп, соның орнын тауып пайдалана білуде.

Қанша сақтансақ та, ұзақ түндерде сарылып сөз тізіп отырғанда, кейде жарамсыз бірдеңелер еніп кетеді. Егер Мұқановтікі тек сондай бірдеме ғана болса, мен мұнша қам жемеген болар едім. Сәбит Мұқановтың өлеңінен басқа шығармаларының бәріне, әсіресе прозаларына тән бір кемшілік — осы талғаусыздық, ұсақ-түйекке үйірлік. Оның романындағы қауындардың ішінде есек жортып жүреді, оның прозаларында өгіз де бұзаулап жатады.

Мұқанов прозаларының ендігі бір кемшілігі сөз құрысында. Бұған «Сырдариядан» бір мысал келтірейін:

«Осы жыйналысқа қатынасқан Антония Парферьевна шығып сөйлегенде:

«Жолдастар, бізге тапсырылған міндетті істі қалай орындауды бригада мүшелері боп өзара талқылармыз, оған сіздердің уақыттарыңызды алмаймын, — деп бастап, он бес, жыйырма минуттай уақытта, Совет Одағындағы халықтар достығының тамашалығын, соның айқын бір дәлелі — Украинадан келген детдомға жергілікті халықтың аса зор қадыр-құрмет жасауы екенін тыңдаушылардың жаны толынарлық леппен айтып шықты.» (487-бет).

Осы да көркем сөз бе? Кейбір протоколдардың тілі бұдан жатығырақ. Бұл сөздер оқушыға ләззет беруден гөрі, кітапты қампыйту үшін керек. Сондықтан да Сәбиттің кітаптары жуан келеді, «Сырдариясы» да осындай сөздермен жуандаған.

Социалистік реализмнің негізін салушы ұлы Горький айтады:

«...Қорғаушы күш боларлық нағыз көркем тіл сөздің дәлдігі, айқындығы, әсерлілігімен жасалады, кітаптың картинасын, характерін, идеясын солар құрастырады... Әдебиетші, өзінің тек қаламмен ғана жазып отырмай, сөзбен сурет салып отырғанын ұмытпауы керек, салғанда суретші мастерлер сыяқты

адамды қозғалтпай емес, әман қозғалыста, әрекетте, тап, жеке адамдар күрес үстінде ылғый қағысып, айқасып отыратындығын ұмытпауы керек» дейді.

Алексей Максимович тағы бір ретте проза жайында айта келіп, бұл пікірін күшейте түседі:

«Әдебиетті сөз қоқыстарынан тазарту үшін, тіліміздің жатықтығы, мөлдірлігі үшін, әдебиеттік адал техника үшін рақымсыз күресу керек, оларсыз идеологияны нақ айту мүмкін емес».

Жолдас Мұқанов Горькийді оқыған кісі. Талай романдардың, пьесалардың авторы екендігін айттық. Енді оған не болды! Қартайды ма, болдырды ма? Жоқ, мұның бірі де емес. Оның әлі таланты да, қуаты да жетеді. Жалғыз-ақ нәрсе жетпейді: халықтық деген сөзді тым жабайы түрде ұғынады. Кітапты, қарапайым қазақша сөйлетсе, оның ішіне ертегі, анекдот, экзотика, мақалдар көбірек енсе, халық сүйіп оқыйды, деп ойлайды. Бұл ой — қалпымен қате. Кітап неғұрлым ұтымды, мағналы, көркем сөйлесе, солғұрлым халықтікі. Кітаптан қарапайым оқушы неғұрлым көбірек нәр алса, кітап одан неғұрлым жоғары тұрса, солғұрлым құнды. Қарапайым қазақ, қарапайым оқушы деген сөздердің өзі мағнасын өзгертіп барады. Жыйырмасыншы, отызыншы жылдары, қазақ әдебиеті қазақ арнасынан аса алмаса, оқушылары тек қазақ болса, қазақтардың мәдениеті, талабы қазіргіден әлдеқайда төмен еді. Қыркыншы, елуінші жылдары қазақ әдебиеті Бүкілодақтық аренаға шықты, оқушылардың, соның ішінде қазақтардың да мәдениеті, талабы бұрынғыдан әлдеқайда жоғарылады. Бұл өзгерісті ескермеген жазушы, сөз жоқ, құлайды.

Әуезовтың «Абайының», немесе Мүсреповтың «Оянған өлкесінің» негізгі қасиеті мәдениеттілігінде. Олардың ішінде ертегі, экзотика, мақалдар жоқ, сонда да халық сүйіп оқыйды. Біздің ұғымда: мәдениетті шығарма — халықтық, партиялық болады; халықтық, партиялық шығарма мәдениетті болады. Бұларды бірінен бірін бөлуге болмайды.

Қазақшасы қырық баспа табақ «Жұмбақ жалаудан» орысша жыйырма бес баспа табақ «Ботагөз» шықты. Егер мен редактор болсам, «Сырдарияның» да талай беттерін сызған болар едім. Өйткені, құнды кітаптың бетін құнсыз сөздер бүркеп тұр. Сөзін қадірлеген жазушы бір жол сызылса да қынжылады. Нағыз көркем шығарманың

әр сөзі қаланған кірпіш сыяқты, біреуін алып тастасаң, орны үңірейіп тұрады. Міне, біз сол дәрежеге жетуіміз керек. Жету үшін, алдымен сөзге жауаптылық жетімді болу керек.

Әдебиеттің ұлттық түрі деген алдымен — сөз. Мұқанов өзінің прозаларының көпшілігінде сөзді көркейтуден гөрі жеткен дәрежесінен кемітіп келеді. Осыны оған ашық та, қатты да айтатын уақыт жетті.

Көрнекті, көне жазушыларымыздың бірі Ғабит Мүсрепов. Әр жазушының бойында не әлді, не әлсіз жағы болса, оның әлді жағы — тілі, стилі. Ол айтам дегенін бытыратпай дәл айтатын сөз мергені. Оның прозаларынан артық сөз түгіл, қыюы қашқан бір сөз табу қиын, — сұлу проза.

Сөз сұлулығын әркім әр түрлі ұғынып, әр жақтан іздеп жүр. Мүсрепов те бір кезде аспанға шығып қайтты, ақыры жерден тапты. Зады, сұлу сөзге белгіленген пішін, не бекітілген тізім жоқ, жазушы әрдайым оны өзі жасайды. Орнын тауып қоя білсең, әр сөз сұлу, орнын таппаған әр сөз — бұжыр. Сөзге әсер бере білген, жаңа мағна сала білген, сезім мөлшерін ұмытпаған жазушы әрдайым ұтады. Пушкин кейде бір сөздің мағнасын, әсерін он, он беске дейін өзгертіп пайдаланған. Осының бәрі әдебиет тілінің мәдениетін көрсетеді. Қазақ совет прозасының ұлттық тіл мәдениетін жасауда Әуезов пен Мүсреповтың қосқан үлесін өзгеден ерекше айтуымыз керек. Әуезов туралы Абайға байланысты айтылды.

Мүсрепов Горькийден үйрене отыра, қазақ прозасына бір топ әңгіме әкеп қосты. Әңгімелерінің көпшілігі біздегі бұл жанрдың үлгісі боп қалды десем, артық болмас. Одан кейін «Қазақ солдатын» әкеп қосты. Соғыс тақырыбына жазылған бұл роман көп тілдерге, соның ішінде шет тілдерге аударылса да, халқымыз сүйіп оқыйтын кітаптардың бірі болса да, автордың мүмкіндігін толық көрсете алған жоқ. Романның тереңдігі, кендігі, ұлы орыс бейнесін жасауы жетпеген еді. Мүсрепов содан кейін «Оянған өлкені» жазды. Жұмысшы табы туралы жазылған бұл роман үлкен прозада автордың қуаты қаншаға жететінін көрсетті, қазақ совет әдебиетінің елеулі табыстарының бірі болды.

«Оянған өлке» автордың жоспары бойынша эпопеяның тұңғыш кітабы. Қазақ даласына өндіріс капиталы еніп, тұңғыш қазақ жұмысшылары шыға бастаған ке-

зең суреттеледі. Романнан XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының өмірін көреміз. Солт кездегі қазақ сахрасы өзінің ойы-қырымен, қысы-жазымен, түрлі табиғатымен көз алдыға келеді. Нағыз әлеуметтік роман болып табылатын «Оянған өлкеде» қазақтың бай ауылдарының өзі жіктеліп көрсетіледі. Патриархалдық-феодалдық ескілікке сауда капиталымен ымыраласып, қаулап өсіп келе жатқан феодал буржуазиялар қарама-қарсы суреттеледі. Жалпы қазақ аулындағы тап қайшылығы шиеленісе түседі де, содан автор дұрыс қорытынды шығарып отырады. Дала шонжарларынан тепкі көрген қазақ еңбекшілерінің өзара бірлігі орыс жұмысшыларымен бірлікке әкеледі. Сөйтіп, олардың достығы тереңдей береді.

Көп планды романда жазушы адам образын шебер жасай білетінін де көрсетті. Әсіресе, ұнамсыз кейіпкерлердің образы айқын шықты. Олар мейлінше дараланып көрсетіледі. Ауыздарынан өздеріне тән сөздер ғана шығады. Автордың олар тұсындағы юморы мен сарказмы да өткір.

Бірақ, ұнамды кейіпкерлерге желгенде, жазушыда селкеулік бар. Байжан, Бұланбай, Михайло Неволья, Шило қарт сыяқты персонаждар көркем образ болса, Байшүгір, Быков, Елизавета солардың көлеңкесінде қалып қояды.

«Оянған өлке» дәуірді кең қамтыйды дедік. Олай болса, автор халықты да кең қамтуы керек еді. Халықтың бойындағы адалдық, ерлік достыққа беріктік, адамгершілік, қайырымдылық, жомарттық сыяқты шынайы қасиеттерді толық та, терең аша суреттеуі керек еді. Дәуірдің де прогресшілдік жақтары болатынын былай қойғанда, халықтың бойындағы бұндай ұлы қасиеттер басы ашық нәрсе екені белгілі. Ал, Ғабит шығармасында Бұланбай мен Жабайдың кейбір қыймылдары, Байжан үйінің қонақжайлылығынан басқа есте қаларлық қасиеттер тим аз. Жұқа көрсетілген.

Мүсрепов тілге бай жазушы дедік. «Оянған өлкенің», аллестерацияға құрылатын азын-аулақ жерлерін айтпасақ, тілі өте тартымды. Жазушы өз интонациясын айқын танытады.

«Оянған өлкені» елеулі табысымыз деп қана қоймай, көрініп тұрған эпопеяның бастамасы деп қарауымыз керек. Олай болса, авторға үлкен үміт те артуымыз керек,

зор талап та қоюмыз орынды. Осы бағытта авторға ой саларлық тағы да бірер сөз айтқым келеді.

Жұманды келекелей отырып, оқушыға жексұрын етіп көрсетуі әбден дұрыс. Ал, Ушаков, Игіліктер де жағымсыз геройлар ғой, оларға келеке жүрмей ме? Жүрсін, жүрмесін оқушыға оларды жек көрсету жағы жеткілікті ме? Меніңше әлі де жетіңкіремей жатыр.

Орыс, қазақ жұмысшыларының достығы тым оңай жасалған. Егер сол күндердің өзінде ұлт достығы, жұмысшы бірлігі мықты болса, біз мықтадық деп несіне мақтанамыз бүгін? Автор бұл арада шындықты аттаңқырап кеткен сыяқты.

Тағы да айта кетуге болар еді, автор мұның бәрін екінші кітапқа қалдырғанмын десе, жеңіл кетеді. Сондықтан осымен тоқтадым. Шығармалардың ішінде сынды көтеретіні бар, көтермейтіні бар. Әбішевтің прозалары көтермейді. Әбішев драматургиямызға он шақты пьеса қосқан, солардың ішінде «Достық пен махаббат» атты жақсы пьесасымен жұртшылыққа өзін танытқан көне жазушының бірі. Ол прозамен айналысқалы жыйырма шақты жыл болды. Содан бері әжептәуір көлемі бар бесалты кітап берді: «Забал», «Армансыздар», «Жас түлек», «Үлкен жолда», «Сахара сәулеті», «Терең тамырлар», «Саржан».

Осының бірде бірі халықтың есінде қалды ма екен?

Аржағын айтпағанда, автордың өскен кезде, кейінгі жеті-сегіз жылда жазған төрт кітабының бір де бірі сәтті шықпады. «Жас түлек» туралы «Қаз. Правда» — «Қыйсық айна» десе, «Әдебиет газеті» — «Совет жастарының образын бүлдіруші» деп жазды. «Үлкен жолда» Қазақстан Орталық Партия Комитетінен төмен баға алды. «Сахра сәулетін» жазушылар ұйымы бір ауыздан жаман шығарма деп, сөкті. Істеліп кітап болғаннан кейін «Әдебиет және искусство» журналы: «Көркемдік, идеялық жағынан талапқа сай етіп шығара алмаған» деп жазды.

Осы пікірлердің бір де біріне қарсылық болған жоқ. Халық бекітті.

Әбішев прозада жыйырма жыл бойы неге бір көтерілмейді? Төмен-қолды шығармаларын қалай бастыра берді? Осының бір де бірі халықтың есінде қалды ма екен?

Бұған алдымен біздің коллектив, оның ішінде аға жазушылар кінәлі. Олар көре-біле тұра, кезінде автор-

дың кемшілігін ашып айтпады, күмілжіп, жанамалап айтқанға автор түсінбеді.

Аға жазушылардың бұл батылсыздығында екі себеп бар еді. Бірінші себеп—олар ұзақ уақыт жікшілдікпен ауырды. Жікшілдікпен ауырған адам қанша адал, қанша батыл болам десе де, әдебиеттік принциптерді берік ұстай алмайды. Екінші себеп—аға жазушылар Әбішевті әман аяп, жеңілдік беруді—жәрдем деп, теріс түсініп келді.

Осы зыянды екі себеп үлкен тілектің—жаңа тақырыпқа жазылған шығарманы көтеру тілегінің екпінімен өтіп кетіп отырды. Өйткені, Әбішев көбінесе жаңа тақырыпқа жазды. Жаңа тақырып баспаға өтімді, өте берген соң жақсы екен, деп ойлайсың. Олай емес. Қай тақырыпқа жазсаң да шеберлік керек. Шеберлік—социализмнің реализмнің негізгі талабы. Онсыз жазу мүмкін емес. Жазушының оқушылар алдындағы жауаптылығы еш қашан бүтінгідей күшейген жоқ. Бұл жауаптылықты сезінбей қалам ұстаған жазушы—пышақ ұстаған жас баламен бірдей.

Әбішев өзінің прозаларында есте қаларлық бір образ жасай алмады. Көркем әдебиет адамдар жайында және адамдар үшін. Адам неғұрлым айқын көрінсе, шығарма солғұрлым айқын. Адам неғұрлым солғын көрінсе, шығарма солғұрлым солғын. Сондықтан, бүгінгі өмірді көрсет деген сөз, алдымен олардың жасаушыларын көрсет деген сөз.

Біздің арамызда «өмірдің өзі көркем, ештеме қоспай-ақ сол күйінде жазып берші» деушілер де бар. Бұл, әдебиет еңбегін тым жеңілге сайғандық. Жазушы фотографист емес. Көргенін көрген, білгенін білген қалпында жаза салмауы керек, өзінің творчестволық елегінен өткізбеген жазушы—нағыз жазушы емес. Өмір шындығын әдебиет шындығына айналдыру жолында талай өткелдер жатыр. Тақырып, фактылар қандай қызықты болғанмен, жазушы үшін материал ғана. Жақсы материалды олақ қол қор етеді, шебер қол жөндеу материалдан да бірдеме шығарады. Әдебиеттегі әрбір олақтық, мәдениетсіздік, автор тілесін-тілемесін, натурализмге, не формализмге әкеп соғады.

Мен Әбішевке қанша ауыр айтсам да, ол енді бітті деген пікірден аулақпын. Бітсе, мұнша сөйлеудің де қажеті болмас еді. Оның шеберлігі жетпейді. Оның про-

заларында жалған нәрселер көп, примитивизм көп. Оның себебі — өмірді зерттеуі аз, орыс әдебиетінен үйренуі аз. Ол өзінің творчестволық әдісін қайта бір тексеріп өтуі керек.

Өскелең әдебиет өз күшін оқтын-оқтын еселеп отырады. Әдебиетке келген әрбір жаңа адам, жас адам аздықөпті жаңалық ала келеді, толықтырады, жаңартады әдебиетті. Прозамызға соғыстан кейінгі жылдарда келген жастардың ішінде Әбдіжәміл Нұрпейсов, Сафуан Шәймерденов, Бердібек Соқпақпаевты атап жетуге болады.

Нұрпейсов соғыс өмірінен алып, «Курляндия» атты роман, Шаймерденов студенттер өмірінен алып, «Болашаққа жол» атты роман жазды. Екеуі де әдебиет еңбегін романнан бастаған жастар. Тәжрибесіздікке байланысты көп кемшіліктері болса да, бұл екі роман авторлары үшін үлкен табыс, әдебиетіміз үшін үлкен табыстың сенімді кепілі деуге болады. Біз, жазушылар әдебиеттік мұндай нәрестелердің дүниеге келуін әрдайым қуанышпен қарсы алуымыз керек. Бірақ, қуаныш үстінде нәрестені азамат деп, даурықпалық. Кейде ондай даурығу қаны ыстық жас адамды есінен тандыруға дейін апарады. Сондықтан қуана отырып, жарқ еткен жасты ата-анасындай тәрбиелеп өсіру біздің коллективтің, оның ішінде, әсресе, аға жазушылардың мойынан түспейтін міндет.

Нұрпейсов пен Шаймерденовтың романдары, Соқпақпаевтың кейбір әңгімелері мен «Алыстағы ауылда» атты повесті қазіргі күйінің өзінде кейбір сарыкідір жазушыларымыздың прозасынан жоғары тұр. Ал, авторлардың өз мүмкіндігінен төмен тұр.

Бәрін талдауға уақыт жетпейді. Тек соғыстан кейінгі жылдардың ішінде отыз шақты роман, повестер жазылды. Солардың ішінде мектеп өмірінен алынған Иманжановтың «Алғашқы айлары», колхоз өмірінен алынған Слановтың «Кең өрісі», балықшылар өмірінен алынған Сәрсенбаевтың «Толқында туғандары» сыяқты сөз қыларлық шығармалар бар. Бұлар жайында, сол сыяқты «Қарағанды», «Миллионер», «Шығанақ» романдары жайында проза баяндамашысы кеңірек айтар.

Қазақ совет жайында мынадай қорытынды жасауға болады: күмән жоқ, өскен проза. Өсудің де өсуі бар. Мысалы: жүз гектар егіннің он гектары ғана жыйырма

центнерден астық беріп, қалғаны бес-алты центнерден берсе, қалай өсті дер едік? Тұтас өсу керек. Біз бұл дәрежеге әлі жеткеніміз жоқ.

Прозамыздың енді бір кемшілігі — ұсақ жанрлары тым шабан өсіп келеді. Бұлар прозаның бұтағы, жапырағы сыяқты. Бұларсыз көркеймейді проза.

Есеп беріп отырған уақыттың ішінде қазақ совет поэзиясы бұрынғы қалпынан бірталай ілгері кетті. Жазушыларымыз, олардың ішінде ақындарымыз Ұлы Отан соғысына өлеңімен ғана емес, қолына қару алып, өздері де қатнасты. Жеңіс туын халықпен бірге тірісті.

Отанды жаудан қорғау, жеңіске шақыру туралы жазылған қазақ ақындарының өлең, жырларынан патриоттық сезім, совет халқының майдандағы, тылдағы ерлік істері айқын сезіліп тұрды.

Соғыс күндеріндегі қазақ поэзиясын айтқанда, Жамбылдың орны өзгеше екенін атап айтуымыз қажет. Жасы жүзге жақындаған қартты фашист басқыншыларының шабуыл жасауы қатты ашындырады. Оның өлеңдерінен ыза борап жатты. Москва, Ленинград, Сталинград түбіндегі ұрыстарда совет азаматтары көрсеткен тарихта теңдесі жоқ ерліктерді ол шарықтай жырлады, оның жырлары бүкіл совет поэзиясының алдыңғы қатарынан орын алды. Жамбылдың төңірегіне топталған Доскей, Нұрпеис, Шашубай, Нартай, Қуат, тағы сол сыяқты ауыз әдебиет өкілдері де халықты жеңіске шақыруда аз қызмет атқарған жоқ.

Ұлы Отан соғысының ерлік істерінен бір топ поэма туды. Бұлардың көркемдік дәрежесін салыстырғанда Қасым Аманжоловтың «Абдоласы» бәрінен жоғары деуге болады.

Оқушы қай жанрдағы шығармадан болса да халықтың ісін, ойын, сезімін көргісі келеді. Қазақ ақындары ойды, сезімді батыл жырлайтын да, іске келгенде тайқактай беретін. Соғыстан кейінгі жылдар да осы істің өзін көрсетуге батыл жірісті. Тайыр Жароковтың «Жапанды орман жаңғыртты» дейтін поэмасы мен Хамит Ерғалиевтің «Біздің ауылдың қызы» атты поэмасы совет адамдарының табиғаттың мылқау күшін жеңу жолындағы ерлік еңбектеріне арналған. Жұбан Молдағалиевтің «Нұрлы жол» атты поэмасы жас жұмысшылардың кадрын даярлау ісіне арналған. Дихан Әбілевтің «Алтай жүрегі» атты поэмасы бұрынғы Риддер заводы-

ның азамат соғысы кезінде жау қолынан бүлінуі, совет үкметінің Қазақстанда іргесі бекінгеннен кейін қайтадан ашылуы жайында баяндайды. Қасым Аманжоловтың «Біздің дастан» атты поэмасы коммунист партиясының, ұлы Лениннің, оның сенімді серігі Сталиннің ролін сыйпаттайды. Атай берсек поэмалар осылай табыла береді.

Бейбітшілікті сақтау мақсаты поэзиямыздан үлкен орын алды. Бұл жөнінде әсресе ұсақ өлеңдер көп қызмет атқарды. «Бейбітшілік даусы» деген атпен өлеңдердің калың жыйнағы шықты.

Тек соғыстан кейінгі жылдардың өзінде ақындар өлең, поэмалардың ондаған жыйнағын берді. Бұл жыйнақтар Отанымызда жасалып жатқан ұлы істердің, қайнаған жігердің бораған ұшқыны тәрізді.

Ақындарымыз орыстың және дүниежүзілік прогресшіл әдебиеттің поэзиялық қымбат мұраларын қазақ тіліне аударуда да аз еңбек еткен жоқ.

Осындай жақсы жақтарымен қатар, поэзиямызда кемшіліктер мен қателіктер де болмай қойған жоқ. Кейбір ақындар майдандағы қазақ жауынгерлерін атаның аруағына сыйынуға шақырды. Орыс және қазақ халқының жауы — Кенесары Қасымовты халық батыры деп жырлаушылар да аз болған жоқ. Отанды Қазақстандық тар мағнада түсіну де соңғы жылдағы қазақ поэзиясынан табылады.

Бұл қателіктердің бәріне партия, әдебиет жұртшылығы кезінде өз пікірін айтып, түзетіп отырды.

Жазылған өлең, поэмалар көп болғанмен, әлі де көркемдік жағынан көп көтеруді тілейді. Поэзиямыздың елеулі жетістіктері бола тұрса да, талап дәрежесінен төмен екенін мойындауымыз керек. Осыған байланысты кейбір басты кемшіліктерді атап көрсетпеске болмайды.

Көркем шығарманың қай қайсысында болса да автор оқушыға өз ықпалын жүргізуге тырысып отырады. Өзінің жақсы дегенін жақсы, жаман дегенін жаман көрсеткісі келеді. Бұл үшін шығарма алдымен ұғымды болуы шарт.

Хамит Ерғалиев соғыс күндерінде көрінген, поэзияға өз ерекшелігімен келген ақын. Ол бүгінгі тақырыпқа жүйемелете төрт поэма жазды. Бұл поэмаларда оның тоқталмай ізденіп, өрлеп келе жатқаны сезіледі. Бірақ өрлеу жолында бір нәрсені байқамай келеді. Жаңалық

деп кейде ұғымсыздық жасайды. Мысалы: «самолетке» «самал отты» ұйқастырады. Отта самал бола ма?! Мұндай мағнасыз не ойланып отырып мағнасын азар түсінерлік ұйқастарды ол жаңалық деп ұсынады. Рас, жаңалықтар қапелімде жұрттың бәрінің көкейіне бірден қона алмайды. Ал мынадай жаңалықтар ешуақытта да қона қоймас. Сондықтан Ерғалиев жолдас ойлануы керек біраз.

Поэзия ұғымды болуымен коса әсерлі болсын. Өйткені, ұғымдың бәрі әсерлі бола бермейді. Әсердің өзі әркыйлы. Бір әсер — өмір бойы ойыңнан кетпейді, бір әсер — сол арада қалып қояды. Поэзиядан біз ұмытылмайтын күшті әсер іздейміз. Осы жөнде көне ақындарымыздың, үзбей жазып, үлкен тақырыпқа барған ақындарымыздың бірі — Дихан Әбілевке аз тоқталамыз.

Әбілевтің «Алтай жүрегі» өндіріс тақырыбына өлеңмен жазылған роман. Бұл үлкен еңбекті оқып отырғанда талай уақытқамен, талай адамдармен кездесесің. Оқып шыққаннан кейін солардан ойда қалатын елес өте аз... Елесті сурет жасайды. Суретті автор жасайды. Автор сөзбен сурет салуға әлі шорқақ. Шебер болса мынадай мағнасыз, ажарсыз шықпас еді суреті:

«Жұлдыздай түнгі аспанға шыққан шыпшып,
Зейнептің меруерттері «жанын шымшып»-
Күн нұры шағылысқан күміс шықтай
Күлімдеп жүр біріне бірі ыршып».

Бұл шумақта автор не суреттемек болды екен — Зейнепті ме, оның меруертін бе? Түсіну қыйын. Қайсысын болса да, суреттей алған жоқ. Жұлдыз, түн, аспан, шық, күн, күміс, немесе күлімдеп, ыршып, шып-шып, шымшып, деген сөздердің ұйқасын ғана жасады. Ол ұйқастар ешете ме атқара алмады.

Поэзияда әрбір сөз нысанаға тиіп отыру керек. Поэзияның күші де, көркемдігі де осында. «Алтай жүрегін де» талай сөздер далаға кетіп жатады.

Көркем шығарманың адамдары ісімен, мінезімен, ойымен өзін-өзі бірте-бірте танытып шығады. Әбілев осыны істеудің орнына көбінесе мінездеме береді. Деев туралы:

«...Сүйді ол шындықты жүрегіндей
Шын сүйді жоқ оған көлгірлігі» —

дейді. Автордың творчестволық қулығы аз. Оқушыға енді Деевтің кім екені белгілі. Зейнеп қалай, деп отырғанда;

«Партия көмекші етіп тауып қойған»

деп ол туралы автор тағы да айтып қояды. Сөйте, сөйте геройларын жалаңаштай береді.

Бұндай мінездеме жазу оңай, образ жасау қиын. Мінездемені әркім жазады, образды тек суретші жасайды. Суретші жасаған образды көргеннен кейін, жаңағы мінездемелерді оқушы айтса, құлаққа қандай жағымды тиер еді.

Романда мазмұнды, қызықты ету мақсатымен уақытқа көбірек алынған. Уақытқа, адам көбейген сайын автордың жауаптылығы артады, орындай алса жақсы, орындай алмаса борышты болып қалады. Әбілев бұл жөнде де оқушыға борышты. Уақытшалары барған сайын дамып отырмайды, сюжеттің олпы-солпысы көп, композиция мықты емес. Роман тым шашыранды, көп сөзді.

Түптеп келгенде шығарманың тағдырын шешетін екі нәрсе — пікір мен тіл. Романның құбатөбел ғана тілі бар. Пайдалы пікірлері аз емес. Бірақ, жаңалығы, өзінен айтқаны аз.

Әбілевтің романы жайында айтылған бұл пікірлер тек оған айтылған жоқ. Өйткені, ол романдағы кемшіліктер — бүгін тандағы қазақ поэзиясындағы басты кемшіліктер. Поэзиямыз өндіріске батыл араласқанын «Алтай жүрегі», «Қырда туған құрыш» сыяқты поэмалар айқын көрсетті, сонымен қатар бұл поэмалар шеберлік дәрежесі жетпей жатқанын да көрсетті.

Біздің поэзия бірсыпыра қалыптасқан поэзия. Абайды, Жамбылды былай қойғанда, Мұқановтың «Сұлушашы», Жароковтың «Тасқыны», Тәжібаевтың «Абылы», Аманжоловтың «Абдолласы», Ерғалиевтің «Біздің ауылдың қызы», сыяқты табысымыз деп именбей айтарлық поэмалар жасалып қалды. Біз бүгінгі поэзияны сынағанда, осы жеткен дәрежеден төмен түспе, асып түс деген мағнада сынаймыз.

Біздің поэзияда орыс үлгісімен жазылған: сараң сөзді, мағналы, суретті, жанға жылы ұсақ өлендер, өлең циклдері көріне бастады, ұсақ өлендерде бос сөзден арылу бағыты айқын байқалады. Ал поэмаларда су әлі көп. Арзан ақыл, жалаңаш үгіттердің орнына өмір суретін сол өмірді жасаушылардың ісін, сыйпатын, ойын шебер тіл-

мен, оқыйға етіп айтып бере алмай келеді ақындардың көбі. Бір сөзбен айтқанда, шеберлік жетпей жатыр. Әлі де жақсы идеяның тасасымен жөндеу шығармалар өтіп кетіп жүр. Идея жөнінде қандай жоғары талап қойсақ, көркемдік жөнінде де сондай жоғары талап қоятын кез жетті.

Драматургия біздің әдебиетімізге поэзиядан да, прозадан да кейін қосылған, Октябрьден туған жанр. Үлгіні ол орыстан, орыс арқылы жержүзілік классикадан алып келеді. Қазір қазақ драмасы қалыптасқан, буыны қатқан әдебиетіміздің бір саласына айналды, қалай сынасақ та, қандай талап қойсақ та көтереді.

Екі съездің аралығында ондаған пьесалар жазылған екен. Солардың ішінде Мүсреповтің «Қозы Көрпеш — Баян сұлуы», «Аманкелдісі», Әуезовтің «Қобыландысы» мен Соболев пен Әуезовтің «Абайы», Әбішевтің «Достық пен махаббаты», Құсаиновтың «Көктем желі», Тәжібаевтің «Гүлден, даласы», Әуезов пен Әбішевтің «Намыс гвардиясы» сыяқты пьесаларды, кейбір кемшіліктерін көре тұра, драматургиямыздың елеулі табысы деуге болады.

Жаңа тақырыпқа жазылған ондаған пьесалардың сахнада бірі азырақ, бірі көбірек тұрады. Айналып келгенде, көбінің өмірі қысқа болды. Ескі тақырыпқа жазылған пьесалар аз, бірақ, өмірі ұзақ болды. Солардың ішінде «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» тіпті сахнадан түспеді, ақыры Москва сахнасына көтерілді.

Ескі тақырыптың пьесалары неге ұзақ, жаңа тақырыптың пьесалары неге қысқа жасайды? Бұның себебін таппайынша, жақсы пьеса жазу қыйын.

Менімше, ескі тақырыпқа жазылған пьесалар адам тағдырына құрылған. Оның адамдары аянбай жүреседі. Күрес үстінде ғана айқын образ есте қалады.

Жаңа тақырыпқа жазылған пьесалардың көбі адам тағдырына бармайды, күрестері көбінесе әлсіз, кейде тіпті жалған. Сондықтан, зрительдің көңілін қозғай алмайды.

Біздің драматургтер бұсы жайды біле тұра, батыл күреске беттемей келеді. Олар, шиеленіскен күрес бітімсіз тап тартысында ғана болады, бізде ондай таптар жоқ, деп ойлайды. Бұл ойдың ақыры конфликтісіз жазуға болады, деген «теорияға» дейін әкелгені белгілі. Ол «теория» құласа да, қалдығы пьесаларда әлі бар.

Тіршілік бар жерде күрес бітпейді, тек характері өзгеріп отырады, дейді марксистер. Бұл шындықты біз күнде көріп келеміз. Мысалы Қазақстан бйыыл тыңды мейлінше көп айырды. Бұрын ешуақытта ол мөлшерде айырған емес. Осы зор іс оңай орындалды ма? Бізде кластық антагонизм болмаса да, үлкен күреспен орындалды. Ол күрес — білімдінің білімсізбен, шебердің олақпен, ұқыптының салақпен, шапшаңның шабанмен — қысқасы прогресшіл коммунистік идея мен кертартпа әдеттердің күресі. Ол, соғыстан әлдеқайда қыйын, әлдеқайда ұзақ. Одан, сатира, комедияға да, драма, трагедияға да тамаша уақытталар туып жатыр. Сайып келгенде айтарым: жаңа тақырыптың пьесаларын да адам тағдырын шешерлік шиеленіскен күреске құруға әбден болады.

Сатира, типичность жайында партиялық, ғылымдық айқын түсінік бар. Шығарманы талқылау үстінде сонда да дауласып келеміз. Съезд бұл дауға соқпай кете алмайды. Мен тағы да айырылған тыңдарды мысалға ала сөйлеймін.

Тың жоспары артығымен орындалғаны мәлім. Бұл, әдебиетке де үлкен табыс, аса сәулетті көрініс болып енеді. Оның еңсесі биік, жарқын жүзді геройларын жазушы сүйіп жазады. Халық сүйіп оқыды. Ал осы тың жайында жағымсыз герой жасауға бола ма? Немесе жаман істеген МТС-ті көрсетуге бола ма? Менімше әбден болады. Өйткені, ондайлар аз да болса бар. Обобщение жасау үшін оның көп болуы шарт емес.

Бірсыпыра жазушылар, сыншылар обобщениеге келгенде шатасып жүр. Аңқау сыншы, тың жоспары артығымен орындалды, көпшілік жақсы істеді дейді де, әдебиетте жаман істеуші кездессе, бұл типичный емес, деп дауласады. Аңқау жазушы, жаман істеген азға өшігеді де, жақсы істеген көпті ұмытады. Сөйтіп, екеуі де өмірдің қыйсық айнасын қалай жасағанын білмей қалады.

Көп, обобщение жасай білуде. Жасай білсең, аздың өзі типичный. Шығанақ Берсиев тары өнімін арттыруда сан рет жержүзілік рекорд жасады. Дүние білетін Шығанақ әзірге біреу ғана. Сол бірдің өзінен обобщение жасауға болады. Өйткені, ол бір — мыңның алдын барлаушы. Революциялық романтика сол барлаушының көргенін миллионға жеткізеді.

Біздің пьесаларымыз бұл дәрежеге әлі көтерілген

жоқ. Драматургтеріміздің бірсыпырасы социалистік реализм әдісін екі түрде бұрмалап жүр. Соның бірі — революциялық романтика деп, пьесада фокус, жалған оқығалар жасау. Екінші — реализм деп натурализмге бару. Әрбір обобщение нанымды болғанда ғана, өмір шындығы көркемдік шындыққа көтерілгенде ғана социалистік реализм әдісі бола алады. Пьесаларда тағы да кездесе беретін кемшіліктер — бір-біріне ұқсастық, схема. Соны пікір, жаңа характерлер аз. Драмалық тіл әлсіз. Нашар тіл пьесаның барлық қасиеттерін кемітеді, кейде тіпті оларды жойып жібереді. Жастарды былай қойғанда, көптен жазып келе жатқан Әбішев, Құсаинов сыяқты драматургтердің тілі әлі шұбар, қалыптасып болған жоқ.

Драматургиямызда сатира жанры ең жас жанр. Әзірге ауызға аларымыз Әбділдә Тәжібаевтың «Дубай Шубаевичы» ғана. Оның өзі сынға ұшырап тұр. Сынау керек. Бірақ, әдебиеттік әрбір жаңа, жас нәрсені сынағанда сақтықты ұмытпалық. Таяуда «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде жолдас Әбішев драматург Құсаиновтың «Есірткен ерке» атты жаңа пьесасын сынады. Пьеса, тәрбие кемдігінен, есірткендіктен бұзылған баланы көрсетеді. Сөйтіп, ата-аналарды бала тәрбиесіне мұқият болуға шақырады. Ал, Әбішев, бой бермейтін бала болушы ма еді, деп авторды айыптайды. Айыптаудың орнына ондай пьесаны мақтау керек. Мадақтай отырып кемшіліктерін түзеуге көмектесу керек. Кемшілігі идеясына емес, көркемдігіне байланысты.

Сатирада жағымды герой болу керек пе, жоқ па? деген бір үлкен талас бар. Меніңше, сатиралық шығарманың тағдырын ол геройдың бар, жоғы шешпейді, шығарманың өзінің шындығы, көркемдігі шешеді. Шындықтың бәрі бірдей көркем емес, көркемнің бәрі бірдей шындық емес. Шындық пен көркемдік қосылғанда ғана зор күш.

«Дубай Шубаевичте» біраз көркемдік бар. Сондықтан ол капелімде тәуір көрінді. Шындығы, нанымдылығы жетпегендіктен, кейін жаман көрініп отыр. Алдымен, пьесаның бас геройы Дубайдың өзі кім — ғалым ба, залым ба, ақмақ па? Қайсысы екенін білу қыйын. Сатирада тек күлу мақсат емес, кімге, не үшін күлу керек екенін ұғыну мақсат. Автор бұл арада ұғындыра алмаған.

Пьесаның үлкен міні жағымсыз геройларының көптігі десіп жүр. Меніңше, көптігінде емес, олардың бір біріне ұқсастығында. Олар шетінен жарамсақ, шетінен ақмақ.

Ақмақтың өзі әрқыйлы емес пе? Ал, пьесада бәрі бірқыйлы. Бірқыйлы еткенше, әрқыйлы етсе, пьеса көп ұтар еді. Оның бержағында жарамсақтың бәрін ақмақ десек қателесеміз. Жарамсақтың көлгірі, қуы, залымы бар. Бұл характерлерді автор жете аша алмаған, масқаралай алмаған.

Пьесада күрес, конфликт жоқ. Оны автордың өзі де сезген сыяқты. Жағымды бірер адам енгізіп, жағымсыз көп адамға қарсы қойған. Бірақ, бәрібір тартыс өршімеген, өйткені, жағымды геройлар әлсіз, іссіз. Жазушылар ұйымы бұл кемшіліктерді кезінде көре алмады. Ал театр, көрудің, жоюдың орнына, одан әрі молайта түсті.

Жолдас Тәжібаевқа бір нәрсені қатты ескертуіміз керек. Оның пьесалары реалистік жолға әлі түсіп болған жоқ. «Гүлден, дала» өмірге бірсыпыра жақындаған еді, «Дубай Шубаевич» тағы да алыстай бастаған. Өмірге жақындау қажет. Алыстаған сайын пьеса әлсірей береді.

Кейбір жолдастар творчестводағы осындай сәтсіздікті тек жаман ниеттен туады деп ойлайды. Сәтсіздік, кемшіліктер жаман ниеттен туа бермейді, жақсы ниеттен де туады. Іздену жолы тегіс емес, ой-шұқырлы, өткелі көп, ол жолда сүрінгендерді саяси айыппен құлатқаннан гөрі, творчестволық көмекпен демеген пайдалы. Тәжібаев сәтсіздікке ұшырай жүрсе де, драматургияның жаңа, қыйын түріне батыл барды. Ол, «Гүлден, дала» атты пьесасымен, «Телғараның қатесі» атты сценариямен партия шақыруына көп жазушыдан бұрын үн қатып отырғанын ұмытпалық.

Сайып келгенде, драматургіміздің кемшілігі неде? десек, тағы да шеберлікте, шеберлікте дер едім. Шеберлікке кісі үйрену жолымен ғана жетеді. Үйрену — шағылмай істей бер, өмірді, кітапты оқый бер деген сөз. Соның ішінде совет өмірін, орыс кітабын көбірек оқу керек.

Мен қазақ драматургиясының кейбір мәселелеріне ғана тоқталдым, қалған мәселелер арнаулы баяндамада қамтылады.

Жаңа жас жанр — кино-драматургияға тоқтамай кетуге болмайды. Есеп беріп отырған дәуірдің ішінде Әуезов жолдастың сценаріі бойынша «Абай» картинасы, Тәжібаев, Погодин жолдастар жазған «Жамбыл» картинасы шықты. Экранға быйыл шыққан «Махаббат туралы поэманың» авторы жазушы Мүсрепов жолдас. 15 жылдың ішінде бас-аяғы үш картина шығарудың өте аз екені өзі-

нен өзі белгілі. Бұған себеп, біздің жазушылардың бұл жанрда тәжірибесіздігі, ал ең алдымен жазушыларымыз мұны өзіміздің көкейтесті борышымыз деп қарамай келгендігі болды.

Тек осы үстіміздегі жылда ғана бұл жөнінде бірқатар ілгері жылжый бастағандық бар. Қатарынан үш бірдей картина шығу біздің республикамыздың тарихында болып көрмеген нәрсе. Солардың бірі драматург Құсаинов және Абызов жолдастардың сценариясы бойынша «Қыз бен жігіт», екіншісі: «Дала қызы» Фатуев жолдастың шығармасы, ал үшіншісі, драматург Тәжібаевтың «Шұғылада болған оқыйға» атты сценарийі бойынша жасалады. Соңғы үш сценарий түгел бүгінгі тақырыпқа жазылған. Бұл өзі үлкен жақсылықтың басы екенін, жазушыларымыздың кинодраматургияға белсене қатыса бастағанын дәлелдейді. Бірақ, бұл саладағы күйіміздің әлі нашар екенін мойындамасқа болмайды. Жазушылар Одағы кино искусствомыздың заманымызға сай өркендеуіне тікелей жауапты. Жазушыларды сценарий жанрына көбірек жұмылдыру, олардың бұл салада шеберлігін артылдыра түсу, студиямен олардың творчестволық байланысын көңілдегідей нығайту Жазушылар Одағының ең басты міндеттерінің бірі деп қарауға тиіспіз.

Қазақ совет әдебиетінде әдеби сынның жайы мәз емес. Бұның толып жатқан себептері бар. Ең алдымен жазушылар арасында тәрбиелік жұмыстар жеткіліксіз болып келді. Соның салдарынан сынға деген жалпы көзқарас біздің арамызда дұрыс болмады. Сынды әдебиеттің бастауыш жанрларының біріне айналдыра алмадық. Әдеби сынмен кездейсоқ адамдар айналысып жүрді.

Жазушылар ұйымы болсын, басшылық ететін республикалық баспасөз орындары болсын әдеби сынның дәрежесін тым төмендетіп, шеңберін тым тарылтып алды. Соның салдарынан көп адамдар әдебиет сынын біреудің мінін қазу, әрі кеткенде, ортан қолды рецензия жазу деп ұғынды. Жеке шығарманың, автордың тұтас әдебиеттік тағдыры туралы толғанып, байыпты ой айтуға талпыну мүлде аз болды. Бұл үшін үлкен талант та, мол білім де керек еді. Және соның бәрінің үстіне, әдебиетке деген сүйіспеншілік, ынтықтық болуы шарт еді.

Әдебиетімізге 30-жылдары келген Б. Шалабаев, Б. Кенжебаев сыяқты сыншыларымыздың қазір жазушылар ұйымынан шеттеп кетуінің өзі тегін емес.

Бұл жолдастар, оларға ұқсас басқа да кейбір сыншылар, әдебиетті сырттан бақылаушы болып келді. Ал, салқын жүреппен жүріп сыншы болу мүмкін емес.

Сын «цехынан» шықпай отырып алатын ремесленник-сыншы әдебиетке пайда келтіре алмайды. Өмір шындығынан мол хабардар, адамның жанына терең бойлай аларлық, творчестволық фантазияға бай инженер-сыншылар ғана жазушыға ақыл қоға алатынын өмірдің өзі көрсетіп берді. Сыншы өмірді жазушыдан артық білмесе, кем білмеуі керек дегенді де көбінесе осы жағынан алып айтамыз.

Біздегі әдеби сынның негізгі кемшілігі не? — деп сұрақ қоюшы болса, примитивизм деп бір сөзбен жауап беруге болады. Ондай сындар белгілі бір шығарманы сөз қылғанда, совет әдебиетіндегі басқа шығармалармен ешқандай байланыстыра білмейді, жалпы қортындылар жасалынбайды, ең ұқсатты дегенде, сөз етіп отырған шығарманың азды-көпті кемшілігін жіпке тізеді, өздерінің басына келген арзан ойларын жұртқа ұсынады.

Сауатты сыншыларымыздың бірі деп жүрген Мұқаш Сәрсекеев Тайыр Жароковтың таңдамалы шығармалар туралы жазған мақаласында бірнеше орынды сындар айта отырып, искусствоның ерекшелігін түсінбей қалғанын аңғартады. «Жароковтың поэмасында, — деп жазады ол, — советтік пейзаж айқын көрінбей, Абай жырлап кеткен сұрықсыз күз кескіні көз алдыма келе береді» дейді. Оны «Кірпігіне қырау қонған сұрғылт күз» — тәрізді ең көркем жолдармен дәлелдегенде, өзіне өзі қарсы шығады.

Ә. Жәмішев «Қолхозда комбайн бұзылып қалуы мүмкін емес, өйткені қазір колхоздар запас бөлшектермен жеткілікті қамтамасыз етілген» деп ұқыпсыз басшыны сынаған ақынға қарсы өре тұра келеді. Мұның бәрі «өмірде былай болмайды» деп келетін тайыз да, сыңаржақ та сынның шалығы екенін айтып жату қажетсіз сыяқты.

Әдебиет зерттеу мәселесі мүлдем нашар. Осы күнге шейін қазақ совет әдебиетінің толық очеркі жоқ. Өткендегі мұраны меңгеруде толып жатқан шым-шытырық, түсінбеушілік бар. Фольклор, эпосты былай қойғанда, Сұлтан-Махмұт Торайғыров сыяқты жазушылар қалдырған мұра жөнінде әркім әртүрлі пікірде жүр. Сол қайшылық оқулықта да бар. Мектеп оқушыларын шатастыратын ондай қайшылықтарға тіптен төзуге болмайды.

Бүкіл одақ көлемінде, сол арқылы дүние жүзі көлеміне шығып отырған қазақ совет әдебиетінде монография-

лардың, творчестволық портреттердің болмауы да ренішті-ақ.

Әдебиет зерттеудегі ең бір үлкен мін сол шығарманың көркемдік жағы талданбайды, шеберлік жағы сөз болмайды, автор көбінесе идеясы үшін мадақталады. Осының салдарынан жазушылар біріне бірі шетінен ұқсап тұрады, өйткені, өздеріңізге мәлім, совет жазушыларының бәрі идеялық шығармалар жазады, бәрі, сайып келгенде, патриотизмді жырлайды.

Әрине, біздегі әдеби сынның пайдалы жақсы жақтары жоқ деп айтуға болмайды. Әсіресе, әдебиет сынының талантты жас кадрлары өсіп, жетіліп келе жатқанын қуанышпен айта аламыз. Тақауи Ақтановтың «Оянған өлке» романы, «Анна Каренинаның» аудармасы туралы, Тәкен Әлімқұловтың Маяковский шығармаларының аудармасы, поэзия сыны туралы мақалалары, Айқын Нұрқатовтың, Серік Қыйрабаевтың кейбір мақалалары азды-көпті кемшіліктеріне қарамастан, авторлардың әдебиетті жақсы түсінерлік мәдениеті барын жаңа да, батыл да, қызықты да ой-пікір айтуға қабілетті екенін танытады. Бірақ, оларда әлі активность жағы жеткіліксіз, мұны оларға қатты ескерту керек. Қазақ әдебиеті туралы күрделі еңбек жазатын уақыт жетті. Бұл жүкті әдебиетке даярланып келген жас сыншыларымыз көтеруге тиіс. Әрине, оларды бұған баулу керек екенін де ұмытпалық.

Біздегі тәжірибелі сыншы, — аға жазушылардың өздері. Мұхтар Әуезовтің орталық журналдар мен газеттерде басылған «Қазақ әдебиеті және орыс реализмінің дәстүрлері», «Ұлттық романдар», «Қазақтың әдебиет тілі» деген көлемді мақалалары, Ғабит Мүсреповтың драматургия туралы мақалалары жазушыға да, сыншыға да үлкен ой саларлық мақалалар. Бірақ, ысылған аға жазушылар сын мәселесіне өте сараң араласады. Әрине, олардың жазушылық жұмысы өздеріне жетіп жатыр. Дегенмен, Горький дәстүрін ұмытуға болмайды.

Қазақ әдебиетінде сынның алдында үлкен-үлкен міндеттер тұр. Сол міндетті шешуге басшылық ететін республикалық баспасөздің қызметі зор. Турасын айту керек, бұл жағынан біз жартымды көмек көріп келе жатқанымыз жоқ. Баспасөздің бетінде искусствоның табиғатын мүлде түсінбейтін, бейнелеп ойлау дегеннен мүлдем би-хабар адамдар сөз сөйлеп, аңқау ақыл айтқан шақтары аз болған жоқ. Бұның өзі асыра сілтеушілікке шейін апарды.

«Қаз. Правдада» эпос жайында әбден шатасты. Айта кету керек, «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде де ақылды, маман жазылған сын өте сирек басылады. Әрине, бұған біздің өзіміз де кінәліміз. Газет арқылы әдебиеттің үлкен мәселелерін кезінде көтеріп отыра алмай келдік. Бірақ, қазақ әдебиетінің шығармалары туралы басылған сауатсыз мақалаларға жазушылардың қатысы жоқ екенін айтпасқа тағы болмайды. Мәселе, драматург М. Иманжановтың «Менің махаббатым» атты пьесасы туралы Жүсіп Алтайбаевтың «Социалистік Қазақстанда» шыққан мақаласы жазушылар жұртшылығын ренжітті. Өйткені, Алтайбаев жолдас мақаласында драматург мал шаруашылығының маңызды мәселелерін шеше білді, деп мадақтайды.

Осындай дәрменсіз, әйтпесе сыңаржак, немесе тіпті арам сындар беделді баспасөздердің бетінен қалай орын ала береді? Әдебиетіміздің ойшылары, жасаушылары сын сыяқты күшті құралды көрінгеннің қолына беріп, қалай шыдап отырды?

Бұл сұрақтарға жауап беру үшін, бастан кешкен белгілі екі жағдайды еске түсірмеске болмайды.

Бірінші жағдай — Қазақстанның бұрынғы басшылары жазушыларға, әсіресе, аға жазушыларға сенбеді, біздің екі үлкен газетіміз жазушылардан қол үзуге айналды. Жұртшылыққа әдебиетіміздің жақсы жағын тіпті аз, өте көңілсіз айтты да, жаман жағын тіпті көп өте көңілді айтты. Осы мінезден әлі де арылып болған жоқ. Сын шоқпары тимеген басты жазушы кемде-кем. Бүгін табысымыз делінген одақтық аренаға шыққан шығармалардың да соққыға ұшырамағаны некен-саяқ. Әдебиетіміздің мақтанышы болып отырған «Абай» сыяқты романдарды «Қаз. Правда» тіпті құртқысы келді. Бұның бәрі «сын» деген қасиетті атпен істелді. Басшыларымыз қой деудің орнына, қошеметтеп отырды.

Маркс бір сөзінде: «Ақын еркелетуді сүйеді» — деген екен. Біздің басшылар еркелете білген жоқ, әрине, бұл жазушыны бетінен қақпа, деген сөз емес. Біз білген тәрбие екі түрлі: бірі — ащы, бірі — тәтті. Соның тәттісінен татырмай, ащысын бере берді демекпін.

Осы партиялық тәрбие ме? Партия аман мәдениет күштерін өз маңына топтаумен келеді. Ең қымбаттым — кадр, деп келеді. Партияның сол қымбаттысын қорлау үшін бір ауыз өсек, не бір жапырақ жала жеткілікті болды бізде.

Фадеев жолдас былтыр бір әңгімеде қынжылып отырып, былай деді маған:

«Қазақ әдебиетін өскен әдебиет дейміз. Әуезовты жаман, Мұқановы, Мүсреповы... жаман. Сонда бұл әдебиетті жасаушылар кім болғаны? Мен Шаяхметовқа түсінбей қойдым», деген еді.

Шаяхметов жолдасқа жазушылардың тарқамайтын үлкен өкпесі бар. Ол кісі партиямыз, халқымыз сүйген жас әдебиетті сүйе білмеді. Егер сүйе білсе, пәлен жыл басшылықта отырғанда айтарлық бірдеме істей де білер еді. Тұжыруды ғана білді. Қаулаған жазба әдебиетке, жалынды жасқа сүйенбей, азайған ауыз әдебиетке, күні біткен қартқа сүйенді. Қарттың бәрінен Жамбыл жасамақшы болды. Жамбылдың өзі қанша алып болса да, ауыз әдебиеттің өкілі екенін, ауыз әдебиетті қанша кәдірлесек те адамның жас шағындай енді қайтып оралмайтынын біле алмады, біздің басшылар. Олар әдебиетті тек әкімшілік жолмен басқаратынын, әдебиеттің революциялық теорияларын зерттемейтінін Кенесары мәселесінде тіпті айқын көрсетті.

Кенесары жайында халық пікірі де, әдебиет те ертеден екіұдай болатын. Шаяхметов жолдас газет бетінде Кенесарыны тіпті ұранға қосқан соң, жұртшылық, партия пікірі екен деп қалды. Әдебиеттің барлық салаларында Кенесары тіріліп түрегелді. Қателеспеген әдебиетші кемдекем. Біреу көп, біреу аз қателесті. «Правда» газеті соларды түзеуге шақырса да, Шаяхметов айлар бойы көнбей отырып алды. Ақыры, айыпты, жазаны басқаларға аударып, өзі шілдің бұққанындай бұға қалды. Осы мінезді Едіге тұсында да көрсеткен еді.

Қазір Кенесары, Едіге дегендердің кім екені анықталды, науқан тоқталды.

Шаяхметов, Сужиков сыяқты басшылар тілесін, тілемесін, «Абай», «Ботагөз», «Қазақ солдаты», «Қарағанды», «Миллионер» тәрізді романдар халықтар арасына тарап кетті.

Міне, Қазақстан басшыларының әдебиетке бұл көзқарасы біздің сыншыларға әсер етпей қойған жоқ.

Екінші жағдай — жазушылардың өзара сында бірлігі болмады. Жікке бөлінді. Жіктік мақсат әдебиеттік мақсаттан жоғары тұрды. Мұқанов пен Әуезов жолдастар бірін бірі мұқатамын деп, әдебиетті мұқатып жатқандарын көп жылдар бойы байқамады. Бұған ұзақ уақыт жа-

зушылар ұйымын басқарып келген Мұқанов басқадан екі есе жауапты. Сөз жоқ, бұл жағдай сынды ғана емес, талай жазушының мінез-құлқын да бұзып кетті. Кәзірдің өзінде жік іздеп, кейбіреулер тіміскіп жүреді.

Газет пен жазушылар арасына ірткі салған әдебиет шантажистері де бірде газетті, бірде жазушылар ұйымын пайдаланып жүрді.

Біздің секцияларымыздың күнде болып жататын творчестволық талқылауларында шығарманы тек құлату, не көтеру мақсатымен, әйтпесе автордан тура кек алу, не жақсы көріну мақсатымен айтылатын сындар аз болмады.

Сайып келгенде, осының бәрі сынды тазарту үшін рақымсыз күрес ашуды тілейді. Нағыз сынның айқын бір белгісі — әдебиетті сүю. Сүю арқылы ол шығармаға да, авторға да көмектеседі. Нағыз сын — партиялық, халықтық, ғылымдық болады. Сынға біз тек осы тұрғыдан қарауымыз керек.

Әдебиетіміздің ықшам түрлері тіпті шабан өсуде. Бірер актылы пьеса, скетчтер, әңгіме, новеллалар, әнге арналған өлеңдер, очерк, фельетондар, сахналық тағы басқа ұсақ жанрлар неге аз, неге мандымайды? Бұған үлкен бір себеп — көп жылдар бойы бізде әдебиет газетінің болмағандығы. Әдебиеттің мұндай ықшам түрлері, оның кадрлары көбінесе газет маңында өседі. Оның үстіне, көңіл бөлінбей келді. Роман, повесть, поэма, үлкен пьеса жазғандар үлкен жазушы, ұсақты ұсақ жазушылар жазады, деген ұғым бар. Ешкімнің ұсақ болғысы келмейді. Сондықтан, жығылса нардан жығылуға тырысады. Бұл теріс ұғымды түзеу керек. Чехов, Абай, немесе өз тұсымыздағы Исаковский, Маршактар үлкен шығарма жазғандықтан үлкен жазушы болған жоқ. Үлкен бастың бәрі ақылды, кіші бастың бәрі ақылсыз емес. Шығарманы көлемі шешпейді, салмағы шешеді. Халыққа ең көп тарайтын газет, журнал, концерттер арқылы тез тарайтын, өмірге күнбе-күн араласып отыратын бұл ықшам жанрларды өсіруге ерекше көңіл бөлу керек. Онсыз әдебиетіміз оперативті, тақырыбы, жанры бай бола алмайды.

Осыған байланысты, дифференциация, әдебиет күштерін жіктеу мәселесі туады. Әдебиет жанрларының, кадрларының аз кезінде біздің бір жазушымыз бірнеше жанрға жазып жүрді. Ломоносов болу әркімнің қолынан келмейді. Ломоносовтың өзі де түптеп келгенде, ғылымды ұстап қалған. Қазір бәрің білем, деп шала бүлінгенше, бірін

білсең де бірегей біл дейтін шақ. Әр жанрдың өз маманы көріне бастады. Бұл да әдебиетіміздің өскенін көрсетеді. Өскен әдебиет түрге қандай бай болса, жазушылар да соған сай, алуан-алуан келеді.

Балалар әдебиеті туралы. Екі съезд аралығындағы балалар әдебиеті жайын сөз етудің өзі — Қазақстанда балалар әдебиеті туа бастағанын дәлелдейді. Ыбрай Алтынсариннің балаларға арнап жазып, өзінің хрестоматиясына енгізген шағын әңгімелері мен өлеңдері, орыс жазушыларынан аударған азын-аулақ шығармаларынан басқа, революцияға дейін Қазақстанда балаларға арналған кітап мүлдем болған жоқ.

Революциядан кейін де әдебиеттің бұл саласына көп уақытқа дейін көңіл бөлінбей келді. Бірен-саран болса да балаларға арналып алғаш кітаптар жазыла бастауы 30-жылдардың іші.

Соғыстан кейінгі уақыттарда орталық партия комитетінің идеология мәселелері жайындағы қаулыларына сәйкес, Қазақстанда балалар әдебиеті шындап қолға алына бастады. Қазақстан совет жазушылар Одағы жанынан балалар әдебиеті секциясы ашылды. Қазақ Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасында балалар әдебиетінің арнаулы редакциясы құрылды. Балалар журналы шыға бастады. Мұның бәрі, сөз жоқ, балалар әдебиетін өрістетуге өз көмегін тигізді.

Қазіргі кезде балалар әдебиеті баяу болса да даму жолында келеді. Бірнеше әңгімелер, өлеңдер жыйнағы, повестер мен поэмалар жазылды. Суретті кітапшалар көптеп шығарылуда. Бұл салада жұмыс істейтін арнаулы жазушылар тобы шықты. Ескі жазушылардан С. Бегалин, Қ. Абдіқадыров, Ә. Сәрсенбаев, А. Хангельдин жолдастар балалар әдебиетіне ауысты. Бұларға Б. Соқпақпаев, Н. Ғабдуллин, С. Сарғасқаев, С. Баязитов сыяқты әдебиеттік білімі бар жастар қосылды.

Бірақ, балалар әдебиеті сан жағынан соншалық аз болмағанымен, сапа жағынан көңілдегідей емес.

Біздің балаларға арналған шығармаларымызда адам көбінесе әрекетсіз, солғын беріледі. Олар іс-әрекетімен, мінез-құлқымен, сөйлеген сөзімен дараланбайды. Кейбір жазушылар шығарма жазарда алдын ала схема құрып, сол схема бойынша оқыйғаны ғана баяндап шығады. Адам тағдырына көңілді аз бөледі. Олар өмірді зерттемегендіктен, жалған оқыйғалармен әуестенді. Кітаптың кейіпкерін

ойдан шығарылған жалған қыйыншылықтарға душар етеді. Кейіпкер өзінің нанымсыз «ерлігі» арқасында қыйыншылықтан оңай құтылып кетеді. Хангельдиннің «Ерлік» жыйнағындағы бірталай әңгімелері, Бегалиннің «Көксегеннің көргендері» атты кітабының негізгі кемшіліктері осында жатыр.

Көп шығармалар баланың психологиясын білмей жазылғандықтан, қонымсыз, ақыл айтуға үйір болып жүр. Қайсыбір шығармалардың авторы балаға ғана түсінікті етіп жазамын деп, тым арзан сөздер айтып келеді. Осындай жағдайлар біздің тәп-тәуір деп жүрген «Алғашқы маршрут» довестінде де бар. (Авторы Н. Ғабдуллин).

Меніңше, балаларға арналған әдебиет сол балалармен қатар, үлкендер де оқыйтын дәрежеге жеткенде ғана қызықты, құнды әдебиет болса керек. Аркадий Гайдардың, Самунд, Маршактың шығармалары осыны аңғартады. Осының үстіне, балалар әдебиетінде үлкендердің өмірінен алынып жазылған шығармалар да болатынын есте тұтуымыз керек.

Біздегі қолда бар көрнекті шығармалардың өзінен балалар үшін іріктеп аларлық материал табылар еді. Бірақ, біздің баспа орындарымыз бұл жағын жарытып пайдалана алмай келеді. «Абай», «Ботажөз», «Қазақ солдаты» сыяқты романдардан балаларға лайықты эпизодтар табылмайды дегенге нану қыйын. Сондай-ақ поэзиядан да табылар еді.

Балалар әдебиетін мықтап өркендететін уақыт жетті. Мұның үшін, ең алдымен, материалдық жағдай жасау шарт. Бізде ең төмен ақы төленетін кітап та балалар әдебиетінде, оған потиражное де берілмейді. Балалар әдебиетіне ықлас кем. Онымен кейде, кездейсоқ адамдар айналысып жүруі де осыдан. Бұл, әсіресе, балалар әдебиеті аудармасында жиі байқалады. Қазақстан Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы, неліктен екенін қайдам, проба сұрап келгендерге аударманы балалар әдебиетінен ұсынатын көрінеді. Аудармадағы сорақылықтың көбісі балалар әдебиетінің төңірегінен кездеседі. Бұл мемлекет үшін де, халықтың рухани мүддесі үшін де үлкен қиянат емес пе? Мәдениет министрлігінің бұған мықтап көңіл аударатын кезі жеткен сыяқты.

Аударма туралы. Қазақ совет әдебиетінде көркем аударма үлкен орын алады. Өйткені, аударма арқылы жер жүзілік әдебиет мәдениетімен танысамыз. Советтік Қазақ-

станның өркендеген мәдениеті аудармалық әдебиеттің көлемінен де көрінсе керек. Мұның өзіне мәдени революцияның бір айғағы деп қарау керек.

Есеп беріп отырған уақыттың ішінде, қазақ тілінде Пушкиннің төрт томы басылып шықты. Лермонтовтың өлеңдері, бірнеше поэмалары, Л. Толстойдың «Анна Каренинасы», Тургеневтің, Гончаровтың романдары, Островскийдің пьесалары, Некрасовтың «Русьта кім жақсы тұрадысы» аударылды. Крыловтың көптеген мақалдары, Чеховтың әңгімелері аударылды. Гогольдің негізгі шығармалары түгелінен аударылып болуға жуық.

Сол сыяқты, қазақ халқы өзінің ана тілінде дүниежүзілік мәдениеттің озық үлгілерін оқыйтын болды. Қазақ тілінде Шекспирдің «Отеллосы», «Асауға тұсауы», Шиллердің «Зұлымдық пен махаббаты», Р. Гюгоның, Бальзактың, Сервантестің, Мерименің, Жюль Верннің, Свифтің романдары, әңгімелері мен новеллалары басылып шықты. Заманымыздың көрнекті ақындары — Назым Хикметтің, Павло Неруданың өлеңдері мен пьесалары, халық демократия елдерінің көптеген жазушылары мен ақындарының жеке шығармалары халқымыздың игілігіне айналды. Горький, Маяковскийден бастап совет жазушыларының көрнекті шығармалары түгелдей дерлік қазақ тіліне аударылды. Бұл келтірілген мысалдар қазақ оқушылары өзінің ана тілінде мәдениеттің мол мұрасына ие болып отырғандығын көрсетеді.

Қазақ әдебиетінде аударма дәстүрі ұлы Абайдан басталды. Абай нағыз творчестволық аударманың тамаша үлгілерін көрсетіп кетті. Аударма искусствосында біздің жазушыларымыз, әдебиетшілеріміз, аударушыларымыз сол Абай тәжірибесінен бастап қазіргі бүкіл совет әдебиетінің аудармалық озық тәжірибесінен үйреніп келеді. Қазір оқушылар жұртшылығы жақсы қабылдаған Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсрепов, Әбділда Тәжібаев, Қасым Аманжолов, Жұмағали Саин, Ғали Орманов, Тәкен Әлімқұлов, Сейтжан Омаров, Әнуар Ипмағамбетов, Тақауи Ақтанов, Ғалім Ахмедов, Мұхтар Жангалин сыяқты талай аударушы кадрлар бар.

Алайда, қазақ тіліне аударылған шығармалардың бірсыпырасы оқушылар тілегін қанағаттандыра алмай жатыр. Мәдениет министрлігінің салақтығымен пайдаланып, оның көркем әдебиет баспасы ойына келгенін істеп жүр. Көркем әдебиетке ешқандай қатысы жоқ, бейнелеп ойлау

дегеннен мүлде хабарсыз кездейсоқ адамдарға аударма береді. Олар былай аударды:

«Аспан әлемі толқып әрлі-берлі бұлқынып тұр. Үнсіз соққан жел аумақты бұлттарды әрлі-берлі жұлқылап тартады. Іртіктелген сұр бұлттар зәресі ұшып үріккендей болып, ұшы-қыйыры жоқ ұсақ аспан астында әрлі-берлі ұйтқып жүр» (Свирский, «Рыжик». Аударған Е. Қойшыбаев).

Аударма өзін өзі әшкерелеп тұр. Бұндай мысалдың талайын келтіруге болады. Ал, мысалдар аударманың нашарлығын ғана көрсетпейді, аудармаға көзқарастың нашарлығын да көрсетеді. Осындай аудармаларға ақша төлеп, оқушыға ұсынып отырған Баспа директоры мемлекет алдында, халық алдында жауаптылығын сезе ме екен?! Аударма оңай кесіп емес, үлкен искусство. Аударма арқылы бір халықтың өмірін, озық ойын, мәдениетін, салтын көргіміз келеді. Бұны мәдениетті, шебер аудармашы ғана бере алады.

Орыс, қазақ тілін тәуір білген адамның бәрі аудармашы бола алмайды. Шығарманы аудару үшін, аударушы—автордың контекстері мен подтекстерін, оның стилін, творчестволық табиғатын түсінуі керек. Бұның үстіне, сол халықтың тарихын, мәдениетін, салт-санасын, мінез-құлқын, дәстүрін білуі керек. Сол сыяқты өзінің ана тіліне мейлінше бай болуы керек.

Осының бәрі аудармашының басынан табылған күнде де кездесетін қиыншылықтар аз емес.

Кейбір аударушылар «қазақ осылай сөйлейді» дегенді сылтау етіп бұрынғы орыс аристократтарын ауылдың адамынша сөйлетіп қояды. Бұл, әрине, сорақылық. Мұндай жай отызыншы жылдарға дейін болып келді. Ол кезде аударушылардың жастығының үстіне оқушылардың өздері де жас еді. Сондықтан, солардың ұғымына азды-көпті бейімдеу де керек еді. Ал, қазір әдебиет өсті, аударушылар жетілді, оқушыларымыз мәдениетті оқушы болды. Ендеше аудармадағы әлгіндей қара дүрсінділікке тыйым салынатын кез жетті.

Енді бір аударушылар көркем аударманың табиғатын түсінбейді, техникалық, саяси әдебиеттерді аудару әдісін қолданады. Әрине, бұл да мүлдем теріс әдіс. Ғылым мен көркем әдебиеттің арасында толып жатқан айырма бар. Олай болса, көркем әдебиеттегі аударма сол әдебиеттің өзіне қойылатын талаптарға жауап беруге тиіс.

Бұған дейін аудармада кездесіп келген екі теріс әдістің екеуін де тастайтын уақыт жетті. Оның бірі — аударманы қазақ оқушыларына түсінікті етемін деп, шығарманың өзіне тән өзгешеліктерін жойып жібереді. Екіншісі — дәл аударамын деп түсінікті шығарманы қыйындатады, көркемдік қасиетін кемітеді. Аудармадан халықтың тілейтіні бұның екеуі де емес. Халық әрі түсінікті болуын, әрі дәл болуын тілейді. Бұның аты — аудармаға да үлкен шеберлік керек деген сөз.

Біздің аудармашылар орыс тілінен қазақ тіліне тікелей аударарды. Соның өзінде қанша қыйындықтарға кездесіп отыр. Ал қазақ тілінен тілмаш арқылы орыс тіліне аударатындарға келсек, хал бұдан әлдеқайда нашар. Біздің орыс аударушы жолдастардың бірде-бірі қазақша білмейді, жолма-жол аудармаға сүйенеді, жолма-жолшылардың көбінің мамандығы төмен, оның үстіне онша көп қыйналмайды. Өйткені, олар ештемеге жауапты емес. Бұл жағдайда автор орысша жақсы білсе өзі көмектеседі, нашар білсе екі аудармашының аузына қарап отырады. Аудармашылардың жайы әлгі. Автор қандай сабырлы, аудармашы қандай батыл! Бірақ, бірінің батылдығы, бірінші сабырлылығы шығарманы сорлатып жатыр. Соны жөріп, шығармаға жаны ашыған, аударманы үлкен творчество, деп түсінген Москва аудармашылары тым құрыса бір ұлттың тілін білуге кірісе бастады. Онсыз дәл аудару, шығарманың ұлттық қасиеттерін толық сақтау тіпті мүмкін емес. Осыған байланысты Қазақстандағы орыс жазушыларына, өте-мөте Шухов, Снегин, Макеев, Титов сыяқты жолдастардың бетіне баса айтуға болады. Олар аударма арқылы совет әдебиетіне қанша пайда келтіретінін біле ме екен? Қазақ жазушыларының құрметті міндеті екенін біле ме екен? Егер білсе, олар күніне бір сөз үйренсе де қазақ тіліне судай болар еді. Амал не, олар да әлі күнге жолма-жол аудармамен пайдаланып келеді.

Профессионал аударушылар кадрын баулуйтын, өсіретін кез әбден жетті. Меніңше, Қазақтың Киров атындағы Мемлекеттік университеті жанынан көркем әдебиет аударушыларын даярлайтын бөлім ашылса дұрыс болар еді. Бұл өзалдына бір мәселе. Оған дейін қазіргі бар аударушыларымызды дұрыс пайдалана білу керек. Олардың көбі басқа қызметте, аударманы жұмыс арасында істейді. Онымен аударып та, мамандығын көтеріп те жарытпайды.

Сондықтан олар аудармамен бірыңғай айналысуы керек. Ол үшін оларға жағдай жасау керек.

Қазақстан совет жазушылары Одағының жанында орыс әдебиетінің секциясы бар. Республикамызда орыс тілінде «Советский Казахстан» атты арнаулы әдеби журнал шығады.

Қазақстанда тұратын және Қазақстан тақырыптарына жазатын орыс жазушылары республикамыздың әралуан өмірін көрсетуде елеулі қызмет атқарып келеді. Иван Шуховтың Солтүстік Қазақстандағы коллективтендіру дәуірін суреттейтін «Өшпенділік» атты романы бүкіл совет әдебиетінің қорына қосылды. Сол сыяқты «Горькая линиясы» да А. М. Горькийден жоғары баға алды. Қазір Иван Шуховтың және тыңайған жерді игерушілердің өмірінен алып, роман жазып жүр. Жазушының жыйырма жылдар бойына тоқыраңқырап барып, қайтадан зор шабытпен қолға алған бұл күрделі, аса қажетті еңбегінен оқушылар жұртшылығы үлкен үміт күтеді.

Соғыс тақырыбына жазған Дмитрий Снегиннің «На дальних подступах» атты повесті азды-көпті кемшілігіне қарамастан, елеулі шығарма болып отыр.

Қазақстанда орыс тілінде жазатын әдебиетшілер тақырыпты әр жағынан қамтып келеді. Бұл қуанышты жай. Мәселен, Николай Анов «Ақмешіт» атты тарихи роман жазды. Шығармаға айтылған жұртшылық сынын ескеріп, қазір оны қайта жазып бітірді. Ю. Дружинин «Игі қасиеттер» атты повесть жазды. Пичугин Қарағанды жұмысшылары жайында повесть берді. Бұндай шығармалардың тізімін соза беруге болады. Бұған Қазақстанда орыс жазушыларының 80 кітабы шыққанын айтсақ та жеткілікті. Солардың ішінде балалар жазушысы Масим Зверевтің «У лесного костра» сыяқты онды әңгімелер жыйнағы да бар.

Бірақ, Қазақстандағы орыс жазушыларының шығармасы төрт аяғынан тең деген ұғым тумайды. Оларда, көбінесе, көркемдік жағынан олқылық басым. Соның салдарынан да болуға керек, Қазақстанда тұратын орыс жазушыларының күрделі шығармалары Москвада басылып шыққанын әзір өте аз көреміз. Ал, Қазақстанда орыс тілінде шығатын әдебиетке Москваның жазушылар жұртшылығы, соның ішінде, көрнекті сыншылар көңіл бөлмейді. Әрине, орыс жазушыларының шығармаларының жападан жалғыз критерийі осы ғана болу керек деуден

аулақпын. Біздегі орыс әдебиетінің одақ көлеміне шыға алмай келе жатқанын және орталықпен творчестволық байланысының нашарлығын айтпақпын.

Ол түгіл, біздегі орыс жазушыларының қазақ әдебиетімен де байланысы нашар. Соның салдарынан бұл екі әдебиет бірін бірі өзара байытысып отырмайды. Бір біріне ықпалы өте аз тиеді. Бұған орыс жазушылары да, қазақ жазушылары да кінәлі.

Қазақстанда тұратын орыс жазушылары қазақ жазушыларының, әсіресе, жас жазушылардың шығармаларын аударуда аз жұмыс еткен жоқ. Бірақ, бір де бір орыс жазушысы қазақ тілін білмейді. Білуге ынтықтығы да жоқ. Москваның Антакольский, Петровых тәрізді көрнекті ақындары белгілі бір ұлт тілін шын зейінмен үйреніп жүргенде, біздегі орыс акындары, прозаиктері, көр-жерді сылтауратып, тіл үйренуден қашқақтап келеді. Ал, тіл білмей, подстрочникпен аудару кәсіпқорлыққа қарай шақырып тұратынын олардың ұғынғысы келмейді. Сол тіл білмеудің салдарынан олар қазақ әдебиетімен түгел таныс емес. Қазақ тілінде өтетін жыйналыстарға қатынаспайды.

Қазақ жазушыларының ішінде орысша түсінбейтіндері, тіпті орысша еркін сөйлей де, жаза да білмейтіндері өте аз. Солай бола тұрса да, олар орыс секциясының жұмысына қатынаспайды, жыйналысына бармайды, орыс жазушыларының шығармасына пікір айтпайды. Ал, орыс секциясында қазақ жазушыларының қатнасуымен өткізілген кейбір талқылаулар жемісті нәтиже бергенін көреміз. Олай болса, ендігі жерде бұндай бытыраңқылыққа жол бермей, туысқан екі әдебиеттің өзара байланысын күшейту керек болады. Бұның қоғамдық пайдалы формаларын табу қажет болады.

Бізде орыс секциясы баспаның қызметін атқарумен келеді. Проблемалық үлкен мәселелер көтерілмейді. Ал, мұның өзі, қайталап айтқанда, республикадағы барлық тілде жазатын әдебиетшілермен мықтап тізе қоспайынша ойдағыдай шешілмейтін жәйт. Менің творчестволық байланыс керек дейтін себебім де сондықтан. Бұл сол жазушыларымыздың барлығына бірдей пайдалы екені күмәнсіз.

Біздің ұйымда бір топ ұйғыр жазушылары бар. Быйылғы жылы біздің Одақ жанынан ұйғыр секциясы да құрылды. Бұл секция он беске жуық жазушыны қамтыйды.

Қазақ және орыс жазушыларының ұйғыр жазушыла-

рымен творчестволық достығы ертеден келе жатыр. Мұның өзі халықтар достығының үлкен бір айғағы сыяқты.

Ұйғыр совет әдебиетінде ұзақ уақыттар бойына Омар Мұхаммедиев, Исмаил Саттаров, Қадыр Хасанов секілді бірнеше жазушылар ғана болды. Олар ұйғыр совет әдебиетінің алғашқы пионерлері еді.

Талантты ақын, прозаик және драматург Мұхаммедиев пен Саттаров мезгілсіз қайтыс болды, бірақ олардың шығармалары ұйғыр оқушыларының қазірде сүйіп оқыйтын қадірлі мүлкі болып отыр. Қадыр Хасановтың шығармасы сан алуан. Ол көп жанрларда жазып келеді, мәселен, ол «Социализм жыры», «Ұйғыр әуендері» атты жыйнақтардың, «Кенже» атты поэманың авторы. Ол «Манан», «Гүлстан» және «Бостандық туралы жыр» аталатын пьесалар да жазды. Көптеген аудармалар да жасады.

Бұның бәрі бір жазушының басына аз емес, бірақ, бүкіл әдебиет үшін аз. Солай болғандықтан да әдебиет майданына тұтас бір топ ұйғыр жастарының келуіне біз өте мөте қуанамыз. Олардың тырнақалды еңбектері таяуда «Алғашқы қадам» атты жыйнақ болып шықты. Бұл жыйнаққа он бір жас автор қатнасты. Солардың ішінен Хизмет Абдуллин, Изис Изимов, Илья Бахтия, Машуров тәрізді қаламының келешегі бар жастар ерекше көзге түсті. Олардың шығармаларынан жаңа леп, жаңа лебіз сезіледі, әдебиетке недәуір даярлықпен келгендігі байқалады.

Алайда, әдебиетке жаңа келген жас талапкерлердің тұңғыш шығармаларында кемшіліктер де жоқ емес. Олар сөзді іріктеп алуға, ұмытылмас мықты, әдемі ұйқас жасауға, жарқын образ жасауға жетік емес. Бір сөзбен айтқанда, әдеби шеберлікті толық меңгере алмағаны аңғарылады.

Бұл жағына келгенде ұйғыр жазушыларының кездесетін ерекше қиыншылықтарын айтпасқа болмайды. Ұйғыр тілі өзінің әлі қалыптасу дәуірінде. Ұйғырдың әдебиет тілі ғылыми тұрғыдан зерттелмегендігі, сараланбағандығы зор қиыншылық туғызатындығы түсінікті. Қазір тіл мамандарымен қатар жазушылардың да бұл мәселемен шұғылданып отыруы заңды.

Біздің Ұлы заманға сай күрделі көркем шығармалар беру үшін жазушы маркстік-лениндік ғылыммен қарулануға тиісті екені белгілі. Бұл жағынан қазақ жазушылары сыяқты ұйғыр жазушылары да көп үйренуге міндетті.

Ұйғыр жазушылары қазіргі заманның тақырыптарына

мықтап бет алуға тиісті. Күні бүгінге шейін колхоз дала-сындағы ұйғыр еңбекшілерінің, өндірістің жаңашылдары мен озат адамдарының, үздіксіз өсіп келе жатқан интеллигенцияның өмірі туралы ауызға аларлық бірде-бір күрделі шығарма тумай келе жатқанына селқос қарауға болмайды.

Ұйғыр драматургиясында тек өткен дәуірдің тақырыптары орын алып келеді. Әрине, жас искусство өз халқының өткендегі мұрасына, фольклор мотивтеріне, тарихи тақырыптарға соқпай өте алмайды. Бірақ, сонымен қатар, бүгінгі күннің тақырыбына пьесалар жазу аса қажет екені де түсінікті. Мұндай пьесаларды туысқан қытайдағы ұйғырлар да зор ықласпен күтеді. Өйткені олар Совет Одағында болып жатқан ұлы жаңалықтарға құмарта, сүйсіне қарайды.

Қазір ұйғыр әдебиетінде басты жанр — поэзия. Бұл әдебиеттің жас кезі үшін әбден заңды да. Бірақ, ұйғыр әдебиетшілері көптеген басқа жанрларда да күш сынап көргені мақұл. Мұнсыз әдебиет жедел өсе алмайды.

Қазақстанның совет жазушылары Одағының басшылығы ұйғыр әдебиетіне ойдағыдай болып келді деп айта алмаймыз. Әлдеқашан жүзеге асыратын шараларды қазір ғана қолға алып жүрміз. Бұдан былайғы жерде жазушылар Одағына жас ұйғыр әдебиетшілерін кең тартып отыру қажет болады. Олардың шеберлікті үйренуіне көмекті мол көрсету керек. Жазушылар Одағындағы ұйғыр әдебиет секциясын Қазақстандағы ұйғыр совет әдебиетінің нағыз орталығына айналдыра білу шарт.

Таяудағы уақыттың ішінде Қазақстанда ұйғыр тілінде әдеби журнал яки болмаса альманах шығаратын кез жетті. Мұндай баспа орнысыз ұйғыр жазушыларының, ақындарының, очеркшілерінің, сыншыларының кең өріске шығуы қыйын.

Оригиналдық және аудармалық репертуарларға ділгер болып отырған ұйғыр театрымен творчестволық байланысты күшейтіп, көмекті молайту керек.

Ұйғыр, қазақ және орыс жазушыларының арасында творчестволық байланыс күшейетін болуға тиіс. Мұның үшін олардың шығармалары осы тілдерге аударылып, творчестволық дискуссияларда кең талқыға түсіп отыратын болсын демекшіміз.

Сонда ғана біз туысқан ұйғыр әдебиетін көңілдегідей өркендете аламыз.

Әдебиет жазушының ғана мүлкі емес, халықтың мүлкі. Халық ісін атқарып отырған түрлі ұйымдар бар. Соның бірі Жазушылар ұйымы. Әдебиеттің, жазушының өсуіне ең әуелі осы ұйым жауапты. Елеулі табыстарымыз бола тұрса да, біз бұл міндетті көңілдегідей орындадық дей алмаймыз. Ұйымдастыру, тәрбиелеу жұмыстарында кемшілік әлі көп.

Ең басты кемшілік — біздің жоспарымызда, оны орындауымызда. Жоспарламайынша, ұйымдастырмайынша өздігінен ешбір табыс келмейтіні белгілі. Біздің президиум, секциялар жоспарын көбінесе формально жасайды. Әдебиетімізде қазір не жетпейді, ол қайтсе жетеді? Осыны жете ойланбай жасайды. Егер ойланса, орындалуы үшін қатты күреспейді. Сондықтан орындалмайды. Осыдан барып: жазушы шабыты түскенде ғана жазады, шабытты жоспарлауға болмайды, өзі келеді деген жалқаулардың, тоқырағандардың «теориясы» шығады. Шабыт еңбек үстінде келеді. Шабыт еңбекті күшейтсе, еңбек шабыттың өзін күшейтеді.

Ең дарынды деген жазушының өзіне коллективтің көмегі керек. Коллектив жақсы болса, шығарманың мінін таба, оны жоюдың жолын көрсете отырып, авторға шабыт та береді. Біздің творчестволық секциялар бұл дәрежеге әлі көтеріле алған жоқ. «Қаз. Правда» архив мәліметтеріне сүйеніп, Жазушылар ұйымында шығармалар талқыланбайды депті. Мен жаңа фактыларға сүйеніп, талқыланбайды емес, тіпті көп талқыланады деймін. Бірақ, көбінің сапасы төмен. Социалистік жоғарғы сана тұрғысынан қарап, шығарманы жеке автордың мүлкі демей, көптің мүлкі деп танығанда ғана әділ, терең пікірлер айтылады. Ондай пікірлер талқылауларды творчестволық лабораторияға айналдырады. Біз секцияларды осы дәрежеге жеткізбей тынбаймыз.

Әдебиетті сүю — оның кадрларын сүю, әдебиетті өсіру қамы — оның кадрларын өсіру қамы болып табылады. Кадрларды, әсіресе жас кадрларды тәрбиелеуде біздің секциялар, консультанттар, тіпті кейде президиумның өзі зиянды екі әдетті тастай алмай келеді. Соның бірі — шығарманың нашар екенін, қанша істесе де іс шықпайтынын біле тұра, авторды, «істей түс» деп шығарып салу. Көңіл жықпаудан туған бұл алдау талай авторды талай жылдар бойы әуреледі. Жазығы не олардың, неге әурелейміз? Бірдеме шығатын шығарма болса, айырылма, көмектес, ал,

шықпайтын болса, шықпайды деп, тура айту керек. Енді бір зиянды әдет — жастарды асығыс көтереміз де, құла-тамыз. Олардың әлі піспеген еңбегін мақтап-мақтап жа-рыққа шығарамыз, қолына дереу жазушылық билет бере-міз. Жас адам сенгіш келеді, шынымен-ақ болдым екен деп қалады. Осымен талай жасты бұзып алдық. Жастар-ға, еңбек сүюді, білімін, тәжрибесін байыту жолында жа-лықпай ізденуді, коллективтің пікірін сыйлауды, кішіпейіл болуды үйрету керек. Мұнсыз ешбір талант, ешбір бедел қанша көтерсек те ұзақ жасай алмайды.

Жазушы өзінің шығармасымен ғана жазушы. Біздің арамызда бұл қажырлы атқа еңбексіз ие болып жүргендер — бір уақытта болымсыз бірдеме беріп, соны өмір бойы талшық еткізгісі келетіндер бар. Олар Литфондының есі-гін күнде ашады. Ал, творчестволық секциялардың есігін бес-он жылда бір ашпайды. Бұл жолдастарға жазба-саң жазба, тек масыл бола көрме дейтін кез жетті.

Біздің арамызда азып-тозып бара жатқандар да, өсек-шіл-жікшіл, маскүнем, жанжалқұмарлар да жоқ емес. Әдетте олар мені бұзған сол деп, бір сылтау айтады. Бе-кер айтады. Уақыты, ойы творчествоға берілген жазушы-ның бұзылуға халы жоқ. Уақыты, ойы бос жазушының бұзылмасқа халы жоқ. Осыны оларға ұғындыру керек, ұғынбаса олардан құтылу керек.

Шындықты тура айталық, Қазақстан жазушылар Ода-ғы басқармасының президиумы жергілікті жазушыларға, әдебиет бірлестіктеріне мардымды басшылық көрсете ал-май келді. Тек осы съезд қарсаңында ғана облыстарда жыйналыс өткізіп, олардың жайымен аз таныстық, жәр-демдестік. Басқа уақытта Алматы төңірегінен аса алма-дық. Бұл жөнде үлкен бір қыйындық та бар. Облыстарда, соның ішінде Қарағанды сыяқты ірі өндіріс орталықта-рында жазушылар ұйымының бөлімшесі жоқ. Сондықтан әдебиет бірлестіктері облыстық газеттер маңына ұйымдас-қан. Ал газеттер оларға үнемі көңіл бөлмек түгілі, анда-санда әдебиет бетін де беріп тұрмайды. Осымен жергілік-ті, жаңа талап жастарға не болсаң ол бол, деп отырмыз. Қайткенде де жергілікті әдебиет бірлестіктерін бұл кү-йінде қалдыра алмаймыз. Съезд бір шарасын істеуі ке-рек.

Бір кезде үлкен күш болған халық ақындарын Жам-был кеткен соң президиум ұмытуға айналды. Рас олар қа-зір өте аз. Аздың өзі кәріліктің шегіне жетіп тұр. Бірақ,

олар жасаған әдебиеттің мол қазынасы бар. Солардың Қазақстан Ғылым Академиясымен бірігіп, жыйнау, зерттеу, жарыққа шығару керек.

Жазушылар ұйымының екі журналы егер өз дәрежесіне көтерілсе, әдебиеттік, тәрбиелік орасан зор қызметтер атқарған болар еді. Олар әлі өз дәрежесінен төмен тұр. Олардың беттерінде пікір соқтығысы, әдебиет жайында дискуссиялар, шығармаға сапалы сындар, үздіксіз болып тұруға тиісті. Әдебиет жаңалықтарын, жаңа шығармаларды, жаңа кадрларды жұртшылық алдымен журналдардың бетінен көруге тиісті. Сонда ғана журналдардың беделі артады, ол беделмен әдебиетті басқаруға да, күшейтуге де болады. Президиум өзінің бұл журналдарына да тиісті басшылық көмек көрсете алмай келеді.

Қазақтың советтік жас әдебиетін, оның жас кадрларын партиялық қамқорлықпен өсіре, күшейте беру жайында жазушылар ұйымына, оның жеке мүшелеріне қанша қатты айтсақ та, қатты сынасақ та орынды. Сонымен қабат олардың сол зор міндетті орындауына жағдай жасауды ұмытуға болмайды. Бірсыпыра жазушылардың, соның ішінде жақсы еңбек беріп жүрген жазушылардың пәтері өте нашар. Жазушылар ұйымының өзі отырған үйде де дұрыс жұмыс істеу қиын. Жазушыларға дем алатын мекен жоқ. Әдебиетіміз онша сорлы болмаса да, бұл жөнде Одақтық республикалардың ішінде ең сорлысы біз шығармыз.

Алматы қалалық Советі, үкметтің кейбір басшылары жазу үшін ешбір жағдай керек емес деп ойлайтын сыяқты. Сталин қол қойған Орталық Комитеттің қаулысы бойынша, жазушы тұрған пәтер босаса, жазушыға ғана берілуге тиісті. Ал, біздің қалалық Совет, үкметтің кейбір басшылары жазушыларға өзге жағдай жасамағаны былай тұрсын, дәл осы қаулының өзін орындамай қойды. Бұл жөнде жолдас Тайбековке ауызша да айтылды, жазып та берілді, ешбір шара қолданған жоқ. Бұл қалай? Басшыларға заңды орындамаса да, ештеңе етпейтін болғаны ма?

Жазушылар үшін гонорар ең бірінші мәселе, бірінші жағдай. Қазақстанда авторлық право, гонорар саясаты, заңы бухгалтерлердің қолына көшуге айналды. Бухгалтер қайда апара жатқанын біздің министрлер — Байғалиев, Төлебаев, прокурор Набатов жолдастар біле ме екен? Қазақ үкметінің заңы бойынша, шығармаға сапа-

сына қарай үш түрлі баға белгіленген. Қазір соның көбі-несе ең төменгісі қолданылады. Бұл — жақсы жазам деп, қыйналмай-ақ қой, деген сөз. Ал заң жақсы жазған-ға жақсы төле деп отыр. Жазушы қайсысын қолдануы керек?

Совет әдебиеті деп — ұлы орыс әдебиетін, оның төңірегіне топталған ұлттар әдебиетін айтады. Әр ұлт әдебиетінің өзіне тән өзгешелігі, табысы, кемшілігі бар. Соларды көз жазбай, анық біліп отырғанда ғана совет әдебиетін дұрыс басқаруға болады. Бүкіл одақтық жазушылар ұйымының президиумы, секретариаты қазақ әдебиетін қанша білетінін қайдам, әйтеуір оның жайын білуге, көмектесуге басшылар өзі келмейді, не оқтын-оқтын бригадалар жіберіп тұрмады, «Лит. газета» қазақ әдебиеті жайында тым құрығанда хроникалар да беріп тұра алмады.

Компартия өзінің ешбір ұйымын көзінен таса қылмайды. Егер оның бірінің жұмысы ақсай бастаса, дереу адамдар жіберіп зерттеп, тиісті шара қолданады. Партияның сыннан өткен осы әдісін жазушылардың орталық ұйымы қолдана білсе, ұлт әдебиетін қазіргіден әлдеқайда терең түсінер еді де, оның өсуіне жақсы көмектесер еді. Біздің Орталық ұйымның президиумы, секретариаты бұл әдісті әлі жұмыс стилі ете алған жоқ. Сондықтан не президиумда, не «Литературная газета» бетінде ұлт әдебиетінің, соның ішінде әсіресе қазақ әдебиетінің басты мәселелері ерекше сөз болмай келеді.

Қазақ жері мейлінше кең, ол жерде еңбек түрі, адам мінездері алуан-алуан. Әдебиетте бұл бай өмірдің бейнесін жасау үшін, оны көруге, зерттеуге жазушыларды жиірек, көбірек жіберу керек. Біз аз жіберіп, оның өзін аз уақытқа жіберіп келдік. Жазушы көрмеген өндірістердің колхоз, совхоздардың талай түрлері бар. Соларды қамту үшін творчестволық командировкалар біздің республикаға молырақ берілуі керек еді. Президиум бұған да көңіл бөлген жоқ. Президиум, секретариат Литфондыны творчестволық ұйым емес деп, оның жұмысына жөнді араласпай ма деймін. Егер араласса, Қазақстандық Литфондының қораштығы көзіне бір түсер еді. Қазақстан Литфондасы жазушылардың тұрмыс жағдайын түзеу, пәтер, демалыс үйлерін салғызып беру, шаруашылық мәселелерін шешу түгіл өзінің екі жарым адамына баспана таба алмай жүр.

Жолдастар, мен енді сөзімді аяқтаймын.

Өскендігіміздің айқын бір белгісі — бұдан он-он бес жыл бұрын алдыңғы қатарда жүрген жазушылардың талайы орта қатарда, ортадағылардың талайы кейінгі қатарда қалды. Бұл олардың кейін кеткендігі емес, кейінгілердің шапшаң басып, ілгері кеткендігі. Сол сыяқты бір кезде бетке ұстауға жараған шығармалар, бұл кезде қолға ұстауға ғана жарайды. Бүгінгі шығармалардың көркемдік дәрежесі бұрынғылардан биік. Сонда да қанағаттанбаймыз. Өйткені, жеткен табыстардан алда тұрған талаптар жоғары. Талап жоғарыламайынша әдебиет жоғарыламайды.

Қазақстанның ғасырлар бойы соны жатқан кең жері совет заманында көркін мүлде өзгертті. Советтік Қазақстан деген сөз — күшті индустриясы бар, озық техникамен құралданған социалистік күшті ауыл шаруашылығы бар, оларды жасаушы өзінің жұмысшы табы, еңбекшілер армиясы, оларды басқаратын саясат, мәдениет, экономика кадрлары бар, жаңа типті ірі мемлекет деген сөз. Бұл мемлекет қазір егін, мал шаруашылығын сондай дәрежеге көтеруге кірісті, ондай дәрежені капиталистік ешбір мемлекет көрген емес. Біз қазірдің өзінде тың айыруда, мал өсіруде яғни партияның XIX съезінің қаулыларына сәйкес азық-түлік молшылығын жасауда бірінші қатарда тұрмыз. Әдебиетіміз де осы қатарда болу керек. Ол үшін не керек?

Совет өмірінде не нәрсені мақтан етсек, соған бастап әкелген, алда не нәрсені арман етсек, соған бастап апарушы — Советтер Одағының Коммунист партиясы. Сол партияның ұлы идеясы әдебиеттік әрбір шығармада қозғаушы күш болып отыру керек.

Әдебиеттің барлық жанрларында, түрлерінде, қай тақырыпқа жазылса да, ең асыл сөз совет адамына арналсын. Ең ардақты міндет — совет адамының образын жасау болсын. Ол бүкіл адам баласына бостандық, еңбек үлгілерін көрсетуші, ол қыйындықтан, күрестен қорықпайтын, ескі дүниенің барлық бөгеттерін қыйратып, коммунизм атты жаңа дүние жасаушы образ. Ол, адамзатқа тең жақсы қасиеттерді бойына жыйнаған, жоғары мәдениеттік, интернационалдық жүрегі бар образ. Оған халық тілегінен жоғары ешнәрсе жоқ.

Мұндай образды жасау үшін алдымен жазушының өзі сол образдың дәрежесінде болуы керек. Бұл, өмірді,

адамды әман зертте, образ жасаушы ұлы мастерлерден әман үйрен, сонда ғана бола аласын, деген сөз. Сүтпен біткен талант қанша зор болса да, дән сыяқты. Дән баптаса ғана өнім береді, баптамасса семіп қалады.

Әдебиетте совет адамының ұлы образын жасау үшін, совет өмірінің тамаша бейнелерін көрсету үшін, бұл жолдағы барлық бөгеттерді жеңу, шеберлікті көтеру үшін аянбай күреселік, жолдастар!

Жазушы, әдебиет ешуақытта біздің тұсымыздағыдай үлкен күшке, үлкен беделге ие болған емес. Соған жеткізен Советтер Одағының кеменгер Коммунист партиясына, оның Орталық Комитетіне, совет үкметіне алғыс айталық, жолдастар!

РЕАЛИСТІК ДРАМА ЖОЛЫНДА

Советтік драматургия әдебиетінің мол, күрделі арнасының бірі. Сондықтан жалпы қазақ совет әдебиетінің алдында тұрған міндеттер жайында айтылған сөздер, аталған шарттар, біздің драматургиямызға да мейлінше ортақ шарт — міндеттер болады. Оларды айрықша, нақтылап еске алып өтсек, ең алдымен қазақ совет драматургиясын біз социалистік реализм драматургиясы дейміз. Бұның ең іргелі негіздері: советтік патриотизм, биік идея, партиялық зор сана, халықтық мол сыйпат және мейлінше өмірлік шындығы терең драматургия болу керек. Осындай сапалы драмалық шығармалар ғана еңбекші жұртшылығымызды коммунистік тәрбиеде баулытын үлкен себепкер бола алады.

Аталғандай талап, мүдделерге сай боларлық шығармалар үлгісін, біздің жұртшылығымыз орыс совет драматургиясынан ең алдымен көріп, нәр алып келеді. Қазақ совет драматургтері де өздерінің іздену, өсу жолында идеялық көркемдік тәрбиені, үлгі, өнегені сол алдыңғы, озғын сапалы орыс совет драматургиясынан алады.

Үлгі ала отырып, соның табысына табыс қоса білген, өскендігіміз қандай? Болмаса кемшін соғып, олқы түсіп жатқан шикілік, шалағайлық жағдайларымыз қайсы? Осы жайларды ұлы әдебиеттің биік өресіне шендестіре, салыстыра отырып талдауымыз: арналы талдау, өнімді ой туғызарлық талдау болса керек.

Орыс совет драматургиясының бірнеше өзгеше, оқшау тұрған қасиеттерін еске алып өтейік. Мысалы, социалистік реализмді ең биік көркемдік сапада баурай

білген Горький шығармалары бар. Орыс совет драматургиясы 20-шы, 30-шы жылдардың өзінде ірі өріс, өрнек тапты. Ұлы Отан соғысы дәуірінде, орыс совет драматургиясы және де бірнеше биік өрге шықты. Өмір шындығына сай етіп, халықтың патриоттық сезімін бейнеледі. Оның басқыншы жауға деген жиренішін өзгеше өктем сана дәрежесінде көрсете білді.

Бірақ одақ көлеміндегі драматургиялық табыстар жақсы болумен қатар, бірнеше жайдан недәуір елеулі олқылықтарға, кемшілік, қателіктерге де ұшыраған болатын. Бұндай кезде Орталық Партия Комитетінің 1946—1948 жылдардағы идеология мәселелеріндегі қаулылары ұлы ұстаздық, басшылық жасады. Сол қаулылар мен партия көрсетіп отырған негізгі даналық нұсқаулар, орыс совет драматургиясын және соған ілес қазақ совет драматургиясы сыяқты салалардың барлығын тарихтық, жаңа зор өріске қарай бастады.

Осы қатарда, отан соғысынан кейінгі жылдарда совет драматургиясының ірілеп өсуіне бөгет жасаған жалған жүйесымақтарға соққы берілді. «Конфликтсіздік жүйесі» деген жаңсақ, жалған жүйесымақтардың залалды сырлары әшкере болып, катал сынға ұшырады.

Орталық Партия Комитетінің 1946 жылғы 26 августа «Драма театрларының репертуары және оны жақсарту шаралар туралы» деген атақты тарихи қаулысында қазақ драматургі Әбділдә Тәжібаевтың «Біз де қазақпыз» деген залалды пьесасы аталғаны мәлім. Кейін біз толығырақ тоқтайтын бір саламыз, сатиралық комедиялар болса, соңғы жылдарда қазақ драматургиясында бұл ретте де теріс, татымсыз, нашар шығармалар туып жатқанын білеміз.

Сонымен қазақ совет драматургиясының II-съезд бен III-съезд арасында жүріп өткен жолын шолуға кірісер алдында түйіп айта кететін айрықша бір-екі тезисіміз бар.

Бірінші — социалистік реализмді драматургияда барлау жолында озғын орыс совет драматургиясының жақсы үлгісінен жақсы түрде оқып өсуіміз қандай болды? Бүкіл одақтық совет драматургиясының ортақ қазнасына сапалы қазна қоса алдық па? Бұл жөндегі барлық сын мен таразы талабымыз реалистік пьеса туғызу жөніндегі табысымыз бойынша өлшену шарт.

Қазақ совет прозасы тәуір табысқа жеткенде реалистік роман тудырғанын ең зор тарихтық критерий етіп айтысады. Сол өлшеумен драматургияға келгенде «реалистік драма үлгісін туғыза алдық па, жоқ па?» деген талғауды, менің білуімше, осы ІІІ-съезд үстінде ең бір үлкен өлшеуіш — мерзім етіп еске ала сөйлеуіміз керек. Бұл — бірінші жай.

Екінші — драматургия жолында қазақ совет әдебиетінің өсуіне залал келтірген олқылықтар, әртүрлі натурализм, формализм, нигилизм тәрізді теріс бағыттардың қазақ совет драматургиясына келтірген залалы қаншалық өкенін ашып айту да съезд баяндамасының міндеті деп білеміз.

Сонымен, біз екі тұрғы тақырып алдық. Ең күрделі мәселе социалистік реализм көлемінде қалыптанған қазақ советтік реалистік пьесаның жайы. Барлық сын ойлардың, ізденгіш ойлардың таразысы, тыянағы сол жөнде. Еске ала кетейік, тегінде реализм — әрбір анық бағалы көркем шығарманың ең сенімді іргесі. Сондықтан оның жайындағы проблема, жеке бір стильдің ғана мәселесі емес, одан әлдеқайда кең проблема. Ал сол реализмнің ең үлкен шарт, өлшеуі — шындық. Шындықты көркем өнер критерийі, жапа-жалғыз және өзгеше терең, ғылымдық критерий деп білу керек.

Осындай реализм таразысын, ең үлкен өлшеуішіміз етіп атап отырып, қазақ совет драматургиясының қалпына келейік. Сонда «Орыс драматургиясының классикалық үлгілеріндегі реализмнен үйренуіміз қалай?», «Советтік орыс драматургиясының жаңғырып дамып түскен реалистік трагедиясынан үйрене өсуіміз қалай?» деп барлап көрейік.

Мысалы, Гоголь үлгісінде, немесе Островский аңғарында, әлде Чехов стилінде, болмаса М. Горький пьесаларының сарынында туған шыны, толық мәнді, реалистік қазақ пьесасы «пәлен шығарма» деп айта аламыз ба? Одан бері келе, Октябрьден бері орыс совет драматургиясы советтік дәуірдің өз болмысынан тудырып, 20 жылдардың өзінде, советтік классика деп аталып отырған қадірлі бір топ пьесаны туғызды. 30-жылдардың оларға қосқан бағалы үлгілері тағы бар. Ұлы Отан соғысы күндерінде туған, кейінгі ұзақ замандарда қадірлі қазна боп қаларлық, бірнеше орыс советтік пьесалары және мәлім.

Осы 37 жыл бойында, атап өтсек: «Күйреу», «Бронепоезд 14—69» «Дауыл», «Любовь яровая», «Мылтықты адам», «Эскадраның апаты», «Қорқыныш», «Майдан», «Орыс адамдары», «Шапқыншылық» сыяқты пьесалар туды. Ал қазақ совет драматургиясында осы аталған пьесалардың тымқұрса бірде-біріне шендес келетін, совет тақырыбындағы анық, толық, тұрақты қасиеті бар шынайы көркем пьеса туғыза алдық па? Туғыза алғамыз жоқ! Бізде тәуір пьесалар бар, тіпті көркемдік сапасы жоғары дәрежеге жеткен, шеберлікпен жазылған бірен-саран пьеса да бар. Бірақ олар совет тақырыбына жазылған пьесалар емес, және мен кейін толығырақ дәлелдеймін, олар анық мәніндегі реалистік пьесалар да емес.

Біз драматургияда әлі творчестволық методтың ең үлкен қадірлі, арналы жолын толық танып, түгел баурап ала алмай отырмыз. Нақтылап айтқанда, біз драматургиялық творчествода реалистік әдісті, көркем реализмді бар көлемінде шын мәні нәрімен бағалай алмай келдік. Осы жай біздің олқылығымыздың зоры.

Қыйын жанр, ең жауапты жанр және сәті келген шағында ең бір көптік жанр — драма жанры. Осы жанр біздің жас қазақ совет әдебиетіміздің артта қалып келе жатқан жанры болып отыр. Бұл жөнде нақтылы қысқа ғана, бірақ тыянақты бір ғана жайға жауап беріп көрейік. Белинский айтып еді: «Анық зор таланттың әрбір бейнелеген адамы — тип және сол бір тип, оқушы үшін таныс емес білісі» (знакомый незнакомец) — деген. Әдебиеттің өзге жанрларының бәрінен бөлек, драматургияның аса қыйын бір өзгешелігі, ол тек қана адам жайындағы шығарма. Ендеше оның адамдарының көбі бірдей типтер болу керек. Ал тіпті болмаса, әр пьесада тымқұрса бірден-екіден, жұрт жадында жүретін жұғымды-жұғымсыз типтер болу шарт.

Орыс совет драматургиясында біз: Любовь яровая, Окорок, Швандя, Огнев, Шадрин сыяқты талай адамдардың бүгінгі совет жұртшылығына күнделік таныс, білісіндей, мәлім типтер екенін білеміз. Ал біздің, совет тақырыбына жазған пьесаларымызда жаңағы орыс совет пьесасының одақ жұртшылығына танытып берген типтерінің бірде-біріне барабар келетін, болмаса шендес шығатын тип бар ма? О да жоқ! Бұның себебі біреу-ақ. Біз реалистік пьеса жөнінде марксистік-лениндік

эстетиканың жүйелік бір жайына тоқтап өтейік. Мысалы: советтік болмысты суреттеу міндетінің ішінде ең қасиетті тақырып — еңбек тақырыбы.

И. В. Сталин айтқандай: «Еңбек бұрынғы заманда қорлық, ауыр азап саналған қалпынан енді қасиет, атақ, аброй, қажыр, геройлық айғағына айналды». Ал сол еңбекті қалай суреттеу шарт еді? Еңбекті, геройлық еңбекті совет жазушысы біздің тірлігіміздің ең қасиетті мазмұны есебінде бейнелеу шарт. Бұл арада біздің көркем шығарманың этикалық және эстетикалық сапасы танылып, қасиеті арта түседі. Ал со қасиетке, мысалы пьесада ойдағыдай жету үшін тек қана адам: терең, көркем, шебер бейнелеген болу керек. Ендеше Белинский айтқандай: «Анық көркем пьесаның ішіндегі адамдар жазушының тек өз басынан туған жасанды адам болмай, өмірлік шындықтан туып көркем қалыптанған адам болу шарт». Сонда көркем образ көркем өнер көлемінде болмысты елестетудің өзгеше формасы боп шығады.

Пьесада әсіресе, идеяның өзі де адам образында ғана қалыптанып, тек сол образ арқылы ғана тірлік тыныс табады. Типтік шығарма туғызудың тетігі сонда. Реалистік шығарма жазудың ең терең сыры, ең қыйын талабы, ең шеберлік түйіндері тағы сонда.

Өткеннің тәжірибесін қорытып жеп, қазақ совет драматургиясына болашаққа бағыт белгілегенде, енді реалистік пьеса туғызу шарты бүгінгі этапта қазақ совет драматургиясының қатты бір қарманып ойланатын жайы деп білеміз. Сондықтан бұл баяндаманың негізгі проблемалық мәселесі осы реалистік пьеса жайы. Енді сол тұрғыдан қарағанда біздің жеке жазушылар мен көптеген пьесаларымыздың қалпы қандай? Негізгі, ең үлкен талап деп атап отырған реалистік пьеса жөнінде қазақ драматургиясының қаншалық табысы мен нақтылы жеткен өрісі бар? Ол кімнің шығармаларында, қай тақырыпта?

Екінші, жоғарыда біз еске алып өткендей реализм стилінде жазылмаса да, көркемдік, шеберлік қасиетімен қазақ драматургиясының қазынасы, асыл бұйымдары саналып келген кейбір шығармалар қалай бағалану шарт? Бұған да жауап айту жөн.

Осылардың үстіне қазақ совет драматургиясы көп жылдар бойында советтік тақырыптар жөнінде де өзін-

ше көп ізденіп, көп талпынды. Сан жағынап көп шығармалар тудырды. Солардың ішінде, сонау арман еткен аса көркем, толық қанды реалистік пьесалар шықпағанымен халқымыздың коммунистік тәрбиеде рухтану жөнінде, кез-кезінде көп пайда келтірген талай шығармалар бар. Шамасынша, кез-кезеңі бойынша сол шығармалар жайы осы баяндамада және де талдану керек.

II-съезд бен III-съезд аралығында Қазақстанның республикалық, облыстық және колхоз-совхоздық театрларында, театрлық үйірмелерінде қойылып, жұрт алдына шыққан пьесалардың саны — мен осы баяндамаға әзірлену үстінде оқып, танысып шыққан пьесаларымның саны 40 шамалы болды. Бұлар тақрып жағынан мейлінше мол, жан-жақты кең, көп материалды қамтыйды.

Осы қатарда тәжірибесі өскен атақты жазушыларымыздан атайтындарымыз: Ғабит, Сәбит, Әлжаппар, Шахмет, Әбділдә, Ғабиден, Мұсатай сыяқты, әдебиеттік ұзақ жылдар тәжірибесін драматургиялық творчествоға да арнаған жазушылар.

Бұл топқа бергі жылдарда үлкенді-кішілі еңбектерімен кеп қосылған жаңа драматургтеріміз: Иманжанов Мұқан, Байжанов Шамиль, Сатыбалдин Қапан, Ахтанов Тақауи, Баймұхамедов Нығмет сыяқты жолдастар.

Осы жазушылардың еңбегі арқылы қазақ драматургиясы екі съезд арасында едәуір жемісті, елеулі жол кешіп өтті. Нақтылап айтқанда, тақрып жағынан көлемді үш үлкен топқа бөлінетін шығармалар пайда болды. Бұлардың алғашқы бір тобы — эпос, фольклормен, тарихпен байланысты «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Алдаркөсе», «Жомарттың кілемі», «Алтынсарин», «Шоқан» сыяқты пьесалар. Екінші тобы — тарихтық революциялық тақырыпқа арналған «Аманкелді» жайындағы пьесалар. Үшінші — совет тақрыбына, бүгінгі күн болмысына, шындығына арналған пьесалар. Жазылып жарыққа шығу кезеңдеріне карағанда осы үш саладағы пьесалардың жыйыны біздің Отанымыздың басынан кешкен соңғы дәуір, үш кезеңмен байланысады.

Алғашқы бір кезең — Ұлы Отан соғысына шейінгі кез. Екіншісі — Отан соғысы дәуіріндегі шығармалар. Үшінші дәуір — Отан соғысынан кейінгі, бүгінгі күнге дейін дамыған тірлікке ілесе жүріп суреттеген шығармалар. Осылардың ішінен, өз шамасынша пісіп, толысып шыққан шығарма дегендерді айрықша атап өтеміз. Сонымен екшей тіз-

гінде табыс есебінде санайтындарымыз: «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Достық пен махаббат», «Миллионер», «Аманкелді», «Алтынсарин», «Гүлден, дала», «Шоқан», «Көктем желі» сыяқты пьесалар.

Бұл шығармалардың қатарынан анық, даусыз көркемдік қасиетімен, талантты пьеса есебінде үздік шығатын «Қозы Көрпеш — Баян сұлу». Советтік тақырыпқа жазылған шығармалар ішінде, «Қозы Көрпештің» көркемдік дәрежесіне жетпегенмен өз орнында тұрақты, салмақты бағасы бар, советтік тақырыптағы анық табыс деп айтуға келетін бірнеше пьесалар да бар. Сол ретте ауызға алдымен аларлық шығарма — «Достық пен махаббат».

Бұдан былайғы сөзді біз жеке жазушылардың, табыстық қасиеті бар деп екшеген шығармаларын талдауға арнаймыз. Тек реалистік пьесаны шарт етумен қатар біз реализмнің өзі туралы тағы бір ойымызды анықтай түсейік. Тегінде реализм адам баласының көркемдік жолындағы дамуының ең жоғарғы сатысы болумен қатар, жалпы реализм түсінігі, реализм дейтін ұғым, ол өзі де үдеп, дамып отыратын ұғым. Реализм бұрынғы әдебиетте де болған. Тіпті бағы замандағы Софоклдың трагедияларында орын алған реализм де бар. Шекспирдің реализмі өзіне бөлек, Пушкиннің, Гогольдің реализмін де бірінен-бірі басқалап айыра таныймыз. Сол сыяқты социалистік реализм дәуірінде, мысалы, осы баяндамада біз ауызға алатын реализмнің де алуаны бөлек. Бұл реализм жалпы барлық әдебиетіміздің негізгі методы, социалистік реализмнің драматургиядағы талабын топтап түйіп айтатын өмірлік шындықтың, социалистік эстетиканың ең зор негізі.

Енді осы тұрғыдан қарап қазақ совет драматургиясының II-съезден соңғы жылдардан басталған ірі табыстарына тоқтайық. Туған мезгілінде және өзінің қазақ совет драматургиясында алатын орнына қарағанда, осы 15 жыл ішіндегі қазақ драматургиясының ең зор табысы, біздің талантты жазушымыз Ғабит Мүсрепов жазған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» пьесасы болады. Осы пьесаны ұғынып талдап көрейік. Жоғарыда реалистік пьеса жөнін барлық талабымыздың тірегі, тетігі еткен халде «Қозы Көрпеш» пьесасына қалай қарауымыз керек? Ең алдымен бұл пьесаның оқшау тұрған өзгеше ірі қасиеттерін атап өтейік.

Белинскийдің айтқанына орай бұл пьеса адам жайында. Ал адамдары сом, салмақты, шебер қалыптанған.

Өзінің поэзиялық, психологиялық шындықтарымен аса көркем кейіптелген адамдар бар. Горькийдің пьесаға қойған талабы бойынша — пьеса сюжетті болу керек. Оқығасы шиеленіскен, қою құрылысты болу шарт. «Қозы Көрпештің» құрылысында бұл зор талап та ақталған. Пьесада халықтық тілге поэзиялық қасиет бітіріп, әсем күйлілік қалпында кестелеген. Бұл пьесаның ішінде жырланған сезімдер, молынан ашылған жеке-жеке мінездер, барлық тартыс атаулының өсіп, өрбуі шарықтап жетіп, шарт сынып аяқталуы — барлық осы сыйпаттары өз қалпында, өз орнында үлкен шеберлікпен қыюласқан. Ғабит Мүсреповтың «Қозы Көрпеш» пьесасы қазақ драматургиясының ғана емес, соңғы 15 жыл ішіндегі бар қазақ әдебиетінің көркем шығарма туғызу жолындағы биік белінің бірі.

«Қозы Көрпеш» пьесасы қазақ әдебиетінің бір салада ірілеп өскендігінің айғағы. Драматургия құрылысы қыйын, ауыр жанр болғанда, «Қозы Көрпештің» жазушысы сол қыйыншылықтарды шеберлікпен, ақындық, көркемдік, ұсталықпен шеше білген. Пьеса осы сыйпаты арқылы қазақ әдебиетінің қатты өскендік айғағы болып шықты. «Қозы Көрпешті» қазақ әдебиеті өзінің үлкен мақтаны ете алады.

Сондықтан да қазақ театрының сахнасында, қазақ совет көрушілерінің көңілінде бұл спектакльдің аса ыстық мәнді, тұрақты қазыналық қадірі бар.

Ал енді осындай ірі қасиеттерін атаумен қатар реалистік пьеса жасау жолындағы ізденгіш зор талаптарды еске ала отырып, соны осы ең жақсы деген пьесаның өзіне өлшеу-мөлшер етіп байқасақ, нені көреміз? Көретініміз — бұл пьеса реалистік пьеса болып шықпайды. Бұл, романтизм үлгісіндегі пьеса.

Екі түрлі романтизмнің, реакциялық романтизм, революцияшыл романтизм деп бөлінетін жіктерін, бұл пьесадағы романтизмге шендестірсек «Қозы Көрпеште» ол екі романтизмнің екеуі де жоқ. Социалистік реализм үлгісінде жазылған «Қозы Көрпеш» болса, онда біз «революцияшыл романтизм пафосына құрылған шығарма» дер едік, бірақ бұл пьеса ол калыпта шықпаған.

Идеялық ең биік мүддесі, халықтық ұғым, сезім, сана-сы махаббат азаттығы. Содан ары, ескі тақрып көлемінде социалистік реализм әдісімен жазылатын қоғамдық ірі талап, идеялық терең пафос, мысалы ескілік атаулыны

әшкерелеу пафосы, соны құрту, жою пафосы дейтін еңсесі биік ойлар бұнда жоқ. Өз орнында, өз дәуірінде, өз тақырыбына сай ағартушылық бағасы бар «Қозы Көрпештің» идеялық салт-санасының ең биіктеп барып жеткен төрі әлгі ғана.

Ғабит пен біз жастық, албырттық шақтың ыстық отты сезімі билейтін адамдар емеспіз. Талантты жазушы Ғабиттің табысы мен салмағы, жеткен өрі, көтерілген биігі, «Қозы Көрпеш» пьесасы десек, менің өз басым оны Ғабитке жеткіліксіз дер едім.

Шынайы, үлкен табыс, үлкен шеберлік өрісі Ғабит үшін «Қозы Көрпеш» алуандас романтизм стилінде емес, ол анау «Оянған өлкедей» боп Қарағанды тақырыбына жазылатын ірі еңбектерде. Реалистік полотно жасау жолындағы өрісте деп, кесіп айтар едім. Бұлай дейтін себебім не? «Қозы Көрпешке» қайта оралайық. «Қозы Көрпештің» Ғабит қалыптаған болмысын, бар тынысын, шығарма ішіндегі шындығын алып қарасак, осындай шығарма тек қана советтік дәуірдің, социалистік мәдениет құрушы қайраткерінің ғана туғызатын пьесасы ма?.. Жоқ! Менің ойымша, дәл «Қозы Көрпеш» үлгісіндегі халықтық-ағартушылық сананың дәрежесіндегі пьеса, ХІХ ғасырдағы, халықтық санадағы жазушының жазуында да мейлінше боларлық шығарма.

Бұл Пьеса революциялық романтизм дәрежесіне өзінің барлық аңсағанымен, еңсесімен жетіп болмаған. Романтизм Шиллер үлгісіндегі романтизм, қайталап айтайын, Шекспир үлгісіндегі де емес, анық «Зұлымдық пен махаббат» стиліндегі, Шиллерше шыққан романтизм «Қозы Көрпеш» пьесасының көркемдік стилі мен ішкі болмыс кенеуін қалыптайды.

Бұл тұста Энгельстің айтқан бір ойын еске алмай болмайды. «Шиллер үшін Шекспирді ұмытпау керек» деген еді. Сонда Энгельс Шиллерден нені таппады, Шекспирдің қай қасиетін жоқтады? Менің ойымша Шекспирдегі романтизм, реалистік кеңдікке, даналыққа, кемелдікке қосымша бір сыпат есебінде қатысады. Ал Шиллерде болса романтизм адамды көбінше, кең көрсетпейді. Барынша жалындап, өзеуреп тұрғанмен, адамын бір-бір-ақ сезімге, бір-бір-ақ импульсқа қадалтып алады. Оның адамында анық, дана келген жан-жақты, әр тарау мол диапазонды, кең құлашты кемел сыйпат болмайды. Сол ерекшеліктер «Қозы Көрпеште» де бар.

Сондықтан да жоғарыда айтқан поэзиялық, қызықтық, калың оқыйғалы ыстық жалынды жайлардың бәрі де пьесаның ішіндегі адамдарды тар ауданда, бір-бір-ақ сезім, бір-бір-ақ сыйпаттын, бірден бір ғана импульстің адамдары етіп шығарған. Мысалы, Қарабай — тек сараңдық импульстің құлы. Жантық — тек қана шағымқой, аярлық импульсін ұстанады. Қодар — негізінде жалғыз ғана қызғаныштың тұтқыны. Қозы мен Баянда, жақсы сезім, сұлу сезім болса да, тек қана махаббаттың сусағандары, тұтқындары болады да қояды. Осы жайды пьесадағы жаңағы аталған басты геройдың бәрінің сөздерінен, сезімдерінен айқын көреміз. Аңсағандары мен әрекеттерін білдіретін сөздерін алсақ, соның 90 проценті жаңағы бір-бір-ақ сарын болады.

Рас «Қозы Көрпеш» жазылатын қарсаңында әдебиеттік тарихтық бір жағдай болды. Барлық совет әдебиеті көлемінде біз «Шекспирден үйрену» деген, жақсы бір аңғардың соңында жүрдік. Соған бой ұру салдарынан «Қозы Көрпештің» ішінде Ягодай шағымқой аярдың, қазақ топырағындағы егізінің сыңары боп — Жантықтың туғаны рас. Бірақ сол Жантықтың бір өзінің келуімен шекспирлік сыйпат келмейді екен. Ягоның аржағында күнес белдей болып Отелло, Дездемона психологиясы тұр. Олардың адамдық кең, өзгеше терең және аса шыншыл сыйпатталған бейнелері жатқанда Яго бір-ақ импульстің адамы боп жүре беруге болар еді.

Ал «Қозы Көрпеш» ішінде барлық кейіптер бір-бір-ақ сезімдердің адамдары болғандықтан Жантық арқылы келген шекспирлік элемент «Қозы Көрпештің» барлық идеялық көркемдік бітімін биікке көтеріп әкетпеген. Адамдар ылғый біржақты ғана, олар бір-ақ қана қырларынан көрінеді. Сондықтан әр образдың реализмге шарт болатын кеңдігі мен жан-жақтылығы болмайды. Қаншалық қызықты, әсерлі, қою оқыйғалы болғанмен «Қозы Көрпеште» толысып жетпеген, творчестволық жастықтың, ыстық та болса, жалынды да болса, тар тынысты танылып тұрады. Оның ең үлкен себебі, кейбір реалистік элементтері болғанымен, пьесаның негізгі стилі романтизм арнасында қалғандықтан.

Рас, Ғабит Мүсреповте реалистік әдіспен социалистік реализм дәстүрінде жазылған басқа пьеса бар. Ол, «Қозы Көрпештен» мүлде бөлек стильде қалыптанған Аманкелді жайындағы пьесалары. Тегінде Аманкелді әрекетіне бай-

ланысты Ғабит жазған отызыншы жылдар ішіндегі алғашқы вариант пьесаның өзі де реалистік стильде қалыптанған болатын. Бері келе Ұлы Отан соғысынан кейін Ғабит сол Аманкелді тақырыбына тағы оралып, жаңа, тың вариантта соңғы пьесасын жазды. Тақрыптық, образдық, сюжеттік, барлық мазмұн санасымен тіл, сезім, әрекет атаулысымен бұл пьесадағы жағымды, жағымсыз бейнелердің бәрі де көбінше шындық, реалистік үлгіде қалыптанады.

Реалистік стильді өнімді творчестволық оймен қолдандықтан негізінде әр адам өзінің тарихтық ортасында сенімді күйде суреттеледі. Кейіпкерлердің кеудесіне келетін сезімі, тіліне оралатын сөзі, қайраты мен әрекеті, қыймыл-қажыры, мінездері тегіс заманына лайықты шындықпен беріледі. Бұл адамдардың жаңағы санаған сезімі, ойы, істері, мінездері Ғабиттің суреттеуінде, әсіресе «Аманкелдінің» соңғы вариантында типтік жағдайда жаратылған типтік образдардың сыйпатын танытады. Бірақ сонымен қатар реалистік пьеса болу бағытында қалыптанған «Аманкелді» пьесасының да барынша толық үлкен көркемдікке жете қоймауына себеп боп тұрған едәуір кемшілік, олқылықтар бар.

Соның ең бастысы, «Аманкелді» тақырыбын жазуда Ғабит бір пьесаның көлеміне сыймайтын екі дәуірді бір Аманкелді арқылы тұтас көрсетем деп жаңсақ басып жүрген сыяқты. 1916 жылғы Аманкелді, азамат соғысы кезіндегі Аманкелді, біздің ойымызша екі пьеса болмаса, бір пьесаға сыймайтын тарихтық тақрыптар. Әсіресе, іс-әрекеті қою келген, қалың болған кезеңдерін алғанда, пьесалық тартыс орнына хроника кернеп кетеді. Сондықтан да, «Ленин октябрьде», «Ленин 1918 жылда», немесе «Мылтықты адам» сыяқты пьесаларда қысқа мезгіл ішіндегі қалың тартыс алынады емес пе?

Осы жағынан қарағанда, аясы аз пьеса көлемінде шарасыздық күйге өзін-өзі салған авторлар «бар аманкелділік әрекеттерді бір-ақ береміз» деп талпынады да, арман еткен мүддесіне жете алмай қалып отырады.

Аманкелді жөнінде қызық, қою тартысты, күшті пьеса жасау үшін аз мелгілдің тартыс-тайталасын шоқтай қып жыя суреттесе, сол пьесаның сәті оңайырақ түсер еді. Болмаса Ғабиттің мынау пьесасында жаңа тарихтың таңында, аяғына оралып жүрген, типтік жанасы жоқ, хандықтың пьесадан орын алуы лайықсыз сыяқты. Осымен

катар, реалистік образ жасауда «Аманкелді» пьесасында кейбір адамдардың, соның ішінде әсіресе жағымды зор кейіп Аманкелдінің өзінің және Петр Логинов тәрізді орыс халқының жағымды өкілі болған адамның образдарын бейнелеуде, реалистік қонымды шындыққа қабыспайтын көріністер бар.

Аманкелдінің алғаш сахнаға шыға көрсететін кейбір аз әрекеттері, мысалы: приставты атқа өңгеріп алып қашып кетуі, Эверсман жандаралдың алдында тағы атқа міне шапқылай жөнелетіні, аспаннан құс атып түсіретіні тәрізді, киноның әдісіне қызығудан туған, жасандылықтар бар.

Сонымен қатар кей кезеңдердегі Аманкелдінің диалогтері мысалы: (47-беттегі) Зілқарамен сөйлескендегі сөзі — ұзақ, тұзсыз, драмасыз солғын жүріп жатады. 41—42—43—44-47-беттердегі сыяқты қысыркенес, іш пыстырар жай сөздер драмалық шығармалардың көркемдік қасиетіне, өзінің сылбыр, созалан, шикілеу қалыптарымен көп залал келтіреді.

Ал адамның сөзі мен сезімін, мінезін алғанда Тымақбай образынан қызық шыққан, көркем шыққан образ болмағаны жарамсыз. Тымақбай қоғамдық сырына қарағанда жағымсыз ортаның жат адамы. Бірақ соған өлшеусіз, көп күлдіргі, жазықсыз простак сыйпаты сынсыз берілген тәрізді.

Ал осы пьесадағы орыс халқының ең жақсы өкілі Петрға келгенде Тымақбай үшін табылған типтік сезім, типке лайық тіл табылмаған. Оның орайына Петрдің образын Ғабит тіл мен сезім жағынан жеңіл, үстірт жасаған. Бұл пьесадағы Петр аты орыс болғанмен сөйлер сөзде, пьесаның ең қымбат сырлы өзгеше материалы — тіл жөнінде, нағыз қарапайым қазақ боп қалыптанады. 7-бетте Петр: «әйтеуір бір кірбең бар арамызда» дейді. Осында «кірбең деген сөз тек қазақтың ғана аузында және өте анайы қазақтың аузында болатын сөз. 8-бетте сол Петрдің тағы бір төмендегідей диалогі бар: «Үйкүшік боларын сезінген қазымыр жанның дәрменсіз қыжыртуы да әшейін, басқа не бар дейсің?» деп сөйлейді. Осылайша фольклорлық теңеу қолданып, қазақтың ескі шешендік үлгісінде осынша оюлап, кестелеп сөйлеу Петр образына мүлде қонбайды.

13-бетте Петрдің кадеттер туралы айтатын кейбір сөздері, сөйлемдері мүлде жабайы қазақы тілде айтылады.

Бір емес, пьесаның өнбойында осылай өз бойына, образына, болмысына қонбайтын тілмен жағымды геройдың сөйлеуі, оны суреттеген бояуды көп жерде жалған бояу етеді. Ендеше осындай тұстарда пьеса реалистік, өмірлік, шындық талаптарына табылмай қалып отырады.

Негізгі қазақ совет драматургиясының реалистік пьеса жасау бағытында туған «Аманкелді» пьесасының осы алуандас олқылықтары бар. Бірақ қалай да бұл пьеса соңғы жылдардағы реалистік пьеса сыйпаттарын, шебер жазушының тілімен едәуір елеулі етіп танытып тұрған шығарманың бірі болады.

Қазақ драматургиясы көлемінде 6—7 пьеса жазып, кейбіреулері сахнаға қойылып жүрген автордың бірі — Әбділдә Тәжібаев. Әбділдә ең алдымен драматургияға «Ақ қайың» атты пьесаны Әуезовпен бірге жазысу арқылы келді. Одан беріде «Көтерілген күмбез», «Біз де қазақпыз» «Жомарттың кілемі», «Гүлден, дала», «Дубай Шубаевич» сыяқты пьесалары туды. Соңғы аталған бір топ пьеса бірнеше стильде жазылған. Кейбіреулері «Жомарттың кілемі» сыяқты ертегі-аңыз тақырыбына жазылса, «Көтерілген күмбез» тарихтық аңыз. «Біз де қазақпыз» символистік сарында, «Гүлден, дала» комедия стилінде, «Дубай Шубаевич» сатира үлгісінде жазуды мақсат, мүдде еткен еді.

Бас-аяғы 14—15 жылға созылған, жаңағыдай драматургиялық әралуан стильдерге барған тәжірибе бар. Жоғарыда аталған талабымыз — реалистік пьеса жазу шартының тұрғысынан қарасақ, тек «Гүлден, даланың» кейбір тәуір жақтары болмаса, жалпы алғанда драматургияда Әбділдә көбінше сәтсіз, теріс, кейде орасан қателік бағыттарға, жайларға шырмалумен келеді.

Сол олқылық пен кемшіліктердің ең әуелгі жыйын себебі, зор себебі — бұл жазушының реалистік пьеса жазу жолына түспей, адасуынан. Бір кездегі идеялық, творчестволық адасуының себебі формалистік түрдегі еліктегіштік болды. Сол кезде ол Орталық Партия комитетінің қатал сынап, әшкерелеп, мінеген тізімінен шықты. Онда Әбділдә Г. Ибсен пьесаларының ескі жолына еліктеді. Оған қызыққанда, драматургияның дүниежүзілік даму тарихын білгендіктен, әдебиеттік мәдениетті терең түсініп танығандықтан барған жоқ. Тек жеңіл ғана, жұқалаң ғана дерек алып, дақпыртқа сеніп, қызыққыштықпен ғана барды. Қай заманда болсын драматургияның ұлы асқарлары

символистiк пьесалар емес, реалистiк пьесалар арнасында жүрiп жатқанын андамай барды. Ол жолда релистiк, шын бағалы көркемдiк Әбдiлдәға табылатын түрi жоқ едi. Аброй, қасиет табу орнына бiле бiлсе, қасiрет тауып шықты.

Өмiр шындығы мен көркем әдебиет шындығы терең тамырларымен айқыш-ұйқыш нық байланысып, айқасып жатпаса көркем шығарма тумайтынын ойлау керек, жауапты түрде ұғыну керек едi. Әбдiлдә сол қортындыны алғашқы сәтсiздiк тәжрибесiнен жасай алмады. Рошальға қосылып «Жомарттың кiлемi» деген пьесаны жазды. Бұл Пьесада және де жарқыраған жылтырға, арзан әшекейге құмарлық аңқып тұр едi. Тағы да реалистiк дәстүрге аса шалғай жайлар көрiндi.

Есте болсын, ертегiлiк тақырыптан да, эпостық тақырыптан да аса көркем, аса қонымды реалистiк пьеса жасауға болады. Оның мысалына бiздiң драматургтерге Назым Хикметтiң «Махаббат туралы аңыз» атты пьесасын атап өтеміз.

Ал Әбдiлдә мен Рошаль қазақтың ертегi аңызынан не шығарды? Халықтың қазынасына, халықтың қиялына мүлде қонбайтын, қыйыспайтын өрескел жамаулар, жалған формалистiк бояулар жақты.

Берi келе Әбдiлдә бiрнеше жылдан соң драматургия жанрына қайта оралып, «Гүлден, дала» деген пьеса жазды. Бұл пьеса алғаш рет жазушылар одағында оқылып талқыланған кезеңiнде көп ойлар айтылған-ды. Жазушының осы тақырыпта едәуiр елеулi жаңалықтар тапқанын, көрiктi көрiнiстер, көңiл шақтарын бере бiлгенiн — өсу жолындағы жақсылық деп бағалау болған.

Бiрақ сонымен қатар бүкiл одақ көлемiнде драматургияның соңғы бiр жылдарда кейiн қалуына себепшi болған «конфликтсiздiк жайы осы пьесада күдiк туғызады» деп айтылған пiкiрлер аз емес-тi. Кейiн қанша түзелiк дегенмен автор да, театр да бұл пьесаны сол бiр әлсiздiк жағынан биiкке шығарып дәлдi, белдi етiп әкете алған жоқ.

Қатардағы тәуiр ғана пьеса, орташа ғана спектакль шыққан едi. «Аспаннан құс тiстеген» асқан кесек табыс бұл пьесада да даусыз күйде туа қойған жоқ-ты. Бiрақ соңғы жылдардың сәтсiз пьесалары көп болып, театр искусствосы шөлiркеп жүргендiктен «Гүлден, даланы» мүлдем дана осы екен деп бiлiп, алып ұшып, асыра бағалап

кетті. Бірнеше жыл бәйгесін өткізе алмай жүрген орындар қос-қосарлап үкі-танасын түгел тақты.

«Реалистік пьеса туса, болса екен» деген шартымызды осы «Гүлден, далаға» және де әкеп өлшеу-мөлшер таразы етіп байқасақ, не шығар еді? Бұл шығармада реалистік элементтер бар екені даусыз. Бұрынғы натуралистік, формалистік үлгіге сырт еліктегіш автор мынау шығармада көбінше өмірлік шындыққа жақындай түскен, қабыса келген деуге болады. Бірақ солай дей тұра бұл шығарма және де толық көркемдік сыйпаты жеткен, анық реалистік пьеса болып кетпеген. Ол әсіресе, осы пьесадағы күлкі комедия шығарам деген жайлардан байқалады.

Аты комедия болғанмен «Гүлден даладағы» күлкі не қуантпайды, не жирентпейді. Көбінше дәрменсіз, тек зорлықпен ғана, болымсыз ғана езу тарттыратын, тұздығы татымсыз күлкілер. Өмірдің өзіне нық байланысты терең шындықтан туған күлкі болса, бір сәрі еді. Бұл шығармада және де «кей пьесалар, кейбір спектакльдер осылай күлдіруші еді ғой» дегендей өмірден гөрі тағы да бөгде шығармалардан ауысып жүрген әдебиеттік кезбе күйлер, литературные реминисценции көбірек көзге түседі.

Адамның күлкі жөнінде қолданған тілі, сезім, сөздігі бәрі де зорланып шығып, қонымсыз болады да қызықтыра тартпайды. Міне осы жайдың және жоғарыда айтылған үстірттік әдеттің аса бір сәтсіз, өрескел көрінісі Әбділданың соңғы пьесасы «Дубай Шубаевич» тұсында бір араға түгел жыйылған. Бұл пьеса сол себепті жұртшылықты әсіресе қатты түңіліп отыр.

Белинский: «Анық көркем комедияның негізінде терең мәнді мысқыл жатады атаулының дінгегі кейіпте (характерлерде) болғанда, адам бейнесі көркем боп қалыптану шарт, жалған түрде жаннан жасалған болмау керек. Ал, «Дубайдың» бар адамы сол жалған, жасанды жандар. Белинский және де: «Шын таланттың әр адамы — тип» десе «Дубайдың» бар адамынан бір тип шықпаған.

Гоголь, Шедрин аттарын ауызға алғанда комедиядан не талап етілер еді? Ең алдымен бейнелеген кейіпкерде қоғамдық типтік сыйпат болсын, дейді. Драмалық коллизияда (қақтығыста) конфликте биік сапалы мысқыл мен қоғамдық мазмұны, тереңдігі Гоголь үлгісінше үйлесіп келсін, дейді. Міне осы сыйпат, қасиет орыс комедиясының реалистік және ұлттық белгісі боп еді.

Жолдастар! Мен қазақтағы жас комедияның кәрі әз-

рейілі болғым келмейді. Ол рольде әрине, қадір де, қасиет те жоқ. Бірақ сонда да қазақ совет комедиясы дегеніміз «Дубай Шубаевич» болатын болса, бұрынғыша айтқанда, оның «бетінен жарылғасын». Кей жазушылармен әсіресе, искусство адамдары «Шубайды» шәлей мақтаса да, тумай тоқтап тұр. Солай болмасқа әдді жоқ.

Бұл пьеса жөнінде конфликт жайын, типтік ерекшелік жалпы пьесаның архитектурасын айтып, атап жатудың қажеті жоқ. Мынау сәтсіз, теріс шығарма, тұтасынан алғанда жасанды, жалған, фальш іргесіне құрылған. Сондықтан бұнда шынайы сән де, мән де жоқ.

Сатира жөнінде сан цитата тапқанмен ешуақытта «сатира сатира үшін» бола алмайды. Сатираның стилі әсірелеуді, ойнақыны, жеңілдікті кешірсін-ақ. Бірақ сонда да сатира әсте өмір шындығынан тыс тұрған жайдан тумайды. Қайта өмірдегі мол міннен, сан сорақыдан, көп көргенсіздіктен туады. Соларды жыйып топтайды да, сатира обобщение жасайды.

Жә, «Дубай» осы жағынан қарағанда қай өмірдің іргесінен туды?

Қазақстандағы жап-жас қана ғылым майданының айналасындағы қандайлық қаптап кеткен сорақы шындықты әйгілемек болды? Сондай сорақылық, сол майданда анығы осылай-ақ бар ма еді? Жоқ, ондай күй біздің өмірде жоқ болатын. Ендеше пьесаның негізі жасанды, фальш. Аталған фальштің үлкені — пьеса өмір шындығынан мүлде жұрдай. Себебі, дүние жүзінде осы пьесада суреттелгендей институт жоқ та, ондай оқымыстылар да болмайды. Анығында бүкіл советтік Қазақстан топрағында облыстық емес, ВАСХНИЛ филиалында бір ғана мал өсіру институты бар. Ол, Қазақстан ғылым орындарының ішіндегі мақтанышы боларлық институт қайсы десе соған татыйды. «Дубай» пьесасының көрсетпегі сол институт десек, ол жала.

Бұл тұста әдеттегі обобщение дейтін ұғымды қолдануға келмейтін бір жай бар. Себебі: егер дүниеде бірден-бір ғана, мысалы қазақ университеті, қазақ консерваториясы, қазақ филармониясы болса — сіз пьесаңызды сол орындардың бірінің атын атап сын-сатира жазсаңыз, «айтқаным обобщение — сендер емес» деген жалтаң сөз жауап болмайды. Атын атап айыптаған коллективіңіз алдында (ия, коллектив, өйткені институттың директоры, орынбасары, сектор бастықтары, кіші қызметкерлері бір

жағынан кеңсе ішінде және де көрсетілсе, оның коллектив болмасқа шарасы жоқ) міне сол коллектив алдында жаңағы айтқандай айыпғағаныңыз үшін сіз морально жауапкерсіз. Сөйтіп, сіз не шынды айттыңыз, не жала жалттыңыз.

Ал осы тұрғыдан қарасақ, не көреміз? Өмір шындығын тану, таныту былай тұрсын, пьесаның өнбойындағы тартыссымақ оқыйғаның бәрі тек бір ғана ойдан шығарылған қылмысты ғана таратып баяндайды. Онысы институтқа, жаңағы ғылым орнына тек қана обывательдің жапқан жаласы. Негізгі осы болған соң конфликті де жалған, адам да жалған — жанды қуыршақ. Совет комедиясы дамығанда социалистік реализм негізінде өркендейді десек, бұл пьеса ол арнадан мүлде алыс, ерсі, қарсы жатыр.

Жә, «Дубай» пьесасының осылай шығу себебі не? Себебі: тағы да Әбділдәнің өмірден, шындықтан негіз нәр алмай және де формалистік, натуралистік еліктегіш әдетке басуында.

Реалистік комедия, бағалы сатира осындайда туа ма? Тумайды әрине. Сөйтіп пьеса жазу тәжірибесіне қарағанда Әбділдә жауапты жанр жөнінде терең ойлап жазып жүрген жоқ, осы жанрмен ойнап жазып жүрген тәрізді: «Олай да жаза алам, бұлай да жаза алам» деген тәрізді, пьесалар жазудың сыртқы приемдарына машықтанып, пьеса жазу формасын меңгеріп алған да жаза салатын болған. Міне Әбділдә жазған жасанды пьесалардың осындай өкінішті шыны бар сыяқты.

Біз Әбділдәнің драматургиядағы қатесін қатал сынап, қатты айтып отырмыз. Бұның себебі мұқату да, құрту да емес әрине. Менде «үйтем» дерлік ниет болған емес, болуы мүмкін де емес. Бірақ біз есеп беріп отырған дәуірде анық даусыз, екі үлкен өрескел творчестволық қате жіберіп отырған жазушы Әбділдәға өзгеден бөлегірек, қаталырақ талап айтылмаса, онда біздің жіксіз, жалтақсыз сын айтамыз дескеніміз бекер. Әбділдәдан таланты, шеберлігі көп төмен жүрген драматургтерге біз осы баяндамада жеңілірек сын айтуымыз мүмкін. Ол да бұрғандықтан емес. Сол жазушылардың солғын жазса да, міні Әбділдә мініңдей болмағанынан. Ал осының үстінде «Бұл сынды бұрын неге айтпадың?» дейтіндер болар. Бұрын Әбділдә ғана емес, тіпті бүкіл қазақ драматургиясы туралы дәл осы баяндама тұсында болмаса мен үңіліп ойлап, желілі сын тізіп, барлап көрген емеспін.

Сондықтан көп нәрсе туралы жеңіл ғана, сырт қана бір-екі ауызша сөз айтқаным болмаса, тереңдеп ойланып, жазып таратып сөйлеген де емеспін. Сол ретте кейде сын пікірім, кейде сынсыз сүйсінген қате пікірім де дәлелденбей, таралып ойланылмай селқос жүре берді. Мысалы, мен «Біз де қазақпыз» туралы Орталық Комитеттің қаулысына шейін тәуір пьеса екен деп өзім де қателесіп жүргемін. Енді міне бүгін ғана бар ойым, сынымды таратып, желілеп айтуға тура келгенде Әбділдә жөнінде де, өзге бұрын өзім пікір айтып көрмеген пьесалар мен авторлар туралы да ойдағы шынды, сынды өз түсінігім шамасынша негізді сын тұрғысынан шолып өтпек болдым.

Тағы бір ауыз көлденең бір жай жөнінде... Жоғарыдағы тәрізді шыннан туған қатаң сөздерді сыналушы жазушылар «қастан сөз» деп түсінбес деп сенеміз: Сонымен қатар оларға деген сын сөзді, «ежелгі бір есептердің керегіне жаратам» деп, сыналатын жолдастарды түйгілей түсуді ойлайтын жандар да болмас деп білемін. Бұл жайлардың не бірде-бірі, не екеуі де бола калса, ол біздің әлі де, жақсы күннің өзінде де жақсы сынға, жақсы көңілмен жете алмай жатқанымызды білдірер еді. Өкініш үлкені де болар еді.

Осымен драматургияның өзіне нақтылай оралғанда қазақ совет драматургиясына едәуір шығармаларымен атсалысқан Сәбит Мұқанов туралы біраз пікір айтып өтеміз. Сәбит қазақ мәдениет тарихында және Бүкілодақтық совет әдебиеті көлемінде еңбегінің салмағы зор жазушының бірі. Ол, жолы кең жазушы болғанда әдебиеттік бар жанрда көп-көп шығармалар жазған жемісті, өнімді жазушымыз. Рас, Сәбиттің драматургиядағы орны оның поэзиядағы, прозадағы орнымен бара-бар емес.

Біз драматургиядағы Сәбит еңбегін ең алғашқы бір шығармасы мен қазіргі ең соңғы шығармасы екеуін шолып талдаумен сыйпаттап ұғынбақ боламыз. Ең алғашқы шығарма дегеніміз — «Күрес күндері» атты пьесасы.

«Күрес күндерінде» көрінген конфликт, адам мінездері шындықтан бірде-бір кез оқшау, шалғай кетпеген. Сәбит тегінде реалист жазушы. Ол, анық өмірге жақын етіп алған адамдарына аса қонымды, нанымды тіл де, сөз де, сезім мен іс-әрекет те бере біледі.

«Күрес күндері» пьесасы типтік жағдайда қалыптанған типтік кейіптерді сол пьесаның бас геройы Жақыптың бейнесінен де, жағымды герой, халық өкілі кедей Қыстау-

бай бейнесінен де нанымды етіп көрсеткен. Осы екі герой Сәбиттің кейін прозалық үлкен шығармаларында да үнемі көрініп жүретін, революцияның алғашқы жылдарындағы қазақ еңбекші ауылы тудырған шынайы, толыққанды образдар.

Реалистік пьеса жасау жолында алғашқы елеулі бір табысты «Күрес күндерімен» танытқан Сәбит кейінгі көп жылдар бойында сол алғашқы табысының бетімен үдеп өрлеп кете бермеді. Жалпы алғанда келесі көп жылдар бойында Сәбит жазған бір топ пьесаның бәрі де сол, солғын, сәтсіз шығармалар боп келді. Бұның себебі, Сәбиттің кейде өзі мейлінше бар сезімі, демі, тілі, әрекетімен қақ қарсында тұрған шын өмірдің шынайы адамын жасай біле тұра, бірақ сол бейнелерді бірталай кездерде шегінен асырып, жалған жайға жасанды оқыйға, ертегі тәрізді қызықсымақ күйлерге бұрып әкетеді. Сәбитте бұл жағына келгенде, көбінше натурализм, арзан қызық қуған үстірт схематизм дендеп кетеді.

Сол жай пьесаларынан да жеңіл жазылған қалыпта байқалып отырады. Өзі негізінде өмірді сонша жақсы білетін және барынша шыншыл реалист жазушы жаңағыдай жаңсақ бояу, жасанды жайлармен өзіне залал келтіре береді. Өмір шындығының үстіне оқушысын, көрушісін не қыса естен тандыра елтітіп алмақ боп, өз бояуына, өзінің шындық материалына өзі сенбей кететіні бар. Міне, осы жай Сәбиттің соңғы драмалық шығармасы «Шоқан» пьесасының алғашқы варианттарында тағы да көріне жүрді. Қазір осы съезд қарсаңында «Әдебиет және искусство» журналының жетінші санында «Шоқан» пьесасының әзіргі соңғы варианты басылып шықты.

«Шоқанда» да Сәбиттің реализмі, шығарманың маңызды, шыншыл, қонымды қасиетін, жақсылығын қалыптаған, Қазақ тіршілігіне, тарихына жақын қабысатын қалалық, семьялық, қоғамдық, тарихтық және жеке адамдық болмыс шындық пен қарым-қатнастарды суреттеген жағында, пьеса жақсы шыққан. Мысалы, Шоқан, оның әкесі Шыңғыс, шешесі Зейнеп, Мұса бейнесі, Айжан, Жайнақ, Малтабар, Ерден образдары өздерінің бар рольдерімен сезім, сана, психологиясымен анық реалистік қалыпта бейнеленген. Сол ретте генерал Гасфорт, Фредерикс, Катерина Гутковская, Лиза образдары да қазақ бейнелерінен басқаша мінез, машықтарымен сөз, сезім өзгешеліктерімен жанды, нанымды бейнелер болып қалыптанған.

Қысқасы Омбы қаласын, қыр жағдайын, тарихтық салттық заман шындығын, сол замандағы жаңағы аталған адамдардың басқаша психологияларын Сәбит реалист жазушының алғыр өнерімен сенімді бейнелеген. Бірақ осындай жақсы сыйпаттарымен қатар, «зор адам жөніндегі ұлы нысана, реалистік көркем шығарма ретінде ойдағыдай шыққан ба?» десек, бұл қалыпта «Шоқан Ұәлиханов» атты пьеса әлі көп жағынан жетісе алмай, толыса алмай тұрған сыяқты. Осы кемшіліктің екі себебі бар.

Бірінші себебі—пьеса қанша айтқанмен шақ мезгілдің, шағын материалдың көлемінде қызық құрылады. Ал Шоқан деген тақырып, оның барлық мол арналы, әр тарау өмірін алсақ, бір пьесаға әсте сыймайды. Пьеса үшін Шоқанның не Омбы дәуірін алып қана, немесе Түркстанға қарай аттанған жолын ғана суреттеумен, көп түйінді сол кезеңдерге түйіп беру дұрыс болар еді. Әрі Омбы, әрі Петербург пьесаның ішіне кірген соң екі қалада, екі бөлек қауым ортасында алыс-тартыс, тірлікке араласып жүрген Шоқан өмірі екі пьесаның тақырыбы боп кетеді. Себебі, екі қалада бірінен бірі бөлек екі топ адам шығады. Осындай үлкен материалдың бар бойын пьесаға сыйғызам деп, тартыс оқыйғасын көпсітіп, далыйтып алу — драмалық құрылыстың заңына қайшы келіп жатыр. Бұл бір себеп.

Екінші себеп — Сәбит осы пьесаның әр вариантында орыс тарихындағы, Россия көлеміндегі аса ірі адамдардың атына құмар. Солардың әрбір оқушы меі көрушінің санасында салмағы зор екеніне сенеді де, Сәбит «сахнаға өздерін кіргізсем болады» деп ойлайды. Драмалық белі бекіп, идеялық еңсесі көтеріледі, биіктейді деп сенеді. Ал шынында осы пьесаға Семенов-Тянь-Шанский, Чернышевский, Александр II патша, Авдотья Панаева, Потанин тәрізді адамдардың бір-бір суреттерде, немесе екі суретте араласып, тез жоғалып кетіп отыратыны шығарманы қатты әлсіретеді.

Жаңағы адамдар пьесаның ішінде тартысқа, драмалық анық шиеленіскен түйін, тартысқа араласпайды. Олар романда келетін: кең, баяу, ұзақ-сонар жайлардың тұстарында көрінеді. Өздері және пьесаның басында экспозицияда көрінсе бір сәрі. Анық драмалық тартыстың заң бойынша ең қатты шыйрап, шырқап құмарланып өсетін кезеңінде сахнаға шығады да, бар оқыйғаны, драмалық түйінді тартыс қалпынан жадыратып әлсіретіп, сейілтіп

жібереді. Тартыс суынып кетеді. Себебі, бұл адамдардың пьесаға араласуы драмалық түрде емес, хроникалық, эпикалық түрде араласу болып отыр.

Осылайша пьеса реалистік пьесаның жанрлық заңдарынан шалғай басады. Өмірлік материал пьесаның ең жауапты тұсында драматургиялық заңда қалыптаспай, натуралистік, шикі материал қалпында қалады. Өмір шындығы мен драмалық шығарма көлеміндегі көркемдік шындығы қабысып, табыса алмайды. Сырттан зорлықпен жанастырған жапсырма боп сезіледі.

Сөйтіп, реалистік пьеса жазуға мүмкіншілігі жете тұрған күйде жазушы драматургияның даусыз, талассыз заңдарын орындамау, қабыл алмау себепті шығармасына шикілік, жетіспегендік қалпын әкеледі. Міне, реалистік шығарма жасау жолындағы олқылық пен кедергінің бір алуаны осылай болатынын біз Сәбиттің «Шоқан Уәлиханов» атты пьесасынан осындай күйде көреміз.

Қазақ совет драматургиясында, соңғы 15 жыл ішінде он шақты пьеса жазып, көрнекті табыстар танытқан қазақ драматургінің бірі — Әлжаппар Әбішев. Әлжаппар көбінесе драматургияда қыйын жанрда үздіксіз әрекет етіп келеді. Тақрып жағынан қарағанда бұның шығармалары тегіс совет дәуіріндегі болмыстан, табыс, тартыс шындығынан алынған.

Отан соғысынан бұрынғы дәуірдегі Отан қорғау тақырыбы. («Отан үшін»), совет азаматтарының достық бірлігі («Жолдастар»), Отан соғысы үстінде болған еңбек ерліктері («Достық пен махаббат»), шаруашылық құрылыс майданындағы жеңіс, жетіскендіктер («Қырағылық»), ауыл-шаруашылық болмысындағы жаңалық өрлеу табыстар («Бір семья»). Содан Отан соғысынан кейінгі бесжылдықтағы ғылым, өнер қайраткерлерінің халық шаруашылығын өркендету жолындағы әрекеттері («Әке үкімі»), бейбітшілік күрес жолындағы сақтық пен қырағылық тақырыптар — барлығы да Әлжаппар пьесаларының соқталы өзектері, арнаулы арқалығы болып келген.

Осы тақырыптардың ішінде әсіресе, бір тақырыпқа Әлжаппар бірнеше пьесасында және прозалық шығармасында көп оралып соғып отырды. Онысы — Қарағанды тақырыбы. Сондағы жұмысшы табының тірлігі, тартысы, табысы, өсіп-өрлеуі Әлжаппардың бұл бір топ шығармаларының көрнекті арнасы болды. Осы жөнде бұл жазушының еңбегіне тікелей қатысы бар «Правда» газетінде июль

айында жазылған Н. С. Тихоновтың мақаласын еске аламыз.

Ол мақала қазақ әдебиетінің, әсіресе проза саласының өскенін атап өткен еді. Және де сол өсудің елеулі бір ерекшелігі есебінде «жұмысшы табын көрсететін шығармалар туды» деген. Осы тақырып Әлжаппар шығармасында көп жылдан бері үзілмей келе жатқан анық өзекті арна. Рас, Қарағанды сыяқты кен ошағында азаматтық, отаншылдық жаңалық жақсы ұрандар жолында жасаған тартыстар Әлжаппар пьесалары мен прозалық шығармаларында көп қайталап отырса да, қадірлі қыйын тақырып, бірталай шақтарда Әлжаппарда да сәтті болып, ойдағыдай толықтық, көркемдік тауып шыға алған жоқ.

Бұл жөнде мысалы «Жас түлектер» романы едәуір күрделі өмір жайын қамтығанмен, биік дәрежелі көркем шығарма боп қалыптана алмады. Қарағанды тақырыбына алғаш жазылған Әлжаппар пьесалары да ойдағыдай өрістен табыла алмады. Бірақ өмір материалын талмай зерттеу, іздену арқасында және өз тақырыбын барынша сүйіп, соған барымен беріліп іздену соңында ақыры, Әлжаппар өмір шындығы мен көркем шығарма шындығының тоғысқан түйінін таба білді:

Ұзақ еңбек нәтижесінде Әлжаппардан анық реалистік үлгіде қалыптанған бір де болса ойдағыдай көркем шығарма туғанын көрдік. Ол, тағы да сол Қарағанды тақырыбына қайталап, еселеп ізденіп жазу нәтижесінде туған «Достық пен махаббат» пьесасы. Әзірге совет тақырыбына жазылған қазақ пьесаларының ең тәуірі, ең тұрақты көркемдік сыйпатқа ие болып шыққаны осы «Достық пен Махаббат» деп білеміз.

Ауыр да болса әділін айтуға тура келген шақта, біз даусыз мойындайтын екі түрлі шындық бар. Ең әуелі қазақта драматург саны көп болмағанмен, және ескі тақырыптарға едәуір тәуір шығарманы тудырғанмен, көпжылдық драматургиялық стаждары бар, тәжірибелері бар: Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсрепов, Сәбит Мұқанов тәрізді жазушылар жаңа тақырыпқа ойдағыдай, тұрақты, жақсылық қасиеті мол шығармалар бере алған жоқ.

Екінші және көңілсіз де болса мойындайтын бір жай— қазақ совет драматургиясының соңғы жылдардағы жаңалықтары, соның ішінде Әлжаппардың өзінің жазып жүрген пьесалары да, сол ертерек кезде жазылған «Достық пен махаббаттың» теңіне, шеніне бара алмай, жете алмай

жүр. Әсіресе соңғы жылдардағы сатиралық комедиялар үлгісінде жазылған қазақ пьесалары шынында да ерте кездерде жазылған «Күрес күндері», «Аманкелді», «Достық пен махаббат» дәрежелерінен көп төмен шығып жатыр.

Бұл жай, орыс совет драматургиясының кей жағдайына ұқсайтын жайдың бірі. Орыс драматургиясында да соңғы жылдардың конфликтсіздікке, сатиралық комедияға бағытталған шығармалары жыйырманшы, отызыншы жылдар тудырған советтік классикалық пьесалардан төмен болудың үстіне, Ұлы Отан соғысы кезінде туған «Фронт», «Нашествиелерден» де сонауғұрлым әлсіз ғой.

Осы бір жағымсыз жай біздің драматургиямыздағы бірнеше автордың еңбегіне жайыла көрінді. Ал «Достық пен махаббатты» бұл жағынан карасак, ондағы конфликт өте нық шиеленіскен берік тартысты баян етеді. Ондағы жағымды-жағымсыз елеулі образдардың, мінездердің көбінде анық типтік сыйпаттар бар. Осындай драматургиялық элементтері берік материалға сүйенгендіктен бұл шығарма сюжеттік жағынан мейлінше қою, қалың оқыйғалы келісті боп шыққан.

Екі съезд арасындағы елеулі табыстарымыздың анық бірі осы пьеса екенін бағалаумен қатар бұнда да кейбір кемшіліктер барын атап өтеміз. Ол, Әлжаппардың соңғы уақытқа шейін жазып келген көп шығармаларында басым болып көріне жүретін бір бояудың жайы. Анық реалистік шығарма толық күйде қалыптанғанда адамның аузынан шығатын сөз бен іштегі сезім, ойдың бәрінде бұлжымай «рас, осылай» дегізіп, бас идіретін нақтылы дәлдік болу шарт. Пьесада сол өлшеу-мөлшерлер аптека таразысына өлшенгендей өте шетін, нәзік нақтылықты сақтау қажет.

Әлжаппардың ең жақсы пьесасының өзінде де мысалы, орыс адамы Миронның сөйлеу, ойлау тілінде анық орыс адамының психологиялық, ұлттық өзгешелік ерекшеліктері, аса шартты, қажет ерекшеліктері дәл шыға бермейді. Қазақылану көбірек болады. Екінші, кейбір адамдары өзінің ішкі сырын, көңіл күйін айтар шағында әсірелеп, лепіре жалындап кетеді. Осы екі жайдың екеуі де, әсіресе пьесада тілдің, сөздің ең талғағыш таразы болатын ерекшелігін ойдағыдай ескере алмай жатқандықты көрсетеді.

Біз Әлжаппар жазған «Бір семья», «Күрес әлі біткен жоқ», «Әке үкімі» тәрізді пьесалардың бас-басына талдау айтпаймыз. Бар пьесаның көбіне ортақ бір жақсылық пен

бір кемшілігін атай кетеміз. Жақсылығы — Әлжаппар шамасы жеткенше, барынша, конфликтін нық шиеленістіріп алуға тырысады. Адамдарының тартысы, өмірлік қатан, шыйрақ тай-таласқа арналады. Бұнысы шығармасының қызықты, сюжетті болуына көп көмек етеді.

Бірақ мықты конфликт, қызық сюжет іздеймін деп, кейде Әлжаппар «Әке үкімі», «Күрес әлі біткен жоқ» сыяқты пьесаларында өмір шындығы жағынан даулы көрінетін жасанды, шытырман оқығаларға қызыққыш боп жүр. Осы жайды бұл жазушы жалаң сюжеттілік іздеу қалпынан гөрі өмірге нық, берік байланысты сюжеттілікке қарай ауыстыруы керек.

Әлжаппар тәжірибесінен реалистік пьеса тудыру шарты осындай жайларды талап еткізеді.

Әлжаппар тәрізді, өзінің жазушылық талаптарын, көп жылдық іздену еңбегін тек қазақ совет драматургиясына арнаған жазушының бірі — Шахмет Хұсайнов. Шахметтің қаламынан туған пьесалар саны онға жуық. Бұл есепке ол жазған колхоз-совхоз сахнасына арналған бір-екі актілі шығармалардың санын қосып тұрғамыз жоқ. Шахмет те — тарихтық революциялық тақрыптағы Аманкелді жайындағы пьеса мен «Алдаркөсе», «Шаншарлар» тәрізді, бұрынғы тақрыпқа жазылған пьесалары болмаса, тегінде негізінде көбінше бүгінгі советтік, жаңа тақрыпқа жазатын жазушы.

Шахметтің үш шығармасында елеулі табыстық, жазушылық өнер көрінді. Бұлары — «Алдаркөсе» комедиясы, «Сахара үстіндегі жалау» атты, Аманкелдіге арналған тарихтық пьеса және соңғы жылдарда сахнаға шыққан сатиралық комедиясы «Көктем желі».

Жалпы Шахмет еңбектерінен осы үш шығарманы елеулі еңбектер дегенде де, біз осы шығармалардың сапалары әралуан, әр сатыда, әр дәреже тәуірлікте тұрғанын еске ала сөйлейміз. Осы жөннен қарағанда «Алдаркөсе» гротеск — комедия есебінде, жанрлық ізденулері бар, фольклор күлкісіне заңды, қонымды түрде қабысып шыққан, әсірелеген сықақ есепті болады. Халықтың қоғамдық мазақ, әзілін творчестволық түрде жеңіп меңгерген табыс бар.

Бүгінгі тақрыпқа жазылған «Көктем желі» атты комедия «Алдаркөседен» стиль, әдіс жағынан мүлде басқа шыққан. Ол, комедия стиліндегі реалистік жанрға көп сыйпатымен көңілдегідей қонымды боп шыққан. Қазіргі

қатаң сыналып жүрген фальштік тартысқа, іске, мінезге құрылған соңғы жылдар комедияларынан «Көктем желінің» көп жақсы айырмасы бар.

Шахметтің пьесасында жағымсыз адамдардан, Мойтық, Шаймұқандардан жағымды адамдар ортасы сонағұрлым көп. Олар күшті, есті және салмақты істермен, сөз, мінездермен, анау құнсыз бірлі-жарымды қатты қағып, өздері де әйгілеп, әшкерелеп жүреді.

Сатиралық комедия атаулыда күлкіге, мазақ-ажуаға ұшырайтын ескінің қалдықтары болса, тегінде олар бір пьесаның ішінде жалғыз өздері билеп-төстеп, тайрандап жүрмеуі керек. Олардың сұмдығы мен құнсыздығы совет көрушісіне, оқушысына сол пьесаның өз ішінде жерленіп, шенеліп, қаққы-соққыға айқын ұшырап отыру шарт. Оларды көріп отырып оқушы мен көруші қолма-қол жиреніп, өкімін айтып, сол сорақылықтан, ластан, шылықтан жирену үстінде өзі биіктей, өскелеңдей ағара түсу қажет.

Шахмет пьесасының әшкерелеу зілі де, тәрбиелеу өресі де осылай лайығынша екі жақты, салмақты және реалистік шығарманың қалпына лайықты, нанымды боп шыққан. Рас, бұнда бір колхозға екінші колхоздың жер жыртып беретін көмегі өмірдегі шындыққа ойдағыдай үйлес шықпаған деген дау бар. Бұл драматургиялық құрылысқа соншалық үлкен мін, нұқсан болатын жай деп ойлауға келмейді. Ол туралы тек сол колхоздың бірі-біріне көмек беруін аудан арқылы, немесе МТС ретімен дәлелдей түсу керек еді, деген ғана ескерту айтса жетерлік.

Мен бұл пьесаны реалистік биік сыйпатқа жеткізбей тұрған жай, жалпы Шахметтің пьеса жазуда қолданатын тілінде, сөз әлпетінде дер едім. Шахмет «Көктем желі» пьесасында кейіптердің (характерлердің) және халдің (положениенің) күлкі жағдайларын тапқанмен әр комедияға өзгеше шарт міндет болатын тілдің, сөздің тапқыр, өткір құлпыра құбылып тұрған татымды күлкісін жеткізе алмаған.

Сондықтан осы пьесадағы бірде-бір адам айызынды қандырып айтқан бірауыз «алып соққандай» дейтұғын әзіліне, мысқылына, тапқыр сөзіне, қырғын қалжыңына тап бола алмайсың. Оның орнына күлкі көбінше тек қана хал күлкісі болады.

Осыған жалғас Шахметтің драматургиядағы тәжірибесі жөнінде бір үлкен сын талапты айта кету шарт. Шахмет драматург болса да, тіл жағынан драматургиялық шартты

терең ұғынып, түгел баурап ала қоймаған. Бұның ең анық жайы әсіресе Шахмет жазған ең бір жауапты тақрып, Аманкелді турасындағы «Сахара үстіндегі жалау» атты пьесада аса айқын көрінеді. Ол пьесада Шахметтің тілі екі алуан. Мысалы сондағы Шоң, Әбдіғапар сыяқты адамдар өздеріне өте лайықты тілмен шешен тапқыр сөйлеп, әр диалогін нысанаға дөп тигізіп отырады.

Ал әңгіме тек жағымды герой Аманкелді, Кәрбоз, немесе Армия бастығы (командирі) сыяқты адамдарға қарай ауысса болды, Шахметтің тілі толып жатқан фальш, жасанды күйге түседі. Үнемі бір жалған пафос, жасанды ой, сезім, сөйлемдер бірі үстіне бірі ошарылып, аса нанымсыз, келеңсіз боп кетеді. Мысалы, 14 бетте Аманкелді: «...Түбінде Қанайдың қаны үшін оқ аузына оралатыныңды ұмытпа!» 15-бетте: «Торғай даласының шаңын аспанға шығармай, бауырдан қан ағызбай қолдарыңа түспеспін...» немесе 29-бетте Аманкелді сөзінде: «сұм ойларыңның астында сорғалаған көз жасы ыз ба еді...» деген сыяқты көптірме, жасанды, жалған жалындар көп.

Осындай жалған пафос, жалаң фальш атаулыны Армия командирінің аузынан сәт сайын естисін. Армия командирі 40 бетте Аманкелдіге: «қыран екенінді сезбесен, қыяға қанат серіппейсін. Алысқа көз жібермейсің, көк-тен төмен сорғалап жауыңа да төне алмайсың, сыға алмайсың өкпесін».

«... Сенің томағанды біз емес, Ленин мен Сталин сол үшін сеніп сыпырып отыр». 42-бетте Армия командирі: «... Мына қайқы болат қылышты сізге сыйлаймын!» — деп таза қазақ фольклорының тілімен сөйлейді. Және 42-бетте тағы сол «Көп жұлдыздың ішінде темірқазық жалғыз-ақ, жалғызым деп сақта!» дейді. Немесе Аманкелді 72-бетте: «басқан ізіңе жеміс екпей, дерт егетін ежелгі әдетің еді» — деген тәрізді ақылға сыймайтын алыпқашпа, жалған бояумен жалындайды.

Ізіне кісі жеміс еге ме сірә, оған ешнәрсе шыға ма? «Ізге дерт екенен» деген қандай логика, образдық логикаға сыяды? Осындайдан барып кесек образға жалған, жасанды бояу интонация жабысады. Ол образды әлсіретеді, ол образ пьесаны жүдетеді. Сөйтіп келіп ойдағыдай реалистік пьеса боп шығатын тақрып Аманкелдіге «Шамаң келді» дегенді бұл авторға да айту қиын. Жанағы сөз мысалдарын көп келтірген себебіміз, Шахмет қазақ драматургиясында, біздің бәріміз бір кезде көп тұтынған

жалған пафос, көптірме сөзді көпке шейін қалдырмай, тастамай, шектен шығара көп қолданған жазушы болатын. Сол сыйпаты мына кейін жазылған ең соңғы және біздің білуімізше барлық Шахмет еңбегінің ең көрнекті, көңілді табысы «Көктем желі» комедиясының өзінде де білінеді.

Сөйтіп тіл жайы Шахметтің әлі аса зерлеп, ерекше көп ізденуі қажет екенін байқатады. Тегінде Шахмет өзі бар күшін, ізденулерін көп жылдарын арнаған ауыр жанр, қадірлі жанр драматургияда дұрыстап тіл таппай, үлкен өнер таппайды. Ол жазған пьесалардың реалистік шарттарға шеліктен толық сай бола алмай жүргенін осымен байланысты деп білеміз.

Қазақ совет драматургиясына күрделі бір ғана пьесамен атсалысса да, сол бір шығарма көлемінде өте салмақты және үнемсозар өнер танытқан жазушының бірі — Ғабиден Мұстафин. Біз еске алып отырған оның көлемді, драматургиялық еңбегі «Миллионер» пьесасы. Бұл шығарма реалист жазушы Ғабиденнің көркемдік, идеялық үлкен табысы деп саналған, көп тілдерге аударылып, көп елдер оқушыларына мәлім болып, мақтау алған «Миллионер» повестінің тақрыбына жазылған.

Екі шығарма көлемінде де жазушы Ғабиденнің нанымды, көркем жаңалық туғыза білетін алғырлығы айқын көрінеді. Сонымен қатар осы екі шығармада және де Ғабиденнің сюжет құрудағы, әсіресе тартысты тараудағы кемшілік олқылығы да байқалады.

Драматургия жайың сөз қылғандықтан біз «Миллионер» пьесасына жаңағы екі тұрғыдан талдау жасап көрейік. Реалистік көркемдік «Миллионер» пьесасының ең алдымен өмірлік шындыққа нық байланысты бекем негізінде. Өмірлік болмыс тұрғысынан қарағанда әрі көркем нанымды және соның үстіне орамды, шебер түрде қамтылған шындықтар бар. Замандық, қоғамдық, ішкі психологиялық сыйпаттарды тартыс үстінде, әр кезеңде, көңілдің әр сәтіне орай келетін тілмен өте орынды таратып беретін келісімдер бар. Жарастық, келістілік бар. Әсіресе Ғабиден творчествосының ең асыл қасиеті — адамдарының аузына оралатын, өз лайығымен берілетін тілде. Сол ретте Жақыптың аузындағы сөздер, Жомарттың тілі, өз орнында Алманың, Жанат сыяқты адамдардың сөйлейтін тілдері, бүгінгі такрыпқа жазылған бар-

лық қазақ пьесаларының ішіндегі ең шебер, тапқыр ойлы, тартымды сөздер деуге болады.

Кей жолдастардың: «Ғабиден шығармаларында геройларға берілген тіл мен сөз өмірдің дәл өзіндегі колхозшылардың, көпшіліктің сөйлеп жүрген тілінен артығырақ, әсемірек» деп, соны күндік етіп айтатыны болады. Біздіңше бұл орынды, дәлелді күдік емес. Қайта Ғабиден шығармаларының қазақ совет әдебиетіндегі аса айқын озғын қасиеттерін дәл бағаламау, танымау болар еді.

Анығында жазушы өзі суреттеп отырған халықтық, қоғамдық ортаның жағымды адамдарына шешен, тапқыр, ойлы, көркем тіл бітіре білу керек. Қай заманда болса да халықтың ішкі қасиетін көркем шеберлікпен сыйпаттайтын, бағалы еңбегі бар жазушының бәрі де, сол халықтың жүрегінде жүргенін тіліне оралтады, ойында дәл қалыптанып аталып, таңбаланып шықпаған, бірақ санасының түкпірінде тұнып жатқан шындығын тапқыр ой етіп көркем сөз, монолог, диалог етіп паш етеді емес пе?!

Сол ретте Ғабиденнің Шығанаққа, Жақыпқа, Амантай мен Жомартқа, Жанат пен Алмаға, Жанботаға ойлататын ойлары, сездіретін сезімдері, сөйлететін сөздері соншалық қонымды, келісті қалыптанады. Осылар сөйлейтін тілдегі әралуан айтқыштық пен тапқырлық, дәмділік біздің бүгінгі колхозды еліміздің өскелең жұртшылығының өсіп көркейген, шеберленіп өнерленген тілі болуға мейлінше үйлеседі.

Сол сыйпатының өзімен «Миллионер» пьесасы қазақ сахнасына соншалық қонымды, орамды, соны тіл алып шықты. Бұнысы «Миллионер» пьесасының оқшау, үздік шыққан қасиеті, анық жақсылығы болатын.

Бірақ сонымен қатар және айтуға тура келеді, «Миллионер» пьесасы осындай бағалы қасиеттері бола тұра екінші бір жағынан ойдағыдай жерден шыға алмай, олқы соқты. Онысы, пьесаның сюжеттік драматургиялық тартыс, құрылысының біртұтас толық шебер құрылысқа жете алмау себебінен.

Бұл пьесаның тартысы соңғы актілерге ауысқанда әлсіреп, босаңсып, нашарлап кетеді. Ал осы жемшілік пьеса «Миллионер» ғана емес, повесть «Миллионердің» де елеулі олқылығы еді. Әрине, тартыс драманың аяғына қарай өскелеңдеп, үдеп ширығып, өрлей түсудің ор-

пына босаңсып, жайылып, баяулап, ыдырап кетсе, қандай жақсы адамдар, қаншалық жақсы тіл мен оқыйғаға араласса да, пьеса олқы соға береді.

Міне, реалистік шығарма жасау жолында кейбір күшті, ерекше элементтерді ойдағыдай табыстай әкеле білген Ғабиденнің сол ауызға аларлық тәуір пьесасының өзі де анық, толық реалистік пьесаның өрісіне жете алмай тұрғанын көреміз.

Қазақ драматургиясының екі съезд арасында ізденіп өсу жолында бірнеше сәтті-сәтсіз пьесаларымен әр кезде ілесіп отырған драматургтың бірі — Мұсатай Ақынжанов. Өзі тарихшы — жазушы болғандықтан Мұсатайдың тарихтық тақырыпқа жиі барғыштап, творчестволық ізденулері заңды талаптар. Осы жолда Мұсатайдың бір топ тақырыптарының ішінде жұртшылыққа көбірек мәлім болып сахнаға шығып, тұрақты орын алғандары соңғы жазған екі шығармасы. Біреуі — қазақ ертегісі, фольклоры негізінде құрылған ертегілік-хиялдық пьеса «Алтын сақа».

Екіншісі — анық тарихтық тақырыпқа жазылған «Ыбрай Алтынсарин» пьесасы. Мұсатайдың жазушылық табысына елеулі, салмақты күйде қосылатын шығармасы осы «Ыбрай Алтынсарин». Бұл шығармада барлық қазақ пьесасынан біз талап етіп келе жатқан реалистік элементтер көп көрінеді. Ол жайды біз Ыбрайдың өз бейнесінен, оның жауы Найзақара, Шоңмұрын, Досбол, Жақай образдары сыяқты жағымды-жағымсыз бейнелердің бәрінен байқаймыз. Осы топ заманына, ортасына өмір шындығына лайықты дұрыс бейнеленген кейіптер.

Атқаратын тарихтық, қоғамдық және идеялық функциясына қарағанда Ыбрайдың достары — Доброходов, әйелі Айғаныс және кейбір шәкірттер катесіз, дұрыс ойдың бетінде орынды сөздер сөйлеп, іс-мінез жасап жүреді. Бірақ осы адамдар жағымсыз бейнелердің ішінен Қржановский тәрізді губернатор, Кошкин, Медведев сыяқты адамдардың бәрі де жазушының өз ойынан туған. Көп жағынан жасанды бейнелер болып қалыптанады.

Осы пьесадағы шындық пен жасандылықтың арасы қандай? Тарихтық жүйелік, ғылымдық жағынан алсақ, пьесада көрсетілетін халдердің, тартыстардың түп қалыптары, мазмұны, мәні өмірде, тарихта да осы алуандас болуы мүмкін. Доброходов жақсылығындай терең

идеялы жақсылық, Қржановский қастығындай қатал, дөкір, суықбауыр қастық бәрі де тарихта орын алған қоғамдық саясаттық жайлар екені рас.

Ал бірақ, сонымен қатар өмірлік шындық пен анық реалистік шығармада талап етілетін көркемдік шындық соншалық нанымды, қонымды боп, мойын бұрғызбастай иландырып ертіп әкете ме? десек, бұл сұрауларға берілетін жауаптың көбі, осы пьесаға жағымды жауап бола алмайды.

Нанымды шындығымен қатар, осы пьесаның ішінде көп ойлар мен істер, пікір таратқан сөздер, тікелей тартқан социалогия тезистеріне айнала береді. Көп жайлар жазушылық шеберліктен гөрі, оқымысты тарихшының қортынды ойларын топшылаған үстірт долбар болып шығады. Тартысын, тайталасын, өмірлік жерінісін жыйнастыра қарастырғанда «Ыбрай Алтынсарин» пьесасы қазақтың қадірлі қайраткерінің бірі Ыбрай жөнінде едәуір тәуір шыққан пьеса тәрізденеді. Сол сыйпаттың бұл шығармада бар екені де рас. Бірақ өмір тарих шындығы мен реалистік көркемдік шындық екеуінің түйісіп табысуында жасандылық байқала береді.

Сондықтан пьеса өзінің шеберлік көркемдігімен иландырудың орнына, ақылды тенденциясымен илантады. Болғаннан гөрі болуға мүмкіндінен де гөрі «болса екен» дейтін ындынымен иландыруға тырысады. Анығында, шығарма шынайы толық сыйпатты реалистік көркемдікке жеткен шақта тенденция, тырмысу, ындың, пиғыл тәрізді қоспаларды керек етпейді. Өзінің қонымды келген, дөп тиген толық жарастығымен жабыса үйлеседі, таныла кетеді. Сонысымен шеберлік, бағалылық қасиеттерін табады.

«Ыбрай Алтынсарин» пьесасының бойында орысша теңеумен айтсақ, ақ жіппен көктелген жайлар білініп тұр. Осындай жәй тәуір пьесаның кемшілігі есепті болып жүр. Бұл да реалистік көркем шығарманың үлкен талабы ойдағыдай жерден шыға қоймағанын байқатады.

Жоғарыда біз, еңбектерін шолып өткен бір топ жасамыс драматургтерімізден басқа соңғы жылдар ішінде қазақ совет драматургиясына тың еңбектермен келіп қосылған жаңа бір топ жазушылар да бар. Олардың ішінде Қазақстан жұртшылығына аттары мәлім бола бастағандары — Мұқан Иманжанов, Шамиль Байжанов, ақыннан драматургияға атсалысып жүрген Қалам Саты-

балдин, сыншыдан драматургияға араласып жүрген Тақауи Ахтанов сыяқты жазушылар.

Мұқан Иманжановтың «Менің махаббатым» атты пьесасы республика театрларында қойылып, «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде бір мақалада, бірыңғай мақтаған баға алды. Ал пьесада жалпы советтік драматургияның соңғы жылдарда кейіндеп қалуына кедергі себеп болушы конфликтоіздік құрылыстың айқын таңбасы бар.

Сол себепті пьесадағы тартыс әр тарау, бытыранды. Шебер жазылған пьесада әсте кешірілмейтін, кездеспейтін күй бар. Бір тартыс орнына екінші қақтығыс, үшінші қатар оқыйға ауысып түсіп отыратын сахналық хроника, немесе театр тілімен баян етілген ұзақ очерк тәрізді болып кетеді. Негізгі геройлар: Ақан, Кәмеш арасындағы қоғамдық жай мен бас мәселесінде екеуінің шалғай келісінен туарлық драмалық конфликт аса жасанды шыққан. Бұл жағдайлар анығында жақсы пьесада салмақты, драмалық түйін себебі болуға, өмірлік шындық жағынан алғанда әбден мүмкін еді.

Бірақ жазушы сол жайдың өзін ойдағыдай тарата алмаған. Шын шиеленісетін орынды, қонымды өмір шәрғезіне адамдарын алғашқы перденің басқы суретінде жақындатып, төндіріп әкеледі де, кейін сол жайды драмалық жолмен тарата алмай, шындықтан алыстап, жасанды жайларға түсіп кетеді. Бұл ретте, ең кең кешіріммен ойлаған кездің өзінде, жағымды герой деген жас ғалымы Ақан Кемелов совет жасына лайықсыз карьерашыл қыянаттар қалпына, жағымсыз бейнелердің мінезіне ауысады.

Ал жазушының тілегені ол емес. Осылайша пьесаның тартыс ағымын шеберлік тапқырлықпен басқара алмаған жазушы, өз ойына ерсі-қарсы келетін қортынтыларды еріксіз жасатады. Сол сыяқты пьесада автордың ойы бойынша әсте үлкен орын алуға арналмаған, бірде-бір идеялық, өмірлік, жәркемдік қасиеті жоқ әлдеқалай адасып қалған мешанка Бике Болатова осы пьесаның ішіндегі бар геройлардан артық орын алады. Оны мен Бөкенбаев арасындағы құнсыз, мәнсіз сылқын-сылтын, қыйқан-сыйқандар спектакльді көрушіге пьесаның басқа мән-жайынан еріксіз тартымдырақ боп кетеді.

Ал осы халдер жазушының тілеген, мақсат қылған пьесасына тақырып еткен жайлары ма? Жоқ, олай емес.

Ендеше пьесаны айтайын дегені бір жақта, қалтарыста қала беріп, ойламаған, күтпеген жайлары алдыңғы орынға шығады да, спектакль бытыранды, аламыш, піспеген шығарма боп аңғарылады. Бірақ сол кемшіліктермен қатар дәл осы пьеса түбінде Мұқаннан реалистік пьеса туғыза алатын жемісті еңбек күтуге мүмкіншілік береді. Пьесаның ішінде кей кездерде көңілге аса қонымды, тиімді боп келетін реалистік элементтер аз емес және кейбір сатиралық образ жасауда оларға тән орынды, лайықты тіл табуда Мұқан едәуір елеулі өнер танытады. Бұл жазушыдан реалистік шығарма тосуға мейлінше болатындығын, оның өмірлік шындықты, әр саладағы мамандық білімді, деректерді жақсы зерттегендігін көрсетеді.

Реалистік пьесаның драмалық шығармадағы ең үлкен шарты, айнымас, кемімес шарты — ең алдымен пьесаның тілі дейміз. Осы ретте екі жазушыны екі сыйпатымен айрықша атап өтеміз. Бұның бірі — пьесалық жақсы тілді танытқан жазушы да, екіншісі — тілсіз драмалық құрылысты едәуір біліп, баурап алған жазушы.

Жақсы тілді драматург дейтініміз — Қапан Сатыбалдин. Сахнаға қойылмағандықтан, басылып шықпағандықтан Қапан жазды деген көлемі үлкен пьесамен таныстығымыз жоқ. Бірақ қысқа көлемді «Қолғабыс» атты бір перделі комедияға карасак, Қапанның пьесадағы тілі аса риза қылатын тіл екенін көреміз. Осы кішкене пьесаның өзінде Қапан өте орамды, дәмді, соншалық шебер тіл танытады. Соңғы кездерде шыққан комедия деп, сатиралық комедия деп аталған үлкенді-кішілі бірнеше пьесаларымыздан комедияның тозбас, өшпес құралы — сөз күлкісін көре алғамыз жоқ. Естен кетпес, ауыздан-ауызға көшіп жүретін, «алып сокқандай» өткір қалжың, тамаша әзіл, күлдіргі мысқыл жағы көбінше жұтаң, тіпті жұрдай комедияны көреміз.

Сондықтан да олардың кейбірінде күлдірем деген сөздер, өзінің дөкірлігімен түрпідей тиеді. Ал Қапанның аз ғана комедиясының ішінде көп жерде аса тапқыр әзілдер кездеседі. Әрі халыққа, колхозшы жұртшылғына соншалық жұғымды және халықтың өз алуанында, стилінде жанынан шығарған әдемі мысқылдары, әзілдері тап түсіп, дөп тиіп отырады. Бар пьесаның көлемінде драмалық құрылыс жағынан олқылықтар болса да, тіл

жағында бірде-бір диалогке, жеке сөзге ешбір мін тағуға болмастай, мөлдір, тапқыр тіл бар.

Қапанды тілі жақсы жазушы дегенде екінші бір жазушыда тіл жұтандығын олқылық есепті еске алып ек. Ол жазушымыз драматургияда жаңада араласқан, бірақ пьесада жасаудың әдісін жап-жақсы менгерген жаңа автор — Байжанов Шамиль. Бұның біз білген «Делегат Данияр» және «Әлия Молдағұлова» пьесалары осы жазушы үшін, тіл жактарынан айрықша талаптарды әдейі бөліп алып, баса айтуды шарт етеді.

«Делегат Данияр» — драмалық құрылыс, сюжет қоюлығы, тартыс тұтастығы жағынан қарағанда едәуір қызықты боп шыққан пьеса. Бірақ, оның әр вариантының бәрінде және кейін жазылған Әлия турасындағы пьесада да Шамиль Байжанов тіл жағынан аса олақ. Не халықтық, не көркем әдебиеттік тіл қазнасының шеберлік, шешендік үлгісін пьеса танытпаса, ол шығарма көркем шығарма емес, пьесалық материал ғана. Ол, драманың өзін емес қақсасын (скелетін) ғана, схемасын ғана берген еңбек болады. Онда ет те, қан да жоқ. Ендеше онда күйдірер, сүйдірер, сүйсіндірер, әсер етер жан да жоқ. Әрине, бұндай еңбектер реалистік пьеса жазу шартынан, өресінен өрескел жырақ кетеді.

Жаңадан қосылған жазушылардың бірі — Ақтанов Тақауи. Бұл «Арыстанның сыбағасы» атты кіші көлемді, екі акт, үш суретті пьеса жазып, өзінің сыншы ғана емес, көркем шығарма тудыра алатын мүмкіншілігін едәуір тәуір танытты. Пьесада керекті орында, қонымды ойлар, сөздер де жанрдың талабына сай қалыптанғаны байқалады. Бірақ сондай тәуір жайлар танытқанмен тұтасынан алғанда «Арыстанның сыбағасы» елеулі бағалы пьеса болып шыға алмаған. Себебі, осы пьесаға алынған такрып пен өмірлік материал соншалық шағын болымсыз ғана. Бұнда ұзақ шырқап, алыоқа тарап, үлкен көлемді болып пьеса жазылар жөні жоқ, мүмкіндік жоқ.

Журнал көлемінен санағанда 30 бет боп шыққан пьеса акт сапы аз аталғанмен кішкене пьеса емес. Ал оқыйға, тартыс, әрекет атаулыны алсақ, бір ғана актының бас-аяғында, аяққа құйған астай әрі өткір, әрі қызықты, әрі мыскыл ажуа, тыянадай табылған шығарма болар еді.

Тақауи аз материалды ұзаққа сағыздай созып, көп жерде күрғақ сөзді көбіктей көпсітіп, молайтып алған.

Пьесаның өз тақырыбына тұжырымды жыйналатын бір ғана жай Тойғанбектің қылмысы ғана болар еді де тұрар еді. Сол аз пьесаға жететін де қоятын. Ал енді осы зоопарктың аңдарының сыбағасын қылмыс жасап, қыянат қып, тартып жейтін жыртқыштың қасына және апарып махаббат тақырыбын жапсырудың бірде-бір қыйсыны жоқ еді.

Пьесада сондай қонымсыз ортаға нанымсыз жайды жамағандықтан қақ жарымына дейін қысыр кеңес, заңнан тыс ұзақ-сонармен кетеді. Әрине, жеңіл комедия көлемінде кішкене пьеса арнасында да реалистік шындық пен көркемдік шарттар бар. Бұл алуандас пьесалар ең алдымен сол шартына жауап боларлық болса, соның өзі жарар да, жетер де еді.

Қосымша баяндаманың көлеміне сыймас болған соң біз драматургия жанрының катарында тексеруге болатын бірнеше салаға тоқтай алмадық. Ол, музыкалық драматургия түріндегі либреттолар, балалаң әдебиетіндегі драматургия үлгілері. Бұл жөнде біздің үлгі етіп алғанымыз Орталық Партия Комитетінің драмалық театрлар репертуары жөніндегі үлкен қаулысы. Сол қаулының тақырыптары қазақ драматургиясында қалай өрбіп, қалыптанып келе жатқанын талдай шолуды жеткілікті жай деп білдік.

Қорыта келе айтарымыз, Коммунистік партияның совет әдебиетіне арналған сындар мен өсу шарттары, біздің бүгінгі сын талаптарымыздың арқа тіреу діңгегі, бағыт беруші басшы ұстазы есепті болды. Осы баяндаманың жазушыларға қоятын шарт талабына басшы да — сол XIX съезд ойлары.

XIX съезден бері қарай болып өткен жазушылар Одағының пленумдары. «Правда» бастаған орталық баспасөз жүзіндегі совет драматургиясы жайына арналған қатаң сын, биік талаптар және де біздің баяндамамыздың бағыты мен мақсатын билейді.

Сол талаптар тұрғысынан қарап, жоғарыда біз шолып өткен барлық пьесалардың әр топтарына ортақ жалпылық ерекшеліктерді қорыта айта кетейік. Біздің сын талабымыздың түйіні, идеялық көркемдік сапалардың ойдағыдай үйлесуінен туатын шеберлік. Сол шеберліктің үлкен өресі деп реалистік пьеса тудыруды проблемалық бел етіп атадық. Осы бір ғана мөлшер таразының елшеуіне салғанда жоғарыда біз жарамды деп атаған әр тақ-

рыптағы пьесалардың әр дәрежеде, әр алуан жақсылықтары мен қатар олқылықтары да байқалды. Соларын жеке талдаудан өтіп топтай, жыйнай айтсақ, мысалы, тарихтық тақырыпқа жазылған шығармаларда байқалатын кемшілік қайсы? Ол, «Аманкелдінің» «Шәканның» мысалына қарағанда бір пьесаның көлеміне сыймайтын материалды өлшеусіз мол қамтығандықтан пьесаның жанрлық заңдары бұзылып отыр.

Реалистік нанымды, қонымды күйде құрылып келе жатқан шығармалар жаңағы себептен көбінше хроникаға ауысып кетеді. Драмалық тартыстың өрбу, өңдіуінің орнына соңғы актыларда тың такрыптар шығып, пьеса құрылысы заңнан тыс жайылмаға ауысып кетеді. Ендеше реалистік көркемдік құрылыс босансып кету себебінен шығармалар драмалық архитектурасы жағынан олқы түседі.

Сандары мол, тәрбиелік мәні зор жаңа тақырыпқа жазылған пьесалардың көбінен байқалған кемшіліктер, бұларда адамның типтік сыйпатта ойдағыдай толық суреттелуі олқырақ шығады. Соның ең үлкен себебі совет адамының сөйлесер сөзі, сезер сезімі, сйлар ойы көбінесе дәл келе тұрып, едәуір кездерде шындыққа шалғай шығады. Жасандылық, натуралистік, схемалық баяндар басып кетеді.

Соңғы жылдарда жазылған бір топ пьесаларда конфликт жайы мен сюжеттік жалпы құрылыс жөнінде әлсіздік, әралуан жетіспегендік айқын байқалады. Комедия үлгісінде жазылған пьесалардың тәуір шыққан үлгілерінің өзінде де күлдіргі тіл жетпей жүр. Тапқыр, өткір естек қалар әзіл, қыбын тапқан қалжың, тапжылтпас мысқыл, тап басқан ажуа, қысқасы «алып соққандай» дейтін айтқыш, тапқыр тіл жоққа тән.

Реалистік комедия шартының өзгеше бір талабы ретінде қазақ комедиясына бұл жайды айрықша атай өтер едік. Осы тұрғыдан еске алынып өткен пьесаларымыздың бар такрыптағы, әр стильдегі үлгілерінің бәріне бір тұтас ортақ кемшілік, олқылық дейтініміз және бар. Ол, осы баяндама басында аталған орыс классик драматургиясынан және орыс совет драматургиясынан үйренудің, үлгі алудың әлі ойдағыдай өрске жете алмай жатқанлық жайы.

Қорыта келген сөзде жаңағы атаған жалпылық кемшіліктермен қатар, біз сол жоғарыда аталып өткен пье-

саларымыз туралы ең үміткер сүйсінген ойларымызды тағы да атай кетеміз. Аса қыйын жанрда өсу жолы оңай емес. Қатты сын, катал талаптар білдірумен қатар қазақ совет драматургиясы біз есеп беріп отырған кезеңде өзгеше өскенін біз әсте ұмытпаймыз.

Қазақстан жазушыларының II-съезіне дейін болған қазақ совет драматургиясынан соңғы 15 жыл ішіндегі драматургия құлаш ұрып, көп ілгері кеткенін білеміз. Әсіресе бұл дәуірде, 30 жылдардың басында болғандай үлкен саясаттық, идеологиялық қателігі бар пьеса сахнаға шыққан жоқ. Бұл тұста еске алып отырғаным 1934 жылы қойылған ұлтшылдық теріс бағыттағы өзімнің пьесам «Хан Кене». Ол менің Кенесары жөніндегі саяси қате түсінігімнен туған болатын. Орталық Партия Комитетінің Кенесары мәселесі жөніндегі Қазақстандағы саяси-идеялық қателіктерді түзеген қаулы нұскалары біздің драматургияны да тарихтық идеялық дұрыс бағытпен өрістетуге себепші боп ұстаздық етті.

Драматургия жанрының II-съезден бергі өрістеп, өсу нәтижесінде қазақ сахнасында біз бұл күндерде советтік Қазақстан тіршілігінің сан саласын көреміз.

Осы ретте енді алдағы өсу, даму міндеті қазақ драматургтерінің есіне қандай жайларды айрықша ескертеді десек, мен бүгінгі күннің бір тақрыбын әсіресе ерекше көңіл бөліп айтар едім. Ол барлық ұлы Отанымыздың өзгеше қызықты, көрнекті майданының бірі болып отырған Қазақстандай республикамыздағы бйылғы жылдың тарихтық ұлы науқаны туралы. Нақтылап айтқанда ол — тың және тынайған жерлерді игеру тақрыбы.

Біз дәл осы күндерде, ауыл шаруашылығы жөнінде республикамыздың бйылғы алғашқы жыл жоспарын ойдағыдай ада қып шыққан ардақты табысына қуаныштымыз да мақтанамыз. Әсіресе сол табыстарға жеткізіп отырған партия басшылығына барымызша алғыс айтамыз. Бар жүректен өзіміздің қадір құрметімізді білдіреміз.

Сонымен қатар коммунистік партияның Қазақстандай өлкеге арнап көтерген туына жазылған ұранды, қазақ жазушыларының қатарында, қазақ драматургтері де өз ойымыз, өз жүрегіміз айтқызған ұранымыз деп таныймыз. Осындайлық ұлы тақрыппен қатар партия совет басшылығы жалғастыра көтерген тағы бір зор мәселе

тақырыбы бар — ол Қазақстанда мал шаруашылығын барынша биік, басқаша сапаға шығару. Бұдан былай Қазақстанда мал және мал өсіру саласындағы адам жәйі жөнінде ең қадірлі актуал тақырып боп, біздің бар жанр әдебиетімізден өзгеше орын алу шарт.

Бүкіл ардақты Отанымыз — Совет Одағы көлемінде Қазақстанның шаруашылық, мәдениеттік, саясаттық тарихы быйылғы жылдан бастап ерекше зор асқар биік белге басты. Біз сондайлық тарихтық белге, рубежге жетіп тұрмыз. Ендеше сол республикамыз өрлеп, биіктеп асып келе жатқан белге барлық әдебиеттік табысымыз да қатар басып қалыспай жетсін! Осы жөнде, қазақ совет драматургиясына көп жылдар еңбек етіп келе жатқан жасамыс жазушылармен қатар жана қосылған және қосылатын жас драматургтеріміздің бәрі де өздерінің жакын айлардағы, жылдардағы ең үлкен міндетін сол жаңағы аталған ардақты тақырып деп білсін.

Жакын шақта жарқын табысқа жету жолында социалистік реализм көлеміндегі санасы мен сапасы зор советтік қазақ драматургиясын ең алдымен сол тың көтеру тақырыбына жазылған зор сапалы реалистік пьесалармен өркендете берейік.

Әрбір шабытты, табысты еңбегіміздің тұсындағы да-на досымыз, ұстазымыз Коммунистік партияның, совет халқының қазақ драматургтеріне арналған сенімін сондайлық үлкен жемістермен ақтайық!

ПОЭЗИЯ ТУРАЛЫ

Бұл қосымша баяндаманың алдында тұрған міндет — екінші және үшінші съезіміздің арасындағы қазақ поэзиясының хал-жайын шолу.

Қазақ совет әдебиетінің кадрларын тұтас алғанда, жалпы саны жүз жыйырма төрт десек, оның жетпіс бес, сексен проценті поэзия жанрында қызмет атқаратындар. Есепті он бес жылдың ішінде олардың қаламынан туған көптеген өлеңдер, поэмалар бар, оның бәрін түгел талдау, бұл қосымша баяндаманың күшағына сыймайды, сондықтан бізге, жалпы әдебиетімізге, оның ішінде поэзияға байланысты бірнеше түйінді мәселелерге тоқтап, хал-қадарымызша шешіп алуға тырысу кажет.

Бүкіл советтік әдебиеттің, оның ішінде қазақ совет әдебиетінің өсуіне бір ғана өлшеуіш бар, ол — социалистік реализм. Социалистік реализм дегеніміз өмір шындығын оның революциялық өркендеу калпында көрсету екені әдебиеттен сауаты бар адамның бәріне белгілі.

Қазақ совет әдебиеті социалистік Ұлы Октябрь революциясынан туғанына ешкім таласпайлы, өйткені ол фактымен дәлелденген іс. Осы әдебиет, алғашқы дәнінен бастап, социалистік реализм бағытында өніп өсіп, өркендеп келеді. Олай дейтініміз — қазақ совет әдебиетінің бірінші шығармалары Қазақстанда совет үкіметі курылуға, ғасырлар бойы қанауда келген қазақ еңбекшілерінің ол құлдыктан құтылып, саяси право алғына, бұл право қазақ еңбекшілерінің экономикасы және мә-

дениеті өсуіне кең жол ашуына арналды. Өмір шындығының революциялық өркендеуіне арналған шығарма осындай болады.

Әрине, қазақ совет әдебиеті бірден ойдағыдай өркендеп кете алған жоқ. Оған себеп — кадрларының жастығында еді. Революциядан бұрынғы қазақ жазба әдебиеті қазақ-совет әдебиетіне жалғыз Сәбит Дөнентаевтан басқа бір де жазушы берген жоқ. Қазақ совет әдебиетінің алғашқы кадрларлары совет үкіметінің жәрдемімен ғана сауатын ашқан кедейлердің, батырақтардың балалары еді. Сондықтан олар, алғашқы шығармаларын қазақ еңбекшілеріне бостандық беріп, экономикалық жағынан да, мәдениет жағынан да өсуіне жол ашқан совет үкіметіне, Коммунист партиясына арнай жырлады. Осы істің үстінде олардың біразы өсті де, енді біразы, өресі жылдан-жылға биіктеген қазақ әдебиетінің қызу қарқынына ере алмай артта қалды. Соңғы жүйелі кадрларға кейін ораламыз, қазір қысқаша, бастапқы жүйедегі кадрлардың ісі туралы.

Қазақ совет әдебиетінің алдыңғы қатардағы кадрлары, олардың ішінде акындар, түрі ұлттық, мазмұны социалистік қазақ совет әдебиетін өркендетуде орасан зор еңбек атқарды. Оған дәлел, егер революциядан бұрын қазақта әдебиеттің жалғыз-ақ түрі — поэзия ғана болса, советтік дәуірде шын мағнасындағы үлкен проза, үлкен драматургия, салмақты публицистика жасалды. Поэзияның өзі де мазмұн жағынан ғана емес, түр жағынан да революциядан бұрынғы поэзиядан әлдеқайда жоғары кетті. Мысалы, шын мағнасындағы поэма жанры, қазақ әдебиетінде тек советтік дәуірде ғана өркендеді.

Қазақ совет әдебиетінің барлық жетістігіне ортақ бола тұра, поэзия жанрының өзге жанр алдында ерекше бір өзгешелігі, ерекше бір еңбегі бар. ол — күнделік өмірдің барлық жағымен де тығыз байланыстылығы. Қазақстанда совет үкіметі құрылған күннен бастап, бүгінгі күнге дейін қазақ совет поэзиясына бейнесін түсірмеген советтік құрылыстың ешбір күні жоқ. Бұл жағынан алып қарағанда, поэзия советтік өмірдің шын мағнасындағы летописі. Еңбегі де, бағасы да зор бола тұра, әдебиеттің өзге жанрлары мұндай қызмет атқарған емес.

Есепті жылдардың ішіндегі қазақ поэзиясы да осы бағытынан таңған жоқ. Әдебиет майданында бір ақын

көп, бір ақын аз жазғанмен, біреу ілгері, біреу кейін жүргенмен, поэзия отрядын, поэзия жанрын тұтас алғанда, ол әлі де қазақ совет әдебиетінің ең белсенді жанры, ол өзге жанрдан гөрі күнделік өмірмен әлі де тығыз байланысты, ол әлі де летопистік қалпынан танған жоқ.

Бірақ, ешбір көркем әдебиет жанры күнделік өмірмен тығыз байланыстылығымен ғана әдебиеттің алдыңғы қатарынан орын ала алмайды, ол көркемдік сапасының жоғарылығымен ғана ондай орын ала алады. Біз енді, есепті уақыттағы поэзияға осы жағынан қарауға тырысамыз.

Бұл мәселеге де біз социалистік реализмнің тұрғысынан ғана қараймыз, өйткені советтік әдебиеттің қайткенде көркем болу жолын, тек социалистік реализм әдісі ғана көрсете алады. Соңғы жылдарда көбірек сөз болып жүрген конфликт мәселесі, типтік мәселесі, жалпы шеберлік мәселесі сыяқты теориялық мәселелердің бәрінің де кілті социалистік реализм әдісінде ғана. Ендеше біз есепті уақыттағы қазақ совет поэзиясының идеялық және көркемдік сапасының қаншалық өскенін, не кемшілігі барын осы тұрғыдан ғана көре аламыз.

Есепті уақыттың ішіндегі қазақ поэзиясының социалистік реализм әдісін қаншалық дұрыс қолдануы, я дұрыс қолдаңа алмауы туралы сөзді, біз екі мәселенің төңірегіне топтамақпыз, оның бірі — жалпы совет жазушыларының, олардың ішінде ақындардың өмір шындығымен байланысы туралы, екіншісі — шеберлік мәселесі. Әуелі бірінші мәселеге тоқтайық.

ӨМІР ШЫНДЫҒЫМЕН БАЙЛАНЫС

Советтік өмірдің шындығы — социалистік құрылыс. Осы құрылыспен тығыз байланыспаған ақын жазушы, табиғаттық таланты қанша үлкен болғанмен, советтік тақырыпқа ешуақытта көркемдік дәрежесі биік шығарма жаза алмайды. Оған дәлелдер келтірерден бұрын, «құрылыстық тақырып» деген сөздің өзіне қысқаша тоқтайық. Өйтетін себебіміз, соңғы жылдардың ішінде, осы мәселе жайында, Қазақстанда ғана емес, одақтық баспасөздің бетінде, әсіресе орталық «Литературная газетаның» бетінде пікір алысулар болды: біреулер «шығармада құрылысты көрсету керек» десті, енді біреулер,

«көркем шығарманың міндеті адамды ғана көрсету, ендеше, құрылысты көрсетудің қажеті жоқ» десті.

Бұл екі пікірдің дұрыс жерлері де, қате жерлері де бар. Бірінші пікірдің дұрыс жері, өндіріссіз жерде адамды көрсету мүмкін емес. Өндіріс деген не ол? Ол — еңбек процесі. Еңбек процесі бір игілікті істі орындау жолында, адам мен адамның, немесе адам мен табиғаттың арасында кездесетін қарым-қатнасы. Адамның адамгершілігі тек осы қарым-қатнаста ғана көрінеді, одан тысқары адам, қоғам өмірінен тысқары, ендеше еңбектен тысқары, еңбектен тысқары адам — жатып ішер, арамтамақ, орысша айтқанда, — паразит, ендеше ондай адам — қоғамға жат адам. Бізге, әрине, көркем әдебиетте жат адамдарды да көрсету керек. Сондағы мақсатымыз, — арамтамақтан қоғамды жирендіру. Ал, қоғамға пайдалы адамды, біз тек еңбек процесінде ғана, яғни, өндірісте ғана көрсете аламыз.

Біреулердің ұғымында өндіріс деген колхоз, совхоз сыяқты, немесе завод-фабрика сыяқты материалдық игілікті өндіретін орын ғана. Расында олай емес. Ғалымның ғылыми еңбектері, мұғалімнің оқытушылығы, саяси қызметкердің басшылығы, армиялық қызметкерлердің Отан қорғау жолындағы істері, артистің роль орындауы, ақынның өлеңдер жазуы, композитордың музыка шығаруы, деген сыяқты әкімшілік, басқарушылық, ғылымдық, немесе рухани істердің барлығы да өндіріске жатады. Бұндай өндірістен тысқары адам образын жасауға болмайды, өйткені, адамның қоғамға пайдалы ісінің, қылығының, мінезінің бәрі тек осындай өндіріс үстінде ғана көрінеді. Ендеше, көркем шығармада өндірісті көрсетпеу, яғни, адамды атқаратын ісінің үстінде көрсетпеу, — ештеңе де көрсетпеу деген сөз. Олай жазғысы келген адам социалистік реализм әдісінен шығады да, өмірдің ішкі сырын емес, сыртқы құрылысын ғана көрсететін формализмге барады. Оның аржағында символизм мен декаденттік сыяқты, социалистік қоғамға залалды жолдар тұр.

Екінші пікірдің бұрыстығы — біреулер өндірісті көрсету дегеннен, алып отырған істің технологиясын сыйпаттау деп ұғады, сондықтан агроном туралы жазса, егінді қалай өсірудің процесін, мұғалімдік туралы жазса, балаларды қалай оқыту процесін, тракторист туралы жазса, трактордың механикалық құрылысы мен іс

атқару процесін... деген сыяқты технологиялық процес-терді көрсетуге тырысады. Бұлар әрине, көркем әде-биеттің міндеті емес. Оның міндеті — атқарып жатқан еңбегінің үстінде әрбір адамның ой-санасын, қылық-ісі, мінез-құлқы қандай екенін ашып беру. Бұлай ашу жа-зушылық шеберлікпен байланысты. Оған кейін орала-мыз. Қазір аяқтауды тілейтін мәселе — жазушының, ақынның өмір шындығына байланысы туралы.

Есепті уақыттағы Отанымыздың өмірі екі дәуірге бөлінеді ғой: бірі Ұлы Отан соғысының дәуірі, екінші-сі — Отан соғысынан кейінгі дәуір. Осы екі дәуір қазақ совет поэзиясына елесін қалай түсірді?

Әуелі соғыс дәуірін алайық. Германияның фашист басқыншылары Совет Одағына опасыздық көрсетіп, күт-пеген кезде шабуыл жасауы бүкіл совет халқын, оның ішінде совет акын-жазушыларын қатты ызаландырды. Қару асынар жастары советтің ұлы, қызы Отанын жау-дан қорғау үшін майданға аттанды. Сол күндерде жаз-ған өлеңінде Дихан Әбілев:

«Тұтанды соғыс, достарым,
Қағылды дабыл барабан.
Көреміз тағдыр қосқанын,
Қарсы алып майдан даладан»,—

деген ұран тастады. Бұл ақынның ғана емес, бүкіл совет азаматының ұраны еді. Бұндай өлеңді қазақ ақындары-ның көпшілігі жазды.

Соғысқа қатнасқан ақындар үнемі қанды атыстын арпалыс картиналарын ғана сыйпаттай бермейді, жа-уынгердің айқасы толастаған кездегі ой-санасына да үңі-леді. Сағынғали Сеитовтің «Пинск батпағы туралы ой» деген өлеңінде окопта күзетте отырған солдат өзі отыр-ған тұстың батпақты өлкесін құрғатып, оған егін өсіру-ді арман етеді. Осы сыяқты Отанның бейбітшілікке өр-кендеуін жауынгерлер мен командалық составтын көксегенін біз қазақ ақындарының майдан күндерінде жазған көп шығармасынан көреміз.

Совет халқы, оның Армиясы, Ұлы Отан соғысында жеңіп шығуына сенді, өйткені, көсеміміз Сталин жолдас айтқандай, біздің ісіміз әділ іс еді. Осы сенімді біз қа-зақ ақындарының да аузынан естідік. Мысалы, майдан жауынгерлерінің бірі болған Жұбан Молдағалиев:

«Женеміз, жеңіс — совет адам аты.
Біздерміз азат етер адамзатты,
Сенемін Сталинге, партияға,
Халқыма ұшан теңіз мол қайратты,»—

деп жазды. Бұл сенім акталып, Совет Армиясы 1944 жылдың басында жауды Отаннан кыйрата қуып шығуға, фашизмнің тепкісінде отырған мемлекеттерді азат етуге кірісті. Шекараны аттаған Совет Армиясы фашизмнен азат еткен мемлекеттердің еңбекшілеріне достық құшағын аша кірді. Бұл тақырыпқа да майдандағы қазақ ақындары көп шығармалар арнады. Солардың ішінде ең көрнектісі Әбу Сәрсембаевтың «Балқан жырлары», «Балатон жырлары» деген атпен жазған циклдары. Мысалы ол, «Мадияр қызына» деген өлеңінде:

«Көгме мені баскыншыдай,
Мейрімсіз қаныпезер»—

деп,

«Алаканның аясындай,
Керек емес бізге жерің.»—

деп, Совет Армиясының тек азаттық әперу үшін ғана келгенін айтты.

Ұлы Отан соғысының ерлік істері қазақ поэзиясында эпикалық шығармалар да туғызды. Қалижан Бекхожиннің «28» атты поэмасында, Москваны қорғауда қайран қаларлық ерлік көрсеткен Совет Одағының 28 батырының ісі, Қасым Аманжоловтың «Абдолла» атты поэмасында жалғыз өзі қалың жауға қарсы тұрып ерлікпен қазаға ұшыраған қазақ ақыны Абдолла Жұмағалиевтің ісі, Тайыр Жароковтың «Зоя» атты поэмасында Отанның сүйкімді қызының бірі — Зоя Космодемьянскаяның ерлік ісі жырланды. Әбу Сәрсембаевтың «Ұлым туралы ой» атты поэмасында бүкіл совет баласын өз балам деп жаудан қорғау сияқты зор гуманизмнің және социалистік Отанда ғана болатын халықтар достығының айқын бейнесі бар. Хамит Ерғалиев «Әке сыры» атты поэмасында жас баласына майдан күндерінің ауырлығын және жеңіс жолдарын сырласу ретінде әдемі айтып береді. Бұл поэмалардың әрқайсысында сынауға тұратын елеулі кемшіліктер бар, бірақ олар негізінде жақсы жазылған, совет ақынының патриоттық сезіміне айғақ боларлық жақсы шығармалар.

Қазақ поэзиясында, соғыс жылдарында тыл еңбекші-

лерінің көңіл күйін, ерлік істерін көрсететін көп шығармалар жасалды. Бұл жөнінде қазақ халқының мақтанышы Жамбыл Жабаевтың орны ерекше. Оның жалынды жырлары майдандағы және тылдағы еңбекшілердің патристтық сана-сезімін өткірлей түсуге орасан көмек етті. Жамбылдың «Ленинградтық өрендеріме» атты жыры, Ұлы Отан соғысына арналған бүкіл советтік поэзияның маңдай алдынан орын алуына ешкім таласпайды. Өзге ауыз ақындары да Ұлы Отан соғысының тақрыбына жырлар, әндер шығарып, жеңіс ісіне жәрдем берді.

Жазба поэзияның тылда қызмет атқарған өкілдері де майдан және тыл тақрыбына көптеген өлең-жырлар жазды, солардың ішінде өз уақытындағы үгіттік мәні зор болған Асқар Токмағамбетовтің «Мұнай бер» атты толғауы да бар. Бірақ, турасын айтқанда, тылдағы ақындардан майдан тақрыбына да, тыл тақрыбына да айта қалғандай шығарма туған жоқ. Оның бірден-бір себебі бұл топтағы ақындарымыздың майдан шындығымен, тыл ісіндегі шындықпен байланысы жеткіліксіздігінен. Көркем әдебиеттегі шеберлік мәселесіне байланысты, бұл тақрыпқа кейін ораламыз, әзірге, соғысқа байланысты қазақ совет поэзиясын қорытар алдында, аса қажетті бір мәселеге тоқтай кетеміз, ол осы тақрыпқа жазылған кейбір шығармалардағы саяси қателіктер жайында.

Соғыс басталған кезде, Қалижан Бекхожин жазған «Қазақ ұлына» деген өлең:

«Егер сен қазақ ұлы болсаң анық,
Десең сен, атаң қазақ алсын даңқ,
Егер сенің қаныңда қазақ деген
Болса бір от, жалындап жатқан жанып» —

деп басталады да, елу жолдан астам өлең осы бағытпен өрбіп барып аяқталады. Мұндағы қателік — патриотизмді тар мағнада ұғыну. Рас, ұлтын жақсы көрмейтін адам жоқ. Жалпы адамгершіліктің негізі әр адамның туған ұлтын сүюде екенін орыстың атакты сыншысы Белинский бұдан жүз елу жыл бұрын айтты. Дарынды орыс халқынан туғанын ұлы Ленин мақтаныш көрді. Ендеше Қалижанның қателігі туған ұлты қазақты сүюде емес, Ұлы Отан соғысына қатынасқан қазақтың міндеті қазақтың ғана намысын қорғауда деп түсінуінде.

Осы қате түсінік Ғали Ормановтың «Полковник» атты өлеңінде де кездесіп, қазақтан шыққан полковникке ол:

«Қадалып қабагына қарай бердім,
Тұрғандай тұрпатында қазақ біткен»,—

дейді. Советтік Армияның офицеріне, бұлайша тар көзбен қарау дұрыс емес.

Бұл қателікті Қасым Аманжолов «Елге хат» атты өлеңдер циклында тереңдетіп, Отан қорғауды азаматтық босрыш көрудің орнына мойнына амалсыздықтан жүктелген азап көреді. Соғысқа еріксіз келгенін айтып зарланған ол:

«Немене айтып-айтпай көрген азап,
Қалмадым қыйрап, қаусап, тек жалғыз-ақ,
Мың есе білдірдің ғой қадырыңды,
Атыңнан айналайын ата-қазақ,»—

дейді. Мұндай сөзді тек жау елінің қолында қалған адам айтар еді, ал Қасым бұл өлеңді совет жерінде жүріп жазып отыр. Мұндай сорақы саяси қателік совет ақынынан шығуы адамды қайран қалдырады.

Соғыс тақрыбына арналған шығармалардың ішінде қате пікірде жазылған шығарманың біреуі — Дихан Әбілевтің торғайлар туралы поэмасы. Бұл поэмада фашистерден «жәбір көрген» бір топ торғай біздің тылға ауып келеді де, Советтік Отанды жаудан қорғау туралы жыйналыс жасап, қаулы алады. Мұнда екі қате бар, бірі — торғайда адамдық сана болуы күлерлік қана іс, екіншісі — Советтік Отан торғайлардың қорғауына еш уақытта ділгір болған емес.

Осындай, кейбір саяси қателіктерімен, елеулі кемшіліктерімен қатар соғыс кезіндегі қазақ поэзиясы Отан тіршілігімен тығыз байланыстылығын көп шығармаларында көрсетті. Бұдан біз оның социалистік реализм әдісіне берік сүйенгенін көреміз.

Соғыстан кейінгі поэзиямыз да осы бағытпен өрбіп келеді. Ұлы Отан соғысы жеңіспен біткен күні бұл өлшеусіз зор қуанышқа үн қоспаған бір де қазақ ақыны жоқ және бұл тақырыпқа олар жазған өлеңдердің көпшілігі шын жүректен шыққан, сондықтан оқығанда жанға аса жылы тиеді.

Соғыстан кейін де қазақ ақындарының алдыңғы қатардағылары өмір шындығына терең сұңғи бастағанын

біз олардың өлеңдерінен көреміз. Мысалы, Сырбай Мәуленов «Магнит таудың оттары» деп атаған өлеңдер циклында Совет Одағының металлургиялық өндірістегі мақтанышы — Магнитогрскіні, оның еңбек ерлері туралы жанға жылы көп сөздер айтады, көрнекті көп картаналар жасайды. Мұзафар Әлімбаевтың «Қарағанды жырлары» дейтін циклы да осындай. Қапан Сатыбалдин «Тентек», «Талас», «Кереге тас» атты өлеңдерін табиғаттың мылқау күшін адам пайдасына жаратуға арнайды. Ғали Ормановтың «Хан тауының құлауы» деген әдемі өлеңінен Бетпақтың даласын жарып өткен Мойынты-Шу темір жолының төңірегіндегі ерлік істерді көреміз. Қарағанды туралы әдемі өлеңдерді жас акын Жаппар Өмірбековтен де табамыз. Мақта өлкесіндегі ерлік істер туралы қысқа, бірақ дәнді, дәмді жазылған өлеңдер циклын жасамыз ақынымыз Әбу Сәрсембаев пен жас ақынымыз Аманжол Шамкеновтен табамыз. Егін даласының, мал отарының байлығы туралы жақсы жазылған өлеңдер Асқар Токмағамбетовтің, Ғали Ормановтың Қалижан Бекхожиннің, Жұбан Молдағалиевтің, Тайыр Жароковтың, Дихан Әбілевтің, тағы басқалардың творчествосында кездеседі. Ақындарымыз көп өлеңдерін бейбітшілік мәселесіне арнайды. Волга-Дон сыяқты ірі құрылыстар туралы, әр кезде болып жататын саяси науқан туралы өлеңдер жазылып жатады.

Соғыстан кейін де, қазақ поэзиясында әр тақырыпқа көптеген поэмалар жазылды.

Сан жағынан бұл поэмалар аз емес, ал, сапа жағынан алғанда, азшылығы ғана мәдениеті өскен социалистік қоғамның тілегіне біраз жауап береді де, көпшілігі ол тілектен төмен жатады, кейбіреуінде елеулі қателіктер де кездеседі. Ең алдымен, жақсы деген поэмаларды қысқаша шолып өтейік.

Қасым Аманжоловтың «Біздің дастан» атты поэмасы Ленин мен Сталиннің образын жырлауға арналады. Рас, поэмада Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» атты поэмасына біраз ұқсастық бар, кей жерінде аударма сыяктанатын жерлері бар. Солай бола тұра, көсемдеріміздің образын көрсетуде бұл поэма қазақ тілінде жазылған оригиналды поэмалардың ішіндегі ең жақсысы деуіміз керек.

Хамит Ергалиевтің «Біздің ауылдың қызы» атты поэмасы сюжеттік және композициялық құрылысын жа-

сауда, адам образын көрсетуде, тілінде біраз шеберленгенін көрсетеді. Акынның бұл поэмадағы ең шеберлігі — негізгі геройы Гүлжанның образын жасауда. Ол іс үстінде көрінетін, іс үстінде өскен жағымды образ. Меніңше, Гүлжан образы, қазақтың ғана емес, бүкіл советтік поэзияның зор табысы. Гүлжан жалпы совет әдебиетінде ең жақсы жасалған совет қыздарының алдыңғы қатарынан орын алады. Поэманың кемшілігі — ұзақ сөзділігі. Поэманың оқығасын өрбіту, күшейту орнына, бөгет жасап отыратын керексіз шумақтар, жолдар, сөздер әр жерде кездеседі. Бұл кемшілік Хамиттің өзге поэмаларында да бар. Одап арылу керек.

Хамиттің «Әке сыры» — негізінде жақсы жазылған поэма. Оның кемшілігі — соңғы қысқаша тарауында, акынның өмірді жырлаудың орнына өлімді жырлап кетуі. Соғыстан қайтқан бетінде, үйіне келген акын жас баласымен сырласады да, соғыс алдындағы рахат күндерді, соғыс кезіндегі ауыр күндерді, женістің қуанышты күндерін лирикалық түрде айтып береді. Поэманың бұл тараулары бір сыдырғы жақсы шыққан. Акынға, не осымен тоқтау керек еді де, егер созғысы келсе, Отанымыздың ішкі, сыртқы халдеріне тоқтап міндеттерді жырлауы керек еді. Олай жырлаудың орнына акын баласына, өзі қартайып өлгеннен кейін, атын қалай ардақтап ұстауды өсиеттейді.

«Үлкен жолдың үстінде» атты поэмасын да Хамит негізінде жақсы шығарған. Темір жол құрылысының төңірегіндегі ерлік істерді көрсететін бұл поэмада елеулі үш кемшілік бар: бірінші — бұл, бүкіл Қазақстан елі боп атқарған халықтық құрылыс, ендеше көпшіліктің бейнесін көрсететін картиналар жасау керек еді, акынның ол жөндегі талабы орындалмай қалған; екінші — Есболаттың су іздеп адасуы сыяқты, қолдан жорта жасаған қыйындық жақсы поэманың дұрыс өрбіп келе жатқан желісін бұзып тұр, осындай, бөгде эпизодтар әр жерде кездеседі; үшінші — көп сөзділік.

Тайырдың «Қырда туған құрышын» да жақсы поэмалардың қатарына қосу керек. Поэма жарияланғаннан кейін оған Алматыда да, Москвада да елеулі сындар айтылды. Мен поэманың сол сындарды еске ала түзетілген соңғы вариантын да оқып шықтым. Меніңше, поэманың қазіргі күйінде, жас металшылардың, әсіресе Темірбектің өндірістегі ісі сенерліктей жақсы берілген. Халықтар

достығы да поэмадан кең және дұрыс орын алған. Поэма-ның тілі де бір сыдырғы жақсы шыққан. Сонымен қатар бұл поэмаға екі түрлі сын айтар ек: біріншісі — Тайырдың осы поэмасында да, өзге кейбір поэмаларында да ғашықтық тақрыбы табиғи жолмен өрбіп шешілмей, ойдан шығарған жасанды жаққа ауынқырап кетіп жүреді. Мысалы, мына поэмада Лиза мен Темірбек бірін бірі сүйе тұра, Лизаның бригадасы артта қалуын Темірбек газетке жазса, осыған Лиза өкпелеп, екеуі бір-неше ай сөйлеспей кетеді. Осының да конфликт болғаны ма? Мұндай арзан конфликтінің түкке де керегі жоқ қой. Екінші — жасалып жатқан тоғанды су бұзып кетіп, сол мылқау күшпен жұмысшылардың алысуы да, Лизаның суға кетіп қала жаздауы да арзан конфликт. Осы жасанды екі оқыйға поэманың шыйрақ арқауын біраз болбыратып жіберген.

«Жапанды орман жаңғыртты» атты шығармасын Тайыр «поэма» деп атағанмен, ол поэма емес. «Поэма» деп, әдетте, өрбіген өзекті оқыйғасы бар өлендік шығарманы айтса, бұл шығармада ондай оқыйға жоқ. Мұнда тек ақын революциядан бұрын көргенде құлазып жатқан шөлге, советтік заманда орман, қала орнағаны, бұрынғы батырақ Сарманның қазір орман күтуші болғаны, оның қызы — Майраның ағаш маманы болғаны айтылады. Шығарманың ішінде шиеленісіп немесе шешіліп жатқан оқыйға жоқ. Сондықтан поэма деуге болмайды. Бұл жағынан Қайнекей Жармағамбетов жолдастың жуық арада (26 август) «Социалистік Қазақстан» газетіндегі мақаласына қосылуға болады. Бұл шығарма, расында, поэма емес, ақынның көңіл күйін білдіретін толғау ғана. Ендеше, ақынға өзекті оқыйға жасай алмадың деудің де қажеті жоқ. Толғаулық күйінде бұл жаман жазылған шығарма емес.

Соғыстан кейін жақсы жазылған поэманың біреуі — Жұбан Молдағалиевтің «Нұрлы жолы». Мұны ол жас жұмысшылар кадрын даярлау сыяқты аса қажетті бір мәселені көтереді де, соны көркем түрде жап-жақсы ғып шешіп береді.

Жақсы поэмалар туралы соңғы сөз Зейнолла Шүкіровтың өткен 1953 жылы «Әдебиет және искусство» журналының 4-санында басылған поэмасы «Менің достарым» туралы. Бұл — жас ақынның баспасөз бетінде жарияланған бірінші шығармасы. Поэмада Бану атты

архитектор қыз бен жас мичуринші Қайырбай атты жігіттің арасындағы махаббат сөз болады. Оқыйға құруда, сөзді пайдалануда поэманың елеулі кемшіліктері болғанмен, совет жастарының ой-санасын, адамгершілік махабатын көрсетуде бірталай жылылық бар. Ақынның кемшілігі — геройларын іс үстінде жаксылап көрсете алмаған. Қаламды жаңа ұстаған жастың болашағына сәуегейлік жасауға болмайды, дегенмен егер дандайсудан аулақ болса, сынға төзімді болса, білімін, шеберлігін көтеруге ынта салса, өмір шындығымен тығыз байланысса, осы жас ақыннан поэзиямыздың тәуір шебері шығуына мүмкіндік бар сыяқты.

Сонымен баяндамамыздың бұл бөлімін қорыта айттарымыз — кейбір елеулі кемшіліктері, қателіктері бола тұра, қазақ совет поэзиясы, есепті уақыттың ішінде де өмір шындығымен, негізінде тығыз байланысып, социалистік реализм принципіне анық сүйеніп келді, сондықтан ол бірнеше құнды шығармалар туғызды.

Жазушы немесе акын қай жерде өмір шындығынан қол жазса, сол жерде социалистік реализм рельсінен шығады да, кемшіліктерге, қателіктерге ұрынады. Шығарманың шебер немесе олақ жасалуы да социалистік реализм мәселесімен тығыз байланысты. Енді сол мәселеге көшеміз.

ШЕБЕРЛІК ТУРАЛЫ

Ұшқары кейбір сыншылар әдебиеттегі шеберлікті, әдетте сөз құрамында деп ұғады. Расында ол сөз құрамынан әлдеқайда кең. Бұл пікірді біз, есепті уақыттағы қазақ совет поэзиясының хал-жайымен байланыстыруға тырысамыз.

Социалистік реализм әдісінің әдебиетке бірден-бір қоятын шарты — өмір шындығы мен жазушының тығыз байланысты болуы, шығармасына азықты сол шындықтан ғана алу екені жоғарыда айтылды. Ондай байланыс болмаған күнде ақын, сөз жоқ, екі түрлі сәтсіздікке ұшырайды: бірі бос сөзділік, екіншісі — қатеге ұрынушылық.

Әуелі бос сөзділік туралы. Қазақ совет поэзиясында, оның ішінде, есепті уақыттағы поэзияда, бос сөзділік деген толып жатыр. Кейбір өлеңдерді, немесе поэмаларды оқысаң, сылдыраған сөздер көп болады да, көңілінде қалып қоятын ойлар, образдар аз болады, кейбіреулерін-

де атымен кездеспейді. Кейбір ақындардың бірнеше шығармасы бірін бірі қайталайды, кейде бірнеше акынның өлеңдері, немесе поэмалары бірін бірі қайталап жатады. Бұлай болу, акынның күшсіздігіне байланысты емес. Ақындық күші мол, білімі жеткілікті кейбір ақындарымыздан осындай бос сөзділікті және трафаретті кездестіріп жүреміз.

Бұның бәріне ортақ себеп бар ол,— шығармаға қажетті тақырпты өмір шыныдығынан іздеп таппай, даяр формулаға жүгіру. Бірнеше мысал алайық: түр жағынан, мазмұн жағынан елеулі кемшіліктері бола тұра, біз Ұлы Отан соғысының шындық бейнесін көрсететін қысқа өлеңдерді Дихан, Әбу, Сырбай, Сағынғали, Жұбан, Жұмағали сыяқты ақындардан көп табамыз. Ал, тылда отырған ақындарымыз,— Асқар, Ғали, Жақан, Қапан, Қайнекей, Қуандық тағы басқалардың соғыс күндері, соғыс тақырыбына жазған өлеңдерін оқысақ өлеңдік жағынан жақсы құрылғандары кездесе отыра, көпшілігі соғыстың нақтылы бейнесін көрсетпейтін, жалпылама сөз болады, біразы бірін-бірі қайталайды. Соғыстан кейінгі өлеңдер де сондай: құрылыс ісіне араласып жүрген Хамиттің, Әбудің, Сырбайдың, Қапанның, Мұзафардың, Аманжоловтың тағы бірнеше ақындардың өлеңдері конкретті келеді де, енді бір жүйелі ақындардың өлеңдері жалпылама боп жатады. Бұлай болатын себебі — нақтылы өмір шындығынан алған материалы жоқтықтан, немесе сыйпаттап отырған тақырыбын шалағай білгендіктен. Мұндай жағдайда бос сөзділікке ұрынбау мүмкін емес.

Өмір шындығына байланысы жоқтық, кей кезде жазушыға, немесе, ақынға тақырпты жерден емес, көктен, яғни шындықтың өз ішінен емес, оның сыртынан іздетеді. Бұған мысал — Әбділдә Тәжібаевтың шығармалары. Соңғы он шақты жылдың ішінде «Перне» деген атпен бір рет, «Жыйнақ» деген атпен екінші рет Әбділдәнің таңдамалы өлеңдері мен поэмалары басылды. Аты өзге болғанмен, мазмұн жағынан бұл екеуінде айырма азғантай. Бірен-саран ғана жаңа өлеңдері болмаса, соңғы жыйнақ бастапқысын қайталайды. Осы жыйнақтарды оқып отырғанда, екі нәрсеге қайран қаласын: бірі — соңғы он бес жылдың ішінде жазылған бірнеше өлеңдері мен поэмаларының қай уақытқа, қай өлкеге қатнасы бары, қай заманның ақыны жазғаны белгісіз. Уақыты, өл-

кесі белгілі шығармалардың көпшілігінде конкретті өмір бейнесі жоқ, жалпылама сөз. Адам образдарын алсаң, тауды көтеріп жүрген батыр («Толағай»), шешесінің аруағымен сөйлесіп жүрген бала («Бала Тарас»), таска айналған архитектор («Көтерілген күмбез»), күнді көтерген қазақ («Біз де казакпыз»), асқар таудың биік шыңын бір түнде бюстке айналдырған скульптор («Художник Хо-Лун»), жаудың көңілін жүйімен идірген күйші («Абыл»), Совет үкіметінің жетістігіне қайран қап аралап жүрген аруақ («Екі жиһан»), Совет үкіметінің гүлденген даласын көзімен емес, қолымен сыйпап көріп танданған соқыр шал («Бахбан шал»)... Міне, Әбділдің адам образдарының сыйығы осындай. Бұлардың біреуі де өмір шындығында жоқ, тек ойдан ғана жасалған адам емес, мифтер, символикалар. Осылардың қарсанына қоятын, советтік өмірдің реальды шындығынан алған, Әбділдәда бір де поэма жоқ, бір де адам образы жоқ, ендеше, Әбділдә поэмаларының социалистік реализммен ешбір байланысы жоқ. Ол поэмалардың тірегі социалистік емес, буржуазиялық символизм.

Тақырыпты өмір шындығынан іздемеудің, таппаудың арты осындай зор қателікке соғады.

Өмір шындығын білу бар да, сол білген шындықтан тақырып табу, оны көркем әдебиеттің тілімен іске асыру бар. Егер жазушы, немесе, акын, өмір шындығынан керегін ала білмесе, алған керегін көркем әдебиетке тәуелді шеберлікпен іске асыра білмесе, ол уақытта ойдағыдай шығарма тумайды, социалистік реализм әдісі ақталмайды.

Ең алдымен, өмір шындығынан тақырып табу дегеннің не екеніне тоқтайық. Шын мағнасындағы жазушы, жалпы адамның бірі емес, алдыңғы қатардағы адамның бірі, ендеше ол қоғам көшін жетектеушінің бірі. Оның әрбір шығармасы, осы мақсатына жету жолындағы құралы. Олай болса жазушы немесе акын өмір шындығынан алдына қойған мақсатына жетуге құрал бола алатын материалын ғана алады. Жазушылық идея дегеніміз осы.

Совет жазушысы — Коммунистік партияның халықты коммунизм рухында тәрбиелеу ісіндегі жәрдемшілерінің қатарындағы адам. Ендеше ол өмір шындығына коммунистік идеяның тұрғысынан қарап, осы идеяға қажет-

ті материалды ғана іздейді. Әдебиеттегі бейімдестік (тенденциозность) дегеніміз осы.

Бірақ, материалды табу бар да, оны іске асыру бар. Тапқан материалды белгілі бағытқа бағындыра қорытып, іске асыру жазушының шеберлігіне байланысты. Өмір шындығынан алдына қойған мақсатына жауап берерлік материал тапқанмен, ол материалды шеберлікпен қорыта білмесе, ойдағыдай көркем шығарма тумайды.

Осы арадан типтік мәселесі кеп шығады. Өмірде сирек кездесетін нәрсе сол өмірдің кездейсоқ емес, заңды, нақты құбылыстарымен байланысты болғанда ғана типтік шындық деп танылатын болады. Ешқашан, ешбір жазушы, немесе ақын ешбір адам образын қалай болса солай жасай салмайды, әрбір образын белгілі бір идеясын ашып беруге құрал есебінде жасайды. Мысалы, жағымды образдарды қоғамға үлгі ғып тарту үшін, жағымсыз образдардан қоғамды жирендіру үшін. Олай болса, жазушылар мен ақындар, жағымды образдарға да, жағымсыз образдарға да көптің көңілі ауарлық істер, қылықтар, мінездер, ойлар, сөздер береді, сөйтіп, өзіне тәуелді ісі, қылығы, мінезі, сөзі бар ерекше адамдарды, яғни типтерді жасайды. Бірақ, осы типтер жазушы сыйпаттап отырған уақыттың шындығына сәйкес болуы керек.

Осы тұрғыдан алып карағанда, есепті уақыттың ішінде жазылған Қалижан Бекхожиннің «Мәриям Жәгорқызы» атты поэмасында типтікке қайшы келетін елеулі хателік бар. Поэманың алған идеясы дұрыс. Ақынның мақсаты—Дудар мен Мәриямның махаббаты арқылы революциядан бұрынғы орыс пен қазақ халқының достығын көрсету. Осы дұрыс идеяға, Қалижан сыйпаттап отырған заманның шындығына жатпайтын дін қайшылығы сыяқты мәселені әкеп тықпалайды да, поэмасының дұрыс бетін бұрып жібереді. Рас, ешбір дін, олардың ішінде ислам мен христиан діні достасып көрген емес, солай бола тұра, ХХ-ғасырда, орыс пен қазақтың арасында дін тартысы болды деу, сыйпаттап отырған мезгілге тән емес, шындықтан тысқары, ойдан құралған жалған пікір. Қалижан поэмада осы жалған пікірдің соңына түсіп алады да, әлеумет теңсіздігі, тап тартысы сыяқты басты мәселелерді көленкеде қалдырып қояды. Өмір шындығынан алған материалды менгере білмеудің бұл бір түрі.

Екінші түрі—материалы толық бола тұра, жазған шы-

ғарманың алдына ашық идея қоя алмау. Бұған. Дихан Әбілевтің «Майданбек» атты поэмасы куа. Соғыстың басынан аяғына дейін болған Дихан, майдан өмірін, әрине, жаксы біледі. Оның «Майданбегі» осы тақырыпқа арналған. Сыртқы құрылысы жағынан Майданбек Твардовскийдің Василий Теркинi сыякты қатардағы солдат, ақын соның iзiмен жүрiп отырады да, көрген-бiлгенiнiң бәрiн тiзбектей бередi. Диханның кемшiлiгi де осы тiзбектеуде. Твардовский де Теркиннiң iзiмен жүрiп отырады, бiрақ ол, көргенiнiң бәрiн тiзбектей бермей, қарапайым солдаттың көзi арқылы, жүрiп жатқан соғыстың философиялық сырын ашады, ал Диханға геройы көргеннiң бәрi қызық, бұған бас себеп — Майданбектiң алдына, Теркин сыякты белгiлi мақсат, яғни идея қоя бiлмеу, жүрiс-тұрысын сол идеяға бағындыра бiлмеу. Сондықтан, Майданбектiң жүрiсi көбiне босқа сандалу боп шығады да, поэма «Василий Теркиннiң» көлеңкесi түрiнде қалып қояды. Типтiк мәселесiн бұлай шешуге болмайды.

«Алтай жүрегi» атты шығармасын Дихан роман деп атады. 158 беттiк кiтап болған бұл шығарма роман ба, жоқ па, мәселе онда емес, автордың осы шығармада алған ойын ақтап шыға алу, я шыға алмауында. Бiзше, Дихан бұл шығармада алған ойын аяқтай алған жоқ. Шығарма үш бөлiмнен құралады: бiрiншi бөлiмде, азамат соғысы кезiнде жабылып қалған Риддер өндiрiсiн аштыруға көмек сұрап, бiр топ жұмысшы Петроградка барады да, Ленинге жолығады; екiншi бөлiмде Ленинге жолығып қайтқан жұмысшылардың Риддердi қалай ашқаны айтылады, үшiншi бөлiмде Лениннiң өлгенi, жұмысшылардың қалай қайғырып, қалай жiгерленгенi сөз болады. Бұдан көретiнiмiз — ақынның ойы әдемі-ақ. Бiрақ, мәселе, әдемі ойда емес, оның әдемі орындалуында ғой. Дихан әдемі ойын орындай алмаған.

Ең алдымен, Ленин образын сыйпаттауға ақын лайықты ойлар, сөздер, iстер табу керек едi. Романда оның бiрi де жоқ. Дихан Лениндi iздеп барған жұмысшыларға Ленинше сөйлестiре алмайды, Ленин оларға Ленинше жәрдем бергенiн көрсете алмайды. Жұмысшылар мекенiне қайтқаннан кейiн, Риддердi ашуда Ленин тарапынан не көмек берiлгенi айтылмай, шахтаның суын шелекпен төгу, өртiн шелекпен сөндiру сыякты примитивтiк арзан, құнсыз iстердi сыйпаттауға көп орын бередi. Инженер Горин, шахтер Қарабек, коммунист Деев, жұмысшы Зей-

неп, оның жасөспірім баласы Есей, қаскүнем Дудаков сыяқты, романда бір топ герой жүргенмен, олардың ешқайсысы әдебиеттік образ боп шыға алмаған, яғни, ешқайсысында кесек іс жоқ, кесек мінез, қылық жоқ, аткарып жүргендері ұсақ іс, ұсақ қылықтар. Қаскүнем етіп көрсетпек болған Дудаковтың істері бастан-аяқ нанымсыз, жалаң схема.

Өлендік жағынан бірталай жақсы жерлері болғанмен, романда өзекті, дәлелді оқығға болмаған соң, байсалды, қызғылықты адам образдары болмаған соң, нысанасыз атылған оққа ұқсап, көп жерде босқа қаңғырып жүр. Романның соңғы бөлімі Қасым Аманжоловтың «Біздің дастан» дейтін поэмасына өте ұқсайды. Қасымның поэмасы Маяковскийдің Ленин туралы жазған поэмасына біраз жерінде ұқсағанмен, онда оригиналды ойлар, образдар, әдемі сөздер көп. Осындай оригиналдық қасиет Дихан поэмасының соңғы тарауында жоқ. Қысқасы, бұл поэма да социалистік реализм әдісімен жазылмаған.

Шығарманың әсіресе поэма сыяқты сюжеттік шығарма шебер жазылуына аса қажетті шарттың біреуі конфликт мәселесі. Конфликт дегеніміз адам мен адамның ісіндегі, қылығындағы, мінезіндегі қайшылықтардың өзара соқтығысып, шиеленісіп барып шешілуі ғой. Мұндай конфликт тек қалың материалдан құралған жүйелі оқығалардан ғана туады, жұқа, әлсіз материалдан тумайды. Конфликтсіз шығарма, екі ұшқарылықтың біріне еріксіз соғады: не өмір шындығын орынсыз сәңдей (лакировка) көрсетуге, не тұрпайы түрінде (натурализм) көрсетуге. Бұның екеуі де социалистік реализм әдісі емес.

Конфликтсіз жазылған, немесе, қолдан жасалған жалған конфликтке құрылған шығармалар да казак поэзиясында аз емес. Конфликтсіз шығарманың үлгісі есебінде екі поэманы алуға болады, бірі — Жұмағали Саинның «Алтай» атты поэмасы, екіншісі — Сырбай Мәуленовтың «Секретарь» атты поэмасы.

«Алтай» туралы «Социалистік Қазақстан» газетінде жазған Жармағабетов жолдастың пікіріне біз түгелімен қосыламыз. Бұл поэмадан біз соғыс шындығына байланысты көрсетілген совет жауынгерін емес, майданды бойлай шапқылап жүрген ертегінің батыры сыяқты біреуді көреміз. Алтайдың соғысуы, жаралануы, жазылуы сыяқты басынан кешірген қиындықтар оқушы нанғысыз түрде, жалаң схемамен берілген. Ұлы Отан соғысының жұрт-

қа белгілі картиналары поэмада жоқ. Соның бәріне қосымша, тіл құрамы жағынан ұсақ өлеңдерінде жазба поэзияның шеберлігіне жеткен Жұмағали мынау поэмасының көп жерінде фольклорлық ізбен тартады.

Сырбайдың «Секретарь» тіл жағынан бір сыдырғы көркем жазылған. Оның бойындағы кемшілік: біріншіден, — «канал қазайық, жерді суарып егін өсірейік» дейтін, өзге тілдегі поэзия түгіл қазақ совет поэзиясында да әлденеше рет ығыр болған, тозығы жеткен сюжет болса, екіншіден осы сюжеттің тартыссыз, талассыз, кыйындықсыз оңай шешіле қалуы. Поэманың бас геройы Әлімовтың райком секретарына лайық еместігі былай тұрсын, жалпы іскер адамның қатарына қосыларлық ешбір белгісі жоқ. Шофер Балғабай да әрекетсіз босқа жүрген адам. «Қаба сақал қарт Иванның» шал қалпымен кетпен шапқышытығы ақылға сыймайды. Қажет болған күнде, оның орнына жас Иванды қою керек еді. Қарт Иван мен қатар аталатын Пакта босқа жүр. Қысқасы, бұл поэмада ешбір конфликт жоқ, сондықтан ешбір геройы әдебиет типі боп шыға алмаған.

Тайыр Жароков «Астық» атты поэмасында шығарманың материалында жоқ конфликтіні қолдан жасауға тырысады, бірақ онысы шықпайды. Сөздік материалы жап-жақсы жазылған бұл поэмада, адам мен адамның арасынан конфликт таба алмаған соң, Тайыр адам мен табиғаттың арасынан конфликт шығармақ боп, жұрт даужанжалғыз егінді жақсы жыйнап жатқан кезде, аспанға бұлтты торландырады да, колхозшылардың зәресін ұшырады. Олар жаңбырдан қорқып не қылуға білмей сасқан кезде, парторг Әбішев келіп қап қайрат береді, егінді тез жыйнауға үгіттейді. Сол үгіттен сескенгендей, төніп келген бұлт жаумай қояды, егін жыйнау қарқыны күшейеді. Бұның бәрі де қолдан жасалған жалған конфликт.

Айтыс туғызатын бір шығарма — Хамит Ерғалиевтің «Сенің өзенің» атты соңғы поэмасы. Оқыйғалық жағынан бұл поэма «Біздің ауылдың қызының» жалғасы: екеуіндегі де өзекті оқыйға шөл даланы суландырып пайдаға асыру. Оған қоса, «Сенің өзеніңнің» негізгі геройлары «Біздің ауылдың қызынан».

«Сенің өзенің» — Алматыда да, Москвада да талқыға көп түскен, көп пікірлер айтылған поэма. Сол пікірлерді еске ала отыра, Хамит поэмасына біраз түзетулер кіргізіп, жуырда шыққалы жатқан соңғы жыйнағына қосып отыр.

Мен поэманың бұл вариантын да оқып шықтым және осы баяндаманы жазарда ол туралы көп ойландым. Менінше, поэма әлі де шыңына жетіп болған жоқ, әлі де онда елеулі олқылықтар бар, осының себебі неде?

Ең басты себебі менінше Хамиттің өзіне осы поэмасының тақрыбы анық еместігінде сыяқты. Мұнда жарысып отыратын екі тақрып бар, біреуі — өзеннің суын арықпен шөлге шығару, екіншісі — негізгі геройы Гүлжанның ғалым боп шығуы. Акын осы екі тақрыптың бірін ғана алса, поэманың сюжеттік жағы бірыңғай әрбір еді де, Гүлжан да, оның маңындағы жақсы-жаман адамдар да белгілі бір зор істің төңірегіндегі тартыста ісі, кыймылы, қылығы, мінезімен айқын шығар еді. Олай болмай поэмада, біріне бірінің байланысы аз екі мәселе үнемі қатарласа жарысып отырған соң, геройлар, әсіресе Гүлжан екі-жарлы боп кетеді де, тұтас образ боп шықпай қалады.

Поэманың арқауы шыйрақ болмауына бір себеп осы болса, екінші себеп — Шапай мен Гүлжанның арасына Хамиттің жорта араздық салуы. «Біздің ауылдың қызында» жап-жақсы боп жүретін, сондықтан Гүлжан оны сүйетін Шапайдың «Сенің өзенінде» араққұмар-арызкор сыяқты азғындық жолға түсуіне ешбір себеп жоқ. Осындай қолдан жасалған арзан драма, арзан конфликт, негізі жақсы поэманың таза бойын орынсыз былғап, оның оқыйғасы заңды түрде әрбуіне ретсіз кедергі боп тұр.

Поэманың негізіне жататын оқыйға анық болмағандықтан, басында әдемі көрсетілген райком секретары Айболовқа да өсуге мүмкіндік аз. Оқыйғаның сұйықтығы жақсы акынды еріксіз көп сөзділікке апарады.

Әрине, осындай құба-төбел де поэмалар бола береді. Ондай поэма дәрменсіз акыннан шығады. Ал Хамит дәрменді, отты ақынымыздың бірі, ендеше олан, біздің жақсы жазылған поэма күтуіміз керек. «Сенің өзенің», «Біздің ауылдың қызы»ның жалғасы болғандықтан, одан идеялық жағынан да, көркемдік жағынан да жоғары тұруы керек еді, қазіргі күйінде төмен жатыр.

Поэма жанрындағы кемшіліктерімізді қорытар алдында, қазақ поэзиясына ғана емес, бүкіл советтік поэзияға қатнасы бар мәселеге соға кетуіміз қажет. Бүкіл одақтық совет жазушыларының ХІІ пленумында поэзия мәселесі сөз болды. Сонда шығып сөйлеген бір жолдас (ұмытпасам акын Антакольский) «1812 жылдың оқыйғасы орыс поэзиясына Пушкинді берді, ал біздің совет поэзиясында

өз Пушкині әлі шыққан жоқ» деген еді. Бұл пікірде мен бір мәселеге өте қосылар едім, ол, — совет поэзиясында драмалық поэма түрін жасау мәселесі.

Әрине, бізде Маяковскийдің поэмалары, әсіресе, «Владимир Ильич Ленин» поэмасы сыяқты, Твардовскийдің, тағы басқалардың поэмалары сыяқты алдымызға үлгі ғып тартатын поэмалар бар, бірақ, солардың бәрін тұтас алғанда, Пушкинге жол беретін бір жағдайы бар, ол — драмалық поэма жасау, яғни осы поэмада бірнеше адамның образын алып, бұлардың істегі, қылықтағы, мінездегі өзара тартыстарын шисленіскен түрде яғни драмалық түрде шешіп беру. Бұл мәселеге келгенде, Пушкин совет ақындарының бәрінен де биік тұрады. Ол жазған поэмалардың көпшілігі сюжетінің шыйрақтық, драмасының коюлық жағынан, ең таңдаулы повестер мен романдардың, немесе пьесалардың қатарында тұрады. Мұндай поэмалар, совет поэзиясында әлі туған жоқ. Ең күшті ақынымыз Маяковскийдің таңдаулы поэмалары драмалық тартысқа емес, саяси және лирикалық пафосқа құрылады. Қазіргі ақындардың алдыңғы қатарынан орын алатын Твардовскийдің поэмалары стиль жағынан Некрасовтың «Русьте кім жақсы тұрадысына» ұқсап, геройларының бейнесін драмалық коллизияда емес, саясат сапарының үстінде ашады. Поэманың бізге мұндай түрлері де керек. Бірақ, Пушкин мен Лермонтов масштабындағы драмалық поэмалар жасау мезгілі жалпы совет ақындарына, олардың ішінде қазақ ақындарына да жеткен сыяқты.

Жанға жылы өлеңдер, көбінесе, лирикадан табылады. Лирика дегеніміз, табиғаттың немесе қоғамның өмірінде болып жатқан көріністерге ақынның әсерленуі, сол әсерлеріне өз жанының толқыны қалай араласуын айтып беруі ғой. Егер ақын әсерлендірген өмірдің объективтік көрінісін тастай беріп, тек өз жанының толқынын ғана жырласа, одан субъективтік лирика ғана туады, оның арты «менің» дәріптеуге, одан асса менмендікке соғады.

Рас «менсіз» ақын оригиналды ақын бола алмайды. «Мені» жоқ ақын өмірдің бейнелеушісі емес, тіркеуші ғана. Бізге ондан ақын керегі жоқ. Бізге керегі — өмірдің әрбір көрінісін өз жанының елегінен өткізіп, сол көрініске өзінің «менін» қоса жырлайтын ақын.

Қазақ ақындары соңғы кезде лирикалық өлеңдерді де көп жазады. Соның бір түрі және революцияның бастапқы жылдарынан бері өрбіп келе жатқан түрі — саяси

лирика. Бұл: партия туралы, көсемдер туралы, Отан туралы, Советтік армия туралы, Отан тіршілігіне байланысты кейбір актуальдық (бейбітшілікті қорғау, табиғат күшін меңгеру тағы тағылар) науқанды (сайлаулардың өтуі, заемның тарауы тағы тағылар) мәселелер туралы жырлар. Бұл тақырыпқа көп және үздіксіз жазатын ақынның бірі Тайыр Жароков. Оның партия туралы, Москва туралы өлеңдері, осы тақырыпта жазылып жүрген саяси лирикалардың жақсыларына қосылады. Бірақ, Тайыр, бұл бетінде үнемі жақсы емес. Оның саяси тақырыпқа жазған өлеңдерінің бірталайында саяси қате болмағанмен, ішінде оригиналды ой, оригиналды сөз жоқ, босқа даурығу боп жатады. Кейбір өлеңдер былайша тәуір сыяқтанғанмен, бірін бірі қайталайды.

Советтік поэзияда саяси лириканың атасы Маяковский екенін біз жақсы білеміз. Оның бұл тақырыпта жазған қай шығармасын алсаң да, іші тұнып тұрған тың ойлар, тың образдар. Мұндай ойлар мен образдар, таланттылықтың үстіне, әрбір шығармасына жауапты қараудан, өмір шындығына терең сүнгуден, сол шындықты саяси өткір және оригиналды сөздермен айтып бере алудан шығады.

Лириканың тағы бір түрі — көңіл күйін (настроение) жырлау. Бұл революциядан бұрынғы қазақ поэзиясында Абай мен Сұлтан-Махмұдтың шығармаларында көп кездеседі, мысалы «Көлеңке басын ұзартып» немесе, «Алтын кесе» тағы тағылар. Лириканың осы түрі қазіргі қазақ ақындарының өзгесінен Хамит Ерғалиевте көбірек кездеседі. Әрине, Хамиттің бұл түрдегі лирикалары Абай мен Сұлтан-Махмұд лирикаларындай торыққандық түрде емес, оптимистік түрде, социалистік реализм түрінде жазылады.

Біз бұл арада табиғат лирикасына тоқтамай өте алмаймыз. Бір кезде, яғни адам баласының әлсіз кезінде, адам табиғат құбылысына не таңданып қана қараса, немесе, ол құбылысты тәңірге есептесе, материалистік диалектика ғылымына сүйенген біздің заманда түбірімен өзгерді, сондықтан Маяковский күн туралы өлеңінде оны қонаққа келуге шақырды, Жароков «Күн тіл қатты» поэмасында күн мен большевиктердің күшін салыстырды. Абайдың сыйпаттауында қыс:

«Ақ киімді, денелі, ақ сакалды,
Соқыр, мылқау тынымас тірі жанды.»

Ал «Орыс қысы» деген Асқардың өлеңінде қыс ақынға:

«Болғанмен алдым аяз, артым шуақ.
Алдында аксакалым жаткан шұбап,
Жаз туып жадырата күн сүйгенде,
Құяды сай-салаңа болып бұлақ.»—

дейді. Қапанның «Қыс атты» өлеңі де осы бағытта жазылған. Әбу Сәрсембаев «Жас кұрақ» деген қысқа өлеңін:

«Балауса құрақ көл көркі,
Жетіліп тезден толарсың,
Қолхоздың қалың малына,
Қора болып қонарсың,
Мүмкін, тіпті жырымды
Жазатын қағаз боларсың.»—

деп бітіреді. Өте әдемі сөз. Оның «Орман», «Шабындық» деген өлеңдері де сондай. Ал, Әбділдә «Түнде» деген өлеңінде, «Түнде де өмір бар» дей отыра, түнге байланысты адам өмірінен түк көрсетпей, тек табиғаттың мылқау күшіне қайран қалумен болады. Бұл барып тұрған идиллия, яғни табиғат күшінің, табиғат көрінісінің алдында босқа елту.

Адам баласының космикалық ұғымы қараңғы кезінде, ай, күн, жұлдыз, күннің күркіреуі, найзағайдың жалтылдауы сыяқты көрініс, құбылыстардың бәрін табиғаттан тыскары керемет деп, сыйына табынған ғой. Біздің заманның адамдары, әсіресе акындары ол көріністер мен құбылыстардың не екенін жақсы біледі. Сондықтан да Қалижан «Жерден ұшқан жұлдыздар» деген өлеңінде:

«Көктен аққан жұлдызды көргенімде,
 Әлденеге тітіреп
 тұрған денем,
 Өйткені әжем,
 бакытсыз әлдекімге
 Белгісі бұл ажалдың туған деген»,—

деп, ескі ұғымды айта келеді де:

«Көрдім бүгін жарк етіп ұшқан жерден,
Аспанға от жұлдыздар алтын қанат,
Ұйқылы түнді жарып дабыл берген,
Жүзіне Москваның тұрдым карап»,—

деп мейрам күндері Москвада берілген салютті әдемі бейнелейді. Қасым Аманжолов «Алтын жұлдыз» деген өлеңінде жақсы бакташы болғандығы үшін Еңбек Ері атағын алып, кеудесіне алтын жұлдыз қадаған қызды сыйпаттай кеп, оның аузына:

«Баққаным көк жұлдызын бекер екен,
Мұратқа еңбек еткен жетеді екен.
Төсіме берді қадап алтын жұлдыз,
Сталин әрі көсем, әрі әкем.»—

дейді. Бұл да өте әдемі айтылған. Ал, Әбділдә «Жұлдыз қыз» деген өлеңінде, бір заманда жерде Шолпан деген сұлу қыз болғанын, оны бір хан зорлықпен алуға ойлаған соң көкке қашып, жұлдыз боп кеткенін сыйпаттай келіп:

«Ей, Шолпан қыз,
Болма жұлдыз.
Жазаладық патшаны біз,
Қорықпа сұлу, бізге кел!»—

дейді. Бұл өлеңді Әбділдә 1946 жылы жазады. Россияда бұл өлеңді жазудан жыйырма тоғыз жыл бұрын құлаған патшаны бұлай еске алудың қажеті қанша? Халқымыз социализмді құрып болып, коммунизм биігіне өрлей бастаған кезде, жерге жоламай, баяғы патшадан қашқан калпымен әлі де қашып жүрген неткен қыз ол?..

Біраз ақындарымыз күнді, айды, жұлдызды, найзағайды өмір шындығының көркемдігіне бейнелеймін деп, жөнді жерде де, жөнсіз жерде де «ай», «күн» дей беретіні бар. Бұл әдет өзгеден гөрі Тайырда көп. Ондай аспанға шапшып беруді Тайырдың қоятын уақыты жеткен сияқты.

Садыкбек Адамбеков «Туған ай» деген өлеңінде:

«Неге маған күлесін,
Сәуле беріп тек тұрмай,
Қуаныш па, мазақ па,
Жөніңді айтшы, бұл қалай?»

деп айға ұрсады. Фашистерді жеңуге айды жәрдемге шақырады.

Бұл өлеңде ешбір логика жоқ, сондықтан, ешбір көркемдік жоқ.

Махаббат лирикасы да қазақ поэзиясынан кең орын алады.

Бұл тақрып дүние жүзілік әдебиеттен, әсіресе поэзиядан, оның ішінде лирикадан кең орын алып келеді, ол дұрыс та, өйткені, адамда семьясыз өмір жоқ, әрбір адам тату-тәтті тұратын жақсы семья болуды арман етеді, ол үшін әр еркек, әр әйел өзімен ұғысатын, үйлесетін, сүйіспендікпен тұратын жұбай іздейді, әйелге немесе ерге махаббаттың негізі осыдан шығады, ендеше, жұбай сүйден туатын лириканың да азығы осы.

Социалистік Октябрь революциясынан бұрын, бүкіл дүние жүзінде, әйел жынысты адам қоғам тіршілігінде правосыз боп келді, сондықтан сүйгеніне қосылу деген мәселе ол кезде, көшпелі қазақ ауылы түгіл, мәдениетті Европада да үлкен проблема болатын, ғашықтық туралы шығармалар осыдан туатын. Біздің социалистік Отанда бұл проблема шешілді де, әркім сүйгеніне қосылатын право алды.

Бірақ, бұдан көрінген еркек пен көрінген әйел қосыла береді деген сөз шықпайды. Бір қоғамның бір тілектегі мүшесі бола тұрып, адам атаулының мінез-құлқы үйлесе бермейді, сондықтан әркім жанына жаны үйлес жұбайын іздейді, осыдан барып іздеу, көру, құмарту жыры, яғни махаббат жыры туады.

Мұндай жырлар бізде бар да, көп. Сонымен қатар, кейбір сорақылықтар да кездеспей қоймайды. Бүкіл қазақ ақындарының бәрінен табылатын жалпы бір кемшілік, әйел болса, міндетті түрде сұлу болу керек: сауыншы да сұлу, монтер де сұлу, солдат қыз да сұлу... «қысқасы қай өлеңде әйелді кездестірсең, сол өлеңнің ішінен «сұлу», «ару» деген сөздерден аяқ алып жүре алмайсың.

Қысқа жанрлы өлеңдер жайындағы соңғы сөз сатира туралы. Бізге сатира керек. Ол өткір де, әділ де болуға тиіс. Қазақ поэзиясының басты бір кемшілігі — өміріміздің көлеңке жағын көре білу, сынап білу жоқтың қасы. Мұндай сынауды біз көбінесе Асқар Тоқмағамбетовтың фельетондарынан табамыз. Оның 1953 жылы шыққан таңдамалы шығармалар жыйнағына оннан астам фельетон кірді. Бұлардың бәрі де кемшілікті сынауға құрылған және көпшілігінде дұрыс өткір сын айтылған.

Осындай жақсы жақтарымен қатар, Асқардың кейбір фельетондарында біржақтылық та болады. Бұған айқын мысал, «Сталин жолы» журналының быйыл июль айында шыққан санындағы «Еріккеннің бүгінгі мен ертеңі» атты фельетон. Ең алдымен бұл фельетон 1939 жылы жазылған «Желіккен жеңгейлер» атты фельетонын қайталауы. Екеуінің де мазмұны — қызмет істемей, бойын ғана сылап отыратын, мінезі тұрпайы, қоғамға жат мешанқа әйелді сынау: Осындай әйелдер бұрын да, қазір де бары рас. Ондайларды, әрине сынау керек және қатты сынау керек. Бірақ, біріншіден, бір рет жазған фельетонды сол қалпында он бес жылдан кейін қайталап жазуды не мән бар еді? Екіншіден, мода іздеуді, әдемі киінуді, помада мен

пудраны, жақсы қошиістерді пайдалануды, машинаға мінуді сықақтаудың қазір несі қызық? Бұлай түзелу кемшілік пе екен? Ғалым әйелдердің, искусство қызметіндегі әйелдердің, тіпті стахановшылар мен үй қызметіндегі әйелдердің қолы жеткен сән емес пе бұл? Ендеше, біздің міндет,— сәнденуді сынау емес, мінездегі, қылықтағы, істегі кемшіліктерді сынау. Асқардың атаған фельетонында олай боп шықпаған, әйелдің жан-жүйесі емес, сырты ғана сыналған.

Поэзияның тілі туралы аз сөз. Жазушы немесе ақын қандай жақсы тақрып тапқанмен, сол тақрыбын бейнелеп беретін тіл таба алмаса, одан көркем әдебиет шықпайды.

Әрине, ешбір жазушы одан сөз жасай алмайды. Ол, тек, халық тілінің байлығына сүйенеді де, әрбір шығармасына қажетті сөзді содан ғана алып отырады.

Бірақ, «халық тілі» деген де бір қалпынан өзгермейтін, қатып қалған тас сыяқты нәрсе емес. Экономикасы, мәдениеті өркендеген сайын әр халықтың тілі де байыйды. Осы баю үстінде тыңнан сөз қосылумен қатар, бұрынғы төл сөздердің өзі де мағналық жағынан салмақтанып, тереңдеп отырады.

Адам сөзді тура мағнасымен де айтады, салыстыру, теңеу, әсірелеу сыяқты бейнелі мағнасымен де айтады.

Тіл атаулының бәрі де тура мағнасымен емес, бейнелі мағнасымен сөйлеуге бейім. Қандай қарапайым адаммен кеңессең де, шама-шарқынша, әдемі сөйлеуге тырысады, сондағы қолданатыны — бейнелеп сөйелу. Ал жазушыны, немесе ақынды алсаң, оның шығармалары тек қана бейнелі сөздерден құрылады. Бұлай жазу, әсіресе, ақындарға қажет, өйткені поэзиялық шығармалардың, әсіресе қысқа өлеңдердің көлемі аз, қай өлеңде, жоғарыда айтқандай, оқыйға да болмай, тек қана ақынның сезімін аңғартады, ондай шығармалар бейнеленген көркем сөздерден құралмаса ешкім де оқымайды.

Көшпелі ауылдың, сол тұрмыстың салдарынан туған фольклорлық әдебиеттегі сөздік байлықты кең пайдалана отыра, біз қазақтың жазба әдебиетінің өкілдері фольклорлық стильде шығарма жазуға тиісті емеспіз.

Фольклордың жазба әдебиеттен бұдан басқа да толып жатқан өзгешелігі бар, олардың бәріне тоқтау бұл баяндаманың міндеті емес. Біз, тек оның негізгі өзгешеліктеріне тоқтап отырмыз, ондағы мақсатымыз — қазақтың жаз-

ба поэзиясы мен фольклорлық поэзиясының арасын ажыратып алу. Ол үшін тағы бір күрделі мәселеге тоқтаймыз.

Өткен 1953 жылы «Новый мир» журналының 8 санында Николай Леонтьевтің «Сәуегейлік және бақсылық» («Волхование и шаманство») деген мақаласы басылды. Осы мақалада советтік фольклорды жасаудағы және зерттеудегі мәселеде болған біраз кемшіліктер мен қателіктерді дұрыс сынаумен қатар, ол кейбір мақалдар мен қалқамшырақ (частушка) өлендерді қоспағанда, советтік фольклор жоқ деген қате қорытынды жасады. Жылға жақын уақыт бұл қате пікірге баспасөздеріміз үндемей кеп, сол «Новый мир» журналының жақында ғана шыққан сегізінші санында бірнеше автор бұл пікірге сын айтты.

Мен әрине, фольклорист емеспін, сондықтан, жалпы совет фольклоры туралы пікір айтуға мүмкіндігім жоқ, ал қазақ совет фольклоры туралы пікір айта алам, өйткені оның кадрларымен бірге өсіп келем, шығармаларын қалай жасағанын көріп келем.

Қазақтың революциядан бұрынғы жазба әдебиеті қазақ совет әдебиетіне жалғыз Сәбит Дөнентаевтан басқа бір де адам берген жоқ, ал қазақтың революциядан бұрынғы ауыз әдебиеті, яғни фольклоры, басы Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей ғып ондаған ақын берді. Революциядан бұрын халықтың мұң-зарының жыршысы болған, бірақ белгілі саяси мақсаты болмаған бұл ақындардың алдынан, советтік дәуір айқын жол ашты, ол — халықты бақытқа бастайтын Коммунистік партия жолы еді. Бұл жолға түскен ақындар, ғасырлар бойына екі жақты қанауда келген халқына бақыт күні туғанын көрді де, сол бақытты шалқып жырлай бастады. Жамбыл бастаған бұл топ революция идеясын, социалистік құрылыс идеясын халық арасына насихаттауда орасан зор еңбек атқарды.

Бағыты осы бетпен өрбіген ақындардың шығармалары қандай жағдайда қалай тууының ішкі сырын білмей, сыртына қарап тон пішетін адамдар да жоқ емес. Мысалы, қазақтың екі үлкен ақынын алайық: бірі — XIX ғасырдың алғашқы жартысында жасаған, шаруа көтерілісінің бастаушысы және оның идеологы Махамбет Өтемісов, екіншісі — Жамбыл. Екеуі де күшті ақын. Екеуінің өзіндік стильдері бар ақындар. Сөйте тұра идеологиялық жағынан алғанда, революциядан бұрынғы жырларында екеуінің арасында айырма жоқ: екеуі де қанаушы тапқа қарсы.

Екеуі де еңбекші көпшіліктің мұң-зарын жырлайды, бірақ екеуінің де белгілі саяси бағыты жоқ. Тек қана, айырмасы — Махамбет XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ өмірінің, Жамбыл XIX ғасырдың екінші жартысындағы және XX-ғасырдың басындағы қазақ өмірінің шындығын жырлайды.

Ал, революциядан кейінгі Жамбыл идеологиялық жағынан Махамбеттен түбірімен басқа. Совет уақытындағы Жамбыл социалистік революцияның, социалистік құрылыстың саналы жыршысы, бұл халге Жамбыл қалай келді?

Жамбылды сырттан білетін адамдардың ойынша: Жамбыл атты ақындықтың дариясы бар, ол үнемі кеме-рінен аса ақтарылып жатады да, жұрт құйып ала береді... Егер ол, осындай дария болса, Жамбыл советтік дәуірден бұрын неге осылай үздіксіз ақтарыла бермеді? Ақтарылған күндерінде, социалистік идея революциядан бұрынғы шығармаларында аузына неге түспеді?

Мұның бәрінде зандылық бар. Революциядан бұрын Жамбылға саяси басшы болған жоқ. Советтік дәуірде ол Коммунистік партияның тәрбиесіне түсті. Ең алдымен ол советтік дәуірдің қазақ еңбекшілеріне берген өлшеусіз зор жақсылығын көзімен көрді. Соны жырлауға бет алған Жамбылға жырларын халық күткен дәрежеде шығаруға материалдық та, рухани да жағдай жасалды: Жамбылға арналып, мемлекет күшімен аулына үй салынды, ол үйге телефон, радио орнады, газеттер, журналдар жеткізілді, кітапхана жасалды, оларды оқып беретін, Отанның, жер жүзінің күнделік тіршілігімен таныстырып тұратын жәрдемшілер берілді. Көңіл күйі түскен Жамбылдың өлендерін жәрдемшілері жазып алып, өзіне қайта оқыды, артық кеткен сөздерін ақын қырнады, кем қалғанын толтырды, сөйтіп, оның әрбір жыры, жазба өлең сыяқты әлденеше екшеуден, яғни түзету, өңдеуден өтті. Мұндай жағдай болмаса, дүние жүзі ардақтайтын Жамбыл да болмас еді.

Осы арада егер Жамбыл идеясы және көркемдігі зор шығармалар туғызса, мұндай авторы бар шығарма фольклор ма, жоқ па? — деген сұрау туады, өйткені Леонтьевтің кателігін сынап жазушылардың ойынша, фольклор коллектив боп жасайтын шығарма. Бізше, Жамбыл әрине — фольклор. Олай дейтініміз, біріншіден — Жамбыл хат білмейтін адам, сондықтан ол, барлық жырларын да ауызша шығарды; екіншіден — фольклорға тән, жоғарыда

аталған сыйпаттардың Жамбылда біразы бар, мысалы — жаңа мағна беру арқылы фольклорлық ескі образды кең пайдалану.

Басқа ақындар туралы аз сөз. Олардың Қазақстан жазушылар Одағымен тығыз байланысып жүргенінің саны бір кезде отызға жақындады. Біразы кейін қайтыс болды. Бұл ақындар екі жүйеге бөлінеді: бір жүйесі — Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Шашубай, Орымбай сыяқты революцияға қартайып жеткен және хат білмейтін ақындар, ендеше, олардың өлең-жырды ауызша шығарудан басқа мүмкіндігі жоқ; екінші жүйесі — Кенен, Иманжан, Нартай, Жақсыбай, Омар, Қуат, Қалқа, Саяділ, Төлеу, Әбдіғали, Молдахмет, Сәттіғұл, Есдәулет, Нұрқан, Ғабдіман сыяқты жаза да білетін, ауызша да шығаратын ақындар.

Ақындардың бұл екі жүйесінің де әрқайсысы шығарған көптеген бағалы жырлар бар, олардың бәрін талдауға баяндамада мүмкіншілігіміз жоқ. Тек қана айтарымыз — олардың кейбіреулері, жазба түрде бағалы жырларды, сюжеттік поэмаларды туғызады. Мысалы Нұрқан Ахметбековтың «Жасауыл қырған» атты поэмасы, Ғабдіман Игенсарттовтың «Лавадағы өмір» атты поэмасы идеялық жағынан да, көркемдік жағынан да қазақ совет поэзиясының ешбір жазба шығармасына беріспейді.

Фольклор туралы ойды Фридрих Энгельстің төмендегі сөздерімен қорыту мақұл: «халықтық кітаптың (фольклордың С. М.) алдына қоятын мақсаты,— дейді, Энгельс «Немістің халықтық кітабы» атты еңбегінде,— күн ұзын атқарған ауыр еңбектен қалжырап кешке үйіне қайтқан крестьянның көңілін аулау, сергіту, ауыр еңбекті ұмыттыру, оның құнарсыз тастақ даласын ғажап бақшаға айналдыру, оның (халықтық кітаптардың С. М.) және бір мақсаты,— ұсақ қолөнер иелерінің аянышты түрдегі іс дүкендерін поэзия дүниесіне, алтын сарайға айналдыру, тұрпайы әйелін ғажап сұлу ханша ғып көрсету, халықтық кітаптың және бір мақсаты,— библиямен қатар, оның (крестьян мен ұсақ қолөнер иелері С. М.) мінез-құлқын тәрбиелеп, күші, правосы, еркіндікті сүю қандай екенін таныту, көңілінде ерлікті ояту, Отанды сүйдіру».

Әр халықтың халықтық кітаптары да, яғни фольклоры да алдына осындай мақсат қояды. Фольклордың бағасы қандай екендігіне бұл айқын дәлел.

Қазақ фольклорын оның ішінде советтік фольклорды осылай бағалай отыра, біз бұл күнге дейін болып келген

бір қате пікірге жауап бермей кете алмаймыз, ол халық ақыны деп ауыз әдебиетінің өкілін ғана санау, халықтық әдебиет деп, тек ауызша жасалған шығармаларды есептеу, жазба шығармалары мен оның авторларын бұл есепке кіргізбеу.

Шынында Октябрь революциясының қазаққа берген зор жемісі — ауыз әдебиеті емес, жазба әдебиет. Қайталап айтқанда, революциядан бұрын поэзиядан басқа әдебиет жанры жоқ қазаққа Октябрь шын мағнасындағы үлкен прозаны, үлкен драматургияны, үлкен публицистиканы сыйлады. Қазақтың советтік поэзиясы идея жағынан ғана емес, көркемдік жағынан да революциядан бұрынғы поэзиядан әлдеқайда жоғары кетті. Мысалы, шын мағнасындағы поэма жанры қазақ поэзиясында тек советтік дәуірде ғана жасалды.

Қазақ совет әдебиетінің, оның ішінде поэзияның кадрларының жүзден тоқсан тоғызы халықтың қалың ішінен шыққан, халық ұлдары, халық қыздары, яғни жұмысшылардың, колхозшылардың, еңбекші интеллигенцияның балалары. Олардың шығармаларының басым көпшілігі халықтың өз тілегінен туған, сол халықтың ерлік істерін сыйпаттайтын шығармалар, ендеше олар шын мағнасындағы халықтық шығармалар. Олай болса, ауыз ақындарының шығармаларын ғана халықтық деп ойлау, жазба әдебиетке оның керісінше қарау, ең алдымен саяси қате.

Фольклорды жоғары бағалай отыра, одан үйрене, үлгілер ала отыра, жазба әдебиет еш уақытта фольклорға қайтуға тиісті емес, өйткені, Маркстің бағалауынша, фольклор адам қоғамының балалық шағында туады, егер көптің көзінше күлкі болғысы келмесе, есейген адам балалық қалыпқа қайта алмайды.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақтың қазіргі жазба поэзиясын фольклорлық дәрежеде деу, оны күлкі боларлық халге қоюмен парапар. Ондай дәрежеден қазақ поэзиясының алдыңғы қатары әлдеқашан өткен. Мысалы: Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Әбділдә Тәжібаев, Дихан Әбілев, Жұмағали Саин, Қасым Аманжолов, Әбу Сәрсенбаев, Хамит Ерғалиев, Қалижан Бекхожин, Қапан Сатыбалдин, Сырбай Мәуленов сыяқты қазақ ақындарын фольклорлық дәрежеден шыққан жоқ деген адамның өзі күлкі болар еді. Өйткені, бұлар бірнеше елеулі кемшіліктерімен қатар, шын мағнасында жазба поэзияның профессионалдық дәрежесіне жеткен ақындар. Кейбір шығарма-

ларында фольклордың элементі табылғанмен, олар жазған шығармалардың басым көпшілігі — жазба әдебиет мұралары.

Бірақ, бұдан қазақтың жазба поэзиясы түгелімен фольклорлық дәрежеден шығып болды деуге болмайды. Кейбір ақындарымыздың шығармаларында фольклорлық стиль жиі кездеседі. Мысалға Асқар Тоқмағамбетовтің 1941 жылы жазған «Маршалдар шықты майданға» деген өлеңінде:

«Асқар, асқар, асқар тау,
Асқардан биік тау болмас,
Асқар таудың басына
Ай ауылдас қона алмас,
Сүйенер ұлы болмаса,
Жауда қалар жалғыз бас,
Халық үстінде дау туса,
Жап аямас жан жолдас.
Бидайықтың орпына,
Қарға, құзғын қона алмас,
Шырқай ұшып шүйгенмен,
Қырғый қыран бола алмас,
Асқар таудың басына,
Құладың ұшып жете алмас,
Күзен казып тырбанып,
Бауырын тесіп өте алмас...» —

деген жолдар бар. Осы жолдардың астынан «Тоқмағамбетов» деген сөзді алып тастап, фольклордан мәліметі бар біреуден сұрасаң, «Сыпыра жырау ма, Бұқар жырау ма, Махамбет пе, тағы солардай біреу шығарған болар» дер еді де, жазба поэзияның өкілінен шыққан жыр деп ешкім айтпас еді, өйткені, бұл жырда фольклорға ғана тән ақылдымсу бар да, жазба поэзияға тән не ой образы жоқ, не сөз образы жоқ.

Фольклорға өте ұқсастық Мәриям Хакімжановадан да табылады. Оның «Ана махаббаты» деген атпен шыққан соңғы жыйнағында «дүлдүл», «бүлбүл», «қыран» сыяқты фольклорлық образдардан аяқ алып жүре алмайсың. Мысалы: «Жас бүлбүлға» деген өлеңінде ол Роза Бағланованы төрт жолды өлеңнің бастапқы жолында дүлділге, яғни жүйрік атқа, екінші жолында бүлбүлға, яғни сайрағыш құсқа, үшінші жолында қызғалдаққа, яғни гүлге теңейді. Сонда, Розаның әрі жылқы, әрі құс, әрі өсімдік болғаны ма? «Қанатты қыз» деген өлеңінде Мәриям ұшқыш қызды «алтын айдар, болат білек» деп сыйпаттайды. Фольклорда Абай мысқылдайтын «алтын иек, сарала қыз»

деген осы болады. Бұл — фольклордың алдына емес артына теңелу.

Фольклорлық стильді біз Жақан Сыздықовтың, Ғалым Малдыбаевтың, Қалмақан Әбдіқадыровтың шығармаларынан да көп кездестіреміз. Оның бәрін талдауға баяндамада орын жоқ.

Өлеңнің өлшеуі, ырағағы, үйлесі туралы да қазақ совет поэзиясында олқылық, жауапсыздық толып жатыр. Оның бәрін талдауға бұл баяндамада уақыт жоқ.

КЕЙБІР ҚОРТЫНДЫЛАР

Жоғарыда біз қазақ совет поэзиясының есепті уақыттағы жетістіктері мен кемшіліктеріне тоқтап өттік. Сонда біздің көргеніміз — есепті уақыттан бұрын да кемшілігінен жетістігі басым қазақ совет поэзиясы есепті уақыттың ішінде де сол қарқыннан таңған жоқ.

Жалпы осылай жоғары өрлеу жолында келе жатқан поэзиямыздың кемшілігі мен қателігі де көп екенін байқалдық. Оған үш себеп бары байқалды: бірінші себеп — кейбір ақындарымыздың өмір шындығымен байланысының аздығы, екінші себеп — кей ақындарымыздың өмір шындығымен байланысты бола тұра, сол шындықтан қажетін теріп алуға білім құлашының жетпейтіндігі. Үшінші себеп — кейбір ақындарымыздың творчестволық қате жолда жүруі. Бұл кемшіліктер мен қателіктердің бетін кең ашып, тез жою ісінде Қазақстан жазушыларының үшінші съезі және Бүкіл Одақтық жазушылардың екінші съезі көп жәрдем берер деген үміттеміз.

Көңілге сол үмітті медеу тұта тұра, қортынды сөзде екі мәселеге қысқаша тоқтап кетуді қажет көреміз.

Бірінші мәселе — өмір шындығымен байланысты әлі де тығыздай түсу туралы. Бұл жөнде Қазақстанның ақып-жазушыларының бойында бар кейбір керенаулықты атап айту қажет. Мысалға тың және тыңайған жерді көтеру мәселесін алайық. Бұл мәселенің партиялық, мемлекеттік, халықтық мәні қанша екенін баяндаудың қажеті жоқ, ол мәселе партиялық қаулыларда көрсетілген.

Тың және тыңайған жерді көтеруде, Қазақстанның орны ерекше екеніне тоқталмаймыз. Ол да ашық айқын мәселе.

Осы зор істі көркем әдебиет тілімен насихаттауда, Қазақстан жазушылары ұйымының, оның жеке мүшелерінің

ісі ойдағыдан әлдеқайда төмен жатыр. Аздаған өлең, жырлар, очерктер болмаса, бұл зор іске арналып, күрделі көркем шығарма әлі жазылған жоқ. Жазылды деген қысқа жанрлы шығармалардың да көпшілігі іс бейнесін көрсетпейтін, сырттан топшылайтын жалпылама сөздер. Солардың арасында, тың және тыңайған жерлерді көтеруге аттанған жастар армиясын еңбекке емес, сұлу қыз іздеуге шақыру сыяқты сорақылықтар да кіріп кетіп жатыр, мысалы — «Әдебиет және искусство» журналының быыл шыққан 6-санындағы Әбділдәнің «Комсомол» атты өлеңі.

Осылай, өмір шындығының алдында емес, артында жүру, Қазақстанның жазушылар ұйымында, оның кейбір жеке мүшелерінде әр кезде кездеседі. Бұндай кешеуілдеуден, керенаулықтан, бой-күйездіктен құтылып, өмір шындығымен қайнаса өсетін, оның артын ала емес, алдын ала жүретін уақыт жетті.

Екінші мәселе — өмір шындығынан тапқан тақырыпты шеберлікпен жазу туралы. Бұл мәселені мен оқу, үйрену мәселесі мен байланыстырар ем. Біздің социалистік қоғамды, оқушылардың оқуы марксизм-ленинизм екенін, біз совет адамдары жақсы білеміз. Соны біле тұра, марксизм-ленинизм ілімін үздіксіз және қайталап оқып, күнделікті ісімізге нұсқау алып отыруды үнемі ескере бермейміз, сондықтан қателіктерге, кейде саяси қателіктерге ұрынамыз. Егер шын мағнасындағы саяси сауатты шығарма жазғымыз келсе, бұл олқылықтан арылуымыз керек.

Оқудың екінші түрі — көркем әдебиеттің өз ішінде. Дүние жүзілік көркем әдебиеттің бұрын-соңды жазылған шығармаларын кең түрде оқымай, жақсы жағынан үлгі алмай, ешбір ақып-жазушы шеберлігін өсіре алмайды.

Бұл жөнде бізге өлшеусіз зор сабақ — орыс әдебиеті, оның классиктері және қазіргі алдыңғы қатарда жүрген жазушылары. Қазақ әдебиетінің мақтанышы — Абай тек орыс классиктерінен үйренудің арқасында ғана, көркем шығарманың шеберлік шыңына шықты.

Отанымыздағы туысқан өзге елдердің әдебиетіндегі жақсы жақтарынан үйрене отыра, біздің ең зор сабақ алатынымыз орыс әдебиеті. Біз оның идеялық жағынан да үйренеміз, көркемдік, шеберлік жағынан да үйренеміз.

Біздің кейбір жазушыларымыз осылай үйренуге бой ұрмайды да, әдебиетіміздің алдыңғы қатарынан орын алмай, артында жүреді.

Социалистік реализм дегеніміз — өмір шындығымен,

оны шебер түрде көрсетудің түйіскен жері. Бірақ шындықта, шеберлік те бір қалыпта тұрмай, үнемі өсу, өркендеу, ілгерілеу, жоғарылау жолында жүреді. Сондықтан біз, социалистік реализм әдісін, оның тоқыраған қалпында емес, революциялық өркендеу қалпында қолданамыз. Ендеше, біз өмір шындығын терең шебер көрсету ісіне де осы көзбен қараймыз.

Бізде олқылықтар, кемшіліктер көбі рас. Бірақ біз олардан арыламыз, Отанмен, халықпен бірге ілгері басып жоғары өрлейміз, өйткені, біздің Отанның жетекшісі — Совет Одағының жеңімпаз Коммунистік Партиясы.

ҚАЗАҚ СОВЕТ ПРОЗАСЫ ТУРАЛЫ

Съезіміздің күн тәртібінде тарихи ұлы оқығалар мен жеңістерге толы соңғы он бес жылдық өміріміздің ішінде қазақ совет әдебиетінің қалай өсіп-өркендегенін толығырақ қамту тілегімен қойылған әдебиетіміздің барлық негізгі жанрлары тұр. Бірақ, сайып келгенде шешер мәселеміз біреу ғана. Ол — социалистік бай шындықтың әдебиетімізде қаншалықты терең де сенімді, идеясына көркемдігі сай мағнада көрсетіліп келе жатқанын анықтау, екінші сөзбен айтқанда, қазақ совет жазушыларының социалистік реализм әдісін қандай дәрежеде меңгере алғандықтарын анықтау. Егер осы мәселе өзінің әділ де дұрыс шешімін тапса, әдебиетіміздің шын жайы да белгілі болады. Жетістіктеріміз бен бірге кемшіліктеріміз де дұрыс табылады, алдымызда тұрған міндеттеріміз де айқындалады. Съезіміз де ойлаған дәрежеде өз міндетін атқарған болады.

Әрине, бұл мәселенің шешімі бір адамның шамасынан да келмейді, бір баяндаманың шеңберіне де сыймайды. Бұл көп болып, коллектив күшімен шешетін мәселе. Мен де сол көптің бірі болып, қазіргі прозамыздың жайлары мен міндеттері турасында сөйлемекпін.

Бұдан он бес жыл бұрын өткен Қазақстан совет жазушыларының екінші съезіне біз жаңа ғана аяқтана бастаған жас прозамыздың шағын жанрымен — қысқа әңгімелермен, кейде аяқталмаған, аяқталса піспеген бірен-саран повестермен, бірді-екілі ғана роман деп танылған шығармалармен келіп едік. Ол съезд біздің елеулі шығарма ретінде ауызға алғанымыз Сәбит Мұқановтың «Жұмбақ жалауы», Ғабиден Мұстафиннің «Өмір мен өлімі», Саттар

Ерубаевтың «Менің құрдастарым» дейтін ұзақ повесті еді. Әрбір әдебиеттің толық мағынада өскендігіне сенімді айғақ болатын үлкен роман мәселесі әлі алысырақта тұрған армандай қызықты да күдікті елестейтін. Ал, социалистік реализм әдісін қай дәрежеде меңгере алғандығымыз туралы ол съезімізде кеңірек сөйлесуге өреміз де жетпеген, батылымыз да бармаған.

Бүгін біз, екінші съездің тұсында жеке жазушылардың ғана мүмкіндігі сыяқты сезілетін көркем проза жасау мәселесін ол кездегіден анағұрлым үлкен де өскен топ болып қолға алып отырмыз. Қазақ совет прозасының тұрақты кайраткерлері сан жағынан да, сапа жағынан да өсті. Бұдан он бес жыл бұрынғы жастарымыз есейді де, есейгендері күшейді, сенімді үміт күтетін бір топ жастар келіп қосылды. Екінші съездің тұсында біздің ұлттық мағынада ең іерік сезінетін арқа сүйеріміз (тыл) бұрынғы-соңғы поэзиямыз болса, қазір алдағы кезеңдерімізге сенімді арқа сүйеу бола аларлық қазақ совет прозасының үлкенді-кішілі түрлері түгел туды. Біздің жас проза өз әдебиетіміздің ең озық жанрына айналумен бірге ұзақ тарихы бар, піскен деп саналатын ұлттық прозалардың қатарына қосылды. Қазақ совет жазушыларының еңбектері біріне-бірі тәжірибе, әрі мектеп, әрі түрткі болып, жақсы мағынасындағы бәсекелік сезімді тұтата алатын дәрежеге жетті. Қазір біз қазақ совет прозасының кадрлары да, табыстары да әрі елеулі, әрі тұрақты деп жауапты түрде айта аламыз. Екінші съезге жас келген қазақ совет әдебиеті тұтас алғанда көп ұлтты еліміздің мәдени тарихынан өзінің келісті орнын алып отырса, қазақ совет прозасы орыс әдебиеті арқылы Одақтық және дүние жүзілік кең өріске шықты. «Абай», «Ботажөз», «Миллионер» сыяқты шығармалар өз республикамыздың шеңберінен шығып, байтақ демократиялы дүниенің рухани қорегіне айналды.

Қазақ совет прозасының табыстары — жазушыларымыздың социалистік реализм әдісінің идеялық және көркемдік талаптарын қалай меңгере алғандықтарына байланысты. Социалистік реализм әдісі идея мен көркемдікті, мазмұн мен түрді бірінен бірін айырмай, тұтас талап ретінде қоятынын еске алсақ, әрбір шығарманың да құнды-құнсыздығы осы талаптың қалай орындалғанына байланысты болуға тиісті.

Қазақ совет прозасының идеялық мазмұнымен, кең мағынадағы өмірге қаншалықты терең сұғынғандығын

мына сыяқты, үстірт қарағанда сырт ақпарлармен де сыйпаттауды дұрыс көрем. Соңғы он бес жылдың ішінде бір ғасырдың тең жартысын түгел сыйпаттап, қазақ даласындағы әлеуметтік қарым-қатнастарды кең қамтый келіп бірінші буржуазиялық революция қарсаңымен аяқталатын, совет жұртшылығына кең таныстығы бар Мұхтар Әуезов жолдастың «Абай» атты төрт томдық романы жазылды. Бұл кең мағнасындағы совет жұртшылығын қазақ халқының тарихи ерекшеліктерімен терең таныстырған, ұлы ақынымыз Абайды танытқан, барлық совет әдебиетінің көрнекті табысы деп танылған шығармамыз. Даладағы сол әлеуметтік қайшылықтардың өсе келе, шиеленісе келе революциялық шешім тапқанын Сәбит Мұқанов жолдастың «Жұмбақ жалау» атты романынан көреміз. Колхоздасқан еліміздің өскелең ойлы жаңашылдарын Ғабиден Мұстафин жолдастың «Шығынақ», «Миллионер» атты романдарынан көрсек, колхоздасқан еңбектің қандай ұлы күшке айналғанын Сәбит Мұқановтың «Сырдариясынан», Ғабдол Слановтың «Кең өрісінен» көреміз. Кейінірек тоқталатын бірде ауыр, бірде жеңіл кемшіліктері барлығын еске ала отырсақ та, бұл еңбектер социалистік бүгінгі өміріміздің жырлары, бүгінгі өмірге белсене сұғынғандықты көрсететін шығармалар.

Осы дәуірдің ішінде Отанымыздың басынан өткен дүниелік мәні бар жеңіспен аяқталған тарихи оқыйғалардың ең үлкені Ұлы Отан соғысы болса, бұл тақырыпқа «Жас түлектер» деген Әлжаппар Әбішевтің повесті, жас жазушымыз Әбдіжамел Нұрпейісовтің «Қурляндия» деген романы, жас жазушы Оразалиннің «Жексен» атты повесті және «Қазақ солдаты» жазылды. Соғыс тақырыбы қазақ жазушыларына тосын да тың сынау болғанын еске алсақ, бұл шығармалардың тыңға ұмтылған жақсы талаптың жемісі екендігін бағалауға міндеттіміз.

Қазақ совет жазушыларының көпке дейін жүрексініп келген, сондықтан әсіресе прозамызда көп жылдар бойы орны үңірейіп ашық тұратын тақырып жұмысшы табы, өндіріс өмірі болатын. Қазір Қазақстан жұмысшы табының өмірінен алынып жазылып, әдебиетке елеулі табыстар қатарында қосылған төрт романымыз бар. Ол басылып шыққан жылдарының ізін қуалай атағанда Слановтың мұнайшылар өмірінен алынған «Жанар тауы», Мұстафиннің «Қарағанды» романы, Әбу Сәрсембаевтың балықшы-

лар өмірінен алынған «Толқында туғандары» және «Оянған өлке» романы. «Қарағанды» мен «Оянған өлке» көміршілер өмірінің екі кезеңін суреттейді.

Мен әсіресе, әдебиетімізге Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірде келіп қосылған жас прозаярларымыздың аралуан үміт күттіретін алғашқы табыстарын ерекше атағым келеді. Биологиялық ғылым майданындағы кертартпалықтармен күресу үстінде совет ғалымдары мен совет студенттерінің өмірін көрсететін Сафуан Шаймерденовтың «Болашаққа жол» атты романы, совет мектебіне политехнизация жолын ұсынған Мұқан Иманжановтың «Алғашқы айлар» атты повесті, Бердібек Соқпақбаевтың «Алыстағы ауылда» деген повесті прозаның совет жастары мен совет балаларының өмірін көрсетудегі олқылықтарын толтыруға арналған бірінші елеулі еңбектер.

Бұл айтылғандардан шығарғалы келе жатқан менің негізгі қортыңдым — Қазақстан жазушылары социалистік бай өміріміздің әр саласына белсене де сұғына араласқан, совет әдебиетіне берік арқау болатын салмақты да соны тақырыптарды қамтуға тырысқан демекпін. Бұл қандай әдебиетте кездесе де қуантарлық, өрістей беруін тілесерлік нәрсе. Ұлы Горькийдің сөзімен айтқанда ХІХ-ғасырдағы буржуазиялық әдебиеттің өмірге өктем араласып, оған елеулі әсерін тигізуі үшін тұтас бір ғасыр, жүз жыл керек болған болса, қазақ совет жазушылары ол асуды өз заманының екпініне сай санаулы ғана жылдардың ішінде өтті дей аламыз. Бұған қоса кетуге тиісті деп санайтын тағы бір ойым, ол қазақ совет прозасында, осындай еңбектер арқылы бүгінгі қоғамымыздың алдында тұрған іргелі мәселелерін көтерумен бірге ертеңгі күніміздің талаптарын да қоса көтеруге ұмтылған, болашағы нәрлі сезілетін игілікті бағыт бар.

Қазақ совет прозасы жанрлық жағынан да бұдан 10—15 жыл бұрынғы халынан анағұрлым кеңейді. Қазір бізде Сейтжан Омаров, Мұқан Иманжанов, Бердібек Соқпақбаев, Төлеухан Сағынбаев сыяқты прозаның қысқа әңгімелер жазу жағында қаламдары қалыптасып келе жатқан бір топ жазушылар бар. Жазушылық өмірі тым қысқа болған, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан Баубек Бұлқышев аз да болса айқын жарқ еткен көркем де өткір еңбектерімен прозаның публицистикалық саласын едәуір көтеріп кетті. Алдағы күнде туар үлкен еңбектердің барлаушысы есебінде сапалатын көркем очерк саласы да қа-

лыптасып келеді. Мұны мен қазақ совет прозасының жанрлық ішкі кеңеюі дер едім.

Жоғарыда аталған шығармаларымыздың социалистік реализм әдісінің идеялық және көркемдік талаптарына толығырақ жауап беретіндері өрісті де өмірлі болып келеді. Ондай шығармалардың ішкі-тысқы оқушылары да көп, туа кәртаймай, жаңғырып-жасарып, өмірлі екенін танытады. Сонымен бірге ондай шығармалар әдебиетіміздің алдағы күндердегі өсуіне де үлкен әсер ететінін аңдатады.

Бұл ретте, одақтық көлемде* (оның үстіне демократиялық елдерде де) қанша көп ауызға алынып, жете бағаланса да екі съездің арасындағы жеке-дара үлкен табысымыз деп біз Мұхтардың төрт томды «Абай» романына тоқтаймыз. Оның себебі құрметті жазушымызға тағы бір рет мақтау айтып, мадақтап қалғымыз келгендіктен емес, социалистік реализм талаптарына ең толығырақ жауап береді деп таныйтын шығармамыздың идеялық, көркемдік, шеберлік жақтарындағы ерекшеліктерін, озықтығын ұғынуда. Бұл әдебиетіміз бен жазушыларымыздың өсуі үшін, үйренуі үшін керек. Әрбір шығармаға айтылар баға түптеп келгенде не авторды мақтау, не жамандауға ғана сайып, әдебиетімізге берер нәрі сұйқылт болып шықса, оны пайдасыз қызыл сөз, жарамсақ пен жалтаңның күнделікті ұсақ кәсібі деуіміз керек. Қашан да, қай заманда да жеке адамның еңбегінен туатын әдебиеттік шығарманың ерекше бір қасиеті — ол толғағы жетіп туған болса, өзінің идеялық күші мен көркемдігіне қарай қоғамдық, ұлттық, елдік рухани казынаға айналады, бірдің тәжірибесі көпке ортақ болып кетеді. Біз әрбір шығармаға осы тұрғыдан қарауға міндеттіміз.

Қазақ совет прозасының басты табыстарымен таныстыруға кіріспестен бұрын мен көркем шығармаға социалистік реализм әдісінің қоятын идеялық және көркемдік талаптарына біраз көңіл аударғым келеді. Соңғы жылдарда одақтық көлемде де, біздің республикалық баспасөзде де жағымды образ жасау мәселесі, конфликт, композиция, тіл, идея, форма мәселелері жеке-жеке алынып сөз болып жүр. Бірақ, бұл мәселелердің әрқайсысы жеке алынып, басқалармен байланыссыз сөз болатындықтан көркем шығармаға қоятын социалистік реализм талаптары тұтас күйінде көз алдына келе де бермей, кейде бытырап, шашырап бұлдырға тартады. Кейде шығарманың идеясы жақсы, тілі жақсы, не болмаса жақсы образдар жасаған

деген сыяқты біржақты көзқарастар көркем шығармаға тұтасынан қойылар үлкен талаптардың көпшілігін бүркемелеп кетеді. Меніңше, социалистік реализм әдісі шығармадан терең идеяны қандай талап етсе, көркемдік сапаны да сондай талап етеді. Мазмұн мен түрді екі айырып қарауға болмайтыны сыяқты, идея мен көркемдік сапаны да екі айырып, бірі болса, екіншісі өзінен өзі өтеліп жататын нәрседей етіп қарауға болмайды. Әсіресе бірінің жолына бірін құрбан етуге болмайды. Шығармада жағымды образдардың қандай сенімді, қандай көп қырлы болса, онымен, алысар жағымсыз образдар да сондай сенімді, тартысуға тұратын етіп жасалуы керек. Конфликт дегеніміз екі түрлі, я болмаса одан да көбірек көзқарастардың іс жүзіндегі әрекетке айналған тартысы. Тартыс арқауының бір ұшын мықты қолға беріп, екінші жағын жарымжан біреуге тапсырсаң, бұдан ең алдымен ұтпай шығатын жағымды геройың болады. Бұлай болғанда біз үлкен әлеуметтік мәні бар тартыс орнына, орыс тілімен айтқанда «тышқандардың тырбаңдасуын» ғана бере алған боламыз. Автордың үлкен идеясы өмірдің әрбір кезеңіне, әрбір нақтылы деп аталатын жағдайға лайық сенімді күрестер, тартыстар арқылы өсіп келіп, ақтық нәтижесімен ойыңа ұялап қалады. Ал, тартыстың өзі шығарманың композициялық құрылысымен бірге өседі. Тартыстардың бұрмасы мен соқпасы әрі жеткілікті, әрі созымды болуы таңдап алған геройларыңа, талғап бере алған әрекеттеріңе байланысты. Образ іс жүзіндегі, әрекет туғызарлық ойлар арқылы жасалады. Тегінде әрекетсіз образ жоқ. Кейде біз көбінесе шығарманың идеялық мазмұнын тереңірек ұғынамыз да, көркемдік дегенді шығарманың тіліне ғана байланыстырамыз. Дұрысында көркемдік деген жалғыз ғана тіл емес, сонымен бірге композиция шеберлігі, оқыйға желісінің сатылап жоғары өрлей беруі, тартыстардың дамуы, образдардың өсуі, эстетикалық шектерден шығып кетпеу сыяқты мәселелердің барлығын қамтыйды. Осылардың бәрі, мен айтып тұрғандай олпылы-солпылы қарапайым мағынада емес, теориялық терең де, толық мағынасында, бірінен бірін айырмай, бөлмей, бірімен бірін бүркемелемей, тұтас күйінде әрбір шығарманың алдына қойылатын талаптар. Ал, бұл талаптардың қай дәрежеде орындалуы жазушының идеялық және көркемдік күшіне байланысты, шеберлігіне байланысты. Мен ең алдымен Мұхтардың «Абай» романын атағанда социалистік ре-

ализм әдісінің идеялық және көркемдік талаптарына ең толығырақ жауап беретін шығармамыз деп атаймын.

«Абай» романдары қазақ совет прозасының қалыптасуына көмектесуімен бірге шығарма алдына қойылар талап дәрежесін жаңа бір биікке көтерді. Жазушылық өнерден сенімді үміті бар жасымыз да, жасамысымыз да «Абайдан» үйрене де отырамыз, сүйене де отырамыз. Ең алдымен «Абай» романындағы образдың көбі-ақ, әсіресе Абайдың өзі, Белинский айтқан «таныс бейтаныс» (знакомый незнакомец) дәрежесіне көтеріле алған. Ақын Абайды әрқайсымыз қалай ұғынсақ, ішкі-сыртқы сыйпатымен қалай көз алдымызға әкеле алсақ, Мұхтар Абайды сол бейнеде көрсете алды. Сондықтан Абай алғашқы кездескенде-ақ мен сол халық көңіліне орнаған Абайыңмын деп тұрғандай болады. Оқушы жұртшылығы күдіксіз сеніммен қабылдады. Абайдың өз шығармаларынан, халық есінде қалған нәрселерден ұзақ жылдар бойында әрі үстемеленіп, әрі тереңдеп, сондықтан қиындап та кеткен Абайдың ішкі дүниесі Мұхтар романында көп нәрселерден арылып, шынын тапқан. Абай әрі ұлы ақын, әрі өз заманынан биік тұрған қоғам қайраткері, бүкіл қазақ халқының болашақ тағдырын ойлап күйзелген және соған жөн сілтеген, ұлы орыс халқымен бауырласуға шақырған адам екенін біз романның өнбойынан көріп отырмыз.

Сонымен бірге, Абайдың арқа сүйер адамдары да қалың еңбек бұқарасының әр тобынан алынып, әрқайсысы өз шындығымен, дараланған бейнесімен көрінеді. Дәркембай, Базаралы, Дәрмен сыяқты адамдар лайымен тұнған феодалдық-патриархальдық болмыстың қазақ даласында әлі де берік тұрған қорғандарына өз заманына лайық әрекеттермен қарсы аттанады. «Абай» романынан біз бұқара бас көтеруінің оқыс мінездерін де, әлсіздігін де көреміз. Ол даланың шындығы болатын.

Мұхтар Абайдың өз образын, бұқара өкілдерінің образдарын даралай да кесек жасай отырып, қарсы жақты да әлсіретпеген. Абайға қарсы топтың ішінде үріп қалсаң ұшып кете қояйын деп тұрған бір адам жоқ. Құнанбайдан бастап Тәкежанның баласына дейін созылатын тоң мойын бір топ барлық үстем ескілігімен қайнасып қалған күйінде Абайдың өмір бойы алысқан өз айналасы болса, Алшынбай, Бөжейі, Қаратай және басқалар арқылы біз қазақ даласындағы феодализмнің беріктігін көреміз. Бұл бір жағынан заман шындығы болса, екінші жағынан әлеу-

меттік тартыстың қарама-қарсы күресушілерінің бір жағын оғаш күшті, бір жағын күресуге тұрмайтын әлсіз етіп шығармайтын дұрыс прием.

«Абай» романында Қодар өлімінің шын себебі болып шығатын әлсіз рулардың жерін тартып алу әлеуметтік тартыстың басы болса, сол тартыс төрт кітаптың өнбойында әлсіремей, ылғый қызықтырып, оқушыны еріксіз жетелеп отырады. Дәркембай, Тоғжан, Иіс кемпір, әсіресе Абайдың өз тағдырына кейде жаның ауырса, кейде бірге қуанасың. Мен мұны жазушының композициялық шеберлігі, оқыйғаны өсіре білуі, образдарын әрекет үстінде өсіріп, шын сүйгізе алғаны, не шын безіндіре алғаны деп таниймын. Бұған жазушының кең тынысты, ойлы да образды тілін қоссақ, «Абай» романдарының бірсыпыра өзгешеліктерін толығырақ ұғынған боламыз.

Оқыйға шеңбері жарты ғасырлық болса да одан арғы бірнеше ғасырлардың шындығын да қамтый отыратын кең жайылымды роман түптеп келгенде барлық қазақ халқының болашақ тағдырына байланысты үлкен бір идеяны ойыңа құяды. Ол — ұзақ ғасырлар бойында қоғамдық өркендеудің төменгі сатысында тұрып қалған қазақ халқының болашағы ұлы орыс халқымен достасуда, сол халықтың алға сүйрер мәдениетінде, ойында екендігі. Шеберлікпен өрбітіп әкеліп, шеберлікпен берілген идея әдейіліксіз-ақ, сығарлаусыз-ақ сана-сезіміңе ұялап қалады. Өйткені, сол идеяның тартыс жолында жазушы сені талай толғандырды, талай мұңайтты да қайғыртты, енді сен сол идеяның жеңіп шыққанына бар сезіміңмен қуанасың. Әлеуметтік, таптық күрестердің стихиялы түрі өзін-өзі сарқып болып, енді қазақ бұқарасының алдында революциялы дәуір тұрғанын сезінесің. Абайды біздің заманға жақындатар идеялық желі де осы.

Әрине, «Абай» романдары алды-артымен байланыссыз өздігінен ғана туа салған жоқ. Оның алдында 15—20 жыл ішінде өмір сүрген қазақ совет прозасының, соның ішінде Мұхтардың өзінің де тәжірибесі бар еді. Осы кезде шеберліктің көп сырларын меңгерген, кемелденген, дер шағында деп атарлық жазушыларымыз ол кезде жас та тәжірибесіз болғандарымен прозаның жеңіл түрлерін едәуір меңгеріп қалып еді. Сәбит Мұқанов сыяқты қазақ совет әдебиетінің іргесін қаласушылардың бірі ондаған мың жолдармен саналатын поэзиясымен қатар бірнеше роман да беріп тастаған. Қазақ романының төл басы деп саналатын

«Жұмбақ жалау» «Абай» романының тууына да әсер етті, жалпы алғанда прозамыздың өсуіне де әсер етті. «Жұмбақ жалау» романы қазақ совет прозасында да, оның ішінде Сәбит Мұқановтың өз творчествосында да өзінің елеулі орнын алады. Оның негізгі бір себебі — Шоқан, Абай, Ыбырай сыяқты прогресшіл ойшылдарымыздың арман етсе де, шешімін нұсқай алмаған әлеуметтік, таптық қайшылықтардың, сонымен бірге қазақ халқының барлық болашақ тағдыры пролетариат революциясы арқылы шешілгенін біздің әдебиетте ең алдымен «Жұмбақ жалау» романынан көреміз. Абай мен Шоканды жеке-жеке толғандырған, бірақ олардың көбінесе жекелеп алатын қазақ даласында әлі заманы тумағандықтан жөнін де сілтей алмаған революциялық жолға «Жұмбақ жалау» дың бас геройы Асқар түседі. Шоқан мен Абай дәуірлері Асқарды революциялық биікке көтеретін әлеуметтік қарым-қатнастардың баспалдағы болады да Асқар өзі Абай, Шокандардың өзгерген жаңа жағдайдағы логикалық жалғасы болып шығады. Мен Асқарды да Белинский айтқан «таным бейтаныс» кейіпкердің қатарына қосамын.

Ауылдық мектептің жұпыны ғана мұғалімдігінен өсіріп алып шыққан Асқар қазір бізде бұқаралық қазақ интеллигенциясынан шыққан революционер образында берік қалыптасып қалды. Оның себебі бұл образдың өз дәуіріне толық бейне болып шығуында. Жазушы бас геройын оңай жолмен бірден-ақ қызарта салмай, басынан талай ауытқуларды кешіріп, дала санасының өзіндей баяу өсіріп, аяғында қалыптасқан революционер дәрежесіне көтереді. Жазушы оны белсенді әрекет арқылы да ішкі, сыртқы сезім, ой құбылыстары арқылы да толық әзірлеген.

Асқар образында бұл айтылғаннан гөрі тереңірек темән бар. Осы образ арқылы жазушы үлкен бір идеяны жақсы ашады: ол — революциядан бұрынғы қазақ халқы сыяқты елдерге Асқар жүріп өткен жолдан басқа жол жоқ, басқа жолдардың бір де бірі бақытсыздық, теңсіздік, өгейлік шеңберінен шығара алмайды деген идея.

Сәбиттің «Жұмбақ жалау» романы өзінің ұзақ өмірлі еңбек екенін таңытқан роман. Жазушы бұл романында социалистік реализм әдісінің талаптарына көп тұрғылардан толық жауап бере алды. Талап ретінде оңай қойылғанмен орындауы қыйынға түсетін әлеуметтік, таптық тартыстар «Жұмбақ жалау» романында басты геройлардың тағдырына тығыз байланыстыра берілгендіктен кітаптың

аяғына дейін әлсіремей, ой мен сезімге бірдей қонымды болып шығады. Сәбит бұл романында идеялық және көркемдік талаптардың өсуіне сай өз өскендігін де көрсетті. «Жұмбақ жалау» да бас геройдың серіктері де, қарсы жақтың адамдары да күресе алатын, күресуге тұратын, созымды тартысқа шыдасатын етіп алынған. Осындай басты қасиеттерімен, көп роман жазып ысылған, піскен жазушымыздың алдына енді одан да салмақтырақ талаптар қоюға болатынын да аңғарта, «Жұмбақ жалау» романы қазақ совет прозасынан өзінің үлкен орнын алып қалды. Менің бір қарсы боларым осы романның «Ботагөз» деп өзгерткен аты жөнінде. Сайып келгенде басты герой қазақтың қызы емес ұлы болғандықтан және кітаптың негізгі салмағы лирикалық қосалқы тақырыпта емес әлеуметтік тартыста болғандықтан, бұл аты кітаптың үлкен идеясын азды-көпті әлсіретіп тұрған сыяқтанады. «Жұмбақ жалау» екінші съезіміздің қарсаңында шығып содан бері көп айтылып, жете бағаланып келе жатқандықтан, мен осымен ғана тоқтағым келеді.

Мен жоғарыда қазақ совет прозасының социалистік өмірімізге өктем араласып, бүгінгі күнімізбен бірге ертеңіміздің мәселелерін де көтере бастаған бағыты барлығын ескерттім. Бұл сыяқты болашағы нәрлі сезілетін игілікті бет бізде ең алдымен Ғабиден Мұстафиннің «Шығанақ», «Миллионер» атты еңбектерінен басталып, кейінірек «Сырдария», «Алғашқы айлар», «Болашаққа жол», «Кең өріс» сыяқты роман, повестермен толықтанып келеді. Тұтас алғанда реалистік өмір негізінде өрістеп келе жатқан қазақ совет прозасының бұл бағыт жаңа бір қырқасы. Айта кетуге міндеттіміз, бұл жаңалығымыз Ғабиден Мұстафин романдарынан басталады.

Екі съездің арасындағы он бес жылдың ішінде үш роман берген Ғабиден Мұстафин осы дәуірдің ішінде қазақ совет прозасынан өзінің тиісті орнын алумен бірге әдебиетіміздің бетін бүгінгі өмірге бұруымызға да үлкен жетекші болды. Бұл оның творчестволық биографиясындағы елеулі ерекшелігі. Басқа жаққа ауытқымай, бүгінгі совет шындығын жырлау екінің бірінде кездесе де бермейді. Оның үстіне, жазушының іздену талаптары тұтас бір бағытта болғандықтан табысы да олқы емес. Ғабиден типтерді де, типтік жағдайларды да өзіміздің совет шындығынан алып өсіп келеді.

Ғабиденнің «Миллионері» көп тілдерге аударылып, халық аралық кең арнаға шығып кетті. Бірақ, мен өз қара басым социалистік реализм талаптарына толығырақ жауап беретін роман «Шығанақ» деп білемін. «Шығанақ» менің ойымша біздегі көп жайларды ашады. Романның бас кейіпкері Шығанақтың өзі жүріштегі, қызылшадағы, мал шаруашылығындағы еңбек адамдарының озық адамдардың жыйынтық бейнесін береді. Сондықтан бұл шын мағынасындағы типтік кейіпкер. Шығанақтың ұлттық бейнесі де, еңбектегі тәжірибесін ғылымға сүйеуге ұмтылған озық ойы мен табандылығы да әлеуметтік мағынадағы типтілікке жатады. Ең жақсысы — Шығанақтың еңбек әрекеттерінде, ойлау жүйесінде жасандылық жоқ, ол өзінің қарапайымдылығымен, колхозшыға тән шындығымен нанымды жасалған. Шығанақ мінез құлық, психика, өмір сүру жақтарынан ұлттық дәстүрдің жақсы жақтарын бойына сіңірген, сонымен бірге ол шеңберде қалып қоймаған біздің дәуірдің озық еңбекшісі. Сондықтан да ол колхозшы көпшілігіне өнегелі образ болып қалды.

Жазушы Шығанақтың жаңашылдық жолындағы көп іздену, еңбектену жақтарын көрсетумен бірге қазақ колхоздарының нақтылы жайларындағы ескілік қалдықтарын да, көз бояу, құр айқай сыяқты біздің жағдайда шын болған, колхоз өмірінің өсуіне кесірі тиген нәрселерді де батыл әшкерелей отырады. Меніңше, романның идеялық мазмұнын «жаңашылдар мен ескішілдер» деген сыяқты екі сөзбен аңғартуға болса, романдағы жағымды-жағымсыз типтердің бәрі дерлік өзінің жағдайында, өзінің уақытында нанымды алынған. Егістің түсімін арттыру сыяқты жаңашылдар бастаған күресті ала отырып жазушы шындық шеңберінен шығып кетпеген. Реалистік колхоз өмірінің өзіне тән тартыс шындығы бар да, алас ұрған тасыр-тұсырымен келетін жалған пафос жоқ. «Шығанақ» осынысымен-ақ жалықтырмай оқылып шығады. Олай болса, жазушы алған идеясын жеткізе аларлық көркемдік шешімін тапқан. Сондықтан мен социалистік реализм әдісінің қоятын талаптарына «Миллионер» деп гөрі «Шығанақ» толығырақ жауап берді деймін.

Сөз жоқ, «Миллионер» колхоз құрылысының өсіп-нығаю жолындағы аса бір маңызды мәселесін көтереді. Ол қоғамдық меншік пен жеке меншіктің арасында біріне-бірі бөгеу болмай сүйеу болатын белгілі бір теңдестік шегі

(соотношение) қойылуын талап етеді. Бұл жазушының байыған колхоздың шындығынан алып, ертеңгі күні барлық колхоздар үшін ұсынған идеясы, сеніп ұсынған болжалы (прогноз).

Колхоздың қоғамдық меншігі молайған сайын колхозшының жеке меншігін өсіре берудің қажеті азая беретінін біз бірталай озық колхоздардың тәжірибесінен көріп отырмыз. Колхоз мүшелерінің шаруашылық мұң-мұқтажын еңбек күнінің табысы артығымен жауып отырған колхоздарда жеке меншіктің жайыла беруі кейде сол еңбек күнінің өсе беруіне бөгесін жасайды. Егер жазушы Ахмет образып осы тұрғыдан алып, колхоздың қорланған мол табысына қарай еңбек күнінің салмағы ауырлағанын суреттеу арқылы жеке меншіктің бөгеу бола бастаған процесін көрсетсе, «Миллионер» ертеңгі күннің үлкен бір мәселесіне дұрыс прогноз жасаған болар еді де, Ахмет образы саяси мағнадағы типке айналар еді. Кітапта бұл идея тартыс желісіне де кірмеген, ол идеяның жақтаушылары мен қарсыласушылары да жоқ. «Миллионер»дегі тартыс желісі жаңашыл Жомарт пен тоқырап қалған Жақыптың арасына ауып кетеді де, үлкен идея, автордың өзі де сене алмай көтергендей, тартыс әрекетінен оңай шығып қалады. Дұрыс алынған идеяның көркемдік шешімін дұрыс таппағандықтан сентябрь пленумының нұсқауларына қазіргі күйінде қарсы келіп қалатын да жері бар.

Социалистік өмірімізге өктем араласудың талабынан туған үлкен еңбектің бірі — Сәбит Мұқановтың «Сырдария» романы. Мұнда біз сусыздықтан қысырап жатқан көп жерді ұйымдасқан колхоз еңбегі арқылы қоғам байлығына айналдырып жатқандарды көреміз. Жазушының адал ойы Ұлы Отан соғысының қиын жағдайларында да социалистік елде экономикалық, мәдениеттік құрылыстар тоқтап қалмай, қайта, бейбіт еңбегімізге апатты содырын тигізген фашизмге қарсы кекті жігермен қарыштай беруін көрсету. Бұқара тіршілігін жақсы білетін жазушымыз сол ауыр жағдайда халықтық еңбек творчасының ірі-ұсақты, ескілі-жаңалы табыстарын да қамтый отырады. Біздің елде канал қазу, плотина салу сыяқты үлкен құрылыстардың жалпы халықтық қозғалысқа айналғанын суреттейді. Колхоз өндірісін кеңейту, молықтыру көзімен қарағанда «Сырдария» романы қазіргі тың жерлерді меңгеру міндеттерімен де үндес шығады. «Сырдария» дағы бас геройлардың бірі адал еңбектің адамы Сырбай, Шығанақ сыяқты

о да типтік кейіпкерге айналып кетті. Шығанақ пен Сырбай типтес бір шалдар соңғы жылдарда басқа жазушыларымыздың пьесаларына да кіріп жүр. Совет еліндегі үлкен шындықтарды көрсету жолында «Сырдарияның» осындай мәні бар.

Бұрын көшпенді, мал өсірумен ғана айналысқан қазақ сыяқты халыққа бүгін егін егу, канал қазу, ауыл шаруашылығының жаңа техникасын меңгеру, шын мағынасындағы социалистік еңбектің озық өнегелерін бойына сіңіру барлық жерде бірдей оңайшылықпен табылып жатқан жоқ. Бұл мәселелер жөнінде бізде әлі де толып жатқан теріс ыңғайлықтар кездеседі. Совет Одағының озық аудандарында алдақашан кешіп өткен кезеңге айналған нәрселер біздің кейбір қазақ колхоздарында әлі жойылып болған жоқ. Қоғамдық меншіктен гөрі жеке меншігіне көбірек зейін аудару, жалқаулық, қыдырымпаздық, техниканы тез меңгеруге селсоқтық сыяқты ескі ауылдың әдеттері әлі де көп күресуді керек етеді. Сондықтан, «Сырдария», «Кең өріс» сыяқты социалистік еңбекті жырлайтын шығармалардың әлеуметтік мәні барлығын бағалай білуіміз керек.

Социалистік өміріміздің ауыл шаруашылық саласының басты мәселелерін көтеруге арналған осындай бір топ шығармаларымыз болса, қазір жұмысшылар өмірінен алынып жазылған тағы бірнеше елеулі еңбектеріміз бар. Жазушыларымыз көмір, мұнай, балықшылар өмірі сыяқты тақырыптарды алып, бір кезде тұтасынан тусып жатқан тыңды көтеріп келеді. Айта кету керек, жұмысшы өмірінің тақырыптарына тереңдей алған жазушылардың өкінбейтіні байқалады. Әлеуметтік озық таптың қай дәуірде де қандай күресте де алда отыратындығы жазушыларымызға прогресс жолындағы үлкен идеяларды беріп келеді. Ірі өндірістің ауыл шаруашылығын мол құдретпен көтеріп әкететін ерекшелігі сыяқты, жұмыскер табының өмірі әдебиетімізге де қорлы нәр болатындығын көрсете бастады. Аз уақыттың ішінде-ақ ауызға алынып, нанымды тип деп танылған жұмысшы образдары жасалды. Бұл өмірмен тапыстығы жоқ қазақ оқушыларының рухани дүниесін кеңіте түсетін еңбектер туды.

Жұмысшы тұрмысы біздің оқушыларымызға қандай жаңалық болса, жазушыларымызға да сондай жүрексініп барған жаңалық еді, қазір біз ол дәуірден өтіп, үлкен бір тақырыпты меңгере бастаған сенім үстіндеміз. Жұмысшы

табының өмірін көрсетуге арналған еңбектердің ішінен қазақша және орысша басылып шығып, оқушы жұртшылығына кеңірек таныс болған Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романын алғым келеді. Орталық және республикалық баспасөз орындарымен қатар оқушыларымыздың бағалауына карағанда бұл роман көздеген мақсатын атқара алды деп білемін. Бұған дейін бірнеше роман жазып каламы төселген жазушымыз бұл романында сенімді жасалған образдар берді. Арғы дәуірден қалған мұра деп танырлық еш нәрсе жоқ жалаңаш далада Қарағанды сыяқты алыптың қалай орнағанын көрсетті. «Қарағанды» романы совет жұмысшыларының бүгінгі дәуірі, онда сыйпатталатын совет адамдары. Романның Мейрам, Щербаков сыяқты басты кейіпкерлері типтік талаптарға жауап бере алады да, роман өзі көркем шығармаға қойылатын идеялық және көркемдік талаптарымызға негізінде қанағаттанарлық жауап береді. Совет жұмысшыларының өмірін көрсетуде пионерлік жасаған бірінші романымызды оқушы жұртшылығымыз жақсы қарсы алды. Бұл кітаптың құндылығын сыйпаттайды.

Бұл дәуірдегі қазақ совет прозасының бір ерекшелігі өмірге өктем араласуында деп жоғарыда ескерткен едік. Осы өзгешелігімізді жас прозаиктарымыз туралы да айтуға әбден болады. Мұқан Имажанов өзінің «Алғашқы айлар» деген повестінде қазір өте зор маңызы бар оқушыларға политехникалық білім беруді көтерсе, Сафуан Шаймерденов «Болашаққа жол» деген көпті үміттендіретін романында биология ғылымының майданындағы кертартпалықпен күресуді көтереді. Жас жазушыларымыздың бірі Әбдіжамел Нұрпенсов Ұлы Отан соғысы сыяқты үлкен сында коммунистік партия тәрбиелеп өсірген совет жастарының қажыр-қайратымен бірге саналылығын суреттейді. Жас таланттарымыздың шығармалары арқылы Бозжанов, Добров сыяқты ғалымдардың, Есей, Скорников сыяқты совет жауынгерлерінің сүйкімді образдары келіп қосылды. Совет жастарының мінез-құлқын, сана-сезімдерін суреттеуде жас жазушыларымыздың әрқайсысында өзіндік ерекшелік жақсы білгендіктен, жақсы сезінгендіктен ғана туатын нәзік детальдау, балғын бояулар бар. Бұл біздің прозаға өте керектің бірі.

Бұл айтылғандардан жасағалы келе жатқан бірінші қортындым — қазақ совет прозасы тақырып кеңдігі, өмірге өктем араласу, идеялық жақтарынан дұрыс бағытта

және саты-саты өсу, тереңдеу жолында демекпін. Бұл біздің алдағы күнде де кеңейте түсетін, тереңдете түсетін бағытымыз.

Сонымен қатар, социалистік реализм әдісінің идеялық және көркемдік талаптарына қазақ совет прозасы түгел толық жауап бере алар дәрежеге жетті десек, не болмаса, жоғарыда айтылғандардан сондай қортындыға келер болсақ, онымыз әрі адастырғандық болар еді. Өсу жолында барлық совет әдебиетіне тән дұрыс бағытын тапқан қазақ совет прозасының әлі шеше алмаған творчестволық көп мәселелері бар. Мен әсіресе осы жақтарымызға денірек көңіл аударғым келеді. Біз, идеясыздық, я болмаса идеялық тұрақсыздық деп танырлық нәрселерден арылғанымызбен, идея мен көркемдік арасындағы, тығыз байланысты сақтай алмағандықтан, жақсы идеяның өзін жасытып алудан арылып болғанымыз жоқ. Социалистік реализм талаптарына толығырақ жауап береді деген болып табылмайды. Біздің бір жазушыларымыз типтік образ жасау жағынан молырақ табысты болса, екінші бір жазушымыз өрісті конфликт жасау жағынан табысты, үшінші бір жазушының басымырақ жетістігі басқа жағында, Оның үстіне, социалистік реализм әдісінің көп талаптарына жауап бере алмайтын, сондықтан, идеяны өз қолынан өлтірген шығармалар да бар. Толық мағынасындағы көркемдік арқылы берілмеген идея өлі туғанмен тең. Мұндайлардан біз арылып болғанымыз жоқ.

Мен жоғарыда социалистік реализм әдісінің талаптарына біздің прозамызда ең толық жауап бере алатын шығармамыз деп Әуезов жолдастың Абай жайындағы романдарын атадым. Бірақ жазушының көп жылдық үлкен еңбегі қай жағынан алсақ та толық қанды болып аяқталуына айтар түк тілегіміз болмаса, оны мен өзіміздің өспегендігіміз дер едім, не болмаса, сезіне тұра ықтап қалғандық дер едім. Мен өзім «Абай» романдарының басылып шыққан үш кітабына былтырдан бері айтып келе жатқан бірнеше тілегім бар, сонымды қазір де қайталағым келеді.

Маған қазіргі кемеліне келген Абайдың қоғамдық қозғалыстардың басында болмай, көбінесе қасында болуы, бұқараның стихиялық қарсылықтарына керекті кезінде ғана келіп арқа сүйеу болуы жеткіліксіз сыяқты көрінеді. Мұны мен басты геройдың, әсіресе бұқара көсемінің ор-

нындағы герой — Абайдың белсенділігі жеткіліксіз деген мағынада қойғым келеді.

Екінші, бізге жазушының өзі берген бір үлкен уәде бар. Ол — Чернышевскийдің шәкірттері, я тілектестері арқылы қазақ даласына революционер-демократтардың идеялары жетіп, Абай оны әлденеше рет ұйып тыңдап еді. Сол идеялар қазақ даласынан, яғни бұқара арасынан қандай почва тапты? Сол ұрық себілді ме, себілсе қалай өсті, Абайдың өз көзқарастарын қай дәрежеде өзгертті? Абай сыяқты ақынды өз заманынан не биік, не төмен ететін нәрсе сол заманның қоғамдық қозғалыстарына көзқарасы болса, Абайдың осы жағы дала шеңберінде ғана қалып қоймауы керек. Абайға арналған бір цикл көп томды романның төртінші кітабы жазылып аяқталса да, әлі пікір алысқанымыз жоқ. Мүмкін, жазушы бұл сұраулардың жауабын сол қортынды томында беріп те қойған болар, бірақ, мен өзім сезінген олқылықтарды айта кетуге міндеттімін деп сапаймын. Оның үстіне, соңғы кітаптың журналда жарияланған алғашқы тарауларында ол жауап әзір жоқ екен.

Басқа жазушыларымызға айтар сындарымыз бұдан анағұрлым ауырырақ та көлемдірек болатыны өзінен өзі түсінікті болса керек. Оның себебі социалистік реализм талаптарын жете меңгере алмауымызға байланысты. Біз әсіресе, өзіміздің советтік дәуірді көрсетуге келгенде көбірек ақсаймыз. Жасаған образдарымыз сүйкімді де өмірлі болып шыға бермей жүр, олардың іс әрекеттеріне оқушыны ойдағыдай қызықтыра алмаймыз. Көп жайларда совет адамдарының өмірі сұрғылт шығады да, олардың сана-сезімдерінде қарапайымдықтан гөрі қарадүрсіндік басым танылып тұрады. Рухани таяз геройларды оқушы да ұната алмайды.

Мысалға жоғарыда құнды шығармаларымыздың бірі деп бағалаған «Шығанақ» романынан бір үзінді келтірейік. Мұнда бірін бірі сүйетін екі жас — Жанбота мен Амантай бір жерде былай сөйлеседі:

«Жанбота таранып, қаранып тұрып-тұрып суға қойып кетті. Амантай атып түсіп, бар киімін сыпырып алды.

— Өй, әдепсіз! — деді Жанбота көре салып.

— Сен әдепсіз! — деп Амантай киімді басып алды.

— Мен неге әдепсіз?

— Е, менің көзімше неге жалаңаштанасың?

— Қашан сенің көзіңше? Жаңа келдің ғой жалақтап.

— Жок, мен манадан бері көріп жатқанмын.
— Көзің тойса, киімді бер.
— Көңлім әлі тойған жоқ. Шық бері!
— Сен көрген етімді шабақ жесе болмайма!
— Ендеше отыр солай,— деді де, Амантай киімді қолтықтап жүре берді.

— Токта, токта! — деді Жанбота шыдай алмай. Амантай қайта оралды.

— Не айтасың?

— Сен қазақтың ескі салтын істедің. Лайық па осы бойыңа?

— Өзгесін білмеймін, қазақтың осынысы ұнайды маған.

— Мәдениеттен безіп пе ең?

— Малталап езер уақытым жоқ...

— Махаббат нәзік нәрсе, домбайыңа көне бере ме?

— Жок, махаббат берік нәрсе. Балталасаң да сынбайды. Кейбіреулер өндеймін деп мойнын қылдай, сыйрағын шидей қылады да, сынып кетсе, ойбай сап отыра қалады. Менің махаббатым дөкірлеу болар, бірақ сынуға жоқ. Өмірге кетеді.

— Әй, тептек, рас па осы сөзің! — деді Жанбота».

Ғабиденнің «мойны қылдай, аяғы шидей» махаббатқа қарсы қояр жуан мойын махаббаты жазушының сүйкімді образ жасау ниетімен алған жастарын сана-сезім жағынан дөкір етіп, анайылыққа қарай бұрып әкеткен. Суға түскен қыздың киімін ала қашу да, одан кейінгі «лирикалық» диалог та соны қуаттайды. Бұл біздің адам өмірін балтамен жасау дәуірінен аттап өтіп, өткірдің жүзімен жасайтын кезеңге шықсақ та, оны меңгере алмағандығымызды көрсетеді.

Эстетикалық шектерге мән бермей, қарадүрсіндікке, кейде тіпті дөрекі натурализмге соғатын жайлар соңғы дәуірдің ішінде Сәбит Мұқанов жолдастың шығармаларында көбірек кездесіп жүр. Атап айтқанда «Балуан шолақ» повестіндегі идеялық және көркемдік кемшіліктері осы натурализм жемісі еді. Жазушының жағымды кейіпкер ретінде ұсынған басты геройы Балуан Шолақ ойсыз қара күш, ақты-қараны айыра алмай, құналыға да, күнасызға да орынсыз соқтығатын сотқар болып шықты. Аяқтап келгенде әлеуметтік күрестің саналы қайраткері деп суреттелетін Балуан Шолақ орыс пен қазақ халықтарының достығына содырын тигізетін жексұрын қара күш

дәрежесінен аса алмады. Жұртшылығымыз ол кітапты қабылдаған жоқ.

Әлеуметтік салмақты идеяға құрылған Сәбит Мұқанов жолдастың соңғы романы «Сырдария» да ысылған жазушымыздың жаңа биікке көтерілгенін дәлелдей алмайды. Кітапты көтеріп тұрған бүгінгі дәуіріміздің үлкен идеясы болса, ол идея көркемдік шешімін түгел таба алмаған. Романның көптеген жақсы жақтары бола тұрса да, соншалықты сәтті шығарма деуге қыйналасың. Көп жерде романның композициялық жібі тіпті босап кетеді. Сюжеті бірде тартып, бірде жалықтырып жіберіп отырады. Автор өзі білгенінің бәрін де ретті, ретсіз кітабына тықпалай берген. Мұнда характерлерді ашуға септік етпейтін, негізгі сюжетті желіден алыстатып әкететін естеліктер де, аңыздар да көп. Негізгі басты геройлар да өз бойымен істе көрінбейді. Ал партия өкілдерінің образы тым солғын. Авторлық баяндаулардан, ұзақ-ұзақ диалогтерден әйтеуір олардың ақыл айтқыш, түзу ниетті басшылар екені сезіледі. Бірақ, өз ерекшеліктерімен іс үстінде дараланып, бедерлі көрінбейді. «Сырдария» романындағы орыс адамы Полевой мінез-құлық, салт-сана, ойлау, сезіну, сөйлеу жақтарынан тура қазақтың бір шалы болып шыққан. Романның тілінде де сырдаңдық бар. «Өйтті», «бүйтті» деген құрғақ баяндаулар көп те, тартымды, бедерлі картиналар аз. Адам психологиясына сұңгіп кетіп, тебіреніс толқытып отырар нәзік шеберлік сирек ұшырасады. «Сырдария» «Жұмбақ жалау» дан кейінгі жаңа бір биік ретінде қуанта алған жоқ, жазушы жолдастық сындарға да жеткілікті мән берген жоқ.

Ойлап қарасақ, Сәбит басындағы осы сәтсіздіктердің бір ғана себебі барға ұқсайды. Ол себеп идеялық негізде де емес, Сәбиттің жекелеген қателік, кемшіліктері болғаны рас, бірақ оның әрқашан да саяси беті ашық, почвасы берік жазушы. Ол себеп шеберлік деген мәселенің төңірегінен келіп туатын сыяқты.

Сәбит халыққа түсінікті, қарапайым әдебиетті жақтаймын дейді. Бірақ, ол осы категорияларды теріс мағынада түсінеді де, шығармаларын қарадүрсіндікке ұрындырып алады. Сәбит бұл қате түсінігін түзеу жолында ойлануға тиісті. Ең алдымен бұл қате түсінік он-он бес жыл бойына оның талантына бұғау болып келгенін түсінуге тиісті.

Социалистік эстетика халыққа түсініктілік дегенді

көркемдіктің ең биік шыңы деп түсінеді. Бірақ, бұл қара-
дүрсінділік емес, әлі қолымыз еркін жете алмай жүрген
биік талап, үлкен шеберлікті тілейтін талап.

Г. Маленков жолдас партияның XIX съезіне жасаған
есепті баяндамасында совет адамының идеялық және мә-
дени дәрежесінің өскендігін, ал оның талғауы әдебиеттің
ең жақсы шығармаларымен кемерлес келетінін ескертті.
Ал, қарадүрсін шығармалар бүгінгі совет адамының тал-
ғауына татымайды.

Әлжаппар Әбішев және Ғабдол Сланов жолдастарға
мен бұдан да қаталырақ сын айтқым келеді. Бұл екі жа-
зушымыздың прозаға қатнаса бастағанына жыйырма
жылға жақындап қалды. Әбішев творчествосының ден
салмағы драматургияда болғанымен ол проза жанрында
да 4—5 повесть жазған адам. Айта кету керек, респуб-
ликалық және орталық баспасөз бетінде қатал сынға
ұшыраған «Жас түлектер» повесті драмалық жанрға ау-
дарылып «Достық пен махаббат» деген пьесаға айналған-
да сол сындардың жәрдемі тиюмен бірге кейде асыра
сілтегендік болғаны да байқалды. Автордың идеясында
совет жастарын қыйсық айна арқылы көрсету мақсаты
жоқ екен. Дегенмен, Ұлы Отан соғысының ерлері арқылы
совет жастарының қандай сынға да қайыспайтындығын
көрсетуге арналған повесть әдебиетіміздің қорына қосы-
лып қала алмады. Одан бұрын жазғандары да, кейін
жазғандары да соған ұшырады. Біздің жазушы жұртшы-
лығымызды ең ауыр ренжіткен Әбішев жолдастың ең соң-
ғы жазған «Сахра сәулеті» және «Терең тамырлар» деген
повестері. Көркем әдебиетке қойылар талаптардың өскен
дәуірінде Әбішев жолдас біздің алдымызға қоғамдық
шаруашылықты өсіру, молайту керектігі сыяқты жалаң
идеяны ғана әкеліп салды. Көркемдік, шеберлік деген
жақтардан ойланбағандық көрсетті. Қандай дәрежеде на-
шар жазылғандықтың мысалдарын бұл екі еңбектің қай
бетінен де оңай табуға болса да, ондайды қызықтау дәуі-
рінен өттік қой деген оймен, мен ол мысалдарды келтіріп
жатуды артық көрдім: Бірақ, жақсы жазылғандықтың
мысалдары қыйындықпен кездеседі. Әсіресе, соңғы «Те-
рең тамырлар» деген повесті олай ет, былай ет деуге де
келе бермейді. яғни, сынмен түзелердің катарына қосу
қыйын. Көрер көзге жасанды конфликт, ашықтан ашық
боямалау, өмірдің өз қайшылықтарының орнына оны
жалаң схема түрінде ойдан жасау сыяқты, социалистік

реализмге қарсы келер приемдар Әбішев шығармаларының бәрінде де мол кездеседі. Әсіресе, қатал сындарға ұшырасқаннан кейін одан сабақ алып, қатенді іздеп табу деген жақтарда Әбішев жолдас әзір күткен жауабымызды бере алған жоқ. Соның салдарынан алғашқы ұсақ әңгімелері арқылы оқушыларын үміттендірген жазушымыз жыйырма жылдан кейін ол үмітті босқа сайып барады.

Жазушылардың табыстарына қандай қуана білсек, сәтсіздікке ұшырауына сондай қайғыра да білуіміз керек. Жазуға қабілеті бар адамның сәтсіздікке ұшырай беруін мен социалистік реализм әдісінің идеялық және көркемдік талаптарына тереңдемеуде, керекті өнегелі совет әдебиетінің тәжрибесінен іздмей, басқа жаққа ауытқуында деп ойлаймын. Біздің бірден бір творчестволық мектебіміз ұлы орыс халқының XIX-ғасырдағы реалистік әдебиеті мен қазір совет әдебиеті. Жоғары идеялықты біз марксизм-ленинизм ғылымынан үйренсек, көркем әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін, шеберлік жолын А. М. Горький, Маяковский бастаған, осында отырған құрметті қонағымыз Шолоховтан, Леонов, Толстой, Фадеев, сыяқты социалистік реализм әдебиетінің озық жазушыларынан үйренеміз. Біздің кейбір жазушыларымыз үйрену, оқу, шеберлену деген жақтарда үлкен үстірттік жасайды. Оның аяғы үлкен көңілсіздікке соғарын жете бағаламайды да.

Әлжаппар Әбішев жолдас өткен пленумда өзін әлі жанрын таба алмаған жазушылардың қатарына қосып еді, мен сол іздеген өнімді жанры драматургия ма деген қортындыға келемін.

Әлжаппар Әбішев жолдасқа айтқанды аз-кем өзгертіп Ғабдол Сланов жолдасқа айтуға болады да, ол екеуіне айтқанды әдебиетке олардан көп бұрын келген Мағзұм Тиесов жолдасқа айтуға болады.

Сланов жыйырма жылдық тәжрибесі бар, Совет дәуірінің үлкен-үлкен тақырыптарына төрт роман берген жазушы. Жазушының барлық өмірін арнағаны әдебиет те, жанры бірыңғай проза. Сондықтан, ысылып-шеберленер уақыты да жетті. Бірақ, Сланов жолдастың еңбектерінің өмірі қысқа, әдебиетіміздің қорынан оңай шығып қала береді, жасаған образдары есте қалмайды. Мысалы «Жанартау» мен «Кең өріс» (қазіргі «Шалқар») социалистік бай өміріміздің үлкен салаларына, жазушының аса жауапты қарайтын тақырыптарына арналған. Ал, тақы-

рыпты меңгеру жағынан ешбір баяндамаға сыя алмайтын кемшіліктері бар. Идея мен көркемдік арасында толып жатқан шалғайлық кездеседі. Автор тартыс желісіп құру, образдарын ішкі-сыртқы мінездемелермен үнемі толықтыра отырудың орнына әзір тұрған схеманы өрлеп шұбалта береді. Конфликт жасанды болғандықтан өрістей алмайды да, кітап көлденең әкеліп қабаттастырған әңгімелермен өседі. Ұзақ желісі бар тартыстың бұрылыс-қалтарыстарымен бірге өсіріп отырмағандықтан, алған образдары басында қалай көрінсе, кітаптың аяғында да сол күйінде, өспеген, ашылмаған күйінде қалады. Басылып шыққан жаңа кітап ретінде бір шолып шықтың, енді қайтып оралмайсың. Оның себебі — роман жалған конфликтіге құрылған. «Шалқардың» басында Тасеген орманына жол салу мәселесі көтеріледі. Біреу жолды орманнан тура колхозға тарту керек дейді. Екінші біреу станцияға тарту керек дейді. Алғашқының екіншіге айтар қарсылығы — жол станцияға тартылса, орман аудан уысынан шығып кетеді дегенде ғана. Және автор осы жершілдік мәселесін қуаттап отыр. Жершілдік деген онша қуаттайтын, оның үстіне проблема етіп қостай көтеретін мәселе болып саналмайды. Ал, жол салу деген елеулі конфликт те емес қой. Мұндай істерде образды өсіру де оңайға соқпайды.

Көркем әдебиет жалаң ғана жақсы ниет, жалаң ғана идея емес екендігін жазушыларымыз жақсы білуге тиісті. Идея дегеніміз көркем суреттер арқылы, тартыс әрекеттері арқылы жүзеге асырылатын мақсат. Ол мақсат көркемдіктің басты шарттарын орындау арқылы ғана іске асып идеяға айналады. Оның түп тамыры шеберлікке әкеп тірейді. Ал қазіргі дәуірде шеберлікті өзіне өзі үлкен талап етіп қоймаған жазушы, сөз жоқ, қауіпті халға ұшырасады. Идеялы шығарма деген ең алдымен шын мағынасындағы көркем шығарма деген сөз екенін терең ұғынарлық уақыт жетті. Көркем болып көріне алмаған авторлық ниет ешуақытта да идеяға айнала алмайды.

Проза жанрына келіп қосылғанына ширек ғасырдан асқан Мағзұм Тіесов жолдасқа да осыларды айтқым келетінін жоғарыда ескерттім. Оған қосарым «Құтқару» сыяқты повесть өзің редактор болып тұрғанда ғана басуға болатын, тексеріске салып, сын айтуды көтермейтін нәрсе екен. Бұдан басқа бітірген еңбегін әлі көргеніміз жоқ.

Әлжаппар Әбішев, Ғабдол Сланов жолдастар туралы

бір айта кетерлік елеулі кемшілігіміз бар. Ол Жазушылар Ұйымының ішіндегі әртүрлі сауықпаған жағдайларға байланысты, әдебиетке сонша жылдар еңбек сіңірген адамдардың шығармалары талқыға салынбай келгендігі, біз бұл жолдастардың әрбір шығармаларындағы кемшіліктерін кезінде айқын көрсетіп, сын жәрдемін берудің орнына, көңіл жықпайтын либералдық жасап маңдайдан сыйпап келдік. Бұл жазушыға жолдастық жәрдем де емес, әсіресе адалдық емес, кімді болса да өсірмейтін нәрсе. Мен әлі де бұл жазушылардың не жазғандарын сонау басынан бастап тексеріп, адасқан жерлерін, ұғынбаған нәрселерін айқын-айқын көрсетіп беру керек деймін. Жазушының нашар жазғанын айта салу оңай да, одан құтылу жолын дұрыс сілтеу көп еңбекті керек етеді. Бұл біздің ұйымның әлі күнге қолға ала алмай келе жатқан ісі.

Осы айтылғандарға қарайлас кемшіліктер Мұқан Иманжановтың, Жәрдем Тілековтің тағы басқа бірталай жас прозаиктердің шығармаларынан да көп кездеседі. Біразының әлі қалыптаспаған жазушы екендіктерін ескере отыра, тегінде теріс бағыт алып кетпеулерін де ұмытпауымыз керек.

Иманжанов жолдас «Алғашқы айлар» деген повестінде бүгін маңызы зор, оқушыларға политехникалық білім беру мәселесін сөз етеді. Ал, автордың осы ниеті идея дәрежесіне көтеріле алды ма деген сұраққа, не деп жауап беру қиын-ақ. Оның басты себебі — осы повестегі коллизияның жалғандығында. Автор оқуды жаңа бітіріп келген жас жігітті бүкіл ауылға, ондағы еңбек адамдарына қарсы қояды. Барлық істің бастамасы осы оқу бітіріп келген жас жігіт Жақыпбектен таралып жатады. Ал егер, Жақыпбек бұл ауылға келмесе ші? Онда жаңағы көтерілген мәселенің бірде бірі шешілмейтін сыяқты. Конфликт мәселесіне бұлай жеңіл карауға болмайды. Оның үстіне Иманжановтың бойында жасандылық, сентиментализм, жеңіл күйректік, кейде сырты жылтыр, іші қуыс сөздерді қуалап кетушілік қалыңдан барады.

Иманжановтың 1948 жылы шыққан жыйнағында «Гүл» деген қысқа әңгімесі бар. Осы әңгімені оқысаң, әлденеден Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романындағы Базаров есіне түседі.

Түсінбей, үстірт оқыған адамға «Әкелер мен балалар»дың бар мазмұны мынау ғана: Базаров жолдасына

еріп каникул кезінде деревняға желгенде қолын жаракаттап алады да, өліп қалады. Ақыры бір төмпешік қабырдың үстінде күйінішті ата-ананы көресің.

Иманжановта да осылай. Бұл әңгіменің екінші абзацы.— «Аты Арман еді оның. Атына лайық өзі де арманда кеткен, жастай қыршынынан қыйылған жан еді».— деп басталады. Не сұмдық болып қалды деп әрі оқысан, оқыйға былай екен: сүйген қызы қысқы каникулға кеткенде Арман деген жігіт лимонад ішіп, суық тиеді де, өліп қалады. Содан кейін қыз бен жолдасының күйініші, ақыры төмпешікке айналған мола, оның басында өскен гүл, молаға келген сүйген жары, сүйікті шешесі, адал досы... Бары осы ғана.

Иманжанов жолдас бұл әңгімесінде не айтпақ болғаны маған жете алған жоқ. Егер бұл трагедиялық сарын болса, онда толып жатқан үстірт ұғынғандық, сырт еліктеушілік деуден басқа аты жоқ.

Бұл әңгіме Иманжановтың жасырақ кезінде, 1940 жылы жазылған екен. Сол себепті ол туралы айтпаса да болатын еді. Бірақ, жазушы бұл әңгімесін сегіз жыл өткеннен кейін 1948 жылғы жыйнағына да қосқан. Сентименталдық элемент Иманжановтың барлық еңбектерінен де кездесіп отырады. Бізге күдік салатыны да осы. Мен оған мұндай жалған трагедиядан, сентиментализмнен аулақ бол дегенді қатты ескерту жерек деген қортындыға келдім.

Совет жастарының типтік ерекшелігі күйректікте емес, өршілдікте, ашықтық пен турашылдықта, өмірлік қуанышты сезінулерінде.

Кейбір жазушыларымыздың бүгінгі күн тақырыбына жазған шығармаларында халқымыздың социалистік өмір тереңіне батыл бойлап, соның сырын ашудың орнына бүгінгі күніміз жақсы, кешегі күніміз жаман еді деу сыяқты көбінесе арзан тамашалаулар басым. Ал, несімен тамаша деген сұрауға Тілеков жолдас «Қайнар» деген повесінде былай жауап береді:

«Бұлардың өзара терминдері «гектардан он, немесе он бес центнер астық» емес, «қойдан екі кило жүн». Сондықтан Сарқыт өзін ауыр артиллеристің орнына қойып, Құрманбайды «қол гранатшы» деп келемеждей бастап еді, оны Мария токтатып тастады. Өйткені, оның көз алдындағы жүні қырқылып болған Еділбай тұқымдас құнан қой құйрығын зорға көтеріп орнынан азар тұрды,

салмағын өлшетіп көріп еді, сексен бес килограмм тартты. Оның бір кило күзем жүн беретіні даусыз. Оның өзі көп қойдың ішіндегі ең сезімі, ең жүндісі болсын-ақ, бірақ, ол өзге бәсендерінің бәрі де жыл аяғына дейін өзіндей болып семіру мүмкіншілігіне айғақ сыяқтанады».

Сонымен Тілековтың алған Еділбай қойы басқа қойлар үшін сүйкімді образ болып шыққан.

Бұл әрине көркемдік бейнелеу жүйесіне жатпайтын, тіпті тілмаш арқылы әрең түсінерлік сөздер. Шығармасына мұндай сөздер кіріп кеткен жазушы өз шығармасының бетін өзі күйелеп жібергендей сезінуі керек.

Бұл айтылғандар өмір шындығын жан-жағынан қоршаулап, әр дәрежедегі биікке көтеріліп, тұтас алғанда жақсы өсіп келе жатқан қазақ совет прозасында кездесіп отырған дөрекі түрдегі кемшіліктер. Мұндай өрескелдік көбінесе, жалпы мәдениеті таяз, шеберлік талаптарын меңгере алмаған жазушыларымызда молырақ кездеседі. Ол табиғи нәрсе болғанымен, жазушылар арасындағы саяси және әдебиеттік мәдениетіміздің жоғарылауын қатты талап ретінде қояды ескертеді. Біздің алдымызға қойылатын негізгі талап жыйналыстарда ұтқыр да шешен сөйлеу мамандығы емес, көркем шығарма беру екендігін ұмытпасак, ең алдымен, көркем шығарманың қалай жасалатынын үйренуіміз керек, екінші тілмен айтқанда, социалистік реализмнің идеялық, көркемдік талаптарын қалай орындауды, шеберлікті толық үренуіміз керек. Ол мектеп теориялық жағынан да, тәжірибелік жағынан да сенімді көп ұлтты совет әдебиеті.

Біз қазір өмір шындықтарын да, әдебиеттік талаптарды да заңды баспалдақтарымен төменнен жоғары өрлей меңгеріп келе жатқан дәуірдеміз. Егер совет дәуірін көрсетуде, совет адамдарының типтік образдарын жасауда кемелдеп қалдық деп ойласак, онымыз шындық болмас еді. Көріп отырсыздар, соңғы он бес жылдың ішінде жазылған отыздан артық роман, повестеріміздің ішінен толық мағынасындағы жағымды образдарды аз атап тұрмыз. Сан жағындағы табыстарымыз сапалық қасиетке түгел ауысып болған жоқ. Біріміз конфликт жасай алмасак, біріміз іс үстінде өсірген образ жасай алмаймыз, енді бір азымыз шындық орнына жасандылыққа, сырт бояушылыққа ұрынамыз. Ал, совет өмірін арзан бояулармен жалтылдатып көрсетушілер де, терең бойлай алмағандықтан сұрқылт көрсетушілер де,

ылғый кемшіліктерді әсірелеушілер де, түптеп келгенде тамыры бір болып шығады. Бұлардың біріне кешірім, біріне сүйемел жасамай, бәріне де социалистік әдебиетіміздің қатал қоятын жолына түсуге жәрдем етуіміз керек.

Дүниежүзілік әдебиеттің өткен ғасырлардағы классикалық шығармалары совет әдебиетінің өресі жетпес, мәңгі алдырмас асусыз биік өкен деп қарауға болмайды. Совет әдебиетінде қазірдің өзінде классикалық болып берік орнын алған шығармалар бар. Шекспирді, Пушкинді, Толстойды берген адам баласының дарын қоры өткен ғасырлармен сарқылып қалмасқа керек. Көп ұлтты совет әдебиеті бұдан былайғы дәуірде жаңа биіктерді талап етіп қоятынын сезінуге тиістіміз. Олай болса, алдымызға бүгінгімізден гөрі анағұрлым биік талаптар қою үшін шеберлік өнерін түгел меңгеруге міндеттіміз. Алдағы күнде қатал қойылатын мәселенің бірі осы.

Совет әдебиетінің сондай қарсаңда тұрғанын еске алсақ, біздің басты жазушыларымыздың өздерінде де көп нәрселерді меңгере алмағандық барын баса айту керек. Жоғарыда аталған Әуезов, Мұқанов, Мұстафин, жолдастардың сөз жоқ күрделі еңбектерінде де елеулі кемшіліктер барын ескерттік. Ол кемшіліктер менде де бар. Өзінді өзін сынау әдебиет сынының бірден бір ғана жолы емес шығар деген оймен айтпағаным болмаса, мен де ылғый табыстан табысқа шүйгіп келе жатқан жазушы емеспін. Азды-көпті еңбектеріме қатал сын айтып, шеберлікті меңгере берудің жөнін сілтеген жолдастарға ықласпен құлақ асармын деген уәде берем.

Басты жазушыларымызға айтар сынды аяқтау үшін мен Ғабиден Мұстафин жолдастың еңбектерінде байқалатын, менің ойымша, жазушының өзіндік әдісіне айналып бара жатқан бір кемшілігіне тоқтағым келеді. Бақылай оқысақ, «Миллионер»дің жаңашыл Жомарт пен кері тартқан Жакып арасындағы конфликті тартыстары кітаптың ортасына таяна бере сарқылып қалады екен. Сонымен бірге кітаптың бас жағында көтерілген тартысқа сеп боларлық мәселелердің бәрі де ешбір кедергісіз оңай шешіле береді. Ахмет идеясының айналасында тартыс тумайтыны сыяқты, сараң табиғаттың бермесін алу жайлары да қыйындықсыз домалай береді. Сондықтан повестің композициялық арқауы босап, аржағы екі-үш айдың ішінде оңай істеліп қалған істерді тамашалаумен

аяқталады. Повесть тартыстың шиеленісіп болар шегін тым ерте шешіп тастайды да, аржағын босаңсытып алады. Осындай жағдай «Қарағанды» романынан да кездеседі. «Қарағандының» үштен екісін оқып шыққаннан кейін аржағы алақанындағыдай ап-айқын: күрес-тартыстар аяғына дейін сүйрелеп отырмайды да, кейіпкерлердің мінездемелеріне де жаңалық қосылмайды. Олай болса, көрнекті жазушыларымыздың бірі Ғабиденнің шеберлік өнерін ізденер жолында қатты зерттейтін ісінің бірі конфликттік тартысты созымды етіп жасау әдістері сыяқтанады.

Осындай жағдайларға байланысты, әсіресе советтік бүгінгі дәуірді жазып жүрген жазушыларымызға ұлы Гогольдің мына бір сөзін ескерткім келеді.

«Чем предмет обыкновеннее, тем выше быть поэту, чтобы из него извлечь необыкновенное» — дейді ол.

Ұлы реалистің бұл тамаша сөздерінің мәні біз үшін тіпті айырықша. Ол кәдуілгі дағдылы өміріміздің дәнін табу үшін жазушының шеберлігі жоғары дәрежеде болуын талап етеді.

Менің ең соңғы тоқтағым келетін мәселем прозаның шағын жанры деп мәнін түсіріңкірей атап жеткен көркем әңгіме, очерк жайлары.

Біздің прозаның бұл саласында Сейтжан Омаров, Иманжанов, Сағынбаев, Соқпақпаев, ара-тұра Әбішев пен Сланов, Тиесов жолдастар бар. Ал, Әуезов, Мұқанов, Мұстафин, Мүсрепов сыяқты аға жазушылардың бұл салаға ат салыспағандарына он жылдан асып кетті. Омаров әңгімелерін заманымыздың пафосына құрады, әр түрлі тақырыпты кеңірек қамтауға тырысады. Иманжанов көбінесе жастар өмірінен алып жазады да, лирикалық сарынға бейімділігін байқатады. Соқпақпаев пен Сағынбаевтың әңгімелері мектеп балаларының өмірінен алынып, ара-тұра колхоз еңбегімен байланыстырылады. Прозамыздың жалпы беталысы сыяқты бұл салада да тақырып шеңбері кеңейе бастады. Алайда, көркемдік талаптарының көзімен қарағанда прозамыздың осы шағын саласының жайы қанағаттандырмайтынын съезімізде елеулі әңгіменің біріне айналдыру керек сыяқты.

Әділін айтар болсақ, прозаның шағын саласы арқылы кірген есте қаларлық образдар, ертіп әкетерлік жақсы әңгімелер өте сирек. Бұдан 15—20 жылдық жайымен салыстырсақ прозамыздың шағын саласында кейіншектеп

калғандақ бар. Қателессем, түзетулеріңізді өтінем, тұтас алғанда бұдан 15—20 жыл бұрын жазылған әңгімелердің сапасы қазіргі қалпымыздан жоғары сыяқты көрінеді. Егер соңғы он бес жылдың ішінде 4—5 автордың жазған әңгімелерінен құралған төрт-бес кітап әдебиет қорымызға берік қосылып өзінің тиісті орнын алған болса, мен мұны айтпаған болар едім. Ондай жайға әлі жеткен жоқпыз. Бүгінгі күннің үлкен пафосы деген адам арқылы берілмей, сырт тамашалауға, жазушының өз сөзімен берілуге қарай бейімделіп барады. Бедерлі образдар, есте қаларлық суреттер, өзгерген адамның мінез-құлқын дәл бере аларлық, не кең шалжулар, не айқын штрихтар, детальдар аз. Омаров жолдас көбінесе сырттық пафосты қуалап кетеді. Иманжанов жақсы ойларын сентиментальдық мінездемелермен бұлдіріп қояды, Соқпақпаев кейде күтпейтін жерден шеберлік көрсетсе, кейде болмашыға сайып әкетеді. Сағынбаев жолдастың алғашқы әңгімелер жыйнағы 1948 жылы шығып еді, мен жаңылмасам, одан бергі алты жыл бос өтті. Тегінде жас жазушының алғашқы адымына жасаған мырзалығымыз зиянға шықты ма деп қауіптенем.

Қазақ совет прозасының іргесін қалау ең алдымен осы шағын саладан басталған болатын. Мұхтар, Сәбит, Ғабиден 10—15 жыл сол салада өсті. Қазір олар үлкен прозаға бет бұрып кетті де, жас прозаикатарымызда белсенділік аз. Жаңа жаза бастаған кезде алақаның күнде қышынып тұратын сыяқты болушы еді, әлің келмес тақырыптарға да ұрыншақтау болатын сыяқты едің. Менің жас прозаиктарымызға қояр бірінші кінам сол — белсенділік тым жеткіліксіз. Оның аржағында жазушының арқасын қоздырарлық өмірден алынған материал кедейлігі жатыр ма деген қауым да бар. Біздің жас жазушылардың көбі мектеп бітіріп шыққан беттерінде құрылыс жақтарына жақындамай кеңсе маңайында, қалада қалып қойды. Жасанды тақырыптарға ұшыраса берудің бір себебі, әрине, осында жатыр. Осы жайлар біріне бірі қосақталып келіп шағын жанрды менсінбеушілік, мән бермеушілік деп бағаларлық жағдайға соқтырып отыр. Көркем әңгіме, очерк саласының кейіндеп қалуы, енді төзе бермейтін жағдайға айналғанын жете ұғынуымыз керек сыяқты.

Ең алдымен бұл әрбір үлкен жаңалықтарға тез жаңғырығып отыратын, жазушының белсенділігін арттыратын

сала екенін бағалауымыз керек. Жақсы әңгіме, очерк беретін жазушылар басқа саладағы жазушылардан төмен бағаланбайды да, бағаланған да емес. Қысқа әңгіме жазып шеберленудің жанрға тұрақтау жолында да аса үлкен маңызы бар. Осының бәрі де көпке мәлім жайлар болса да, қысқа әңгіме, очерк саласын жете бағаламаушылығымыз әлі басым. Жазушыларымызда селсоқтық болса, ұйым ол жағынан қысталмайды да.

Партияның XIX съезі мен Сентябрь Пленумынің бер-жағында қысқа әңгімелер мен очерктер қос-қосымен туар деп күткен едік, ол әзір туған жоқ, біз әлі күтудеміз. Тың және тыңайған жерді көтеру деген Қазақстан өміріне үлкен жаңалық қана емес, Отан өміріндегі ұлы істердің бірі, тарихымыздың жаңа бір дәуірі. Отан көлеміндік үлкен істің жарымына жакынының Қазақстан еңбекшілері атқарып жатқанда бұған ешқайсымыз қызбағандаймыз. «Көрілері табандап, жастары шабандап» деген сыяқты, бұл істің жақсы, ұраншысы бола алмай қалдық. «Социалистік Қазақстан» газетінде үшеу болып қол қойғанмен, Сафуан Шаймерденов жазған бір очеркпен, «Әдебиет және Искусство» журналында басылған Соқпақпаевтың «Тыңға сапар» деген көлемді очеркінен басқа көңіл толарлық еш нәрсе туа қойған жоқ. Тыңға барып қайтқан он шақты жазушымыздың көбі әлі толғану үстінде сыяқты. Өлендер циклы деген сыяқты тыңды меңгеру тақырыбына жазылған көркем әңгіме, көркем очерктер циклы да басылып шыға қалса, ол повесть, роман қызметін атқарған болар еді. Біздің ұйым бұл шабандықтың барына мойындап қана қоймай, оны жоятын шараларды да іздестіруге міндетті.

Әрбір шығармаға жеке-жеке тоқтауға шеңбері тар болғандықтан шолу ретімен қорыта келгенде қазақ совет прозасының өсу жолындағы табыстары да, кемшіліктері де осы айтылғандарға соғады. Қай шығарманың болсын жетістік-кемістік жақтарынан көптеген соны пікірлер, елеулі қосымшалар айтуға болады, бірақ оның бірі де жалпы жайымызды өзгертпейтін сыяқты. Сондықтан мен алдымызда тұрған міндеттерге қарай ойысамын.

Қай әдебиеттің болсын алдағы кезеңге қояр талаптары сол әдебиеттің қандай дәрежеге көтерілгендігіне байланысты. Екінші съездің тұсында жастар қатарындағы жазушыларымыз қазір ысылған, тәжірибелі жазушылардың қатарына, дер шағына кірді. Соңғы он бес жылдың

ішінде жоғары дәрежелі білім алған жас таланттар қосылды. Ұлылы-кішілі кемшіліктерімен бірге қазақ совет прозасының бұл уақытқа дейін жасаған шығармалары енді алдымызға кеңірек те, тереңірек талаптар қоюға берік негіз бола алады.

Осы жайларымызды еске ала отырып, алдағы дәуіріміз үшін мен мынадай талаптар қойғым келеді:

Бірінші, үлкен проза жасау жолындағы бетімізден таймай отыра, прозамыздың шағын саласын да жоғары дәрежеге көтеруді көпшілігіміз болып қолға алуға міндеттіміз. Үлкен еңбек жазу ара-тұра қысқа әңгімелер жазуға бөгет болмайды. Уақыт жағынан қарайтын болсақ, ең алдымен творчестводан басқаға кетіп жататын көп уақыттарды қысқарта білейік, ондай уақыт шығыны бізде әлі көп. Қазіргі қысқа әңгіме жазып жүрген жастардың біразы алғашқы буынның тәжірибесінен көз жазып қалып, коллектив болып көтерер істі онаша арқалап, сыңаржақ атқарғандай болып жүр. Оларға тәжірибелі жазушыларымыздың қолғабысы керек.

Үлкен еңбек үстіндемін деп Отанымыздың қайнаған өмірінен шеттеп қалу ешбір жазушыға да келіспейтін нәрсе. Өйткені жазушы қандай дарынды болса да, бір кезде қиыншылыққа, жасандылыққа ұшыраспай қалмайды. Бүгінгі шындықты кейін архивтен іздейтін болмай, бүгінгі өмірдің өзінен сұрыптап алуымыз керек. Әсіресе, алғашқы сәтті еңбектерімен көрінген Шаймерденов, Нұрпеисов сыяқты жастарымыз прозаның бұл саласына белсене қатнасуға міндетті.

Екінші, социалистік реализм әдебиетінің идеялық және көркемдік талаптарына енді терең бойлайтын кезеңге шықтық. Ол талаптарды қалай меңгере алғандығымыз тақырып талғаудан бастап шындықтан алынған конфликт жасай алу, созымды сюжет құра білу, нанымды образ жасау, түсінігі дәл образды тілді меңгеру сыяқты, қорыта келгенде шеберлікті меңгеру мәселесіне тіреледі. Шеберлік — біздің алдымызда тұрған бірінші мәселе. Классикалық әдебиет жасау үшін ең алдымен классиктардың өздерінен үйренуіміз керек. Олардың еңбектеріндегі үлкен шеберлікті меңгермейінше, үлкен әдебиет жасалмайды, тілек орындалмайды. Біз, қазақ жазушылары Толстойдың, Тургеневтің, Гогольдің, Чеховтың, Горькийдің мұрагерлеріміз, ең алдымен осы аталарымыздың шеберлігін меңгере білейік!

Ұлттық шеңбердегі үлгілерді ғана мектеп еткен әдебиет қарқындап өсе алмайды. Ұлт әдебиеттерінің өркендеу жолы барлық совет әдебиетінің, оның ішінде озық жазушыларымыздың тәжірибесіне сүйену арқылы ғана дұрыс өрісін табады. Орыс совет әдебиеті біздегі ең озық, көркем әдебиет. Біздің кешеуілдеп кіріскен тақырыптарымызға ұлы орыс халқының бүгінгі жазушыларынан ылғый үлкен өнеге алып отырамыз. Бұл үлкен мектепті ешуақытта естен шығармауымыз керек.

Бірімізге біріміз қатал да әділ сын жәрдемін беріп отырсақ қазақ совет прозасы алдағы дәуірде үлкен талаптарды көтере алатын кезеңіне шықты.

ҚАЗАҚСТАН СОВЕТ ЖАЗУШЫЛАРЫ ОДАҒЫНЫҢ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫ

(Оқыған Л. Макеев)

Делегат жолдастар!

Қазақстан жазушыларының екінші съезі кезінде жазушылар ұйымының қатарында сексен шамалы адам бар еді. Өткен он бес жыл ішінде оның қатары едәуір өсті. Қазіргі кезде ұйымның қатарында жүз жыйырма тоғыз адам бар, оның ішінде 1939 жылға дейін жазушылар ұйымының мүшелігіне алынғандар қырық тоғыз адам, 1939 жылдан кейін алынғандар — жетпіс екі адам, жазушылар ұйымының кандидаттығына 1939 жылға дейін алынған бір адам, 1939 жылдан кейін алынғаны — алты адам.

Жазушылар ұйымына соңғы жылдары келгендердің басым көпшілігі соғыстан кейінгі жылда, Ұлы Отан соғысының отты майданында шыныққан жастардың қатарынан келді.

Егер II-съезд қарсаңында Жазушылар ұйымында ерекше еңбегі үшін үкімет наградын алған атақты ақын Жамбыл бастаған II адам ғана болса, кәзір еңбектегі және майдандағы ерлігі үшін Совет Одағының ордендері мен медальдарын алған 83 жазушы, оның ішінде Совет Одағының Батыры атағын алған атақты Панфиловшы Мәлік Ғабдуллин сыяқты жазушымыз бар.

Ұлы Отан соғысының майдандарындағы ерлікпен шайқасқан ұрыстарда Қазақстанның жазушылары Абдолла Жұмағалиев пен Владимир Чугунов батырлық өлімге ұшырады.

Республика жазушыларының ұлттық құрамы мен партиялығын алып қарасақ мынадай: 99 қазақ жазушысы, орыс секциясында 25 мүше және кандидат, сонымен

қатар біздің арамызда ұйғыр, украин, корей, еврей, татар жазушылары да бар.

Қазақстан жазушыларының 84-і Совет Одағы коммунист партиясының мүшесі, 3 адам комсомол мүшесі. Ал жазушылардың жас жағынан алып қарасақ мынаны көреміз: 129 жазушының 30 ға дейінгілері 16 адам, 40 қа дейінгілері 26 адам, 50 ге дейінгілері 47 адам, ал елуден жоғарылары 40 адам.

Бұл сандар Қазақстан Жазушылар ұйымымен және оның президиумының республика жазушыларының қатарын жастардан толықтырып отырғанына карамастан, әдебиеттің жас кадрларын тәрбиелеп өсіру ісіне аз көңіл бөліп келгенін көрсетеді, әдебиеттің жас кадрларын, болашақ сменасын дайындау идеологиялық майданның, оның ішінде көркем әдебиет майданының ең бір басты жұмыстарының бірі болып саналады.

Қазақстан совет жазушылары ұйымы басқармасының 15 жылдан бері істеген жұмысына, оның ішінде жастарды тәрбиелеу жұмысына назар аударғанын талдап қарасақ, 77 адамның, былайша айтқанда, жазушылардың үштен екісінің қырық жастаң жоғары болып келуі, ал қырыққа жетпеген жазушылардың 16 ғана адам болып, бүкіл жазушылар ұйымындағылардың үштен бірі ғана болуы едәуір кемшіліктің бар екенін көрсетеді. Жазушылар қатарындағылардың отызға жетпейтіндері 10 проценттен азар ғана асады.

Жазушылар ұйымының күнделікті міндеттерінің ең бір бастысы, жас таланттарды тауып, оларды үлкен қоғамдық істерге қатыстыру үшін үнемі баулып отыру болып табылады.

Қазақстан жазушылар ұйымындағы 129 жазушының 76-сының жоғары дәрежелі және толық емес жоғары дәрежедегі білімі бар. Ал 32 адамның орта және ортадан төмен білімі бар. Мұның өзі атап айтуға болатын аса қуанарлық факт. Бірақ жазушылар ұйымындағылардың ішінде әлі де болса 7 адамның төменгі дәрежелі білімі, ал 14 адамның шала сауатты болып жүруі, әлгі айтқанға мүлдем қарама-қарсы, бұдан былайғы жерде төзе беруге болмайтын фактысы болып табылады.

Мүмкін, Қазақстан жазушылар ұйымы басқармасы мен оның президиумы әлгі айтылған шала сауатты және сауатсыз адамдардың болуына біз кіналы емеспіз, өйткені олардың өзі негізінен алып қарағанда халық ақында-

ры, демек, ауыз әдебиетінің өкілдері, сондықтан да біз олардың осы күнге дейін білім алудан тыс қалып келгеніне жауап бермейміз деп дәлелдеулері де мүмкін. Солай болған күннің өзінде де осы күнге дейін халық ақындарының шала сауатты және сауатсыз болып келуіне жазушылар ұйымы да жауапты ғой дейміз, өйткені олардың барлығы да Қазақстан жазушылар ұйымының мүшесі болып саналады. Олардың өлендері ауызша таралмай, кейбіреулерінің шығармалары қазақ және орыс тілдерінде жеке кітапшалар да болып басылып келеді. Сондықтан да Қазақстан совет жазушылар ұйымының басқармасы өзінің мүшелерінің сауаттылығын арттыру жұмысына мықтап көңіл бөлуге тиіс. Әлгі айтылған халық ақындарының көпшілігінің анкеттеріне қарасак, олардың көп жылдардан бері Қазақстан жазушылар ұйымының мүшесі екенін көреміз. Мәселен, Қазақстан жазушылар ұйымының мүшесі Әбдікәрім Оңалбаевты алып қарайық. Ол 1938 жылдан бері жазушылар ұйымының мүшесі, Қызылорда облыстық газетінің бір бөлімінің меңгерушісі болып істейді, ал оның тек қана бастауыш білімі бар. Қазақстан жазушылар ұйымының мүшелері Дмитрий Рябуха, Василий Копытин осы күнге дейін жоғары білім алу орнына, орта дәрежелі білім де алған жоқ. Қазақстан совет жазушылар одағының басқармасы жазушылардың білім алуына мықтап назар аударуға тиіс. Жазушы әдебиеттің қайбір жанрында жұмыс істемесін, оған жоғары дәрежелі мәдениетті болу, көп оқып, көп үйрену ауа қандай болса сондай керек.

Жоғарыда келтірілген фактылар және мәліметтер Қазақстан совет жазушылар одағы басқармасының және оның президиумының жазушылардың творчестволық жұмыстарын, олардың өмірді, мәдениетті білу мәселесінен бөле қарап келгендігін көрсетеді. Бұдан былайғы жерде жазушылар ұйымындағы мұндай қалтарыс қалған мәселелерге мықтап назар аудармайынша болмайды.

Қазақстан совет жазушылары одағының басқармасы мен ССРО «Литфондсының» Қазақ бөлімшесінің барлық шаруашылық және қаржы жұмыстары республика жазушыларының алдында тұрған творчестволық және ұйымдастыру мәселелерінің жандануына, жазушылар ұйымының мүшелерінің творчестволық жағынан үнемі өсе беруіне, әдебиет жанрларының бұдан былай да өркендей беруіне бүтіндей бағындырылуға тиіс.

Жазушылардың бүкілодақтық 1-съезінде қабылданған ССРО совет жазушылары одағының уставына сәйкес жазушылар ұйымының басқармасы өзінің негізгі аппараты және творчестволық секцияларынан басқа жазушыларды мәдени және материалдық жағынан қамтамасыз ететін көптеген көмекші шаруашылықтар ұйымдастыруға міндетті де, праволы да болып табылады. Мұның өзі өз алдына шаруашылық мекемесі болып табылатын «Литфондының» жазушылар ұйымының басқармасы алдындағы жауапкершілігін де едәуір жеңілдеткен болар еді.

Әңгіме қандай көмекші шаруашылықтар туралы болып отыр?

Ең алдымен әңгіме творчество Үйі туралы, Республика жазушылар үшін творчество Үйі жасалуға тиіс.

Бұдан кейінгі әңгіме әдебиетшілердің клубы туралы. Республиканың орталығы Алматы қаласында мұндай клубтың болуы керек-ақ. Ал әдебиетшілердің мұндай клубының жанында кітапхана, оқу залы, жазушылардың кітап дүкені, асхана, тағы басқалар болуға тиісті. Әдебиетшілердің бұл клубының жанында түрлі курстар, мәселен, қазақ тілін оқып үйренетін, жазушыларды машинаны жүргізуді үйрететін, тағы басқа осындай курстар болуы мүмкін. Мұнда оқтын-оқтын кітап көрмелері ұйымдастырылса, әдебиетшілердің айтыстары (дискуссия) болып тұрса, кітап оқушылармен бас қосқан кештер өткізіліп тұрса орынды болған болар еді.

Біздің жазушылар ұйымынан, «Литфондыдан» талап ететіндеріміз осылар.

Тексеру комиссиясы Қазақстан совет жазушылары одағының басқармасы мен оған бағынатын ССРО «Литфондысының» қазақ бөлімінің жұмысына баға бергенде осы жоғарыда айтылған талаптардың тұрғысынан қарамақ.

Бірден-ақ ескерту жасауға болады, өткен 15 жыл ішінде Қазақстан совет жазушылары одағының тексеру комиссиясы Қазақстан совет жазушылары одағы басқармасы мен ССРО «Литфондысының» қазақ бөлімшесінің жұмысына тыңғылықты ат салысып, шаруашылық және қаржы мәселелерінің жұмсалуына белсенді араласып отыруға мүмкіндігі болған жоқ.

Біріншіден, тексеру комиссиясы сайланысымен, оның мүшелері жан-жаққа тарап кетті. Комиссияның бір мүшесі Сатыбалдин жолдас Москваның Кинематография

институтына оқуға кетті, комиссияның екінші мүшесі Макеев жолдас Совет Армиясының қатарында бес жыл, ал тексеру комиссиясының председателі Омаров жолдас армия қатарында 5 жылдай болды.

Қазақстан жазушылар одағы басқармасының II-съезде сайланған құрамы кейін едәуір өзгеріп кетті. Съезде сайланған басқарма құрамындағы 15 адамның 11-і ғана қалды. Басқарманың құрамынан шыққан 4 адамның орнына пленумда 6 адам өткізілді. Осының нәтижесінде басқарманың құрамы 15 адамнан 17 адам болып бекіді. Егер Қазақстан совет жазушылар одағының II-съезде сайлаған президиум мүшесі 5 адам болса, қазіргі кезде басқарманың құрамы 17 адам, президиумның құрамы 9 адам. Мұның өзі уставқа мүлдем қайшы келеді.

Қазақстан совет жазушыларының II-съезінде сайланған президиум мүшесінің құрамынан бар болғаны екі-ақ адам, Ә. Әбішев және Қ. Хасанов жолдастар ғана қалған, ал соңғы 7 адам пленумдарда толықтырылған, оның ішінде, Қазақстан совет жазушылары одағы президиумының құрамында тексеру комиссиясының председателі Омаров жолдас енгізілген.

Съезден кейінгі кезде өткізілген барлық пленумдарда жазушылар ұйымы тексеру комиссиясын естен шығарған. Қазақстан совет жазушылар одағының басқармасы мұндай комиссияның бар-жоғын, жұмыс істейтін-істемейтінін ескермей келген.

Жоғарыда келтірілген фактының өзі-ақ Омаров жолдастың өзінен өзі тексеру комиссиясының председателдігінен шығып қалғандығын көрсетеді.

Осы жылы ғана, қазір өткізіліп отырған съезімізге санаулы күндер қалғанда ғана Қазақстан совет жазушылар одағының президиумы жазушылар ұйымының аса бір маңызды орны болып табылатын тексеру комиссиясын еске алды.

Міне сондықтан да, тексеру комиссиясының басшылықсыз екеніне қарамастан, Қазақстан совет жазушылар одағы президиумының тапсыруы бойынша Қазақстан жазушыларының III-съезіне Қазақстан совет жазушылары одағы басқармасының, сондай-ақ президиумының, ССРО «Литфондысының» қазақ бөлімінің ақша, шаруашылық жұмыстары, творчестволық ұйымдастыру істері туралы баяндауды қажет деп тапты.

Соңғы жылдары (1953 жыл мен 1954 жылдың алғашқы жартысына қарап айтам) Қазақстан совет жазушылар одағының басқармасы мен ССРО «Литфондысының» қазақ бөлімшесі өзінен жоғарғы ұйымдар алдында қаржы жұмсаудың есебін беру жағынан жұмыстарын едәуір жақсартты. Қазіргі кезде алыс-беріс, ақша документтерін ретту жұмыстары жалпы бухгалтерлік есептердің ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Дегенмен, жазушылар ұйымының балансында өткен жылдардың қарыздары, 1943 жылдан бастап өтелуге тиісті қарыз ақшалардың жалпы суммасы 30.351 сом. Мұның іздеп қайтару мерзімдері де өтіп кеткен.

Негізгі бюджеттік қаржыдан басқа, Қазақстан совет жазушылар ұйымының бір жылда жұмсайтын сметасының көлемі 700 мың сом. Қазақстан совет жазушылар одағының басқармасы әртүрлі қоғамдық-әдеби шараларды іске асыру үшін қосымша қаржылар алып отырады. Мәселен, Қазақстан жазушыларының II-съезінен бергі 15 жылдың ішінде 3 рет республикалық әдеби конкурс жарияланған, мұның ішінде ең таңдаулы романдар мен повестерге, жақсы әңгімелерге, жақсы пьесаларға жарияланған конкурстар бар. Бұл шаралардың барлығы да қазақ совет әдебиетінің жеке жанрларын өркендетуде белгілі дәрежеде үлкен рольдер атқарды.

1945 және 1946 жылдары қазақ әдебиетінің негізін салған ұлы ағартушы Абай Құнанбаевтың жүз жылдығына арналған және Қазақ совет поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына жүз жыл толуына арналған екі үлкен мереке өткізілді.

1949 жылы Москва қаласында қазақ әдебиетінің онкүндігі өткізілді. Бұл онкүндік жас қазақ совет әдебиетінің ержетіп есейгенін көрсетті, сонымен қатар, оның бүкілодақтық оқушыларға, сондай-ақ, дүние жүзінің оқушыларына таныла бастағандығының айғағы болды.

Соңғы жылдары Қазақстан совет жазушылар одағының президиумы жазушыларға басшылық етуді жақсарту мақсатымен өзінің облыстардағы өкілдерін жойып, оның орнына жазушылар одағының аппаратын нығайтты. Бұл шара өзінің белгілі дәрежеде пайдалы екенін көрсетті. Қазақстан жазушылар одағының аппаратында істеушілер командировкаларға жиі шығып тұрады. Осының нәтижесінде бұрынғыдай өзінің өкілдері тұратын бес-алты облысты ғана емес, республиканың барлық облыста-

рындағы жазушылардың жұмысымен танысып отыруға және басшылық етуге едәуір жағдай туғызды.

Қазақстан жазушылар одағының аппараты бұрынғыдан әлдеқайда жақсы істейтін болды. Бұрын жазушылардың облыстардан жіберген қолжазбалары одақтың портфелінде айлап, тіпті, жылдап жататын болса, қазір бұл сыяқты жаман әдеттер байқалмайды. Қазақстан жазушылар ұйымына түскен барлық қолжазбалар кезінде оқылып, авторларына секцияның консультанттары арқылы жауап хаттар жазылып тұрады.

Облыстардағы штатты өкілдердің жойылуымен байланысты тексеру комиссиясына сыяқты бір қолайсыз фактыны да айта кетуге тиісті, ол, атап айтқанда, Қазақстан жазушылар ұйымы басқармасының облыстарда ешқандай да бөлімшесі жоқ. Мәселен, Қарағанды сыяқты өндірістің аса үлкен орталығында мұндай бөлімнің ұйымдастырылуы әлдеқашан-ақ шешілуге тиісті мәселе сыяқты. Онда жеткілікті әдеби күш те бар ғой дейміз. Өйткені онда жазушылар ұйымының 11 мүшесі және кандидаты тұрады.

Қазақстан жазушылар ұйымының президиумы мен басқармасы жазушылардың тұрмыс жағдайы, оларға медициналық қызмет көрсету сыяқты творчество мәселелерімен байланысты жұмыстарды да естен шығармауға тиіс. Бірақ жұмыстың бұл саласында недәуір бетімен жіберушілік бар. Керек десе, Қазақстан жазушылар одағының басқармасында осы күнге дейін пәтер үй ала алмай жүрген жазушылардың дұрыс тізімі де жоқ. Пәтер үй сұрап өтініш жазған жазушылардың тілектері Қазақстан жазушылар ұйымының президиумында қаралғанмен, ол мәселелер ақырына дейін жеткізіліп, тиісті қортындысын тапқан жоқ. Ал президиум не Алматыдағы, не облыстардағы жазушылардың тұрмыс мәселесін зерттеп көрген емес. Алматы — оңтүстікте тұрған қала, оның ауа райы жақсы. Бірақ мұның ешқайсысының да жазушылардың тағдырымен байланысы жоқ. Егер де мәселеге былайша қарайтын болсақ, жазушыға, оның семьясына, үй тұрмысына деген қамқорлықтың болмағаны. Осындай қамқорлықтың болмағандығының нәтижесінде ақын Василий Копытин үш ай бойы палаткада тұрды, бір ай бойы ақын Дмитрий Рябуха да осындай жағдайда болды. Бұл мәселелер Москвадағы басшы ұйымдардың араласуымен ғана шешілді. Жазушылар С. Мұқанов, Х. Ерғалиев, Н. Титов,

З. Қабдолов, Л. Макеев, Т. Әлімқұлов, М. Балыкин және басқалары көп жылдан бері нашар пәтерде тұрады.

Жазушыларға және олардың семьяларына медициналық қызмет көрсетуде Қазақстан жазушылар ұйымының президиумы недәуір жұмыстар істеді. Қырықтан аса басты жазушылар Қазақ ССР Министрлер Советінің ауруханасына тіркелген. Ал бұдан қалғандардың барлығы да ғылыми қызметкерлердің поликлиникасында қаралады. Бірақ облыстарда тұратын жазушылардың қандайлық медицина көмектерін алатындығы жөнінде жазушылар ұйымының президиумында ешқандай да мәлімет жоқ.

ССРО жазушыларының уставы бойынша жазушыларға мәдени және материалдық көмек көрсетуді жазушылар ұйымдарының басқармалары жанындағы «Литфонд» аса үлкен роль атқаруға тиіс. ССРО «Литфондысының» қазақ бөлімшесінің ұйымдасқанына 13 жыл болды. Әрине, бұл бөлімше республика жазушыларының ІІ-съезінен бергі уақыттың ішінде жазушылардың материалдық, мәдени және медицина көмегін алу жөніндегі мәселелерге едәуір үлесін қосып, көптеген жұмыстар да істеді.

Біз ІІ және ІІІ-съезд арасындағы істелген жұмыстардың мәліметтерін келтіре алмаймыз. Бірақ соңғы үш жарым жылдың ішінде республика жазушыларының творчестволық командировкаларына 130 мың сом ақша жұмсалғанының өзін айтсақ та жеткілікті. (Бұл айтып отырғанымыз ССРО жазушылар одағы секретариатының қарары бойынша творчестволық командировка алған жазушылардан басқа). Осы айтылып отырған үш жарым жылдың ішінде жазушылар республиканың барлық өнеркәсіп орталықтарында, колхоздар мен совхоздарында болды.

Тек қана үстіміздегі жылдың алғашқы жартысының өзінде 14 жазушыға творчестволық командировка берілді. Ақын Тайыр Жароков Талдықорған және Москва облыстарының колхоздарында болды. ақын Хамит Ерғалиев Гурьев облысында, ал ақын-жазушыларымыз Әбу Сәрсенбаев, Шахмет Хұсаинов, Михаил Балыкин, Әбділдә Тәжібаев, Дмитрий Снегин, Бердібек Соқпақбаев, Николай Анов, Сафуан Шаймерденов, Әуезхан Көшімов және басқалары тың және тынайтылған жерлерді игеріп жатқан Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Семей облыстарының колхоздарында, совхоздары мен МТС-тарында болып қайтты.

Осы творчестволық командировкалардың нәтижесінде облыстық және республикалық газеттерде, әдеби журналдардың беттерінде жаңа әңгімелер, өлендер, бір актылы пьесалар, көркем очерктер көріне бастады. Бұлардың бәрінен де республикамызда бүгінгі таңда істеліп жатқан еңбектер, істер бейнеленген.

ССРО «Литфондысының» қазақ бөлімінің жазушылардың творчестволық жұмыстарын жақсартуға көмектесе алатын материалдық мүмкіншіліктері едәуір, бірақ сол қаржылардың бәрі бірдей орынды жұмсала бермейді. Егер осы жылдың алғашқы жартысында жылдық қаржыдан 60 мың сом ақша жұмсалған болса, соның 33 мыңы ғана орынды жұмсалды. Ал өткен жылы творчестволық командировкаға бөлінген қаржының тең жартысы жұмсалмай қалды. Мәселен, 1951 жылы жұмсалуға тиісті 40 мың сомнан 22 мың сом, 1952 жылы жұмсалуға тиісті 44,5 мың сомнан 14.245 сом ғана жұмсалған. Бұл кездерде творчестволық командировкаға барғысы келіп өтініш берген жазушылар да көп болған. Бірақ қаржы түгелдей жұмсалған жоқ. Өйткені «Литфондының» басқармасы творчестволық командировка сұрағандарға қаржы бермей қойған. Творчестволық командировкаға барғандар қайтып келген соң есеп бермейді деп тайсақтап, қаржыны орынды жеріне жұмсамаушылық та бар. Үстіміздегі жылдың бірінші августына дейін творчестволық командировкаға барып, осы күнге дейін есеп бермей жүргендердің мойнында 14 мың сом ақша бар. Бұған Қазақстан жазушылар одағының басқармасы мен «Литфондының» басқармасы да кіналы. Өйткені олар бұл жұмысқа тиісті бақылау жүргізіп отырмайды.

Кейінгі үш жарым жылдың ішінде жазушыларды санаторийлер мен курорттарға жіберу және еңбекке жарамай қалған кезде көмек көрсету үшін 200 мың сомдай ақша жұмсалған. Сондай-ақ жазушылардың балаларына пионер лагерьлеріне деп путевкалар алып келуге 66 мың сом берілген. Ал, 1954 жылы жазушылардың түрлі материалдық қажеттеріне 114 мың сом ақша бөлініп отыр.

«Литфондының» барлық жұмысы мемлекеттің босатқан қаржысын сметада көрсетілген тиісті статъялар бойынша жұмсаумен ғана бітіп жүр. Ал шындығында, бұл қаржылар жазушылардың творчестволық қызметінің жандануына өзіндік көмектерін тигізерліктей болуға тиіс-

ті. «Литфонды» өзінің шаруашылық-экономикалық қуатын үнемі арттыру арқасында жазушылардың да материалдық тұрмыс қажетін жақсартуға, сөйтіп олардың творчестволық жұмыстарына көмектесуге бағытталуға тиіс.

«Литфондының» жазушылар алдындағы саяси және қоғамдық қызметі тұрғысынан алып қарасақ, ССРО «Литфондысының» қазақ бөлімінің жұмысы қазіргі күннің талаптары мен міндеттері дәрежесінде екендігін көреміз.

Осыдан екі-үш жыл бұрын ғана «Литфондының» бұрынғы директоры Жансаевтің және бұрынғы аға бухгалтер Березенконың өз жұмыстарын білмеуінің, немесе жөнді басшылық ете алмауының салдарынан, бұл ұйымға Қазақстан совет жазушылар ұйымының басқармасы мен және оның президиумының ешқандай назар аудармауынан бұл ұйымның жұмысы мүлдем нашар болды. «Литфондының» жазушылармен арадағы алыс-берістерінің есептері барынша былықтырылып жіберілген. Мұның ішінде есепті әдейілеп шатастырушылық та болған.

Есепті әдейілеп шатастырудың арқасында «Литфондының» қаржысын жұмсау ісінде заңсыздыққа және өтірік документтер жасауға дейін жол берілген. Мәселен, жазушылардан және басқа адамдардан алынған ақшалар ССРО «Литфондысының» қазақ бөлімінің кассасына түскенмен мемлекеттік банкке өткізілмеген. Қайта мұның керісінше, мемлекеттік банктен алынған қаржы өз мақсаттарына жұмсалмай, қайдағы бір шаруашылық керек-жарақтарына берілген. Мәселен, 1951 және 1952 жылдары «Литфондының» қазақ бөлімінің кассасына түскен 38.995 сомның мемлекеттік банкке не болғаны 3.300 сомы ғана өткізілген. Ал мұның керісінше, мемлекеттік банктен алынған 19,176 сомның дұрыс жұмсалғаны 11.486 сом 79 тыйын ғана болып отыр, мұның ішінде 10 мың сом творчестволық командировка үшін алынған, сонда негізгі керектерге орнымен жұмсалған ақшаның бар болғаны 1.500 сом ғана. Кейін қайтарылып берілуге тиісті көмек қаржылар жазушыларға ешқандай жазба документсіз, өтінішсіз, «Литфонды» басқармасының қарарынсыз, қалай болса солай беріліп келген. Сондай-ақ жазушының еңбекке жарамай қалған кездегі берілген жәрдемдер де ешқандай дәрігерлік документсіз берілген. Осы сыяқты

курорттар мен санаторилерге берілген путевкалардың документтері де дұрыс жасалмаған.

Бұл айтылғандардың өзін былай қойғанда, «Литфондының» қазақ бөлімі кейбір жалған документтермен ақша алушыларды қорғап келген. Мәселен, бір ұйымның (бұл ұйымның қандай ұйым екенін айтудың, бұл баяндамада қажеті жоқ қой деймін) тапсыруы бойынша 1951 жылдың 4 ноябрінде № 7 есеп бойынша 10 мың сом ақша алынып, ол бір есептен екінші есептерге аударылуы арқылы ақырында келіп ақын Василий Копытинге төленген. Ал бұл не үшін төленді десеңіздер, ақын Василий Копытин жоғарыда айтылған ақша есебіне аударылған ұйымның тапсыруы бойынша балаларға арнап көше тәртібін қалай сақтау туралы өлең жазғаны үшін беріліпті-мыс. Шынында да, ақын Василий Копытиннің «Автомашиналы ел» деген кітапша жазғаны рас. Бірақ бұл кітапша ешқандай жарық көрмей тұрып оның «Литфонды» арқылы 10 мың сом авторлық қаламақы алуының себебі неде? Оның «Автомашиналы ел» атты кітапшасының Қазақстан жазушылар одағының орыс секциясының мәжілістерінде жылма-жыл талқыланып, авторға әлденеше сындар айтылып, қолжазба өзіне қайтарылып берілген болатын. Бірақ ол бұл кітапшаны түзеткісі келмеді. Кітап осы күнге дейін жарық көрген жоқ. Автордың бұл кітапшаны түзеткісі келмейтін себебін біз кейін білдік. Тіпті қаламақысын алып қойғаннан соң оның бұл шығармасының жарық көруіне ынтасы болмаған көрінеді.

Нақ осындай әдіспен жазушы Максим Зверев Гостехинспекция арқылы «Литфондыдан» қасқырды қалай қыру керектігі жөніндегі плакаты үшін 4.550 сом авторлық қаламақы алған.

Қазақстан совет жазушылар одағының президиумы мен басқармасы «Литфондының» директоры Жансаевті және аға бухгалтер Березенконы орнынан босатып дұрыс істеді. Бұлардың мойнында осы күнге дейін 22,5 мың сом ақша бар. Олардың істері тергеу орындарына берілген.

ССРО «Литфондысының» басқармасы қазақ бөлімінің жазушылардан мүшелік жарна алу жөніндегі қарыздарын азайтқаны үшін жұмыстарын тәуір деп тапты. 1954 жылға дейін мүшелік жарнадан 31 мың сом алашақ қарыздар болатын, ол үстіміздегі жылдың 1 авгусына дейін 15 мың сом төмендеді. Демек, мүшелік жарна жөніндегі қарыз едәуір азайды. Сондай-ақ уақытынша көмек үшін

берілген, творчестволық командировкалардан қайтарылып беруге тиісті ақшалардың сомасы да кеміді.

Дегенмен съезд делегаттарына әлі де болса мүшелік жарна төлеудің ойдағыдай еместігін айта кетуге тиістіміз. Кейбір жазушылар мүшелік жарнаны бір жылдап, екі жылдап, үш жылдап, төрт жылдап, тіпті бес жылдап төлемейді. Мәселен, бес жылдан бері мүшелік жарна төлемей жүрген жазушылардың саны 16 адам, төрт жылдан бері төлемей жүргендер 25 адам, үш жылдан бері төлемей жүргендер 31 адам, екі жылдан бері төлемей жүргендер 35 адам және бір жылдан бері төлемей жүргендер 44 адам.

Мүшелік жарнаны төлемей жүрген жазушылардың ішінде қатардағы жазушылар ғана емес, басшы қызметте жүрген, немесе аға жазушылар да бар. Қазақстан совет жазушылар одағының басқармасының мүшелері Сәбит Мұқанов, Жақан Сыздықов, Асқар Тоқмағамбетов, Дихан Әбілев бес жылдан бері мүшелік жарна төлемейді. Бұл жолдастар жазушылар ұйымының шаруашылығын тәртіпке келтіруге көмектесу орнына, өздері бұзады.

Мүшелік жарна төлемей жүрген жазушылардың ішінде бес жылдан бері мүшелік жарна төлемей келе жатқан Мұсатай Ақынжанов, М. Байсеитов, Ж. Құрманов, А. Теміржанов, М. Тиесов, Ә. Оңалбаев, Қ. Шаңғытбаев жолдастардың аттарын атап айтуға тура келеді.

Егер бұл жолдастардың мүшелік жарна төлеуге саналылығы жетпеген болса, устав бойынша жазушылар ұйымының мүшелігінен өзінен өзі шығып қалған деп есептеуге тура келеді. Мұның өзі кейбір жолдастарды тәртіпке шақыру үшін қажетті де және заңды да болып табылар еді.

Негізгі баяндамашы мен қосымша баяндамашылардың сөзінен қазақ совет әдебиетінің өскен фактыларын есту аса қуанышты нәрсе.

Қазақстан жазушылары өздерінің творчестволық жігерлі еңбектерімен оқушылардың құрметіне ие болды. Бұл жазушы үшін аса абройлы мәртебе. Демек, Қазақстан жазушылары өздерінің материалдық тұрмыс жағдайын қазіргіден де гөрі жақсартуды талап етуге праволы деген сөз.

Жақын уақытта Алматы қаласынан Қазақстан совет жазушылар одағының үлкен үйінің құрылысы басталмақ.

ССРО «Литфондысының» қазақ бөлімі жазушылардың творчестволық үйін, әдебиетшілердің клубын, жазушылардың кітап магазинін, кітапханасын, оқу залын, демалатын санаториін, асханасын ұйымдастыру мәселелерін ойластыратын уақыт жетті

Осылардың барлығын да күнілгері жоспарлап қойған жөн. Бүкіл совет халқының алдында тұрған аса үлкен өмірлік перспективалар сыяқты, совет жазушыларының алдындағы жол да аса кең, үлкен!

ҚАЗАҚСТАН СОВЕТ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ІІІ-СЪЕЗІНІҢ МАНДАТ КОМИССИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫ

(Баяндамашы М. Жанғалин жолдас)

Жолдастар!

Мандат комиссиясының тапсыруы бойынша комиссия жұмысының нәтижесін мәлімдеуге рұқсат етіңіздер.

Өздеріңізге белгілі, ССПК-ның VI пленумының қарары бойынша және ССРО совет жазушылар Одағы Президиумының ұсынысы бойынша Қазақстан жазушыларының ІІІ-съезіне жазушылар Одағының барлық мүшесі делегат ретінде шақырылып отыр. Осының арқасында съездің алдында тұрған аса маңызды міндеттерді талқылау ісіне ұйымның барлық мүшелерін кеңінен, қолма-қол қатыстыруға мүмкіндік туды.

Айта кету керек, жазушылар Одағының мүшелері шешуші дауыспен, мүшелікке кандидаттар — кеңесші дауыспен қатысады.

Съезге Одақтың 121 мүшесі және 8 кандидаты шақырылған болатын. Тексере келгенде, шешуші дауыспен съезге 112 мүше және кеңесші дауыспен 6 кандидат қатысып отырған болып шықты.

Съезге республикамыздың барлық облыстарынан және ірі қалаларынан делегаттар келді.

Мен бұл баяндамада делегаттардың құрамына қысқаша тоқталып өтпекпін.

Өздеріңізге мәлім, ұлы ақынымыз Жамбыл бастаған қазақ совет поэзиясы соғыстың ауыр кезінде, даңқты жеңіс жылдарында совет поэзиясының алдыңғы сапында болды, қазақ совет поэзиясының жалынды өткір сөздері майдандағы жауынгерлер мен тыл еңбегіндегі ерлердің әрқашан аузында болып отырды.

Қазақстан жазушылары мен акындары өз партиясының және өз халқының шақыруына үн қосып, өзінің алмастай өткір сөздерімен өшпенді жауға қайрат көрсетті, совет адамдарын ерлік істерге, жеңіске шабыттандырды. Отан соғысының майдандарында асқан ерлікпен қаза тапқан әрі жауынгер, әрі жалынды акындарымыз — Абдулла Жұмағалиев, Владимир Чугунов, Баубек Бұлқышев және басқалар жауынгер болудың үстіне әрі қазақ әдебиетінің солдаттары болған еді.

Біздің халқымыз және біздің интеллигенция соғыс жылдарында өзінің көптеген таңдаулы азаматтарынан айрылған болса да, съезге қатысып отырған делегаттардың сан жағынан құрамы екі съездің аралығында ұйымның үздіксіз өсіп отырғандығын дәлелдейді.

Осы съездің үстінде Қазақстан жазушылар Одағының қатарында 130 адам бар, оның ішінде мүшелері 122, ал кандидаттары 8 кісі. Өткен II-съездің тұсында жазушылар Одағының мүше, кандидаттары 86 кісі болған еді.

Бұл өсу совет әдебиетінің зор тартымдылық күшіне айғақ, өйткені біздің әдебиеттің міндеті — халық мүдделеріне қызмет ету, ұлы коммунизм ісіне жан-тәнімен берілгендік рухта бұқараны тәрбиелеу ісінде партиямызға барынша көмектесу.

Аса қуанышты бір нәрсе — жазушылар коммунист-жазушылар есебінен өсті. Бұған дәлел мыналар: егер II съездің тұсында жазушылар Одағындағы коммунистердің саны не бары 33 адам болған болса, бұл съездің қарсаңында бұлардың саны 84-ке жетті. Жазушылар Одағы мүшелерінің көпшілігі коммунист партиясының қатарында болуы аса маңызды саяси табыс деп қаралуға тиіс.

Еліміздегі социалистік экономиканың алып адамдармен ілгерілеуіне сәйкес біздің социалистік мәдениетіміз де шарықтап гүлденуде. Еліміз халықтың кең ортасынан шыққан көпсан интеллигенциясы бар елге айналды. Біз мұны съезд делегаттарының құрамынан да айқын көріп отырмыз.

20-шы және 30-шы жылдардың басында біздің жазушылардың көпшілігі батрактар мен кедейлердің қатарынан кеше ғана шығып әдебиетке араласқан сауаты төмен таланттар болушы еді. Енді бұлардың көбі, өздерінің творчестволық қызметі мен білімін көтеру ісін қабаттастыра отырып, орта және жоғары білім алды. Жазушылардың II-съезінің дәуірімен салыстырғанның өзінде бұл

жөніндегі өсу айырықша айқын көрінеді. Ол кезде жоғары және орта білімі бар жазушылар не болғаны 38 кісі болса, қазіргі уақытта съезд делегаттарының құрамында жоғары және орта білімді 95 кісі бар, яғни екі жарым еседен артық өскен.

Әдебиеттегі мәдениетсіздікке, натурализм мен примитивизмге қарсы күресу жөніндегі міндеттерді ойдағыдай шешу, еңбекке саналы, коммунистік көзбен қарайтын совет адамдарының образын әртарапты білімі бар және асқан гуманды адамдардың образын жасау міндеттерін ойдағыдай шешу, орыс классикалық әдебиетінің ұлы мұраларын меңгеру, өзінің көркемдік шеберлігін ойдағыдай жетілдіру міндетін,— міне осы зор максаттарды тыңғылықты етіп шешу біздің жазушылардың маркстік-лениндік біліміне және жалпы мәдени білім өрісінің дәрежесіне байланысты. Бұған ешбір күмән келтіруге болмайды. Ал біздің жоғарыда келтірген мәліметтеріміз совет жазушыларының қазақстандық отряды осы тілекке сай дәрежеге жетіп отыр деуімізге болады.

Қазақ әдебиетінде поэзиядан басқа жанрдың бәрі де Ұлы Октябрь революциясынан кейін келіп туды. Қазақ совет әдебиеті өзінің III-съезін көптеген жанрда дамыған әдебиетімен қарсы алды. Барлық өскен әдебиетте болатыны сыяқты, біздің әдебиетімізде де, әдебиет күшіміз де түрліше жанрларға жіктеліп отырғанын байқаймыз. Бұл мына төмендегі цифрлардан көрінеді. Делегаттардың ішінде прозаиктер —32, ақындар —67, драматургтер —11, әдебиет сыншылары —10, көркем әдебиет аудармашылары —9. Соңғы екі съездің аралығында проза жазушыларының саны 15-тен 32-ге жетті.

Прозаик жазушыларының сан жағынан өсуімен бірге қазақ совет прозасы идеялық жағынан, көркемдік сапасы жағынан да өсті дегенді біз баяндамашылардың және осы съезде сөйлеушілердің сөздерінен естідік. Қазақ совет прозасы шығармаларының өз елімізде ғана емес, шетелдерде де кеңінен мәлім болуы әдебиетіміздегі осы маңызды жаңрдың едәуір пісіп жетілгендігін көрсетеді. Бірақ та прозаиктердің үлкен отряды үшін бұл табыстар әлі аз. Прозаик жазушылардың басым көпшілігі әлі де болса кесек шығармалар бере алмай келеді. Біз бұл фактыны елеусіз қалдыра алмаймыз.

Мұнымен бірге осы съезде ұйымымыздың жартысынан көбі болып отырған ақындарымызға недәуір өкпе айтыл-

ды, бұлар поэзияны прозаның жеткен дәрежесіне көтере алмады. Бұл жайды ақын жолдастардың есіне салмай кетуге жол жоқ.

II-съездің тұсында да біздің драматургтеріміз сан жағынан өте аз еді — небары 6 кісі болатын. III-съездің тұсында да бұлардың саны ойдағыдай өспегендігін өздеріңіз көріп отырсыздар.

Жас жағынан алып қарағанда делегаттардың құрамы төмендегідей: 20 мен 25 жастың арасындағылар — 1, 25 пен 30 арасында — 15, отыз бен 40 жастың арасында — 26, 40 пен 50 жастың арасындағылар — 47, 50 жастан жоғарылар — 40.

Біздің ұйым, негізінен алғанда, орта жастағы жазушылардан құралған; өйткені ұйымның үштен екісі 40 жастан жоғарғылар. Мұның өзі, мүмкін, біздің әдебиетіміздің жақсылық жағын да көрсетер, өйткені ұйымның көпшілігі өмірлік тәжірибесі мол, қаламы шындалған жазушылардан тұрады екен. Демек, осындай кексе жазушылары көп ұйымнан біз көп нәрсені талап етуге, піскен, жетілген шығармалар болуын тілек етуге правомымыз.

Мұнымен қатар жоғарыда келтірілген цифрлар әдебиетімізде жас күштердің мүлдем жоқ екендігін көрсетеді, өйткені бүкіл ұйымда 25 жасқа дейін бір ғана жазушы бар екен.

Өз үмітін, болашағын жастарға артатын халық тұрғысынан қарағанда бұл жағдайды кемшілігіміз деп қарамауға болмайды. Халықтың ауыз әдебиетінде жастық адам баласының көктемі, абзал үміті, заманының тірегі, жазғытұрғы өзеннің тасқыны, таудың биік шыңы, халықтың қолындағы өткір семсері болып бейнеленеді. Жалынды жастар — әдебиетіміздің де үміті, сүйеніші, тірегі.

Жазушылардың көпшілігі моральдық және саяси жағынан жоғары дәрежеде екендігінде, бірлікті, творчестволық белсенді ұйым екендігінде, өз қатарын моральдық және творчестволық мүгедектіктің жаман әсерінен сақтай алатын ұйым екендігінде күмән жоқ.

Жолдастар! Біздің съезімізге Қазақстан совет жазушылары Одағы мүшелерінен де басқа республикадағы ғылым, көркемөнер және әдебиет қызметкерлерінің көптеген өкілдері, барлық дерлік облыстық газеттердің редакторлары қатысып отыр. Мұның өзі съездің алдында

тұрған маңызды мәселелердің әржақты, толық талқылауды қамтамасыз етеді.

Съезд жұмысына үздік совет жазушыларының — Михаил Александрович Шолоховтың, Леонид Алексеевич Леоновтың, сондай-ақ елімізге аттары мәлім ақын Н. Грибачевтің, С. Смирновтың, Н. Сидоренконың, тәжік ақыны Тұрсын-Заданың, Ленинград жазушысы — Н. Никитиннің, өзбек драматургі Яценнің, украин ақыны И. Ниходаның, латыш ақыны Ц. Динерданның, грузин ақыны И. Нонешвилидің, қырғыз жазушысы Қ. Маликовтің, белорусс жазушысы П. Панченконың және көптеген басқа да совет жазушыларының қатысып отырғандығы Совет Одағының көпұлтты әдебиетінің творчестволық мақсат-мұрады бір екендігіне айқын дәлел.

Жолдастар! Қазақстан жазушыларының III-съезі қазақ совет әдебиетінің социалистік реализм жолында мұнан да былай ойдағыдай даму жолдарын талқылап, болашаққа жол сызып беру үшін жыйналып отыр. Социалистік реализм — тұрмысты тарихи — нақтылы түрде алып, шыншылдықпен бейнелеуді талап ететін совет әдебиетінің негізгі әдісі болып табылады.

Қазақ совет әдебиеті, оның өскен кадрлары ең таяу уақыттың ішінде тағы да зор табыстарға жетуге әбден қабілетті. Бұдан көпұлтты совет әдебиетінің туысқандық творчестволық бірлестігін бастап отырған ұлы орыс әдебиеті кепіл! Бұған совет әдебиетін бүкіл прогресшіл адамзат ісіне адал қызмет етуге шабыттандырып отыратын Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясы кепіл!

Михаил Шолохов

БАЙТАҚ ЕЛДІҢ ӘДЕБИЕТІ

(Съезде сөйлеген сөзі)

Қымбатты достарым, Қазақстан жазушылары!

Ең алдымен орыс жазушыларынан сіздерге туысқандық жалынды сәлем жолдауға және осы съезд жұмысында ғана емес, сондай-ақ әрі үлкен, әрі қыйын әдеби жұмыстарыңызда табыстарға жете берулеріңізге тілек білдіруіме рұқсат етіңіздер!

Сіздер арқылы өз атымнан ұлы қазақ халқына соғыстың қыйын жылдарында, өзім армия қатарында жүрген кезде, менің семьяма көрсеткен қамқорлықтары үшін және соғыстан кейін он жыл бойы жыл сайын бір, немесе бір жарым айлап сіздердің ұлан байтақ жерлеріңізге келгенімде маған көрсеткен сондай меймандостығы, құрмет, қошеметі үшін шын жүректен алғыс айтқым келеді.

Осы уақыт ішінде Қазақстанның жылқышылары, қолхозшылары, бригадирлері, шопандары сыяқты қарапайым адамдары арасында менің достарым да көбейді және сіздің халқыңызды сол қарапайымдылығы, сол еңбек сүйгіштігі, сондай-ақ кішіпейілдігі үшін де жақсы көріп кеттім.

Енді әдебиет мәселелері жайында да менің бірнеше ауыз сөз айтуыма рұқсат етіңіздер.

Сіздердің съезіңіз Қазақстан жазушыларының жұмысындағы кемшіліктерді жолдастықпен өткір сынау ұранымен өтіп жатыр. Менің байқауымша, бұл сын, бәлкім, тым өткірірек те тәрізді. Бірақ мұның өзінде сіздердің келешек жұмыстарыңыздың табысты бола беруіне жол салынып жатыр, ал олай болса, онда мұны қазақ совет

әдебиетінің бұдан былайғы гүлдену, өркендеуінің негізі салынып жатыр деп түсіну керек.

Сірә, Мұстафин жолдас менің мынадай достық, әзіл ескертпеме ренжи де қоймас: ол Сәбит Мұқановтың романдарын елу процент қысқартса да, одан кеміп қалмас еді дегенде мен еріксіз күліп, мынаны ойладым: егер Мұстафин жолдас та өзінің соншалық көлемді ұзақ сонар баяндамасын ең болмаса елу процент қысқарта қойса, одан қазақ әдебиеті онша зардап шеге қоймас еді, өйткені романдарды қысқартудан гөрі баяндамаларды қысқарту әлдеқайда оңай екені біздің бәрімізге мәлім ғой.

Сөз жоқ, біз бұдан жыйырма, отыз жыл бұрын жазғанымыздан әлдеқайда жақсы және салмақтырақ жазуға міндеттіміз. Бұл сөзді мен, әсіресе, өзім сыяқты қарттар жайында болса айтуға міндеттімін. Өйткені оқушыларымыздың өлшеусіз өсіп отырған мәдени тілектері бізден осыны қатты талап етіп отыр да, оның үстіне өскен шеберлік дәрежеміз бізді сондай болуға мәжбүр етеді.

Әлбетте, достық сын — мұндай жағдайда ең қажетті шарттардың бірі. Тәжірибелі жазушыларды да, жас жазушыларды да сынау керек. Бірақ сынның да сыны бар екені белгілі.

Мұхтар Әуезовтың сөзінде кімді сүйіп, кімге жанын ашыса, соны сынайсын деп дұрыс айтылған.

Қазақстанның көрнекті жазушыларының баяндамаларында бұл жыйындағы кейбір пікірлерді де осындай достық сынның үлгісі деп түсінген жөн. Ол баяндамалардағы қатты айтылған сөздер жолдастардың әдебиет саласындағы тағдыры туралы қамқорлық істеп отырғандықты жоққа шығармайды, бірақ «Литературная газетада» Мунбллиттің Сәбит Мұқанов жөнінде кісінің қадірін түсіріп, беделіне нұксан келтіретін сын мақаласы басылып шықса, ондай мақаланы жолдастың шығармасындағы кемістіктерді түзеуді, оған көмектесуді тілегендік деп қарауға ешбір мүмкін емес. Бұл мақала жазушыға көмектесуді емес, қайта оны құртуды көздейді. Мұндай сынның бізге керегі жоқ және бұдан былай ондайларға төзе беруге болмайды да.

Егер жазушы көре, біле тұра идеялық теріс бағыттағы шығарма жасап, халыққа және партияға саяси жағынан зиянды «идеясымақтарды» әйтеуір бір сылтаулар-

мен өткізуге тырысатын болса, онда мен ондай жазушыны бұл үшін «өлтiре» сынау жағындамын. Бұл арада сөз қолдану жағынан қысылмау да керек және қаламды өткiр семсердей қатал етiп пайдалануға тиiстiмiз де. Алайда, бiздiң жазушыларымыз әлдеқандай себептер нәтижесiнде творчестволық сәтсiздiкке ұшыраса, мұндай жағдайда оған достық қамқорлық көрсету керек, оның қатесi қайда екенiн анықтап көрсетiп беру қажет, сөйтiп ол қатенi жөндеуге көмектесу керек. Ал егер ол адам соншалық мен-мен және жолдастарының айтқанын ескермейтiн, сенбейтiн болса онда коллективтiк көмек, кең творчестволық талқылау — оған ықпал жасаудың ең жақсы құралы болып табылады. Осылай iстеген жағдайда тiптi өзiн-өзi өте жақсы көретiн адам да, егер оның ақылы дұрыс болса, «жалғыз прапорщик қана аяғын дұрыс басып, бүкiл рота аяғынан шатасты» дейтiн жағдайдың мүмкiн емес екенiн түсiнуге тиiс.

Менiң ойымша, Эренбургтiң «Жылмық» деген повестi жайында Симоновтың жазған мақаласы — әдiлетсiз сынның үлгiсi. Мен Эренбургтың «Жылмық» емес осы кезде тiптi «Лайсан» деп аталып жүрген повестi туралы қазiр ештеңе де айтпаймын. Бiрақ Симонов Эренбург шығармасының кемiстiгiн қатты да әдiлеттi көрсету тiлегiмен емес, қайта жолдастың сәтсiздiкке ұшырағанын табалау тiлегiне сүйенгенiн ғана айтпақпын.

Симонов өзiнiң мақаласына Эренбургтың осы сәтсiздiгi туралы өте сараң айтады; бiрақ сәтсiздiкке ұшырау бiр басқа да, ал масқарашылықтың жөнi мүлде бөлек қой. Жоқ Симонов өзiнiң бұл мақаласын жазғанда әдебиеттiң мүдделерiн көздемеген.

Ал жас жазушыларды сынау мәселесiн сөз ететiн болсақ, мен ең алдымен олардың идеялары туралы айтамын, бұл жағынан жастарға әрi аталық талапты күшейтiп, әрi қамқорлық жасап отыруға тиiспiз. Осында маған бүркiттiң өз балапандары ұша бастаған кезде оларды қалай баулайтынын айтты. Бүркiт балапандарының қанатынан қақпайлай отырып, олардың төмендеуiне ерiк бермейдi, қайта барған сайын жоғарылата, аспандата ұшқызады, сөйтiп жас балапандар әбден шаршағанға дейiн аспан көгiне, биiкке көтерiлуге көмек бередi, соған үйрете бередi.

Тек осылай баулынып өскен бүркiт қана биiк аспан әлемiнде ұзақ парлай ұшуды үйренедi және сол биiк шың-

нан көзі шалған жемтікке бейне ысқырған құйындай бар пәрменмен төмен қарай шүйіліп, оны жаза бастырмай жайрата алады. Біз де өзіміздің жас жазушыларымызды осындай қатаң тәсілмен үйретіп отыруға тиістіміз. Кейін әдебиетте олар суға малынған қарғадай немесе үй тауығындай болып қалмайтын болсын. Олардың нағыз бүркіт боп өсуі үшін барған сайын биіктен биікке ұшырып үйрете беруге, баулыи беруге міндеттіміз. Бірақ бүркіт алғашқы қадамында-ақ биік шыңда ұша алмайтын немесе барған сайын жоғарылай беруге жүрексінетін балапандарының қанатын қайырып сындыра салмайды ғой.

Біздің сынымыз жас жазушылардың «қанатын сындыра» салуға тиісті емес және оған правосы да жоқ. Дегенмен, амал қанша, кейде мынадай да болып жүр: Қайсыбір пысықсынған сыншы жас жазушыны қолына түскен шоқпармен қойып қалып, қарап отыра береді, сөйтіп ол адамды өз күшіне сенуінен айырады, ал осыдан кейін ондай жас жазушы қайтып есін жыя ала ма, жоқ па — ол жағы беймәлім.

Партияның алдымызға қойып отырған міндеттері бізге айқын. Біз бұл міндеттерді орындауға әзірміз және қуаныштымыз да. Бірақ біз әдебиеттегі толып жатқан ұсақ міндеттерді әлі орындай алмай келеміз және бүкілодақтық съездің алдында біз ол міндеттерді коллектив болып ойластыруға тиістіміз, егер мұндай жеке даралықпен қызмет ететін болсақ, тіпті ұсақ міндеттерді де ойдағыдай шеше де, орындай да алмаймыз.

Сол міндеттердің бірі — әдеби қаламақы жайындағы мәселе. Бұл жөнінде аз тоқтап, бірнеше ауыз сөз айтқым келеді. Менің байқауымша, бұл туралы әлі біраз ойластырылмағандықтың салдары бар. Жас жазушыға материалдық жағынан үлкен қамқорлық жасау оны қалай да дандайсушылыққа соқтырады, оның ақыры жазушыны творчестволық құлдырауға апарып ұрындырады деп хауіптенушілікке мен қосылмаймын. Сіздердің ұлы Абайыңыз жас шағында да, қартайған кезінде де дандайсыған жоқ. Халықтың және әдебиеттің мақтанышына айналған ұлы Толстой мен Горький де, басқа жазушылар да дандайсуды білген емес. Адамгершілік ар ұяты сау адам қаншама даңқты және атақты болмасын — ол жас шағында да, қартайғанда да дандайсымайды; ал жан жүйесінде ірікшірігі бар адам тіпті ана сүті аузынан кеппей жатып-ақ дандайсып та, кеуде қағып та кете береді.

Мәселе мынада. Кейде, тұрмыста былай болып та шығады, қымбатты жолдастар: жас жазушы орта қолды ғана бір шығарма жазып, айталық, оған кеткен үш жылдық еңбегі үшін болар-болмас қалам ақы алды. Оның кітабы енді қайта басылмайды, ал жаңа кітап жазу туралы айтпағанның өзінде, сол орта қолды кітаптың кемшіліктерін түзеу жолында еңбек етуге оның ешбір материалдық мүмкіндігі болмайды, өйткені жас жазушы бұрынғы борыштарын өтегеннен кейін оның қалтасында тек өйтіп, бүйтіп күн көруге ғана жетерлік ақшасы қалады. Сөйтіп ол әдебиеттен кетеді, мүмкін енді ешқашан да бұл майданға қайтып оралмауы да кәдік. Ал менің сіздерден мынаны сұрағым келеді. Үлкен жазушылардың ішінде бірден-ақ данышпандық шығармалар жазудан бастаған кім бар еді? Шындығында олардың қай қайсысының болса да алғашқы жазған шығармалары орта қолды ғана болған.

Қайткен күнде де, мен біздердей кексе жазушыларды, атап айтқанда, әсіресе, кексе драматургтерді қалам ақы жағынан жастардың пайдасына қыса түсуді жақтаймын. Өйткені олар біздің болашағымыз, біздің әдебиетіміздің мәңгі қартаймауының кепілі де сол өсіп келе жатқан жастар.

Бүкілодақтық съезд қарсаңында менің сіздерге айтайын дегенім осылар еді.

Сіздердің творчестволық табыстарға жете берулеріңізге тағы да тілек білдіруіме рұқсат етіңіздер. Қазақ әдебиеті қазірдің өзінде де біздің көпұлтты совет әдебиетінде едәуір үлкен орын алып отыр. Ал мен біраз уақыттан кейін оның бұдан да гөрі үлкен орын алатынына сенемін. Сайып келгенде оған ұлан-байтақ жерлеріңіздің өзі сіздерді сол дәрежеге жетуге міндеттейді.

ҚАЗАҚСТАН СОВЕТ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ҮШІНШІ СЪЕЗІНІҢ ҚАРАРЫ

Қазақстан совет жазушылары одағы басқармасының баяндамасын, сондай-ақ қазақ прозасы, драматургиясы және поэзиясы туралы қосымша баяндамаларды тындап, талқылай келіп Қазақстан совет жазушыларының үшінші съезі атап көрсетеді: Коммунистік партияның күнбе-күнгі қамқорлығы мен басшылығы арқасында, партияның идеология мәселелері жайындағы тарихи қаулысын жүзеге асырудың нәтижесінде, совет әдебиетінің ең озық отряды — орыс совет жазушыларының туысқандық көмегімен, республика жазушыларының екінші съезінен бергі он бес жыл ішінде қазақ совет әдебиеті көпұлтты совет әдебиетіндегі жетекші әдебиеттердің бірі болды; орыс тіліне аударылуы арқылы қазақ жазушыларының таңдаулы шығармалары дүние жүзіндегі ең жоғарғы талапты оқушы совет халқына кеңінен танылды; қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаев, халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың шығармалары, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсрепов, Ғ. Мұстафиннің романдары халықтық демократия елдері еңбекшілері мен көптеген капиталистік елдердегі бейбітшілік үшін күрескерлердің арасына мол таралды.

Есеп беріп отырған уақыттың ішінде біздің елімізде және дүние жүзінде бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызы бар оқыйғалар болды; Совет халқының ұлы Отан соғысындағы жеңісі демократия мен социализм лагерін кеңейтті және нығайтты; дүниежүзілік пролетариаттың халықтық Қытай мен халықтық демократия елдері сыяқты жаңа «Екпінді бригадалары» пайда болды, Совет Одағы социа-

лизмнен коммунизмге өтуді жүзеге асыру міндеттерін шешуге кірісті.

Совет әдебиетінің, оның ішінде қазақ әдебиетінің совет оқушысының рухани талабына жауап беретін таңдаулы шығармалары осы тарихи оқыйғалардың барысында жасалды.

Съезд есеп беріп отырған кезеңде қазіргі қазақ әдебиетінің жетекші жанры—көркем проза жасалғанын қанағаттандықпен атап көрсетеді. М. Әуезовтың Сталиндік бірінші дәрежелі сыйлық алған «Абай» романы және «Абай жолы», С. Мұқановтың «Ботагөз», «Сырдария», Ғ. Мүсреповтың «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», Ғ. Мұстафиннің «Миллионер», «Шығанақ» және «Қарағанды», Ғ. Слановтың «Шалкар» және басқа да көп томды, көп планды романдардың тууы арқасында көркем прозаның онан әрі жан-жақты дамуы үшін берік негіз жасалды.

Екінші съезд бен үшінші съезд арасындағы кезеңде жас қазақ драматургиясы да табысты дамыды. М. Әуезов пен Л. Соболевтің «Абай», Мүсреповтың «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Аманкелді», М. Ақынжановтың «Ыбрай Алтынсарин», Ә. Әбішевтің «Достық пен махаббат», Ғ. Мұстафиннің «Миллионер», Ә. Тәжібаевтың «Гүлден, дала», Ш. Хұсainовтың «Көктем желі» пьесалары драмалық театрлардың репертуарына берік енді. Бірқатар жазушылар опера либреттоларын, көркем фильмдер сценарийлерін және бір актылы пьесалар жасау жолында табысты еңбек етіп жүр.

Поэзия саласында халық поэзиясының алыбы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Жамбыл Жабаевтың патриоттық өлеңдері, Орманов, Жароков, Тоқмағамбетов, Тәжібаев, Абілев, Бекхожин және басқалардың актуальды тақырыптарға жазылған бірқатар лирикалық өлеңдері мен поэмалары жасалды; Х. Ерғалиевтің «Біздің ауылдың қызы», Қ. Аманжоловтың «Біздің дастан», Ж. Молдағалиевтің «Нұрлы жол», Н. Ахметбековтың «Жасауыл қырғыны» сыяқты және басқа да реалисті поэмалар туды; Ж. Саинның «Партизан жырлары», М. Әлімбаевтің «Қарағанды жырлары», С. Мәуленовтың «Магнит таудың оттары», А. Шамкеновтың малшылар туралы жырлары сыяқты актуальды тақырыпқа арналған өлеңдер циклдары жасалды; балладалар, баснялар және поэзияның қазақ әдебиетінде бұрын болмаған басқа да жанрлары туа бастады.

Соңғы он жыл ішінде балалар әдебиеті де елеулі дамуда, балалар әдебиетінің Б. Соқпақбаев, Н. Ғабдуллин, С. Сарғасқаев, М. Әлімбаев, М. Иманжанов сыяқты тұрақты кадрлар туды, олардың шығармаларын балалар сүйсіне оқыйды.

Есеп беріп отырған кезеңде қазақ жазушылары орыстың және дүние жүзі әдебиеті классиктерінің ұлы мұраларын, көпұлтты совет әдебиетінің таңдаулы үлгілерін аударып, насихаттау саласында елеулі жұмыс істеді. Қазақ еңбекшілері Пушкин мен Гогольдің, Крылов пен Грибоедовтың, Некрасов пен Салтыков-Щедриннің, Толстой мен Чеховтың, Короленко мен Куприннің, совет әдебиетінің классиктері Горький мен Маяковскийдің, А. Толстой мен Островскийдің, Шолохов пен Фадеевтің мәңгі өлмес шығармаларын өздерінің ана тілдерінде оқуға мүмкіндік алды. Дүние жүзі әдебиетінің Шекспир мен Сервантес, Бальзак пен Байрон, Гете мен Гейне, Гюго мен Шиллер сыяқты классиктерінің шығармалары қазақ тіліне аударылды.

Әдебиет сыны мен әдебиет тану саласында республиканың жазушылары мен сыншылары күнделікті баспасөз беттерінде мақалалар жариялады, жоғары дәрежелі оқу орындары мен мектептер үшін оқулықтар жасауға қатынасады, қазақ әдебиеті тарихын баяндауда, қазіргі жазушылардың жекелеген шығармаларын бағалауда орын алған идеологиялық қателіктерді ашуға белсене араласты.

Съезд республикадағы орыс жазушыларының да творчестволық белсенділігін атап көрсетеді. Есеп беріп отырған кезеңде Қазақстанның орыс жазушылары оқушы жұртшылықтың ұнамды бағасын алған бірқатар кітап жазды. Бұған И. Шуховтың «Уақыт бейнесі», П. Кузнецовтың «Бақыт тапқан адам», М. Зверевтің балаларға арналған кітаптары, Д. Снегиннің «Қыйыр шетте», Н. Пичугиннің «Қала үстіндегі таң» сыяқты шығармалары. Рябуханың, Кривошековтың, Титовтың, Макеевтің, Моргуннің және басқаларының өлеңдер мен әңгімелер жыйнақтары жатады. Қазақстан совет жазушылары Одағының ұйғыр секциясы да жас авторлармен жұмысты біраз жандандырды. Ұйғырдың жас әдебиетшілері арасынан жас ақындар, әдебиет зерттеушілері, орыс тілінен және басқа тілдерден аударушылар шықты. Съезд қазақ әдебиеті бұл табыстарға республика жазушыларының социалистік реализм принциптерін жемісті игеруі нәтижесінде, орыс классиктерінен және еліміздің қазіргі жетекші жа-

зушыларынан үнемі творчестволық үйренуі нәтижесінде жетті деп санайды.

Мұнымен қатар, Қазақстан жазушыларының үшінші съезі қазақ совет әдебиетінің дамуында елеулі кемшіліктер барын да атап көрсетеді.

Республика жазушылары бүгінгі күннің актуальды тақырыптарын жете игерген жоқ, олар малшылардың өмірі мен еңбегін, совет интеллигенциясын, халықтар достығын бейнелейтін елеулі шығармалар жасаған жоқ. Олар колхозды деревняның миллиондаған гектар тың және тыңайған жерін игеріп жатқан еңбекшілердің өмірінде болып жатқан жаңа да зор оқығаларға жеткіліксіз үн қосуда.

Жазушылардың кейбір бөлегі өздерінің идеялық-теориялық дәрежесін көтеру үшін жеткілікті жұмыс істемейді, өмірді нашар зерттейді, соның салдарынан совет әдебиетінің даму қарқынынан қалып қояды. Совет адамдарының үнемі өсіп отыратын рухани тілегіне жауап бермейтін, көркемдігі аз, әлсіз шығармалар, ал кейде тіпті біздің советтік шындығымызды бұрмалайтын шығармалар да туып жүр.

Роман, повесть жазатын прозашы-жазушылар прозаның шағын формаларына назар аудармайды. Соңғы он жылда әңгімелер мен көркем очерктер жыйнақтары сирек шыға бастады. Өздерінің творчестволық жолын үлкен роман мен повестен бастаған кейбір жас жазушылар әңгіме, новелла, көркем очерктерді мүлдем жазбайды. Олар ұлы Горькийдің «әңгіме — өз үнемділігіне, материалды логикалық түрде орналастыруға, сюжет айкындығы мен тақырып көрнектілігіне үйретеді» деген ақылын ұмытады.

Драматургия саласында бүгінгі күннің актуальды тақырыптарына жазылған, идеялық-көркемдік жағынан толық бағалы, көп актылы пьесалар жасауда кенже қалушылық әлі де болса жойылған жоқ. Кейбір драматургтардың творчествосында өміріміздің тән құбылыстарын көрсетуде натурализмге ұрыну, қарапайым совет адамының өмірінде болған рухани жанрларды көркем образдарға жыйнақтай алмаушылық әлі де бар. Жекелеген драматургтар партияның бізге өмірдегі ұнамсыздығын, алға қарай басуға бөгет болатынның барлығын сатираның жалынымен өртеп отыратын совет Гогольдері мен Шедриндері керек деген нұсқауын бұрмалап түсініп жүр. Ә. Тәжібаевтің «Дубай Шубаевич» атты пьесасында совет ме-

кемесінің тұтас бір коллективі ұнамсыз болып көрсетілген, сөйтіп комедияның авторы біздің шындығымызды бұрмалаған. Біздің өміріміздің жекелеген көлеңкелі жақтарын көрсетуде натуралистікпен келу басқа да бір қатар драматургтарымыздың шығармаларынан да орын алды.

Қазақ жазушыларының шығармаларында, әсіресе саяси лирика жанрында ақындарымыздың риторикаға, дидактикаға бой ұратыны әлі де болса байқалатынын съезд атап көрсетеді.

Поэма жанырында схематизм бар, кейбір ақындар өздерінің геройларын өмірлік конфликтердің шиеленісінде көрсетпеді. Жалаң, схемалық сюжетке құрылған поэмалар әлі де болса бар. Поэма жасауға бұлайша жеңіл қарау шығарманың идеялық-көркемдік қасиетін төмендетеді.

Маманданған әдебиет сыны өскелең талаптан, әдебиеттің өсу дәрежесінен кейін қалып отырғанын съезд ерекше атап көрсетеді. Күнделікті баспасөз беттерінде жарияланған, көптеген сын мақалалар мен рецензияларда социалистік реализмнің проблемалық мәселелері көтерілмейді, жекеленген шығармалардың сәтсіздікке ұшырау себептері ашылмайды, мұндай мақалалар әдеби шығарманы бағалауда көбіне сынаржақ болып келеді.

Бірқатар жазушылар мен әдебиет зерттеушілерінің қазақ әдебиеті тарихына арналған еңбектерінде елеулі қателіктер жіберілді. Қазақстанның ақындарының творчествосын және ауыз творчествосын бағалауда әрбір ұлттық мәдениетте екі түрлі бастау болатындығы туралы Лениндік нұсқау бұрмаланды. Бұл өткеннің реакцияшыл-консервативтік ақындары мен Едіге, Кенесары Қасымов және басқалар туралы халыққа жат эпостарды дәріптеуге соқтырды.

Съезд осындай және осыған ұқсас қателіктер мен кемшіліктердің барлығы жазушылар Одағында творчестволық-ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмысының нашар қойылуы, сын мен өзара сынның төмен дәрежеде болуы нәтижесінде келіп туды деп есептейді.

Съезд Одақтың президиумы мен творчестволық секциялары екінші қатардағы мәселелермен шұғылданатындығын, творчестволық сыйпаттағы принципиялық мәселелерді аз көтеретіндігін атап көрсетеді. Одақтың баспа орындары «Әдебиет және искусство», «Советский Казахстан» журналдарының жұмысы жеткілікті байқау болма-

ған жағдайда жүргізіліп келеді. Президиум мен творчестволық секциялар жазушылардың баспасөз орындарымен, баспалармен, театрмен және басқа да творчестволық ұйымдармен бірлесіп творчестволық жұмыс істеуін ұйымдастыруда аз белсенділік көрсетеді. Қазақстан жазушылары Одағының президиумы жазушылардың әдебиеттік талас мәселелерді талқылайтын жалпы жыйналыстарын сирек өткізеді. Типтілік пен конфликт проблемасы, сатира мен юмор мәселелері сыяқты, әдебиеттің толғағы жеткен мәселелері жалпы республиканың жазушылар жұртшылығында, оның ішінде Қазақстан астанасы жазушыларының арасында бірде-бір рет талқыланған жоқ.

Қазақстан совет жазушылары Одағының басқармасы мен президиумы Одақтың кейбір мүшелері азғындық әрекеттер жасауына қарсы күрес жүргізбеді, олардың творчестволық тоқырағанын және жазушылар коллективінен қол үзгенің байқамады.

Жоғарыда аталған кемшіліктерді тезірек жою және республикадағы әдебиет майданында қажетті басшылықты қамтамасыз ету мақсатымен қазақ совет жазушыларының үшінші съезі қаулы етеді:

Қазақстан совет жазушылары Одағының президиумы мен басқармасы СОКП XIX съезінің тарихи қарарларын, СОКП Орталық Комитетінің әдебиет пен искусство жөніндегі қаулыларын өзінің бүкіл ұйымдастыру-творчестволық жұмысының негізі етуге, сөйтіп қазақ совет әдебиетінің барлық жанрларының проза, драматургия, поэзия және балалар әдебиеті саласында совет оқушыларының өскелең талабына жауап беретін, халқымыздың батырлық қыймылына лайық биік идеялы шығармалар жазуын қамтамасыз етуге міндеттендірілсін.

Өзінің идеялық-теориялық дайындығын күнбе-күн көтеріп отыру марксизм-ленинизмді меңгеру, орыс әдебиеті классиктерінің мұрасын зерттеу және игеру, советтің жетекші жазушыларынан шеберлікке үнемі үйрену, өмірге тереңдей араласу, сөйтіп алдыңғы қатарлы совет адамының моральдық беріктігін, идеялық тазалығын, еңбектегі батырлығын шынайы көрсететін біздің қоғамымыздың алға басуына бөгет болатын, артта қалған теріс нәрсенің бәрін, біздің өміріміздің ақаулы құбылыстарын батыл ашатын, бүгінгі күннің тақырыбына арналған биік сапалы көркем шығармалар жазу — республиканың әрбір жазушысының аса маңызды міндеті саналсын.

Прозаиктар, ақындар, драматургтар колхозды деревняның тың және тыңайған жерін көтеріп жатқан еңбек адамдарының өмірін бейнелейтін көркем очерктер, әңгімелер, өлеңдер циклдарын, пьесалар, киносценарийлер жасауға тиіс.

Съезд Қазақстан совет жазушылары Одағының басқармасы мен президиумын ақаулы құбылыстардың қандайымен болмасын келісімге келмейтін күрес жүргізуге, жас әдебиетті және оның кадрларын жат әсерлерден сақтауға, жазушыларды идеясыздыққа, бисаясаттыққа, буржуазияшыл ұлтшылдыққа төзбеушілік сезіммен тәрбиелеуге міндеттейді. Жазушылардың жалпы жыйналыстарында, баспасөз беттерінде творчестволық дискуссиялар жиі-жиі ұйымдастырылып тұрсын.

Съезд жазушылар қатарына талантты жастар — жаңа күштер қосылуын қуанарлық жағдай деп санайды және президиум мен басқарманы оларды совет әдебиетінің таңдаулы дәстүрлеріне баулуға, олардың творчестволық өсуіне үнемі қамқорлық жасауға, оларға мейлінше жауапты творчестволық тапсырмалар беріп, оларды жазушылар ортасына батыл тартуға міндеттейді.

Съезд жазушылар Одағының басқармасы мен президиумы тарапынан халық ақындарының творчествосына, Жамбылдың творчестволық мұрасын зерттеп, насихаттауға жеткілікті назар аударылмағанын атап көрсетеді. Съезд халық ақындарының слеттарын өткізуді, халық ақындары шығармаларының жыйнақтарын бастырып шығаруды қажет деп табады.

Орыс классиктері шығармаларын және совет әдебиетінің таңдаулы үлгілерін аударып, насихаттауға ерекше маңыз бере отырып, съезд президиум мен басқарманың назарын көркем аударманың сапасын түбірімен жақсарту қажет екендігіне аударады. Бұл үшін аударма жұмысына маманданған жазушылар тартылуға, аудармалардың талқылаулары ұйымдастырылуға тиіс. Съезд орыс әдебиеті классиктерінің барлық негізгі шығармаларын аудару және таяудағы екі-үш жылдың ішінде Пушкиннің, Толстойдың, Лермонтовтың, Тургеневтың, Гогольдің және Горькийдің шығармаларын бірнеше том етіп шығаруды қажет деп санайды.

Съезд Қазақстан совет жазушылары Одағының президиумы мен басқармасынан творчестволық секциялардың жұмысын түбірімен қайта құруды, оларды жазушылар

одағындағы бүкіл ұйымдастыру-творчестволық жұмыстың орталығына айналдыруды, олардың қызметін жазушыларға творчестволық көмек беруге бағыттауды, ол үшін проблемалық дискуссиялар, творчестволық тәжірибе алмасулар ұйымдастыруды, жазушыларды творчестволық командировкаларға жіберіп тұруды талап етеді.

Съезд Қазақстан совет жазушылары Одағының президиумына өзінің баспа органдарының жұмысына күнбе-күн басшылық етуді, «Әдебиет және искусство» мен «Советский Казахстан» журналдарында басылатын шығармалардың сапасын жақсартуды, олардың авторлар тобын кеңейтуді, бұл журналдардың беттерінде әдебиет сыны мен әдеби зерттеу мәселелері жайында творчестволық дискуссиялар ұйымдастыруды, журналдардың жұмысына әдебиеттің жас күштерін батыл араластыруды тапсырады.

Әдебиет сыны мен қазақ әдебиетінің барлық жанрларының қаулап өсу дәрежесінен көп кенжелеп қалғанын атап көрсете отырып, съезд президиумды сын жөніндегі комиссияның құрамын қайта құруға, оның қатарын маман сыншылармен толықтыруға, комиссияда сын мақалалардың жыйнақтарын, жекелеген жазушылардың творчествосы туралы монографиялар мен брошюраларды басып шығаруды тәжірибеге еңгізуге міндеттейді.

Съезд Қазақстан совет жазушыларының Одағы республиканың партия ұйымдарының басшылығымен қазақ совет әдебиетінде творчестволық жаңа өрлеуді қамтамасыз ете алады деп берік сенеді және республиканың жазушыларын совет үкіметі мен Коммунистік партияның әкелік қамқорлығына жауап беруге, біздің тамаша, батырлық дәуірімізге лайық шығармалар жасауға шақырады.

МАЗМҰНЫ

Мұхтар Әуезовтың съезді ашардағы сөзі	3
Ғ. Мұстафин. Қазақ совет әдебиетінің жайы және міндеттері	6
М. Әуезов. Реалистік драма жолында	53
С. Мұқанов. Поэзия туралы	90
Ғ. Мүсрепов. Қазақ совет прозасы туралы	123
Д. Макеев. Қазақстан совет жазушылары Одағының тексеру комиссиясының баяндамасы	153
М. Жанғалин. Қазақстан совет жазушыларының Үшінші съезінің мандат комиссиясының баяндамасы	166
М. Шолохов. Байтақ елдің әдебиеті	171
Қазақстан совет жазушыларының Үшінші съезінің қарары	176

МАТЕРИАЛЫ ІІІ СЪЕЗДА ПИСАТЕЛЕЙ ҚАЗАХСТАНА

(На казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1956

Редактор С. Бакбергенев. Техн. редактор К. Фаритденов.
Худож. редактор Э. Полякова. Художник К. Хамитов. Корректор Б. Омаров

Сдано в набор 23/XII—1955 г. Подписано к печати 16/II—1956 г.
УГ01709. Изд. № 49. Формат 84 × 108 1/32—5,75 = 9,42 уч. печ. л.
(уч.-изд. л. 9,9). Тираж 5 000 экз. Цена 5 руб.

Заказ 2066. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры
КазССР. г. Алма-Ата, ул. Пастера, 31.



